



АБАЙ КУНАНБАЕВ



ҚАЗАҚ ССР ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫ
ТІЛ ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТ ИНСТИТУТЫ

894.342-1

П13



АБАЙ (ИБРАҺИМ) ҚУНАНБАЕВ

*Шығармаларының екі томдық
толық жыйнағы*

II
ТОМ

АУДАРМАЛАР
МЕН
ҚАРАСӨЗДЕР




ҚАЗАҚТЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК
Жеркел Әдебиет
БАСПАСЫ

Алматы • 1957

Редакциялық коллегиясы:

Қазақ ССР Ғылым Академиясының
академиктері: М. О. Әуезов,
С. К. Кеңесбаев, филология
ғылымдарының кандидаттары:
З. А. Ахметов, Н. Т. Дүйсенбаев.

Жалпы редакциясын басқарған
Мұхтар Әуезов.





АБАЙДЫҢ ӨМІРБАЯНЫ

Абай осы күнгі Семей облысындағы Шыңғыс тауы жайлаған Тобықты руының ішінде 1845 жылы туған. Абайдың өз әкесі — Құнанбай, атасы Өскембай, арғы атасы — Ырғызбай. Аталарының барлығы да ру ішінде үлкен үстемдік жүргізген адамдар. Ақынның бұлардан арғы аталары Айдос, Олжай болады. Олжайдың үш ұлы: Айдос, Қайдос, Жігітек. Тобықтының атақты жуан биі Кеңгірбай — осы Жігітектің баласы. Қайдостан Бөкенші, Борсақ тарайды.

Айдос өз басы би де, бағлан да болған емес. Қайта момын, жасық адам болғандықтан оны «Шөккен түйеге міне алмайтын жаман Айдос» дейтін мәтел бар. Осы Айдостың Айпара деген әйелінен төрт ұл туады. Бұлар: Ырғызбай, Көтібақ, Топай, Торғай.

Айпара ер қайраты бар, есті, адуын әйел болған. Өзінде бір жағынан тапқыр шешендік, бір жағынан бақсы құшнаштық сыяқты сәуегейлік те болған. Айпараның өзінен қалған бір ауыз сөз — төрт баласына берген аналық сын сөзі Сонда:

Шынжыр балақ, шұбар тес Ырғызбайым,
Тоқпақ жалды тор айғыр Көтібағым,
Әрі де кетпес, бері де кетпес Топайым,
Сірә де оңбас Торғайым,—

дейді.

Сол шешесі дәме қылған Ырғызбай өзге туысынан анық артық боп озып шығып, ортасы дәме қылған жігіт болады. Тобықтының сол күндегі биі Кеңгірбай, өзге барлық жас-желеңнің ішінен Ырғызбайды санайды. Ел сөзіне араластырып, баулып жүреді. Ол кез — көп бидің парашыл кезі. «Сыбаға» деп, «жол» деп мол параны бадырайтып алып жатады.

Кеңгірбайға да осы жөнде көп жаманат еретін. Соның

мысалы байы өлген қаралы бір әйелдің дауысынан байқалады. Ері жанжал-төбелесте өліп, есе аламай отырған әйел:

Мойны, басы былқылдап,
Ырғызбай жүрді араға,
Кеңгірбай толды параға,
Параға алған қара атан,
Тігілгей еді қараңа,—

деген.

Ырғызбайды баулып өсірген Кеңгірбай өзіне серік етіп жүргенде, сол інісі ертерек өліп қалады. Ырғызбайдың өзге бір ерекшелігі — жас кезінде үлкен ас, ұлы дүбір жыйында күреске түсетін үлкен балуан болған. Уақытында қазақтың көп руларының арасына зор лақап боп жайылған бір күрессі бар. Ол: қазақ, қоқан халықтары жыйналған бір аста «Қоңраулы балуан» деген түйе балуанды жыққаны.

Ырғызбайдың бірнеше баласы болған. Олабы: Үркер, Мырзатай, Жортар, Өскембай. Өскембай Ырғызбайдың өзге балаларының ішіндегі ең артығы болады. Кеңгірбай Ырғызбай өлген соң, оның орнына Өскембайды ұстайды. Бертін келіп, өзі қартая бастаған кезінде өз орнына Өскембайды би етпек болады. Сол күннің жолы бойынша батасын беріп, Өскембайды би қояды.

Өскембай өзінің ел меңгеру әдісінде ең алдымен, көпте мезі қылған парақорлық мінезінен бойын қашаңдау ұстауға тырысқан. Ел ортасында сақталып қалған сөздің бірінде «Ісің адал болса, Өскембайға бар, арам болса, Ералыға бар» деген сөз бар. Бұ да билердегі сатымсақтық, жемқорлық дағдыны көрсетеді. Содан мезі болған, жиренген ел өз сынын әр тұста қатты айтып отырған:

Қайырсыз болған жазыңнан
Қайырлы болған қыс артық.
Керінбеген алтыннан
Пайдасы тиген мыс артық.
Пара жеген билерден
Қасқыр алған ит артық,—

деген сөздер би атаулының кәйсысына болса да сын, таразы тәрізді еді. Парашыл әкім кім болса да, оған ел сынын беті-жүзіне қарамай қатты айтылатын. Би ғана емес, халықты меңгерген хан, төреге де соны ашып айтатын. Сол Кеңгірбай тұсында Найманды билеген мықты төре Бопыға айтылған бір сын сөзде:

Бопекемнен төрелік іс кетпеген,
Жегеніне Байыстай ел жетпеген,
Қарасөзге құбладан ескен желдей
Алдынан тоқтылы-қой дау бітпеген. —

дейді. Парашыл, жегіштік елдің дау-шарына бітім таптырмай көпке кесір болған соң, осындай ащы мысқыл да, қатты, қатаал сын да көп туып, ел аузында күнде айтылып жүре берген. Сондықтан Өскембай бұл жағынан тыйымды болады. Бірақ осындай болумен қатар, елді күшпен, зілмен аламын деп, кейде оқыс қатаал мінезді көп қалданған. Мысалы, бір уақыт алдына жүгініске келіп отырған Мәмбетей деген кісіге ашуланып, мұрнын кесіп алған сыяқты ісі жаңағы айтқанға дәлел. Озбыр, зорлықшыл, жыртқыштық мінез иесі екенін де танытады.

Өскембай орта жасқа келгенде, баласы Құнанбай ержетіп атқа мінген. Құнанбай 1804 жылы туған. Бұның шешесі Зере, кісі ренжітпейтін жұмсақ мінезді әйел болған. 1850 жылы 72 жасында Өскембай өледі. Зере ерінен кейін көп жасаған. Ол бертін келіп, тоқсанға жетіп өледі. Мұның ақын болатын немересі — Абайдың бала, бозбала күнінде ауылдың бәрі Зерені «кәрі-өже» дейді екен. Кәріліктен құлағы естімейтін болады. Балаларына дұға оқытып, үшкірте береді. Сонда өз қолындағы немересі — Абай, кәрі әжесінің құлағына өлең айтып келіп үшкіреді екен.

Құнанбай жасында әке-шешесі мен өскен ортасынан алғат тәрбиеден басқа, оқу тәрбиесін көрмеген. Мұның орайына жас күндегі өмірі, елдің ол кездегі дағдысы бойынша батырлық, жорықшылық сыяқты істерге көбірек ауған. Өзі құрбы жас жігіттердің ішінде мықты, найзагер болып та саналған. Жасында осындай өмірге салынған Құнанбай кесек мінезді, қатты адам болған. Қаттылығы әншейін ағайынға ғана емес, әке-шеше, жан ащыр жақынға да бір қалыпта болған сыяқты.

Ел билеп, іс басқаруға келгенде, Құнанбай әкесінен айлалы болған. Мұның кісілікке толық іліккен кезінде Сібір даласы «1822 жылдағы Сібір қазақтарына арналып шыққан устав» бойынша округке бөлініп, «округтік приказдар» билейтін. Округтің бастығы аға-сұлтан, приказдың қалған екі мүшесінің бірі үкімет чиновнигі (елдің көбі мұны майыр дейді). Үшінші мүшесі сұлтан атанады. Осы кезде Құнанбай екі жылдай аға-сұлтан болады.

Бұрыннан өз орталарынан біреудің болуына көп тілеулес боп жүрген ру жуандары, Құнанбайдың аға-сұлтан бо-

луын, Бөкейханның нәсілі Құсбек, Жамантайдың партиясынан, патша саясатынан дегісі келмей, «Құнанбайдың басының қасиетінен» деп кеткен. Сол кездегі атқамінерлер аузындағы аңызға қарағанда, Құнанбай «қарадан хан болған» деп аталады.

Құнанбай бірде Тобықтының старшинасы (ол күнгі бо- лыс есепті), бірде жаңағыдай аға-сұлтан болып жүрген кезде басынан талай, үлкенді-кішілі, уақытталар атқарған. Ақын Абайдың алдыңғы аталарындай емес, Құнанбай жайында ел жадында қалған аңыз әңгіме аса көп. Себебі Құнанбай өз тұсындағы ел билеушілердің көбінен қатал, салмақты болады. Ақыл, ой да, қажыр-қайрат та, әмір, билік батылдығы да, және халыққа батқан қатты кесек іс қыймылдары да бұның атын көпке мәлім еткен.

Оның жайындағы әңгімелерді ақын Абай атына байла- ныстырмай-ақ, неше алуан ғып ел аңызы көп сақтаған. көпке жайған. Шынында, Құнанбайдың ұзақ өмірі (ол 80 жасқа жетіп өлген) қыйлы-қыйлы уақытқа аса бай еді. Өскембайдың өзі барда ел ішін ерте қолға алған Құнан- бай ру тартысының зор қақтығысын, жасырақ шағында да көп көреді. Ондағы тартыс Тобықтының өз ішіндегі тартысы емес, сырт рулармен тартысы. Мысалы, Құнан- байдың 30 жастағы шағында Өскембай ауылын Найман шабады. Найман қолының мықты басшысы Серікпай, көп қол жыйып кеп, бекініс алып жатып, бірнеше түн ауыл шауып, жылқыға тиеді. Қатты қыймыл соғыста Құнанбай тап ортада өзі жүреді. Найман көп кісі тұтқын қалдырады. Тобықты жылқыны алғызбайды. Бірақ, осы соғыста Құнан- бай жағынан көп кісі найзаға шаншылып қатты жарадар болады да, Өскембайдың бір азамат баласы қаза табады. Ол Болсамбек деген асырап алған баласы болатын. Мұны Зере Құнанбаймен бірге бауырына салып өсірген еді.

Найманнан Өскембай ауылында тұтқын боп көп азап көр- ген жандардың ішінде Қожамжар деген ақын да болған. Осы шабуыл, зор пәлені Қожамжар өз уақытында көп өлең еткен. Бұл пәленің арты Қарқаралы приказының, Ая- гөз ұлықтарының қатты кіріскен ісі боп, ақыры Омбы ұлы- ғының кеңселеріне шейін барады. Соңғы жылдар табылған архивте Тобықты жағының барлық жауабын, дауын айтып, бар тартысты басқарып жүрген кісі би — Өскембай емес. Әкесі берген тапсырма бойынша, бар тергеу-талқыны өз мойнына алған 30 жасар жігіт Құнанбай болады.

Құнанбай аға сұлтан болған уақытында Тобықтыға

старшиналыққа, өзінің тоқал шешесінен туған Майбасар деген інісін сайлаған. Ел мұны адамшылық, ақыл, мінез жағының қайсысынан болса да, елге залалды әкім деп бағалады. Майбасардың содырлы, зорлықшыл қылығының салдарынан Жігітек деген ру бастығы Бөкей болып, Құнанбайға қарсы болады. Бірақ, бірде аға сұлтан болып жүрген Құнанбай, әрі сырт елдерге атақты, үкіметке салмақты болып ап, Жігітекті де, басқаларды да бойымен басып жыға берген. Сонымен, алғашқы араздық, жаулық кейін ұзақ замандарға созылып кетсе де, Құнанбай тұсындағы алыстың бір буыны Жігітектің жеңілуімен бітеді. Құнанбай Жігітектің он жегі адамын Сібір айдатады. Ол кез патшалық ұлығына қазақ сахрасының жаңа-жаңа бойұсынып келе жатқан кезі болады. Сотталу, абақтыға жабылу, айдалу дегендер ел көрмеген үлкен сұмдық саналатын.

Құдай, елді сақта сотталғаннан,
Теңселіп екі қолын бос салғаннан,—

дейтін кез...

Құнанбайдың бұл айдауы өз әмірін зорлықпен танытпақ болған қаталдығанан еді. Ол сол кезде Тсбықты ішінде талай руды жерінен көшіріп, немесе өзіне жақын, ру басыларға шұрайлы жер әперіп жүрген. Бөкенші, Борсақты жерінен көшіру, Жуантаяқты, Қарабатырды көшіріп жерін алу, Көкшені көшірмек болу—бәрі де сол үлкен көрінеу зорлықтың айғақтары еді. Жігітекпен үлкен араздық та осы жөннен туып, кейін ұлғайған өштікке айналған. Сонымен Құнанбай «елді қарсыластырмай, қорқытып, жасытып жіберем» деп көп жанды жер аударған соң, кейінгі көп заманға, көп буынға шейін ұмытылмастық кек, жаулық қалады. Бері келе өсіп, іске араласатын жас Абайдың алдында әкесі тастап кеткен осындай зор пәле зұлымдық, зорлық тұрғанды. Абайдың одан жиреніп, қарсы боп өспесіне шара жоқ еді.

Бір Құнанбай емес, осы кезде ел ішінде жауласқан күшті жуанның бәрі де бір-бірін ұлық арқылы жер аударып, жазалатып жүреді.

Құнанбайдың өзін де Жігітектер бір шақта жеңермеч боп меңдетіп барып, қуғын қағазды молайтып Омбы қаласына дейін тергеуге апарып, әреңге қалған.

Ел ішінде кісі сотталудың алды бір қақтығыс емес, талай пәле боп келеді. Оның кей кездері: барымта, төбелес, шабуыл және толып жатқан сыяз, тартыс-жұлыс болады.

Бейбіт елдің арасын атышабар, стражник сыяқты бейма-

за шолақ әкім кернейді. «Қара қозы жеп, қара елтірі қай-қая киіп» дейтін сотқарлар молаяды. Сыяз деген бір ауыр салмақ тағы бар. Ол орнаған жер, тың бір обырдың орнағанындай. Ел жуандары бір руға ызғарын өткізем дегенде, сол рудың үстіне сыяз құрады. Халық күйінің ауыр кезінде құрып, әсіресе берекесін кетіреді. Осындай сыяздың бірін Құнанбай Көкше руының ішінде өткізбек болған екен. Мезгіл — қыс, ел қысаң күйде тұрған шақ. Сонда Көкшеден Бектас деген кісі: Құнанбайға кеп: «Е-е. Құнанбай, жарқырап жаз шықпаушы ма еді? Күркіреп күн шықпаушы ма еді? Қыстың айы алтау еді, енді сенімен жетеу болды ма?» — депті.

Құнанбай тұсында Тобықты ішінде мұнымен тең түсетін бастас адамдар: Бөжей, Қаратай, Байсал, Сүйіндік, Байдалы. Түсіп сыяқты кісілер болған. Мұның көбімен Құнанбай бірде дос, бірде араз боп өтеді. Қатты жұлқысқан кісілері де осы топтың ішінде.

Әрине. Құнанбай басының қайшылығы көп болған. Ол феодалдық дәуірінің өз тобының бел баласы. Ісі мен мінезінде заманының талай айқын таңбасы бар. Мысалы, Құнанбайға да алым, түсім аз болмаған. Ол түсімнің аты — пара. Сол жөнде Балта ақынның бір сөзін мысал етуге болады Балта ақынға бір кездескенде Құнанбай:

Ағалейкүм әссәләм ақын, Балта,
Болып сен жаралдың ғой шараң орта.
Шаншар менен Бошаныңның құртын ұрлап,
Салдырдың оң жағыңа майлы қалта.—

депті.

Сонда Балта:

Шарам орта болды ғой шараңыздан,
Есіркесең бөліп бер қараңыздан.
Мен ұрласам құрт пенен май ұрлапшын,
Сіздің жеген арам ба параңыздан?—

деген екен.

Осының мысалына Сүйіндіктің бір сөзі де куәлік етеді. Сүйіндік ауылы бір жылы жау түсіріп сол жаудан олжаға бір жақсы қара ат алады. Қара аттың соғыста шекесіне сойыл тиіп, басы жарық боп түскен екен. Сонда да Құнанбай қызығып Сүйіндіктен сауғаға сол атты сұрата жібереді. Бірақ осының алдында Жуантаяқ руынан Бостан дегеннің ауылы Сүйіндіктің бір айғыр үйірі қысырағын апарып сойып алған. Сүйіндік Құнанбайға шаққанда, ол Бостаннан бір

айғыр алған екен. Соның салдарынан Сүйіндіктің дауын аяқтатпай жүреді. Жаңағы қара атты енді Сүйіндік Құнанбайға бергелі жөнелтіп жатып:

Айыбында қара аттың басы жарық,
Өзім семіз болғанмен көңлім арық,
Бостанның қорасына қонар едім,
Құнанбай қор қылмаса айғыр алып,—

деп бір ауыз өлең айтқан. Сол заманнан қалған мұндай сөздео анық шындық айғағы еді.

Дін жолын бекем ұстауды үлгі етемін деп, Құнанбай аға сұлтан боп тұрған күнінде Қарқаралы қаласында мешіт салдырған. Кейін 70 жастар шамасында, әмір-биліктен тосқатылып, Мекеге барады. Сонда Мекеде қазақ адамдары түсіп жүрсін деп, өсиет етіп, өз пұлына «тақия» деген жатын үй салдырып кетеді. Берітін келе әр рудан Мекеге барушы қазақ көбейген уақытта көбі Құнанбайдың тақиясына түсіп, сол жақтан Құнанбай атына қанық боп қайтады. Осының өзі де кейін Құнанбай өлген соң, оның атағын даңқты етуге себеп болған.

Абай Құнанбайдың 41 жасында туған. Құнанбай көп әйелді болған. Үлкен әйелі — қыздай алған Күңкес. Бұдан туған баласы — Құдайберді. Екінші әйелі — Ұлжан. Ол Құнанбайдың інісі Құттымұқамбетке айттырылған қалыңдық екен. Інісі өлген соң Құнанбай келінін алған. Бұдан туған балалары: Тәжіріберді. Ыбырай (Абай), Ысқақ, Оспан; үшінші әйелі — Айғыз. Одан Халилolla, Ысмағұл деген балалары болған. «Атадан алтау, анадан төртеу» дейтін Абайдың өлеңінің мәнісі осы. Құнанбайдың төртінші әйелі — Нұрғаным. Бұдан бала болмаған.

Ұлжан мен Айғыз бір ауыл болып, Құнанбай осылармен тұрған уақытта, екі шешесінің ортасындағы тел баласы кішкене Ыбырай болады. Бұл екі шешесінен кейінірек Оспан, Ысмағұл деген екі бала туған. Бірақ олардың жасы Абайдан едәуір кіші. Айғыздың үлкен баласы Халилolla болса, оқуда жүрген. Сондықтан Абай алғашқы балалық шағын екі шешесінің ортасында, жалғыз баланың халінде өткізген. Екі шешеге бірдей бала боп жүргендіктен, сол кездегі үлкендері Абайға «Телғара» деп ат қойыпты. Кейін Абай ержеткен уақытта, бірталай жеңгелері ертеде қойылған атпен оны «Телғара» дейді екен.

Абайдың өз шешесі Қаракесек ішінде Бергіс тұқымы болады. Ұлжанның әкесі Тұрпанмен бірге туысқан ағалары

Қонтай, Тонтай қалжыңмен даңқы шыққан, белгілі мысқыл-шыл, тапқыр күлдіргілер. Бұл әдет — Бергіс, Шаншар руына түгел жайылған мінез. Осы Шаншардың бұрынғы-соңғы заманға шейін аузынан тастамайтын атақты қуы — Тонтай. Тонтайдың барлық өмірі тұтас күлкі болып кеткен. Түгелімен бастан-аяқ жеке-жеке күлкі әңгімеден құралады. Сол әңгімелерге қарағанда, Тонтайлар — қалың қазақ ортасының үнемі көңілін көтеріп жүрген, таусылмайтын думан, ұдайы қызық күлдіргісі. Осы Тонтайдың інісі Тұрпаннан туған әйел бала — Ұлжан.

Ол сабырлы, кең мінезді кісі болған. Абай — балалық шағын сөз қылғанда, өз шешесіне қатты ырза болып, Айғызға іші іренжіңкірейді екен. Ұлжан күндестікті көп сыртқа шығарып білдірмесе де, Айғыз сол жағынан белгі бергіш болса керек. Бұнысы Абайдың бала шағында көп қатынды тұрмыстың бар зарын татып, тағы да пешеалуан ауыр қыйыншылықты көріп өскендігін білдіреді.

Ұлжанда тұқымының тауып айтқыш қалжыңшылығы әбден болған. Анда-санда әлдеқалай айтып қалған сөздері қалжың болып, ел есінде ұмытылмай сақталады. Кесек қалжын, ажуаға да Ұлжан көнтерлі, созымды, тапқыр болған. Қыйын жайды, қысталаңды күлкі сөзге айналдыру — қазақ халқының, әсіресе Шаншардың, мерзімді мінезі.

Тонтай өлерінде маңайына жыйылып келіп отырған қожа-молдаларға қарап: «Жазыла-жазыла қожа-молдадан да ұят болды, енді өлмесек болмас» деп айтты деген сөз екінің бірі білетін мәтел болып кеткен.

Осындай тапқыштық және біреудің мінін ащы тілмен қатты түйрегіштік нағашысы мен шеше жағынан Абайға да мол келген.

Шынға келгенде, Абайдан қалған сөздің ішінде барлық ақындықтың шарты болатын, жалынды, жанды, өткір сезімді былай қойғанда, қалған сарынның ішінде салқын ақыл мен сөйлегіштік көп пе, жоқ шапышпа тілді, сатиралы ащы мысқыл, улы күлкіге бойұрғандық көп пе? Біздің ұғуымызша соңғы түрі басымырақ сыяқты.

Құнанбай жанның бәріне салқын болған қалпында, өзінің балаларына да зілді болған. Сол зілін жас шағында Абай да көп көреді, басынан көп кешеді. Ал, Ұлжан мінезді адам болғандықтан орайы келгенде өзінің бала, бауыр, қайын сыяқтыларына әзіл қалжыңды айта береді. Әзілмен жауаптасуды Абайға бала күнінен еккен.

Абайдың ақындық жолына, өзге талай жазушы, талай

ақынның жолынан бөлек, өзіне ғана хас ерекше тағдыры болған. Ақындығындағы сол ерекшелік Абайдың бала күнінен бастап, соңғы елер шағына шейін, өзгеше шарттардың ішінде, өткен ерекше өмірінен туған. Сондықтан, енді Абайдың өз өміріне келейік.

Абай жоғарыда айтылғандай екі шешенің тел баласы болып жүрген. Кішкене кезінде сырт мінез жағынан аңқау, нанғыш және тентек бала болса керек. Бірақ сол кішкене күнінде өзге балалардан ерекше жері — үйге қонған қонақтың әлдеқалай айтқан ертегі сыяқты әңгімелерін құлай тыңдайды. Жай өмірде пысық, шыйрақ емес болғандықтан, ауылдағы үлкендер Құнанбайдың бұл баласынан көп дәме қыламайды.

Абай он жасқа келгенде, әкесі Семей қаласына әкеліп оқуға берген. Бұдан бұрын қырда да, Абай біраз оқыған болады. Семейдегі алғашқы берген молдасы Ғабұлжаппар деген татар. Артынан бұдан шығарып Ахмет Риза деген молдаға тапсырған. Екеуі де мешітте имамдық қылады. Және сол мешіттердің жанында медреселер ұстаған. Оқушы шәкіртінің көбі медреседе жатып оқыйды. Оқу, әрине, ескіше, ылғи дін сабақтары. Соның көбін араб, фарсы тілдерінде оқыйды. Жалпы медреселерде кейінгі заманға шейін сақталып келген салтқа қарағанда, түрікше оқу, жолшыбай ғана оқылатын қосымша оқу болады.

Ұстаз халфелердің бар бейіл бергені — дін діңгегі сыяқты болған арабша, олан қала берді фарсыша.

Абай осы медресіде үш жыл оқыйды. Өзі тұстас үлкен-кіші балалардың барлығынан сонауғұрлым зейінді, ұғымтал және ерекше ықыласты болған. Дәрісте арабша кітапты молдасының бір оқып, бір-ақ рет түрікшеге аударып берген сөздерін кітапқа қарамай жатқа айтып шыға алатындай, зерек болады. Сонымен, дәріс үстінде оқылатын сабақтарды ұғып, білу Абайға өзге балалардан анағұрлым оңай тиген. Көп уақытын да алмаған. Сондықтан, барлық арғылған уақытты Абай өз бетімен өзі сүйген кітаптарын оқуға жұмсап, көп ізденуге салынады. Өз бетімен оқыйтыны — шығыс ақындары. Олан соң — араб, иран, шағатай (ескі өзбек) тілінде жазылған ертегі, дастан, қыйса сыяқты әдебиет мұралары.

Бұларды Абай бала кезіндегі құлай бергіш мінезі бойынша барын салып, көп оқыған. Оқуға кірген соң-ақ тез есейіп, ілім құған кісінің қалпына оңай түсіп кеткен. Оқыған кітаптың көбіне сынмен қарай білетін, сезімді оқушы бо-

ла бастаған. Өзінің әбден сүйіп, таңдап оқыған ірі ақындары болады. Солардың әр сөздерін оқып шығып, талай ғазелдерін ұзыннан-ұзақ жаттап жүреді.

Сол бала күгінде жаттаған кей өлеңдері ұлғайып, кәрілікке жеткен уақытына шейін есінен шықпаған, ұмытылмаған.

Осы сыяқты белгілерге қарағанда, Абайдың медреседегі оқуы көбінесе «Бидан», «Мұхтасар» сыяқты дін кітаптары болмай, әдебиет мұралары болу керек. Ерте күннен әңгімелі, өлең сөздерге ерекше ынтық болып, қатты құмартқан талапты жас шәкірт, ақындық өнерін қадірлейтін мінезді сол балалық шағынан ала шыққан.

Медресенің тынысы ауыр тар ғаламында, қысаң тәрбиесінде жүрген шәкірттің шын сүйетін жандары — Низами, Сағди, Хожа-Хафиз, Навои, Фзули сыяқты қазіргі шығыстық совет елдеріміздің ескі классик ақындары болған.

Медреседе оқып жүрген кездерінде жаздығүні елге қайтқанда, қаладан ала келетін кітаптары — тағы сол ақындар еңбектері. Үйшіне оқып беріп отыратыны да солар болған.

Екінші оқу тәртібі шынымен «инемен құдық қазғандай» өнімсіз білім болғанда, Абайдың үш-ақ жыл оқуы сырт көзге аз оқу болса да, өзіне көп жаңалық беріп, көп дүниенің шетін ашқан сыяқты. Алдымен ақындарды көп оқу себепті, Абай араб, фарсы тілдеріне төселе түседі. Оқуға қыйын араб тілін жете білмесе де, фарсышаны жақсы түсінетін болады. Мұның белгісі, сол заманнан қалған бірен-саран өлеңдерінен білінеді.

Кітап жүзінен алған тәрбие мен жазба үлгілер бойынша ол уақыттағы өлеңге жарайтын тіл жалғыз араб, фарсы тілі деп біліп, Абай да алғашқы өлеңдерін араб, фарсы сөздерін қоспапай айтады. Балалық шағындағы өлең жазамын деген талабын:

Фзули, Шәмси, Сәйхали,
Навои, Сағди, Фирдауси,
Хожа-Хәфиз — бу һәммеси:
Мәдет бер я шағри, фәрияд

деп, өзі қадірлеген ескі ақындарының аруағын шақырады.

Осы аталған аттардың өзіне қарағанда, Шығыстағы көпке белгілі болған ірі ақындардың талайымен Абайдың ерте күнде танысып алғандығы даусыз. Және өзінің сол күнгі сыншыл ой шамасымен осыларды ғана таңдағаны да —

сүйсінерлік іс. Медреселерде тек софылық мистикаға баулайтын Ясауи, Бақырғани, софы Аллаяр сыяқтыларды өзіне үлгі етпей, олардың әсерінен сау болғаны — мақтарлық сыйпат.

Абай оқуды тастап, елдің жас бозбаласы, жас жігіті болып жүрген кезінде де, жаңағы алғашқы ақындардан алған үлгі әсерден түгел айықпай, көкейінде көп сақтап еді. Сол кезде ұнатқан әйеліне өлең жазса әлгі ретпен кітапша-лап жазады.

«Әлиф дек ай йүзіңе ғибрат еттің,
Би-балай дәртіңа нисбәт еттім...»

деп «әлиф», «би» мен жазған өлеңі, одан соң «йузи — раушан, көзі — гәуһәр, лагилдек бет үші әхмәр»... — деген өлеңдері жас шағында хиялына қатты әсер етіп, тіл кестесі де өздерінің үлгісіне тартып алған, жоғарғы ақындар әсерінен туады.

Ақынның жас күнінен бізге жеткен өлеңдері көп емес. Сан шығармалары ұмытылып жоғалған болу керек. Абайдың нағыз өнімді өлең жаза бастаған кезі жігіттік шағы өткен соң басталады. Ол кездегі Абай арабшыламақ, фарсышыламақты теріс нәрсе деп түсінген.

Медреседе үшінші жыл оқып жүрген уақытта, Абай жалғыз мұсылманша оқумен тоқтамай, Семей қаласындағы «Приходская школаға» түсіп, орысша да оқый бастаған. Бірақ мұндағы оқу ұзақ болмайды. Бас-аяғы үш-ақ аймен орысша оқуы бітеді. Мұсылманша оқуы да доғарылады. Жасы 13 ке толғанда, ерте есейіп, ақыл, сезімі ашыла бастаған өткір зейінді, ерекше талапты жас шәкіртке аз да болса оқу тәрбие беретін мектептің есігі жабылады.

Осындай дүние есігін енді ғана ашқалы жаңа ғана саңлау көріп келе жатқан уақытта, Абай аздаған біліммен үлкен кісінің өміріне кіріседі. Әкесі ел билеу жұмысында оны өзіне серік қылмақ боп, жаңа міндетке арнап, сол жолға баулы бастайды. Бала болса да, сол кезде Абай әкесі дәме қыларлық белгілерді көрсете бастаған сыяқты. Барлық балаларына қатал, қатты болған Құнанбай Абайдың өзгелерден артық екенін ертеден сезген.

Баласын оқыта түспей, қайырып алған себеп, жоғарыда Құнанбай өмірі туралы айтқан сөздерді еске алсақ, оңай ұғылады. Құнанбай өзі тұстас ру басылардың қақ жартысын өзіне қарсы тұратын жау қып алады. Қатал мінез, қатты зорлық, үстемдік мінездерімен, істерімен жау етеді. Көп

өмірін сол жаулықтың жолында алыс-жұлыспен өткізеді. Қарсысына шыққан ру басыларды үлкен тартыстың аяғында жеңіп алса да, сондағы ішке байланған мұз, аналардың көбінің есінен кетпеген. Құнанбайдың өз істері, өз мінездері бір болса, екінші жағынан сыртқа да, ішке де әмірі жүріп жуандап алған Құнанбайдың маңайында да талай зорлық-шыыл, озбыр сотқар туысқандары болады.

Бұлар Құнанбайдың ұлықтығына мас болып, «пәлен ауылдың жігіті, түген жуанның туысқаны» деген атпен шамасы келгенше емін-еркін пайдаланған. Көп елді мазақтап, қорлап, орынсыз зорлық, қыйсынсыз жуандық істей берудің үстіне, тіпті, Құнанбайдың дос болып жүрген ру басшыларын да қажытып алған. Сол Құнанбай қарсысында жүрген адамдар оның өзі ғана емес, жаңағыдай жақыны, өрен-жараны дегеннің барлығына да жауығып, жирене қарайтын болған. Тартыс ретіндегі өшпендік жөнімен Құнанбайдың жас баласын да өздерінің ертең алысатын жауы есепті біледі. Оны да дұшпан санайды. Осының бірі мысалын Абай өзі де айтады екен.

Бір күні жас бала өзен жағасында сйнап жүргенде, анадай жерде кележатқан Байсал, Бөжей, Түсіпті көреді. Олар бұның әкесімен араз. Бірақ Абай жаңағы үлкендердің алдарынан көлденең шығады да, қол құсырып тұрып сәлем береді. Бөжей сәлемін алғанда, Байсал жақтырмай: «Антұрғанның баласының сәлемін алып неғыласың» депті. Бөжей тоқтап баладан: «бізді көрсең, сәлем бер деген әкенің үйретіндісі ме, жоқ сәлемді ездігіңнен бердің бе?» — дейді. Абай: «Үйретінді емес, әдейі сәлем берейін, батанызды алайын дедім» — дейді. Байсал сонда тағы да: «Метпегірдің баласына тағы не бата беруші ек» деп жүре бермек болады. Бөжейдің батасында «әкесінің мінезін бермесін» дегені Абайдың есінде қалыпты.

Осы 13 жастағы Абай, әкесі берген белпен ел сөзіне кіріседі. Әрине, жас бала алғашқы аяқ басқан жерден келелі кеңеске кіріп кеткен жоқ. Ел жұмысын шет жағалап ептеп бастауына керек. Сондықтан, ең алғашқы жылдарында әкесінің «барып келінде» жүреді. Кейде қасына кісі қосып беріп, кейде жалғыз өзіне сөз тапсырып, ұсақ істер туралы келісім жасауға да ерік береді.

Абай қасына жетпей ұлғая бастайды. Балалық белгісін ерте жоғалтып, сөйлесіп жүрген үлкендеріне бала көрінбеу жағын көп ойлайды. Әкенің билігі, өмір талқысы және араласып жүрген үлкендері болсын, барлығы да Абайды

оқудан алыстатып әкетумен тоқтамай, табиғи балалық қалпынан да жырып әкеткен.

Жас кезінен-ақ Абай өмірі әлденеше қыйқы-жыйқы, шыйрыға түскен. Ішкі балалық дүниесін оңды-солды соққыға алатын, теріс қалыпқа кептейтін, ерекше халдерге ұшыраған.

Өзінің де қуаты мен ой қуатына лайық келмейтін салмағы зор міндеттер басына түскен соң, Абай жаратылыстағы зеректік, талаптылық өнерін еріксіз осы жолға салған.

Сонымен балалықтан асып, бозбалалық, жігіттік шағына жеткен уақытта қазақтың ескі сөзі, ескі жол-жобасы, мәтел, ғақпақ, ескі биліктеріне елдің маңдай кісілерімен қатар түскендей білім жияды. Ескі ақындар, шешендер, батырлар болсын, барлығының жайындағы әңгімелер Абайға енді таныс дүние болады. Абай халық қазнасына жанасады. Халықтың қоғамдық тірілігіндегі қайшылықтарды, ауыр шындықтарды да содан ұғатын болады. Арызшы, мұңдыларды, зорлық-қорлық көргендерді көп тыңдап, солардан үлкен сырлар ұғады. Құнанбай үстемдігіне қарсы әділдік әйды ойлауды да сол халықтан үйрене бастайды. Құнанбайға көмекші Абай болмай, өзі үшін көп нәр алып өсіп келе жатқан жас болады.

Қаладағы оқудан шығыс ақындарын сүюді, ақындықты сүюді ала келген Абайға, ендігі зор тәрбиеші ұстаз, қазақтың қалың бұқара халқы бола бастайды. Ел даналығын танып, соны ерте қамту, жас талапкерге жаңа зор мектеп тәрізденеді. Бұл жөніндегі азық — білімді, ол әкесінен алмайды, халықтан шыққан шешен ділмәр, ақыннан, ескі әңгімешіден, көпшіліктен алады. Ең алғашқы, өлең жайын баяндаған жырында Абай Шортанбайды, Дулатты, Бұхарқырауды ауызға алса, солардың сөзін бала күнінен естіп, танып, жаттап өскенін сезуге болады. Әрине, осындай ақындық мұраларымен қатар, мысал, мақал, аңыз, дастан, айтыс сыяқты сан қазнаны, әжеден, анадан, қонақ, жолаушылардан көп есітеді. Ол әңгімелердің, жырлардың көбіндегі ел зары, ел сыны, жуан әкімдер зорлығы, қыздың мұңы сыяқтыны да көп естіп өседі. Осындай мұраларды сүю Абайды қатал, суық билер ортасында қалдырмай, халық мұрасына жақын етіп жүреді. Билер, әміршілер ортасын ел көзімен көріп, қыянаттарын танып, қатты сынап, жиреніп өсуге бейімделе жүреді.

Бір айтқанды ұғып алу, ұтқанын ұмытпау, ел сөзінде соларды керекке жаратып, әңгіме арасына кірістіріп отыру,

шешендерге көп жайылған салт еді. Абайға да сол парыз сыяқты болған. Жас жігіт білген өнерін орнымен керегіне жаратып, келістіріп, көркейтіп сөйлейтін болады. Ел көзіне шешен боп көріке бастайды. Басында балалығының арқасында сөзге қорғана кіріскен Абай, аз жылдың ішінде үлкен табыс тапқандай болып адымын ұлғайта береді. Бірнеше рет жол көріп, көзі қанған соң «пәлен жақсы, түген жақсы» дегендерінің, айла мен еп, қанау мен қыянат болмаса, өзге жалпы білімге, ақыл шалымға, адамгершілікке татымсыз екенін сезеді. Ол кісілерден өзін кем санамауына тағы бір себеп — Абайдың оқуы барлығы. Ел кісілерінің көпшілігі Құнанбай сыяқты, оқымаған адамдар болған уақытта, Абай олардың қасында өзін өзгереді көрген. Надаң кісілердің ортасына келіп өлшескенде, бұның оқуы дардай саналған.

Бұған халық ескілігі, тіл өнерінің мол байлығы қосылған соң, Абай аз заманның ішінде өз қайрағына сенген өршілдікпен құлаштайды.

Ол үлкен, кішкентай ұтымды, шешен жауап айтқанын тәуір бағалап, дау, талас, тартыс, егесте өзі де сондайды айтып қалуды машық етеді. Бұны ылғи жәй сөз түрінде айтпай, кейде өлеңмен де айтып жіберетін болады. Осы күнге шейін бізде Абайдың сөз байлығын тексерген еңбек жоқ. Бірақ, қазақшасын оқыған адамның барлығына Абай тілінің аса бір мол, бай тіл екенін тану қиын емес. Сол байлық — Абайда бала, жігіт күнінен құралып өсіп келген байлық. Және шешендік өзі де тапқырлық пен кестелі сөзден, келісімді, ұтымды ойлардан құралғанда ақындықтың бір ағайыны. Абай ақындығы оның жас кезінен көп мұралар қалдырмаса, «Ол кезде Абай ақын емес еді» деу қате болады. Абай — сол уақытта да ақын. Ақындығын және мол қолданған, күнде сынға салып, өз өнерін күнде безеп отырған ақын. Онысы және — өмір құрылысына күнбе-күн, қолма-қол ұштасып отырған ақындық. Бір жағынан жүйрік, шешен, әсем ұшқыр сөздің ақындығы. Көбінесе қарасөзбен айтылған тапқырлық, алғырлық. Өлеңді, суырып салма айтысты Абай ойында да, шында да көп қолданып жүрген. Бірақ сонда да ол шақта өзін «ақынмын» деп санамаған. Өлеңді де ойын, қалжың, мысал түрінде көбірек айтып жүрген. Әсіресе, жігіттікке жеткен шағында, қыз-келіншекке арналған сәлем хат, қалжыңды көбінесе өлеңмен айта беретін болған. Бірақ ол кездегі өлеңнің көбін өзі де ескермей, өзге де көп елемей, барлығы ұмытылып қалған. Есте қалғанының бізде жыйналғаны: «Әлиф-би» мен жазылған тілек

хат Сонап соң, «Тайға міндік», «Сап, сап көңлім» деген өлеңдер. «Сап, сап көңілім» Сүйіндік қызы Тоғжанға айтылған. Бозбалалық шағында Абайдың қатты ынтық болғаны — осы Тоғжан.

Жігіттік шағында көп жастың салтын қолданып, кейде ақындық өнерін ашық шығара жүрген Абай, ел келесіне ат салысып шешендік пен алғыр, жүйрік билікке де ұста болады.

Сонымен, ақыл, ойға, білгіш, сезгіштікке келгенде ерте ержеткен жас жігіт, сол уақытта-ақ өз ортасынан иығы асып, оза бастағанын сезгендей болады. Озу, ойы толып өсуінен білінеді. Өсуі заманын сынаудан, заманының әміршісі мықтыларын, жуандарын, әкесі бастаған үстем тапты сынаудан білінеді. Мәдениет, өнер-білімде кенжелеп, артта қалған ел-жұрт бар. Қыс жұты, жаз індеті мен аралас ел шаруасының құтын шайқап, барымта жасап, бакталастан туған әлек, лаң әкеліп, соны қалың ел ортасына пәле ғып тастап, сол арқылы момын еңбекші, есесіз көпті жеп жүрген, қанап, тонап сорлатып жүрген атқамінер шонжар бар. Өздері — надан, өздері — ел тағдыры, халық қамы дегенді ойламайтын дүлей, қараңғы тап. Олар бастаған ел көшiнiң барар беті — қараңғы, екіталай тығырық. Ендiгi тiрлiктi жаңғыртып өзгертетін заман керек, сол заманға қарай халық мұңын өз мұңы етіп, адал азаматтық жолымен бастайтын қайраткер керек.

Міне, Абай өскенде, ортасынан асқанда осы сыяқты тарихтық, қоғамдық қайшылықтарды терең аңғарып, танып барып өседі. Әкемен, сол әкелердей бар жуандардан торығып, «бөлек жол іздеу қажет» деп өседі. Әуелде барлық ақыл-ойын мынау ортаны мінеп, шенеп, нәрсіздік, құнсыздығын ашуға жұмсайды.

Жалпы ақылмен болжайтын ой-пікірге келгенде, олардың айтып тоқтаған жерінің, аржағынан жаңа өріс, тың жол табамын деп талпынады.

Олардың «таптым, білдім, шештім» дегеніне сынмен қарап, «жеттім» дегенін қанағат қылмай, өз ойын асырып түсіруге тырысады. Осы әдет, Абайдың жігіттік шағындағы көптен бөлек ерекше мінезі бола бастайды. Бұның дұрыстығын дәлелдеу үшін, ел есінде қалған екі-үш мысалды айтайық.

Абай ол күндегі «жақсы» дегенде ескі бектік, паңдық қара күш болмаса, нағыз адамгершілік, шын талант қасиет аз екенін әшкерелей бастайды. Және әсіресе бұлардан елдің

күйзелуі күшті екенін, халықтың сыншы жыршылары айтқан сөздерден әбден танып біледі. Ел мұңынан, жұрт жадаулығынан соны таныйды. Өз әкесі біралуан озбыр күш иесі болса, соның қарсысындағы жуандар да ешбір жағынан әбзал әулие емес екенін біледі. Зорлық, пара, пәлекорлық оларда да бықып жатады. Жалғыз-ақ Абайдың бала-рақ шағында әкесі өзін бұған танытқанда «сол елдің телісі, тентегімен алысамын» деп өз жағын дұрыс қып сыпаттайтын еді. Енді Абай бертін кеп танығанда ең әуелі өз әкесімен оның достарын алдымен сынайды. Оларды өздерінің «күштіміз» деген жағынан жүйрік, шешендік, озғындық жағынан жеңіп, тонамақ боп соқтығады.

Әкесі бастаған шешеннің қайсысын болса да әңгіме ішінде, бір сөзбен мүдіртіп кетуге тырысады. Балалық шағынан жаңа өтер-өтпесте, әкесінің жұмсауымен барып сөйлескендердің барлығына да Абай осы мінезді істей бастаған.

Құнанбайдың Көкше ішіндегі тұрғылас, дос кісісі Қаратай болғай. Ол көп елдің сынынша шешен, жүйрік атанған адам. Сол Қаратай бір күні Абай бастаған жас жігіттердің үстіне келіп, бұлардың заманын жамандап, өз заманын мақтай бастайды. Абай бұл сөздерге көп дау айтып келіп, ақырында: «Сіздің заманыңызда көрші елдер арасында бір қол кісі болып жыйналып, тұнғатып жүрмесе, жалғыз-жарым кісі қатынаса алмаушы еді. Ұрлық, барымта, бұзықтық көп болғандықтан «әне алып кетті, міне алып кетті!» деп, кемпір, шал, қатын-қалаш, жас бала тыныштықпен асын іше алмаушы еді. Сол заман да жақсы ма? — дегенде, Қаратай дау айтып келіп: «менің заманым пайғамбар заманына жақын» депті. Бұған қарсы Абай: «Алатаудың басы күнге жақын, бірақ басында мәңгілік қар жатады. Сайында неше-түрлі өсімдік, неше алуан жеміс шығады. Жақсылыққа алыс жер, алыс заман жоқ. Қайда болса да жетеді. Сіз пайғамбарға әкесінен жақын емессіз, ол кәпір болған» — депті.

Осы қағысудың тұсында, әке заманы мен бала заманының айырмасы ғана айтылып отырған жоқ. Екі буынның біріне-бірі қайшы, қарсы көзқарастары да танылады. Ел мен елді шабыстырған, бұрынғы пәле басы «басшы» болыстарды сықаған, жақтырмаған сарын бар. Қалың ел мұңына, ел тілегіне өзі жақын болуға талпынып «сол ел тілегіне бейім болсаң жақсысың, болмаса өзің де жақсы емессің, өзің билеп қалыптаған заманың да жақсы емес» деген саналы жастың, жаңа адамның аңғары сезіледі. Осылайша бірін сынаудан бастап, өз уақытындағы, өзінің аржағындағы «үлкен», «жүй-

рік» дегеннің әрқайсысына да Абай ұрынып қалып отырады. Бәрінің де шама-шарқын сынап отырады.

Жаңағы сыяқты біраз сөзбен Шорманның Мұсасымен де жанасыпты. Мұса Құнанбай құрбылас, өзі—жуан-шонжардың бірі. «Шешен», «жүйрік» деген де атағы болған. Бір жылы Семейде Мұса Құнанбаймен бір мәжлісте отырғанда (тегі Құнанбайдың сұрауымен болса керек) үйдегі балаларының атын атап, Салуақас деген баласы барлығын айтады. Сонда Абай: «Бір адамға екі бірдей адамның атын қояды екен, ол Сағд бин Уақас әкелі-балалы екі кісінің аты емес пе?» депті.

Мұса Абайдың осы тілін еске алып қалса керек. Екінші бір жерде, бірталай кісінің мәжлісінде Абай кіршіме¹ ішіп отырғанда, Мұса үстіне келіпті. Отырған жұртпен бірге Абай Мұсаны мәжліске кіруге шақырғанда, ол: «жоқ, бұл нәрсенің аты кіршіме, тегі ноғайдың «кіршімә» деген сөзінен болса керек. Сондықтан мен кіріспегенімді мақұл көрем» — депті.

Бұл сөзге Абай: «менің ойымша, ең әуелі бұл сөз ноғайдың тілі емес, фарсының «гаршама» — «шамаға қарай» деген сөзінен болуға қыйсынады. Екінші әрбір нәрсенің «ісміне» қарай жисмин² алама, жисміне қарай ісмін алмай ма? «Алама» деген — жемістің аты, сол атына қарап алмайсыз ба? — депті.

Осы сыяқты жұрттың «тапқыр» деген кісілерінің құр атағына жығылмайтын, бойсынбайтын ізденгіш, өр мінезін Абай оқта-текте өз әкесіне де білдіріп жүрген. Бұл туралы мына бір әңгімені айта кетейік.

Ел ортасының бір үлкен жыйынында Құнанбай көп ортасында сөйлеп отырған уақытта, Абай әлденеше оқталып, бір нәрсе айтқысы келіп, киліге беріпті. Сонда Құнанбай «тек отыр!» деп тоқтатып тастайды. Артынан ел арылып, жыйыннан қайтып келе жатқанда, әкесі Абайды шақырып алып, көп алдында көлденеңдегені үшін наразылық айтады. Таласқан кінәсін Абай мойнына алады. Содан кейін Құнанбай: «Кезі келген жерде айтпақ болып жүрген сөзім бар еді, соны айтайын: ең әуелі — сен жұрттың бәріне күліп сөйлейсің, жайдақ су сыяқтысың. Жайдақ суды ит те, құс та жалайды, кісіге кәдірің болмайды. Екінші — көрінгенмен жақын боласың, кісі танымайтын, желбегей жүрген кісінің басына ел

¹ «Кіршіме» деген сөздің тегі орыстың «корчма» дегенінен шыққан. Ескі орыс тілінде ішкілік орны, кабак деген мағынада.

² Ж и с м и — заты деген сөз.

үйірілмейді. Ел алатын қылық ол емес. Үшінші: мің — орыс-шылсың» — депті.

Осыған Абай: «Қолында құралы бар бірен-саранға ғана тиетін шыныраудағы судач да, қойшы-қолаңшы, жалшы-жақпайдың бәріне бірдей пайдасы тиетін жайдақ су артық деп білемін. Екінші сөзге — қазақ ескі бір заманда қой сыяқты болған, бір кора қойды жалғыз қойшы «айт!» десе өргізіп, «шәйт!» десе жусататын заман еді. Одан бері келе ел түйе сыяқты болды. Бір шетіне тас тастап «шөк!» деп дабыстаған уақытында аңырып тұрып барып, бетін бұратын болды. Енді біздің заманымызда ел жылқы тәрізді болды. Мұны ақ қар, көк мұзда қар төсеніп, мұз жастанып, етегін төсек, жеңін жастық қылуға шыдаған жылқышы ғана баға алады. Елбек сіңірген адам ғана ие боп, басшы бола алады. Орысшылсын дегенге — оның қолында зор қуат, өнер-білімі бар. Егер сол өнер-білімді үйренуден қашсақ ол надандық болар, жақсылық болмас. Мен өнер-білімі үшін орысшылмын», — депті.

Әкесімен осы айтысқан сөзі Абайдың бұрынғы жуандардан біржолата бөлекше зор програмын көрсетеді. Алдымен әкесінен өзгеше болмақ. Бұдан халық мұңын ойлаған, халыққа адал еңбек етіп, ел көпшілігімен қабыса табысам деген тілек танылады. Осы сөздің артынан ол өзі тұстас ру басының жаңағы әкелерге ұқсаған мінез-әрекеттерімен алысуға бекінеді. Ең алдымен әкенің ырқынан шығады. Өзі туралы «елге пайдалы, адамгершілігі бар, әділ басшы болсам ғана, жақсы адам боламын» деп есептейді. Бұл жөнде ол бұрын осындай ниетпен шыққан басшыны көрген жоқ еді. Өзі тұстастың бәрі де ескіше жуан болатын. Сол ортадан Абай үнемі етекбастыны, қарақұшті, қарсылықты көрумен күн кешеді. Бірақ олардың кәрісіне де, жасына да бойсұнбайды, ірге бермейді.

Бас-басына би болған өңкей қыйқым,
Мінеки, бұзған жоқ па елдің сыйқын.

Қай жеріңнен көңілге қуат қылдық,
Қыр артылмас болған сон, мінсе қырқың...

деп, кейін айтатын ызалы, сыншы өлеңдерінің түп тамыры осы жаңағы айтылған жайда жатады. Сондайды ойлап, ол ортаны менсінбей, алысумен кетеді. Кейде надандықтарын мазақ етеді.

Жаңағы сыяқты мінездің белгісін Қаракөсек Алшынбай-

ға да көрсетіпті. Абай Алшынбай ауылының күйеуі болады. Алғашқы алған әйелі Ділде — сол Алшынбайдың немере қызы. Ділдені алғаннан кейін, Абай Алшынбайға сәлем бере, амандаса барады. Кайтарда қайыны әдет бойынша «қалаған, сұрағаны бар ма?» деседі.

Сонда Абай шұбар айғырдың үйірі деген бір қысырақты алғысы келгенін айтады. Мұны Алшынбай бере алмай, «бағамды алсын!» дейді.

Абай: «Ондай батасын сатқан шал өзімде де бар» деп, Алшынбайға бармай кетіпті. Өз тұсындағы ру басыларымен кездескенде жас Абайдың қолданатын мінезі осы сыяқты: көпшілігін мерсінбейді, місе қылмайды.

Абай өз талабын алға қойып шыққан кезде жалғыз Тобықты ішіне ғана емес, бүкіл қазақ даласының барлығында штат-партия таластарынан туатын алыс-жұлыс өте көп еді. Оның түбі патшалық саясатының ру басылары ортасына әдейлеп егіп тұратын әрекетінен туады. Неғұрлым тартыс күшті болса, соғұрлым даланың ісі, ру басылар арқылы, қалаға көп сарқалды. Өмір иесі болам дегендер дала мен қалада бірдей алысады.

Патша өкіметінің қырдағы өкіл-ұлықтары бұрын аға сұлтан беріде болыс, би, елубасы, старшын деген ортаның әзі де, өзгеше нәрсіз, шірік орта болатын. Абайдың бертінде жазған: «Болыс болдым мінеки», «Болды да партия», «Бөтен елде бар болса», «Қалың елім қазағым» деген сыяқты көптен көп өлеңдеріне көз салып, ойлап қарасақ, сол ортаның жиренішті, құнарсыз сурет, мінездерін, әдет машықтарын — анық танытады. Патшалықтың парақор ұлық, жандарал, ояз начальниктеріне, адвокат, чиновник, тілмештарына табынған жаңағы атқамінерлер — қоғамдық тілекті лайлаған, неше алуан мінмен, дертке толы еді. Бұл күй, бұл қалып бір ғана Абай көріп жүрген Тобықты ішінде ғана емес, қазақ сахрасының барлығын басқан тұманды түнектей, қалың дерт болды. Ол патшаның отаршылық саясатынан туған күй болатын. Патшалықтың ел ішіндегі өкілі, әкімі, сүйеніші — бай жуаннан шыққан болыс, би, елубасылар. Олар үшін рушылдықты, ескі тәртіпті сақтап, сол арқылы өз үстемдігін жүргізу қажет. Қазақ сыяқты, Россиядағы көп бұратана елді билеуде патшалық өкіметінің өзі де жаңағы рушылдық, ескішілдік қалыпты нық сақтап отырды. Бұл елдерде өмір өркендесін, мәдениет дамысын деген ой онда мүлде болған жоқ. Қайта жаңағы ескіліктің кертартпа құрылысын өз керегіне пайдалана жүріп, соны мызғытпай

сақтап отырды. Сондықтан да болыстық, старшиндық, билік үшін ел жуандары қырқысса, соны патшалық ұлықтары әдейі қоздыра түсетін. Бұл тек саясаттық қана тәсіл емес, сол күндегі Россия буржуазиясының пайдасы үшін де керек.

Ленин XIX ғасырдың соңғы 25 жылының ішінде Россия буржуазиясы Россияның шығыстағы отарларына неліктен ынтығып, ұмтылып жүрген себебін айта кеп, «ол жақта сауданың «талау табысы» әлде жүз процент пайда кіргізуші еді» дейді.

Осындай неше алуан қанау, талау ауыртпалық боп орнағанда, қалың момын еңбек елінің басына орнайтын. Бо- лыс сайлауының лаңынан басқа, патшалықтың алым-салығы, парақор жеміт-болыс, бидің «қарашығынының» барлығы және де байға-барға мол түспей, «тұңлық» басы деп жоқ-жітікке жарлы-жақпайға түсетін.

Жалаңқая жат мінез жау алады:

«Бермей жүрсең, мен сені жек көрем», деп...

...Жүз қараға екі жүз аларман бар,

Бас қатар бас-аяғын тексерем деп.

Абайдың бұл сөздері, сол жаңағы халықты жан-жақтап, тұттай тонап жатқан обырлар мінезінен туған кертартпа ескі патриархал-рушылық қалдықтарының барлығы «қанау мен деспотизмге (шексіз әмір зорлығына) ерекше кең, еркін жағдай жасайды» — деп Энгельс айтқан сөз, сол күндегі қазақ тіршілігіндегі шындыққа өте дәл еді. Ру басылар, болыс, билер бір жағынан патшалықтың заңындағы өздеріне пайдалы жақтарын, өз үстемдігін күшейту, нығайту үшін берік ұстанды. Сол арқылы мал, сома байлықты ғана емес, басқа да көп жем айыратын. Жақсы қыстау, ен жайлау, мол су сыяқтыларды өз басына, өз атасына қаратып, талай момын көпшіліктің жерін алып, жермен бірге күн көргішін, еркін алып жүретін қу, пысық, сұм-сұрқия, жуан феодалдар көп еді.

Амалдап қарағайды талға жалғап,

Өркім жүр алар жердің ебін қармап...

деген сөздер осындай содыр, сойқандардың істерінен туатын.

Бұл халдер бар қазақ жерінде болғанда, сол кездегі Россияда қара шаруаны феодалдық, крепостнойлық қалдықтары бойынша қанаудан және капитализмнің өсу салдарынан туған. Қазақстанды капиталистік қатнасқа тарту

салдарынан да пайда болатын. Осы уақытта сахрада натуралдық шаруаның іргесі әлсіреп келе жатты. Соның бәрі көп қазақ қауымында қоғамдық жіктердің неше алуан қайшылықтарымен айқындай шыға бастауына себеп болды. Енді патшалықтан, Россиядан шыққан қанаушы мен қазақ ішіндегі бай-болыстан шыққан қанаушының бәрі бір топ екенін айыратын мезгіл туа бастады. Мұнымен қатар, орыс халқының ішіндегі қаналған қалың бұқарамен, қазақ ішіндегі еңбек елінің тарихи тағдыры бір екенін ұғатын, таныйтын заман да тақап қалып еді. Соны алдымен өздері аңғарып, халықтарға аңғартатын әр елден шыққан, халық қамқоры болған халықшыл-демократтық, азат ойдың қайраткерлері тулы.

Міне, Абайды әкелер жолынан, ел жуанының бар мінезі, ісінен жирентіп, оларға қарсы алысуы, әшкерелеуші етіп шығаратын тарихи терең себеп осында болатын. Абайдың алдындағы Шоқанды, Алтынсаринді халық үшін жаңа, тың жол іздеуге беттеткен тарихи себептер де осы еді. Кейін Абайды да алысқа құлаш сермететін тарихи қоғамдық басшы ойлар осыдан туған. Бірақ жас Абай әуелі, осы ойларын туғызып, осы қорытындыларын жасататын қайшылық, ерсіліктерді көрумен, солармен алысумен жүрді. Алысқанда ел сорына себеп боп жүрген болыс, би, партия бастығы құмен, сұммен алысты. Олар болса, патшалық тәртібінің бар жағдайын нешеалуан сұмдық, азғындық түрінде пайдаланумен жүрді... Көбінше елді бір алдап, арбап ұлықтың да олақтығы болса оны да зор айлалы аярылықпен пайдаланды. Әсіресе, патша ұлықтарымен жемтіктес болғанда, олардың қазақ ішіндегі ерекшелік, қыйын шытырман жағдайларды жете білмейтіндігімен пайдаланатын.

Патшалық заңоны, сот, әкімшілік орындары қазақ ішінде, атқамінер ортасының айла-тәсіл, салт-індетінен түк білмейтін. Қазақ әкімдері мойындарына құрық түсірмейтін қашаған сыяқты боп, олақ кеңселерді олай да, бұлай да алдайтын. Сондағы атқамінерлер машық болған бір мінез өтірік арыз болатын. Өштескен адамынан, ең алдымен ауылда, қара күшпен, қолмен есе алуға тырысады, ол болмаса жауын мықтап жоймақ болса, ұлыққа шабады. Онда «кісі өлтірді», «ауыл шапты», «жер өртеді», «патшаны жамандады» деген сыяқты неше алуан жалалар ойлап табу, сол үшін сот алдында жан беру, өтірік куәлар салу — жиі кездесетін іс болған. Немесе бір жағынан жаңағыдай арыз беріп, жала жауып қойып, артынан қыр жөнімен табысып,

татуласып алып, сол жауын қайта барып сот алдында, жаңадан қыялап өздері ақтау, бұрынғы жаласын қайтып алу сияқты әдеттер де толып жатады. Өздері парақор, қолдарына ұры ұстағыш, өтірікке мөр басқыш, приговор бергіш, би, старшын, елубасылар көбейді. Ұлықпенен жемтіктес болып парамен «ақты» қара, «қараны» ақ дегізе алатын айлакер де молайды. Сөйтіп, ол күндердің арыз тартыстарын тексергенде кім кінәлы, кім ақтан күйген екенін айыру тіпті қыйын болатын. Көбінесе кінәлі жаза шекпей, кінәсіздер күйетін халдер де аса көп болған. Әсіресе ел жуандарының тартысы момын елге, көпшілікке сор болушы еді. Ел жуандарының пәлесі, олардың өзі емес, ел шығынымен, ел бейнесімен аяқталатын. Абай ел ісіне араласқанда, өз әкесі мен әке достарының бұның басына қалдырған ауыртпалығы зәрдей болды. Бірақ сол зәрді іше жүре, әділетсіздікті, қыянатты таныды. Жуандар, Құнанбайлар ортасы ел қамы емес, ел сорына біткен озбыр қыянатшылар ортасы екенін Абай таныды. Соны жоғарыда әкесімен айтысқан жерде анық білдіреді.

Енді сол ортаның залалды мінездерімен алысып, еліне тым құрса сонысымен пайдалы азамат болғысы келеді. Бірақ бұның ол жолына ел жуаны жау. Олар Абайдың өзін де бұрынғы өтірік пәле-жала жабумен жарға жықпақ болады. Солардан бас қорғау ретінде және біржағынан жаманын жазалаймын, жөнге саламын деген талаппен Абай алысады.

Осындайдан туатын талас-тартыс, жаулықтың екінші бір саласы үйез, жандаралдың кеңсесіне қарай ағылған көп шағым түрінде болады.

Ел ішінде Абай өз бетімен жүре бастаған соң аз уақытта-ақ талас-тартыстың кіндігі қалаға қарай ауысады.

Сонымен, 28 жасқа келгенде Абайдың үстінен берілген партия басы жалақорлардың өтірік арызы, көп шағымы Семейдің кеңселеріне түсе береді. Абай бұған орай ешкімді де шақпайды. Бірақ арыздар бойынша мұны жалаламақ болған ұлық 1877—1878 жылдың қысында оны қалаға шақыртады.

Осы жолда Абай 12 үлкен іспен тергеліп Семей қаласынан 3—4 айға шейін шыға алмай жатады. Бірақ жұмыс саны көп болып, тергеуден-тергеу болса да. Абай бірде-біріне жығылмай, ағарып, аман шығады. Соңғы жылдарда Семейдің архивінен табылған бір іс, Абайдың өмірінде бір-ақ жол, үш жыл бойында Қоңыр Көкшеге болыс болған кезін танытады. Сонда Абайға қарсы өтірік шағым, жалған жала

жапқан Үзікбай Бәрібаевтің арыздары, Абайды көп тергеуге ұшыратады. Ол істі Семейдің оязы, ояздық соты, тіпті Семей губернаторы да қолға алады. Бірақ ұзақ тексеру соңында чиновниктер аппаратының өзі де Абайдың жазықсыз, адал, халыққа пайдалы адам екенін ықтиярсыз таныды. Сонда Үзікбай атынан Абайды текке жалалап жүргендер елдің жуан содыр феодалдары, бұзық атқамінерлері болып шығады. Абайды 1878 жылдарда тергеуге ұшыратып жүрген көп шағымдардың ең бір үлкені осылай боп шығады.

Сол тергеулердің тұсында Абай ұлық атаулының талайын көріп, барлығымен де әлденеше халде кездескен болады.

Ұлық алдында жұмысты болу, бір ғана ұлықтың өзі емес, сол кездің көп-көп адвокат, тілмаш сыяқтыларымен де кездестіру керек. Соның барлығымен араласу көп нәрсеге көзін қандырып, Абайға заң-закон дегендерді білдіру керек. Орыс тілін, әдебиетін бұрын өздігімен зер салып қараастырып жүрген Абай, мына сергеллең кездерінде Семейде ұзақ жатып жүріп бұрынғыдан да тереңдеп, зерлеп молынан ұғына бастайды. Ел ортасында жетер өріс, алар нәр болса, бәрін таныған баураған талапкер, өзінің жүйрік, сыншы ақылымен енді бұрынғыға қанағат етпей, ілгері қарай дамуды, жаңа азық, нәр табуды талап етеді. Арыз үшін, ұлық үшін емес, білім-тәлім, тәрбие үшін көксейді. Білсем, жетсем деген зор тілек, үлкен талап пайда болады. Бұл үшін орыстың өнерін білу керек. Оқу, зерттеу, іздену керек.

Жігіттік шағына шейін Абайдың барлық орысша оқуы үш-ақ айлық сабақпен бітеді. Әрине, ол білім кейінгі күндерге Абайға азық болды деп айтуға болмайды. Орысша жағынан іздену енді ғана молынан басталады.

1877—1878 жылдың қысы жаңағыдай боп өтсе де, Абай ел жұмысынан босай алмайды. Құр тергеуге ілдіргені болмаса, жаулары да жеңе алмайды. Бұрын дос тұтып жүрген ел, әлі де боса мұның қасында қалған. Бұл уақыттарда Абай қыр жұмысын әкесінің нұсқауымен жүргізбейді, өз жанынан жаңалықтар тауып, сүйген жолдарын қолдана бастайды.

Абай әкесі қолданған, бұрынғы қара күш орнына зорлықтың ешбірін де қолданбайды. Жоғарыда әкесі тапқан мін көбінесе осы жағынан болу керек. Патшалық күшін Құнанбай көп қолданса да, сонымен қатар қыр жолымен, өз күшімен қол қыймылын жұмсау да аса көп болған. Мысал үшін Қодарды өлтіруін еске алсақ та болады.

Абай өзінің турашыл, әделетшіл мінезінен халыққа жағады. Сол арқылы қарсысындағы ру басыларды ең алғашқы рет емін-еркін басып жеңіп шығады.

Абай осы кезге дейін өзінің ақын екенін білсін, білмесін бірақ өз басына «ақындық жол екен», «еңбек қылатын кең өріс екен» деп білмеген. Тегінде, оның жас шағында айтқан ірі өлеңдері аса көп болмау керек, оның орнына ұсақ жағы көп. Оны да үнемі қағазға жазбай, кейде орайы келген жерлерде қалжың ретінде, ауызша айта жүрген. Қолға түскен бірен-саранының айтылған себептерін қарасақ: көпшілігі біреуді қалжың қылған, мысқыл, мазақ аралас өлеңдер. Бұларының бәрі де өлең қылған кісінің көзіне туралап сынап айтқан сөз сыяқты. Екінші түрлі өлеңдері — жігіттік шақтағы мінез, ой туралы және қыз-келіншекке жастық дағдысымен жазған хат есепті. Бұл соңғы жайын жоғарыда айттық.

Сыршыл, шебер үлгіде Тоғжанға арнап: «Ақ етің аппақ екен атқан таңдай» деген бір өлеңі болған екен. Бірақ ол шығармасын түгел білетін кісі кездеспеді.

Күлкі мен қалжың қылып айтқан өлеңді Абай бала күнінен бастаған. 12 жасында бір жолаушы қатынға айтты деген бірауыз өлең бұған дәлел. Сол уақытта-ақ мінегіш, мысқылшыл, кішкене Абай, болашақ үлкен сатирик Абайды танытқандай. Кейін айтатын сатиралық өлеңінің барлығы да осы бетпен өседі.

Осымен әр жылда, әр жерде кейде ұзақтау болса, кейде бірер ауыз ғана әр тақырыпты өлеңдер айтып, жазып жүріп, Абай жаңағы ел жуандарын жеңген жылдарға келеді. Бұл уақытта ол есті, бағалы кісі атанып, айтқаны кімге болса да бұлды боларлық дәрежеге жетеді. Болыс болып басқалар жүрсе, Абай елдің ішіндегі әділдікті, тура жолды бағатын кісі болады. Шын ел қамқоры болған адамгершілік, кісілік тұтқасы Абай болады. Қалың елдің момын көпшілігінен шыққан дос атаулы да Абай басына үйірледі. Ел ортасының дау-шарын сол бұқара көпшіліктің тілегі бойынша кейде өзі атқарып, өзі басқарады.

Бұрынғы атқамінерлердің парақорлық, өз жағына бұрғыштық, әделетсіздік мінездерінің бәрінен ол аулақ болып, барынша әділ, әсіресе момын бұқараға дос, зорлықшыл пәлекорға қас, турашыл болуға тырысады. Өз заманына бұл жағынан үлгі, ұстаз болғысы келеді. Осымен қатар, енді жыл санап ілім-білім өрісін табуға беттей береді.

Жасы отыздан асқан соң, бұрынғы азды-көпті білімін

есіне түсіріп, орыс кітабын мықтап оқыйды. Едәуір тіл біліп алған соң, ендігі көп нәрлі кітаптар оқуға кіріседі.

Содан біраз жыл өткенде Абайдың күндегі өмірінде үлкен орынды тек кітап алады. Кітапты белгілі жүйелі тәртіппен оқымаса да, жақсы ақын, жазушылардың сөздеріне құмарланып, шетінен таныса береді.

Әдейі қала кітапханасының кітаптары үшін Семейде қысқы айларда ұзақ жатып алатын болып, өз-өзінен ізденіп қармана бастайды. Осымен, 35—36 жастардың шамасында, кітап қарастырудың жолында жүріп, Абай 1870 жылдарда Петербургтен айдалып келген революционер жас Михаэлис деген кісімен таныс болады. Михаэлис Петербург университетінің студенті болып жүрген күнінде айдалған. Атақты Чернышевскийдің жақын танысының бірі. Және сол кездегі демократ-революционер Шелгуновтың туысы (балдызы) еді.

Сол Михаэлис Семейдің кітапханасынан Толстыйдың кітабын сұрап тұрған Абайды көреді. Танысады. Басында кітапханада кездесіп жүріп, артынан жақын таныс, достас адамдардың халіне жетіседі.

Михаэлис осы келгеннен бастап Семей облысынан қайта алмай, қырық жыл тұрып, сол жақта өлген. Әуелгі кезде Семейдің өзінде тұрып, артынан Өскемен қаласын мекен еткен. Міне, осы уақыттардың барлығында ол алғашқы рет таныс болып алған Абаймен ұдайы кездесіп, немесе хатпен хабарласып тұрған. Аздан соң Михаэлис арқылы Абай 1880 жылдарда айдалған басқа демократтармен де танысқан. Соның ішінде жас доктор Долгополов, Леонтьев сыяқтылар болған. Осылардың кейбіреулері Абайдың ауылына қонаққа барып досы болады. Рас, Михаэлис, Долгополовтар әуелде бірі Петербургтен, бірі — Харьковтен айдалған шағында революциялық әрекеттерімен патшалыққа қарсылық істерімен айдалса да, кейін Сібірдегі кездерінде ол программдарымен көрінбейді. Михаэлис чиновниктік аппараттарда момын ағартушы, зерттеушілік істерге беріледі. Долгополов айдау орнын ауыстырып Қазанға қайтқан соң, саяси бағыт жөнінде сан түрлі өзгеріске түседі. Бертін келе Россиядағы күшейіп өскен революция жолына шалғай әрекетке де кетеді. Ленин қатты сынап, мінеген халықшылықта жүріп, содан ары кертартпа партия-эсерлер тобынан шығады. Сондықтан Абайға, ұлы орыс халқының бұқарашыл революционер, сйшылдары Белинский, Герцен, Чернышевский, Добро-

любовтар еткен әсердің бәрін—Абай өз бетімен, орыс классиктерін оқудан, жаңағы соңғы алаштардың еңбектерін зерттеуден соң табады. Сондықтан, Михаэлис, Долгополовтардың Абайға берген көмсігін айтқанда, оның шегін біліп айту керек. Бұлар әсіресе Михаэлис, ақынның өз айтуы бойынша, Абайдың жаңа ізденіп жүрген кезінде ең алғашқы түрде ғана көмекші болады. Бұрын орыс мектебін көрмеген, отаршыл чиновниктерден басқа орыс интеллигенциясын кездестірмеген Абайға Михаэлис алғашқы айдау жылдарында, Ленин айтқан екінші Россия мәдениетінің ең алғашқы хабаршысы есепті болады. Ақынның ең әуелгі іздену, қалыптасу кезеңіндегі жол нұсқаушылар есепті.

Ал, кейін орыс тілін еркін біліп, орыстың ұлы мәдениетін мол, терең тағы бастаған кездегі Абай, өзгін ойды бұлардан үйренбейді. Пушкиннің өзінен, Белинский, Герцен, Чернышевский, Салтыков-Щедрин, Некрасовтардың өз мұраларынан өздігімен кең, терең тәлім-тәрбие алады. Абайдың классик ақын болған маңызын, әлеуметтік көзқарасын тек Михаэлис әсерінен деп қойсақ, әрі Абайға, әрі орыс халқының ұлы мұрасына және ұлы даналарына қыянат сөз айтқан болар едік. Ал, ақынның Михаэлис туралы үлкен алғыс сөз айтқанына келсек, ол — алғашқы адым жөніндегі қарыздарлығын жақсылап білдіргені.

Абайдың қазақтан басқа өзге ел адамдарымен танысуы жалғыз жоғарыда аталған кісілермен бітпейді. Патшалық үкіметімен алысып Сібірден қашқан Кавказ адамдарының да бірнешеуі Абайды тапқаны бар. Бұлардың ішінде Тәштемірдің баласы деген адамды Абай бір жыл қонақ етіп, күтіп аттандырған. Қазан татарынан шығып солдаттан қашып, ел ішіне келген Ғабитхан, Кішкене молда (Мұхамедкәрім) деген кісілер Абайдың туысқаны сыяқты боп қазақтан әйел алып, біржола қазақ боп елде тұрып қалған. Патшалық үкіметі бұл жөндерде Абайға қырын қарап, ауылына бірнеше рет тінту шығарған.

Жаңағы аталған Михаэлис Абай өз өмірінің кейінгі шағында еске алып: «Дүниеге көзімді ашқан кісі — Михаэлис» деген. Жоғарыда айтқандай, алғашқы басшылық істеп, бет нұсқағандығы үшін осы алғысын айтып кеткен. Михаэлистің өзінің тексерген саласы табиғат ғылымы болса да, әр тарау жолдардан мағлұметі болған мәдениетті адам, Абайға алғашқы кезде қандай кітапты оқу туралы шынымен көп мәслихат, көмек берген.

Бұрын қолына түскеннің бәрін талғаусыз, ретсіз оқып

жүрген Абай, бертіндегі оқуын Михаэлистің ұсынысы бойынша үлкен тәртіпті ретке қойып, көркем әдебиет, сыч, философия, табиғат ғылымдары, әралуан тарихтық кітаптарға шейін тарау-тарауымен, жоспармен оқыйтын болған.

Орыстың белгілі ақын-жазушыларынан Пушкин, Лермонтов, Толстой, Салтыков-Щедрин, Некрасов, сыншыл, ойшыл демократтардан Белинский, Герцен, Чернышевский, философ білгірлерінен Спенсер, Спиноза, Льюис, Дарвин, Дрепер сыяқты талайларды оқыған.

Алғашқы кездерде оқығандарының көбі орыстың көркем әдебиеті мен сыны болу керек. Көп заманға шейін қалада жатып оқып, кейінірек талай кітаптарды қырға да алып шығып, елде де қарастыратын болады. Еуропаның көпке мәлім романшыл-прозаиктерін де оқыған.

Әрбірден соң кітаптарды өзі оқуымен қанағат қылмай, маңайдағыларға әңгіме қылып, айтып отыруды әдет ете бастайды. Сол 35—40 жастың арасында өзі кітап қарастыра бастауымен қатар, екінші баласы Абдрахманды Семей қаласындағы уездік школаға оқуға береді. Бұл баласы кейін өндіріп, ұзақ оқып кетеді.

Артынан біраз жылдан соң, үшінші баласы Мағауияны да, әйел баласы Гүлбәданды да әкеп орыс школына береді.

Абай енді Семей қаласының құр төрелікке мәз болған ұлықтарынан мүлде басқаша ортаны тапты. Олар—патшалық үкіметінің Сібірге жер аударған әралуан саясат қайраткерлері. Ертеректе Қазақстанның батыс жағына Шевченко айдалып келгенде, Омбы сыяқты қалаға жазушы Ф. М. Достоевский сыяқты талай адам келген... Бұлардың ішінде Бутаевич—Петрашевскийдің өзі, Дуров сыяқты ірі адамдар болған. Революционер-демократтардан Чернышевскийдің талай серіктері келеді. Абаймен жақындасып, достасқан Михаэлис осы соңғы топтан шыққан. Ұлы орыс халқының осылар сыяқты адал, бұқарашыл ұлдарының бәрінің жүрегінде патшалық дегенге өштік пен жиренші аса күшті еді. Каторгада, айдауда еріксіз солдаттықта жүрген күндерінің бәрінде де олар орыстың қалың бұқарасы, қара шаруасының құлдық-қорлық қалын патшалыққа кешпейтін. Сонымен қатар, олар Сібірде, Қазақстанда патшалық езіп жүрген барлық бұратана елдерге де үлкен достықпен, зор бауырмалдықпен қараушы еді.

Чернышевский болса, Россиядағы сыяқты дүние жүзіндегі барлық қанауға, құлдық қорлыққа қаны қас болған-

дықтан, поляк халқының патшаға қарсы алысуына тілеулес болғанындай, Америка халқының азаттық күресіне де көп көңіл бөліп, ондағы негрлердің көтерілісі болса екен деп те тілеген адам еді. Өз айналасындағы дос серігінің көбін патшалықпен қыянкескі тартысқа, қолма-қол алысқа әзірлеп тәрбиелеген. Патшалықты құлатып, көзін жоюды өздерінің революциялық арманы, жолы етіп алған. Сол үшін, ел отаны үшін өз бастарын ой күштерін ортаға салған орыс халқының адал ұлдары бұл кезде көп еді. Осының бәрінің анық ұғынған, анық байлаған бір жолы — патшалықпен алысқанда езілген бұратана халықтар мен орыс халқы бір-біріне дос етіп, күштерін біріктіру шарт дейтін. Ол революционерлер қазақ даласын қараңғылықта ұстаған, орыс халқымен жаулықта ұстауға тырысқан, орыс мәдениетінен жырақтатып ұстаған саясатқа да қарсы алысқан. Сондықтан, орыс халқының айдауда жүрген шын адал ұлдары, бұрын патшалықтан жиренумен өткен ой алыптары Пушкин, Лермонтов, Толстой, Салтыков-Щедрин, Чернышевский-лермен Сібір, Қазақстан халықтарын таныс етеді. Ол халықтардан шыққан ел қамқоры, саналы ұлдарының, азаматының бәрін жаңағы жазушылардың еңбектерімен таныс ету айдаудағы революционер демократтардың саяси үлкен жолының бірі болады.

Абайға жолығып, онымен дос болған Михаэлистер ол күнде өздері жеке бастары Россияда даңқы шыққан кісілер болмаса да, Абай сыяқты кісілерге ала келген жаңалық пікірлерімен қымбат болған өкілдер еді. Олар орыс халқының анық елдік сырын, шынын танытатын Ленин айтқан екінші Россияның алғашқы хабаршысы есепті. Бұлар мен Абай достығының осындайлық тарихи мағналары бар. Ендеше, сол күнде осылар ниетіне ниет қосып, еңбегіне еңбек жалғап, орыс халқының мәдениетіне өз елін, өз шығармаларымен, әлеуметтік еңбегімен, ұстаздық тәрбиесімен бастаған Абай бір қазақ халқы үшін емес, бүкіл Россиядағы халықтық-демократтық қозғалысқа да зор еңбек еткен адам бола бастайды.

Орыс ойшылдарының достығы бір Абай емес, сол арқылы бүкіл қазақ сахрасына арналған достық боп ұлғайды. Абай енді өзінің қоғамдық тарихтың жолын ұзақ өріске қарай ұлғайтып алып кетеді. Өзі де ғылым зерттей бастайды. Сонымен, 1884 жылдары, жасы қырыққа таман ілінгенде, ол дүниеден көп мағлұметі бар кісі болады. Әр нәрсе туралы, ғылым-философияға сүйенген айналы көзқарасы,

сыны бар қырағы озғын азамат болып, жекеленіп шыға бастайды.

Бұдан кейін Абай елге де білгіш, кемел, халық қайраткері болып табылады. Сырт елдердің халық қамын ойлайтын кісілері де Абайдың атағын көп естіп, әңгіме мәжілісіне құмар болады. Бұлардың ішінде әралуан қоғамдық, шаруашылық жаңалықтарға бойсұнып ойыса бастаған адамдар да бар еді. Абай өзі араласып жүрген ортасын өзгертіп түзеткісі келеді. Елге пәле әкелуші емес, қоғамына пайдалы еңбек етерлік адамдар шығарғысы келеді... Жас буынды мәдениетке жеткізуді ойлайды. Соларды өзіне қосарға алуға тырысады.

Сонымен, көбінің өз тілектері бойынша, Абай жақын болып, кейбірімен сыйлас, таныс, дос болады. Жалғыз Семей уезі емес, Қарқаралы, Өскемен, Аягөз айналасының дұрыс деген адамдарымен де жақындық таба бастайды. Өзінің атағы бір Тобықты емес, сан Тобықтыдай елдерге жетеді. Ол өмір жүргізуші жуандардың барлық іс-әрекетіне бұрынғыдан да өткір, қатал сынмен қарауды күшейтеді. Ел жайына, ел ортасындағы өз жайына болса да қанағат қылмайтын, заманынан озғын ойларды ойлай бастайды.

Абай енді тентек-тебіздік, ұрлық-қарлық, алыс-жұлыс сықты теріс мінездердің барлығы атқамінер тобына түгел жайылған мін екенін айта жүреді. Сол терістіктерді түзетін қатал тез болғысы келеді. Ұғарлық, ойланарлық сана бар-ау деген кісілерге еснет, ақыл айтып ұстаздық етеді. Сонымен, енді Абай, өз ортасының ақылды, ақылшы басшысы бола бастайды. Осы соңғы мақсатқа қарай ауысуына кітап жүзінен алған пікір, тәрбиесі және қосымша себеп болады. Сонымен қатар ауысып, өзгеріп келе жатқан заман жайындағы өзінің ойлаған ойы, жаңа бағыт түсініктері әсіресе себеп болады.

Өз айтуынша «отыздың ішінен бастап орыс оқымыстыларының көп кітаптарын оқып, қырыққа таман келген уақытта бұрынғы дүниенің асты-үстіне шығып өзгерді. Күншығысым — күнбатыс, күнбатысым — күншығыс болып кетті» дейді. Әрине, оның мұндағы күнбатысы өзі тілін, өнерін үйренген — Россия. Абай әрбір жақсы сөзді оқығанның артынан, соның ағымына ақыл, оймен терең бойлайтын әдеттер табады. Мәселен Будданың жайын оқып шықанның артынан:

«Будданың сөзі қалай терең еді, жасымда кез келмеді-ау!» дегені не болмаса өмірбойы Лермонтовты сүйіп: «бұл

махаббатқа уланған шын ақын, махаббатын улаған ашу» деген сыяқты сөздері, оның әралуан кең түсініктерге ие бола бастағанын көрсетеді. Исламшілдік, схоластикалық тұсаулардан арылғаны көрінеді. Сол сыяқты өзгерген сана, жаңғырған ұғым, бағыт бойынша Абай өзі мінеген ру партия тартысынан да арылып шығуға тырысады. Бірақ ортасы мен айналасы Абайды бұдан түгел босатпайды. Еркін өзіне билетпейді.

Ерте ояндым, ойландым, жете алмадым,
Етек басты көп көрдім елден бірақ.

Болмаса:

Ой кіргелі тимеді ерік өзіме
Саңдалмамен күн кешкен түспе ізіме! —

дейді.

Ақыл айтады, сөгеді. Көппен бірге өз мінін де теріп өзін де жазалайды. Бірақ ем болмайды.

Осыдан соң сыртқы өмір бұның ырқына көнбей, қайта өзінің билігіне еріксіз көндіріп, ескі жолға қайта тарта берген соң, Абайдың арманы мен күнделік тірілігінде көп қайшылықтар кездесіп отырады. Біржағынан бұрынғы күйге үйлескісі келмей, заманынан, ортасынан озып шығып, сыншы, ұстаз, ақын, данышпан болуға айналған Абайды көреміз. Екінші жағынан күндегі өмірдің талқысымен шырмауынан шыға алмаған, содан азап шегіп, қыйналған Абай көрінеді. Абайдың сыртқы өмірі жеміссіз, мағнасыз болса, оған өз ішінде толып жатқан қарсылық бар. Өз халқының неше алуан қамы туралы ойына жыйылған улы зар, үлкен мұң, қалың арман бар. Осының бәрін қауымына, замандастарына жеткізіп мәлім етерлік құрал ақындық өлең болады.

Сонымен енді Абайдың нағыз өнімді ақындығы дамып береді.

Мен жазбаймын өлеңді ермек үшін,
Жоқ, барды, ертегіні термек үшін,
Көкірегі сезімді, тілі орамды
Жаздым үлгі жастарға бермек үшін...

дейді.

Бұл кездегі Абайға ақындық үлкен қадірлі мағнасы бар әлеуметтік қызмет, қоғамдық зор еңбек боп танылады. Ол надандық, зорлық, жуандық, пәлеқорлық сыяқты халық

үстіндегі паразит атқамінерлер мінезімен мықтап тұрып алысуға кіріседі. Абайды кейінгі тарихқа және сол кездегі еңбек еліне, көпшілікке, саналы жастарға, нағыз қадірлі Абай етіп көрсететін еңбегі өркендейді. Өлең сөзін, поэзияны әлеуметтік тартыстың құралы етеді, оны сыншы, тәрбиеші, қасиетті дос етіп ұсынады. Зұлымдық надандықпен кектене алысады. Ендігі Абай «ақын», «ақындық мүддесі» деген жайларға Беллинский, Чернышевский, Добролюбовтар айтқан эстетикалық тұрғыдан қарайды. Ақын еңбегі, әлеуметтік тартыстың құралы, қоғамдағы мінді ашатын, соған өкім айтатын ұлы маңызы бар әрекет деп түсінеді. Сол себепті өз заманындағы қазақ қауымдарындағы мін атаулыны көзге шұқып, басқа сабап айтады.

1886—87 жылдардан бастап Абай осындай өлеңдер туғызуға кіріседі. Бұлайша өрлеуіне іштей себеп болған жайлардың барлығын мәлімдедік. Бірақ осы жылдарда жаңағы айтылған күймен қатар, Абайдың ақындық еңбегіне сыртқы өмірдің үлкен бөгеттері тағы араласады.

Құнанбай балаларының дәуірі ұзақ жүргендіктен, барлық Ырғызбай деген рудың ішінде болысы да, болыс емесі де түгелімен бақ мастыққа салынып, орынсыз жуандық, орайсыз тентектік молаяды. Сонымен, ел арасындағы жалпы наразылық күшейеді. «Ырғызбаймын» деу орынсыз зорлық, орынсыз тентектік, жуандыққа кепілсіз, шексіз берілген еркіндік сыяқты болады.

Осындай себептер жыйылып келіп және ру басылардың тек жүре алмайтын пәле іздегіш мінездері де себепші боп, Абайдың туыстарымен сол ел жуандарының екі арасынан зор тың тартыс туады. Абайдың өз басы кінәсіз болса да, тек отырайын десе де, жау жағы да, туыстар жағы да еркіне қоймайды. Жақындары пәлені бастап алып, салмағын Абайға әкеп тастайды. Күншіл, кекшіл арамза атқамінерлер де Абайдың ақтығына, жазықсыздығына қарамай, көп арыз бен шағымда ылғи пәле басы қып Абайды атайды. Соны сүйрейді. Осы мінезді бұрын Абайға жақынмын деп жүрген кісілер алдымен бастайды. Бұрынғы дос болып жүрген Жиренше, Күнту сыяқты сенген адамдары кетеді. Осылардың ішіне Абайдың: «Күн ашықта мойнында, күн жауында қойнында» дейтін құнсыз бұзақы ағайындарынан да қосылушы болады.

Кісілік, әкімдік болса, оны таласпен алатын да солар. Жағаншылық, бұзық мінездерінен ел бүлінгенде пәледен бассауғалап қашатын да солар. Өз мінездерімен Абай ба-

сына пәле әкеп тастайтын да осылар. Мысалы, Шыңғысқа сол кезде болыс болып тұрған Ысқақ ойына келгенін істейді. Ел кісілерін жазықсыз сабағыш болады. Болыстың әйелі Мәніке кез келген қостың семізін, сұраусыз, тергеусіз ұстатып алып сойғызып жатады. Осындайлар бұларға жақын жүрген Жиренше, Оразбайларды да түңілтеді.

Құнанбай тұсында елге зорлықты көп етіп, байып жуандап алған сотқар, бұзық Ырғызбай тобы және әсіресе Құнанбайдың әмір иесі болған бала-інілері жалпы халыққа қорлығын өткізгенде Абайды есепке алмайды. Оның қарсылығын, ашу, наразылығын елең қылмайды. Қайта, Абайдың өз басына бар жауынан бетер қастық еткен, қызғаныш, жаманшылық ойлаған талай адамдары болады. Абайға сыртымен дос болған боп жүріп Оразбай, Жиреншелер де сол қыянатты оның басына көп істейді.

Мына тұста сол Оразбай, Жиренше, Күнту, Абралы дегендер астыртын баталасып ап, болыс боп жүрген Құнанбай баласын орнынан түсіріп, өз орталарынан Күнтуды болыс сайлайды. Сондағы мақсұт, мұраттары, әрине, көптің тілегіне маңайласпайды, тек әкім болу, билеп-тестеу болады. Бірақ олардың ендігі ниеті бұл ғана емес, қолдарына болыстықты алып ап, ең алдымен мұқату, соны жазалау, қор ету. Олар болыстыққа өз басы таласпай, таласпақ түгіл жұмысы да болмай, үйінде ел үшін еңбек етіп отырған Абайдың адамшылығын күндейді. Халық сүйетін адал атағын, абройын күндейді. Ел мұңына ниеті, жолы қабысқан Абай алыспастан үйде отырып, Оразбайдай партияқор атқамінерлерді жеңіп отырған сыяқты. Осыны олар Абайға кешпейді, Құнанбайдың елді жиренткен зорлықшыл балаларына тимейді. Өйткені, олармен өздері бір бітімдес. Олармен табысулары да оп-оңай. Қоғамға арналған үлкен ақтық беті бар, шындық үшін алысатын Абайды қуып, өздерінің үстемдігін нығайту қажет болады. Бұл — олардың үстем таптық қанаушылық қалпынан туатын сыр. Абай жуан феодалдар, атқамінерлерді сынау арқылы өзінің әлеуметтік еңбегімен үстем таптан, өзі шыққан қанаушылар табынан бөлініп кетеді. Оларға қарсылық күрес ашады, әшкерелеп отырып, қалың бұқараға, шаруаға таптық жауларын танытып таңбалап береді. Осы бағыты мен еңбегі арқылы Абай өз табынан кеткен соң еңбекші бұқара халыққа дос болып келеді. Елінің осындай еңбекші көпшілігімен тілек, мұрат қосу Абайды шын бұқарашыл Абай ететін ұлы жол болады. Осындайлық Абайға өз жақындарынан шыққан атқамінерлер мен Ораз-

байлардың қатты жаулығы занды нәрсе. Ол тарихи таптық қайшылық, қарсылықтардың айғағы болатын.

Ел ішіндегі іс осыған келіп тірелген соң, кітап тәрбиесі, ой тәрбиесімен жаңа бағыт ұстанармын деп жүрген ниетінің барлығы уақытша еріксіз бөгеліп, Абай тартыс жаулықтың ортасында қалады. Бұл уақытта Абай тоқтайын десе де, тоқтай алмас еді. Өйткені, өз кісілерін болыс қойып, жеңіп алған партияқорлар енді Құнанбай балаларынан есесін алу керек. Жеңгендіктің жемісін тату керек. Жауласқан адамдардың үстінен арыз беріп, әсіресе өздерінен сайланған болыс, бидің мөрін, приговорын пайдаланып, жауларын қылмысты кісі қып көрсету керек.

Мұның бәрі тынымсыз алыс, тоқтаусыз партия, тартыс болмай қоймайды. Сонымен, Абайдың ендігі алысы, бас қорғаудың алысы болады. Ерік өзіне тимей, тілесе де, тілемесе де, алысу керек болатын. Сонымен бірнеше жылдар түгелімен алыспен өтеді.

Бірақ сол алысқа кіріссе де, осы жылдардың ішінде Абай бірталай өлең шығарады. 1884-85 жылдар «Жасымда ғылым бар деп ескермедім», «Қақтаған ақ күмістей кең маңғайлы» деген сыяқты бір-екі өлеңді ғана туғызса, 1886 жыл Абайдың нағыз ақыпдыққа шынығуы бой беріп, кең үңіле бастағанын байқатады. Бұл жылда 16, 17 өлең туады. Абайдың осы күнге шейінгі баспаларында «Халық тұрсаы» деп жүрген көп өлең бар. Сол өлеңдерінің ішінде:

Көңлім қайтты достан да, дұшпаннан да,
Алдамаған кім қалды тірі жанда?—

деген сыяқты талай-талай сөздерден Күнту болыс болатын сайлаудың алыстағы сарыны сезілгендей. Сонымен қатар, бұл өлеңдерінің барлығы өзінің шың налыған күйін аңғартады.

1882 жылдардан бастап, осы 85-86 жылдарда ол Пушкин, Лермонтовтан бірен-саран өлеңдерді қазақшаға аударып та байқайды.

Бірақ жоғарыда айтқан ретпен Күнту болыс болып алған соң, Абайдың үстінен арыз, шағым ұлық кеңселеріне тағы топырлап түскен еді.

Өз атаған кісісі болыс болған соң, ру басылары осы жылы қолына тиген әкімшілікті әбден пайдаланады. Сол ретпен өзіне ерген 400 үйді алып, Оразбай Шыңғыс болысынан бөлініп шығып Бұғылыға қосылады. Бұрын бұл бөлініп шығам дегенде, болыс боп отырған Құнанбай балалары

мөр, приговор бермей, өз ауқымынан шығармайтын. «Түбі жаулық ойласа, басқа болыста отырып алысып кетсе, құрығымыз үнемі жете бермейді» деп, аңдықан кісіні өз қасынан шығармай қою — көп болыс, жуанның есебі, саясаты. Оразбайды бөлек болыс қып жібере қою Күнту, Жиреншелерге де түп есеп үшін керек. Құнанбай балаларына үнемі бар Тобықтының елін билетіп отырмас үшін, өз орталарынан бісер мықтыны аналардың құрығынан ұзатып жіберіп, соған Тобықты шеңберіндегі партияның бір қабырғасын сүйетіп, өздері соны арқа тіреу, бел қып отырып алысуға да дұрыс келеді. Күнтудың болыс болуы жеңген жаққа осындай да бір нәтиже береді.

Екінші, сол Күнтудың өзі де Құнанбай баласының қол-астына қайта қарап қалмас үшін, өзіне ерген руларын алып, көршілес Мұқыр болысына шығуға жол әзірлеп қояды. Кейін бұны түсіретін мезгіл болғанда, Күнту өзіне қажет болатын мөр, приговорды сайлап жүріп, Мұқырға шығып кетеді. Бұл — Күнту болыс болудың ең соңғы уақыттары.

Бірақ осыған жетпестен бұрын, ол адамдар ең әуелі Құнанбай жағының барлық бұзақылары үшін Абайды жаза-лауға кіріседі. Осындай қызу тартыс үстінде «Құнанбай баласынан болыстық кетті» деген дақпырт, ұлық айдақан Жігітек балаларына да жетеді. Сонымен Бөжей заманынан беріқарай Құнанбайға қарсы жаулықты мықтап ұстаған Базаралы қашып келеді. Күнтудың болыстығына сүйеніп, «қайта ұстатпайды, ұлыққа көрсетпейді» деп бір сеніп, екінші орайы келсе, ескі кегін қуып көрмек боп та келеді.

Осы сыяқты әралуан түрде құралып келген уақыттар алыстың түйінін шиеленістіре береді. Тартыс қырда да, ойда да қатты қозады.

Осындаймен жүргенде Қарамола деген жәрменкеге ол күнлегі әдет бойынша, бірнеше дуан бас қосқан «шербешнай» дейтін (төтенше) сыяз болады. Осыған Абай да келеді. Бұл уақытта Тобықты ішіндегі Абайға жау болып шыққан кісілер, өздеріне іштей тілектес болатын атқамінерлерді басқа елден де тауып алған. Бұрын Абайдың өзге сырт елдегі достары көп болса, сол достарының қарсысында жүрген жуан, шонжар болыстар төрізді жаулары да бар еді. Енді Тобықты іші жіктеліп алғанда, солар шұңқырасып кетіп, Абайдың Тобықты ішіндегі жауларымен табысып, тобын молайтады.

Шербешнай сыязға жыйналған топтың ішінде осы сыяқ-

ты Абайға қастық ниет ойлайтын кісілердің барлығы, Қарамолаға келетін Семей жандаралынан Абайды жазалауды күтеді. Абай айдалар деп те үміт қылатындар болады. Кейін жандарал келіп, тосып тұрған ел кісілерін жағалай жүріп, әрқайсысымен танысып келе жатып Абайға тоқтайды.

Абай өзге ұлықтарға істеген мінезін осы жандаралға да істеген. Жалпы атқамінерлерше ұлыққа пара беру, жалыну дегенді Абай ешуақытта білген емес. Қай ұлықпен болса да тең сөйлеседі. Елдің тілегін жеткізе айтады. Және әсіресе ешбір ұлық баса алмайтын ұрлық, шабуыл, құн дауы, жер дауы сыяқты дау-шар атаулының барлығын да қалай шешіп, қалай аяқтау жолдарын, Абай басқа адамнан артық біледі. Сол жолда ел-елге тыныштық тапқызып, мағнасыз құр алыс, бос пәледен қайтарады. Бұл — өзінің де іздейтіні.

Сондықтан ұлық атаулы өз әлсіздігін біліп Абайдың ақылына, біліміне амалсыздан құштар болатын. Жаңағы жандарал Абайға құлшынып, жазалаймын деп келіп, артынан мәдениетті түрде өзімен тең сөйлесетін Абайды көргенде, еріксіз құралынан айрылып қалады. Абайды танып алған соң амалсыз келіп шербешней сыязға оны төбе би қып өзі ұсынады. Өзге шағымқор, шенқұмар, парашыл атқамінердің, ешнәрсені шеше алмайтынын көреді. Ел арыздары шешілмесе, кеңсеге тағы көп тілектер үйіледі. Сондайлардың себебімен Абайдың билігіне өзі мұқтаж боп, өзге ру басыларзы кеп: «Сыязды жақсы өткізіндер. Ұрыда ақылары кеткендердің ақысын толық әперіндер. Сыязды жақсы өткізу үшін. Абай сыяқты кісіні төбе би сайлаңдар» — дейді.

Ел жуандарын осы жеңуі, Абайдың партияшылдық тартысынан емес, өзінің көпшілік тілегіне жақын болған қасиетінен туған. Ерекше халықшыл бағыты үшін, өнер еңбегі үшін Абайды бағалаушы халық саны сол тұстың өзінге де көбейіп қалғанына осы дәлел еді.

Солар жәрмеңкеге келіп, Өскемен билерін де тежеп, Абайға қастық істемек болған жуан содырдың көбін, бір жол да болса, тойтаруға жарайды.

Абай сондағы мансапқор, күншіл, шағымқой арам адамдардың қалың ортасында отырып, бәрін де көзге шұқып отырғандай қып, бір үлкен терең сөз тастайды. «Биік мансап — биік жартас. Оның басына екпіндеп қыран да шығаты, ерінбей еңбектеп жылан да шығады» деген. Параман, айламен, жағымпаздық, сұрқыялықпен ұлық, болыс болып жүрген надан жуандарды, ел жуандарын тағы әшкерелейді.

Сыяз — ел-елді ақылдастыратын, неше алуан ұлы-кіші

дауларын шешетін, түйін-түйнектерін жазатын сыяз. Мұнда қай жолмен, қандай кесіктер айтылу керек? Дау алуанына қарай заң, ереже тудырып орамды әділ билік жасау керек. Осы міндетті мойнына алған Абай, бірнеше күн хатқа жазып ереже тізеді. Онысының көбі қазақтың өзі ескіден білген ел заңы болумен қатар, кей жерлерде жаңа жол-жоба болады. Біздің қолымызға Қараюла сыязымен кейіпірек болатын Семей, Жетісу облыстары бас қосқан Көктума сыязындай ұлы дүбір сыяздың хатқа түскен ережелері тимеді. Көктума сыязында да төбе биге халықтың ұйғаруымен әділ би деп Абайды сайлаған.

Абаймен бірге Қарамолаға болған Мүсірәлінің куәлігі бойынша, бұл жолы Абай тізген ереже бабы жүзден аса еді дейді. Сол Мүсірәлінің есінде қалған екі статьясы анық Абайдың өзі қолданған, өзі қостырған, тың жаңа жолға ұқсайды. Ол күннің жағдайында шамасы келгенше көпшілік үшін әделет іздеген Абай, ұрлық қылғыспен, әйел мәселесіне арнап екі жаңа ереже айтады.

Бұрынғы жол бойынша ақы иелері алатын малды төлеуге ұрығның өз мүлкі жетпегенде, ағайыны төлейді екен. Абай енді «ағайыны емес, ұрыға атмайын беруші, сүйеуші бай, жуан төлейтін болсын» дейді.

Бұдан бұрын ері өлген жесір әйелді алатын әменгері жоқ болса, байының ағайыны өзге біреуге сатып беруге болады екен. Абай «бұл әделет емес, ол әйел баста бір сатылған. жасау-мүлкімен кеп алғашқы қалыңмал орайын төлеткен. Енді екі сатылмақ — зорлық. Алатын әменгері болмаса, ерігі өзінде, ол әйел — азат» — деген.

Осы екі баптың әсіресе алғашқысы — ұрар жерін тауып соққан ереже. Ұрыға атмайын берушінің көбі азғын жуантан, құнсыз қорқау байдан, ел ішіндегі арымас пәлебасы, бықсық шонжардан шығатын. Абай мына ережеде, көп ұры еместі ұры етіп жіберетін, сондай ішдет түбін тауып ұрып отыр.

Осыны ереже қып бекітеді де, Абай өзі орындатады. Мұндай жайларда талай жерден, Абай басына өшігетін сотқар, бұзарларды көбейте түседі.

Сонымен қатар, қалың елдің шын әделетті іздейтін көп момын, көп бұқарасы Абайдай әділ таразының билігін іздегіш те болады. Кейінгі Абай өмірінде, талай да — талай алыс елдің нелер қыйын сүрі дауларымен мұны іздеп келетіні осыдан. Бұл соңғы жайдың өзі де Абай даңқын асырып, көп ортаның, би-жуанын Абай басына қас ете берген.

Ал, Қарамола сыязы Абайдың қатты әсерімен, сол белгілеген бетпен өтеді. Бірақ сыяз осылай өтсе де, Күнту болыс болып тұрған уақытта, Абаймен ұстасқан жуандар тартыстан да, арыз-шағымнан да тыйылмаған. Сонымен көрсету, шағым тағы молайып, қарсы жағы Абайды және де жер аударуға жақындайды. Осы орайда, Семей қаласына Ақмола. Семей облысының «корпусы» (генерал-губернатор) келеді. Абайға жаулық ойлағандардың арызы оның алдынан да жаңбырша жауады. Корпус бұл істерді көрген соң, Абайды жер аудармақшы болады. Абай генерал-губернатормен де жәй арызша түрінде емес, анадағы жандаралмен сөйлескендей еркін, кең сөйлеседі. Ақылының, ақтығының себебінен ақталып шығады. Бұрынғы жер аударылу деген сөз іске аспай қалады.

Аздан соң Күнту өтірік шағымдары үшін болыстықтан түсіп, қызметті басқа кісіге тапсырады.

Бұрын елдің сөзінен безер боп, басын алып қашқан Абай, жаңағы уақытғалар тұсында амалсыз кіріссе де, енді шамасы жеткенше атқамінерлер ортасынан, олардың пәлесінен аулақ болуға тырысады. Шынымен ел тыныштығын іздейді. Өз басы нәрлі еңбекке берілмек болады. Осы кітабын есшуақытта да тастамаған еді. Сонымен 1889 жылға жеткенше тағы 18 көп өлеңдер жазады.

Мүмкін болғанынша бұрынғы арман қылған, мағналы өмірін бастап көреді. Өз қолындағы кітаптары біткенде әдейі ат айдағып, қалаға кісі жіберіп, Семей кітапханасынан жаңа кітаптар алғызып, сқығанын қайтарып жіберіп, жаңғыртып отырады.

Осы жылдары Абайдың барлық ақындық қызметінің ішіндегі ең енімді, ең жемісті кезі болады. 1889 жыл 25 шамалы өлең жазылады. Бұл сөздерінің ішінде бұрынғыша өз ортасының, өз көрген кемшілік міндерін, қатал сыншы, үлкен ұстаз тілімен шенеп, тексеру бар. Сонымен қатар махаббат жайындағы сөздер, табиғат суреттері, бас қайғысы да араласады. Пушкиннің «Евгений Онегинін» аудара береді. Және осы жылдан бастап Абайдың білімі мен өсиетіне құмар болған ел ішінің көзі ашық жастарына Абайдың ауылы үлкен білгіштің медресесі сыяқты болады. Абай ұстаз да, мұның алдына келген сөз ұғатын, талапты жастарының бәрі — шәкірт. Абай: іні, бала, ағайындарына дос, жастарға мағналы тәрбиеші бола бастайды. Енді сөз ұғатын жастарды жаңа жолмен, өзі хиял қылған өнер-білімге, жаңа сапалы адамгершілікке қадай жетектеп, баулығысы келеді.

Бұларға өз өмірінің өкініштерін, ауыртпалықтарын да көп айтады. «Ескі үлгіде қалма. Өзгерген заманның жаңа түрлі қайраткері болуға әзірлен» дейді. Сондықтан өлең сөздерінде бір айтса, ауызша өсиет мәжілістерімен тағы да баулып, ылғи ғана сол атаған жаңа жолына қарай жас қауымды бастай береді. Абай жалғыз өз өсиетіне қанағат қылмай, жастардың сезім тәрбиесін толықтырмақ болып, көбіне музыка үйретпекші болады. Сол мақсатпен Көкен еліндегі Мұқа деген скрипкашыны қолында ұстайды. Мұқа Абай аулына кеңшілік жай емес, қысылшаң хал үстінде ғана тілеп барған еді. Өз ағайынының біреуінен қалған жесір әйелге ғашық болып, соны әмеңгеріне тигізбей алып қашады да, Абай аулына барады. Бұл кеткен соң, жуан ағайыны, артындағы үйін шауып алып, пәле басталады. Абай сондайлық ауыртпалығына қарамай, Мұқа мен келіншекке ара түсіп, бастарына азаттық әперіп, артын өзі жайғастырып, өнер иесі Мұқаны өзіне дос етіп, туыс етіп алады. Тағы сол кезде өзге елдерден келген басқа бірнеше ақынды да сақтайды. Бұлардың көбі Абай өлеңдерін қатты қадірлеп жаттап алып, кейін Орта жүз, Ұлы жүздің көп еліне мол таратады.

Ертерек уақытта қазақтың әнші, ақындарының ең бір ірі адамы Біржан-сал да Абаймен жүз көрісіп, үлкен дос болған. Ол Абайдың жасырақ кезінде Тобықты ішіне келіп, (атақты ақын қыз Сарамен айтысатын сәпары болу керек) көп уақыт қадірлі қонақ болып жатып, Көкшетау, Атбасардан бергі жерде болған қазақ өнерпаздарының көп қазнасымен Абайды кең таныстырып кетеді. Абай өзі де көп ән үйреніп, көп ақынның сөзіне қанып қалады. Әйелі Әйгерімге Біржанның әндерін үйретеді. Бұл сыяқты кездесулер Абайды өз заманындағы қазақ сахрасындағы халық өнерімен мол таныстырып, нық байланыстырып отырған.

Тоқсаныншы жылдарда өлең өнерге тереңдеп кіріскен Абай бір өзінің көргені мен сезгенін жырлайтын ақын емес, бүтіл қазақ даласындағы, ой-сезімін жырлаушы Абай болады. Осындай үлкен арналы ақындық жолына берілген соң, 1891 жылға шейінгі өмірі Абайдың өзінше ең мағналы өткізген жылдары болады. 1890—91 жылдарда да көп өлең жазады. Сол уақыттарда жас жігіт боп әкесінің қолында тұрып, оқып жүрген шәкірт достары: «Осы жылдарда мәжілісінде ілім сөзінен басқа сөз жоқ болды. Бар талапкер жастар болып сөзін тыңдап, медреседегі шәкірттерше хакыйқат олай емес, бұлай деп, бір-бірімізбен дауласып жатушы едік» деседі.

Осы екі жылдың ішінде Абай өзінің көп жаңа өлеңдеріне ән шығарады. Ұстаздық қып отырғанда «малқұмар, мансапқор адам, адам емес» деп ұғындырады. Әрдайым сағынып, көксеп, қатты рахаттанатын уақыты, сөзді ұғар-ау деген адамдарға, жастарға ілім сөзін сөйлеп, насихат айтып отыратын кезі болады. «Ондай сөзге түсіп отырғанда, шаруа судай ағып бара жатса да, қаперіне алған емес. Біреу не шаруа айтып, не ел арасындағы партияның жайын айтып сөзін бөлсе кейіп, я ашуланып қалушы еді.

Сауданың, ақшаның есебі секілді, есеп әңгімесі шықса аза бойы, қаза тұрып, жиренген кісідей болып мазасы кетіп, «есептерің бар болса, аулаққа барып есептеңдер» деп өзі отырған үйінен қуып жіберуші еді» деседі.

Осы айтылған сөздердің барлығы — жалғыз Абайдың шәкірттері емес, сол кездерде Абайдың тәрбиесінде болған көп адамдардың бірдей айтатын сөзі. Сондай өмір, сондай мағналы, үлгілі жол — Абайдың барлық кейінгі өмірінде, айнымай ұстансам деген жолы.

Егерде ел ішінің бір қалыпта тұрмайтын тынымсыз әдеттері осындай өмірден Абайды кей уақытта еріксіз тартып алмаса, Абай 1889 жылдан бастап, соңғы күндеріне шейін өз өмірін осы жолмен өткізбекші еді.

Бірақ ойлаған мақсұт, ниеті бұл тұста да түгелімен арман қылған өрісіне жете алмады. 1890 жылға дейін тыныштық болып, кейін дәл сол жылдың жазында Оспан мен Оразбай қайта араздасып, жауласа бастайды.

Абай ержетісімен өзі тұрғы жастан дос етіп, қасына ертіп адам ғып шығарған кісілері ең алдымен осы Оразбай, Жиренше, Ерболдар болатын. Дәл Жиренше басына еткен сан жақсылығының бірі көп сайлаудың бірінде «тентек ояз», «қара ояз» деп атанған бір сотқар ояз елдің жазықсыз адамдарына дүре соға бастап, солар қатарында Жиреншеге де дүре салмақ болғанда, Абай оязбен қатты жанжалдасып, ара түсіп сабатпай, ананың арын, намысын қорғап шыққан. Соның артынан «тентек ояз» Абайды Семейдің каталашкасына да жапқызыған. Арғын, Найман арасына барса, өмірінде жалғыз-ақ рет, жас шағында Қоңыр-Көкше болыс болса, Абайдың әрдайым сенімді, белді би қып ерткен кісілері осы Жиренше мен Оразбай еді.

Ол екеуі Абайдың ығына жүріп, елеусіз қалдан белгілі адам қалпына жеткенде, малданып, әлденіп күшейген күндерінде, Абайға ең алдымен қас боп шығады. Сол жылдардың алдында бұрын ондайлық бай болмаған екеуі мейлінше

байып алады. Әрқайсысында мың-мыңнан жылқы болған. Оразбай берітінде жылқы санын үш мыңға да жеткізген. Ал, Абайдың өз басында ешбір уақытта ондай байлық болған емес. Қайта өмірінде талай рет «шағын дәулет», «шолақ дәулет» дейтін күйлерге жақын қалып жүрген. Мынау екеуі өздері байып, әлденіп алған соң, Абайға қарсы жаулықты тобынан бұрын бастайды.

Олардың ең алғаш Абаймен араз болған сылтау себебі де өзгеше. Бір жылы Тобықты, Найман шекарасында Абайлар жүргенде Найманның екі руы — Сыбан мен Мұрын арасында қатты қырқысқан дау туады. Жесір дауы. Абай тегі әйел басына азаттық әперуде талай дауға кіріп, заманының қатал қалпын өзгертін, азаттық үшін алысам деп, сан рет қатты кәлеге ұшырап, өз басы арандап жүрген. Мынау жолда да соның бір кезі болады.

Мұрын қызы күйеуін тең көрмей өзінің сүйгеніне кетеді. Сыбан қызды қайтарып алмақ. Пәле ұлғайып, ел шабысарман болған соң екі жағының сөзі Абай алдына келгенде Абай бітім-тоқтау айтындар деп өз атынан Жиренше мен Оразбайды жібереді. «Мұрын қызына азаттық әперіңдер» деп арнап тапсырады. Жиреншелер Абайдың айтқанын орындап, қыз басын босатаман болғанда Сыбанның біреуі «жол осы ма еді, Кеңгірбай аруағы қайдасың!» деп ұрандап, аруақ шақырады. Осыған қайысқан Оразбай, Кеңгірбай жолын бұзғысы келмей, Абайға келгенде, ол: «Кеңгірбайдан ел әділдік көрген жоқ. Әйел үшін ол Қара қабан атанған» деп, өз айтқанын істетеді. Мұрын қызына еркіндік әпереді. Ал, Оразбай мен Жиренше: «Абай асқан екен, Кеңгірбай жолын бұзумен тұрмай «қабан» деп тілін тигізді. Енді бұдан біз кеттік, жауластық» деп өзді-өзі серттесіп алады.

Осыдан кейін екеуі жар құлағы жастыққа тимей: «қалың Найман алдында Абай Кеңгірбайға тілін тигізді» деп, өздеріне ұсаған бай-жуанның басын құрай бастайды.

Байғұлақ. Күнту бар, жыйыны 16 атқамінер боп, Абайға қарсы шықпаққа серт байласады. Бұл серттері Жиренше қыстауының үстінде «Шк» деген жерде Кеңгірбай бейітінің қасында жасалады. Кеңгірбайдың аруағын атасып, бейітіне бет берісіп тұрып баталасады. Жауламақ, мұқатпағы — Абай. Оның еткен «жаманшылығы» әлгі.

Міне, Күнту болыс болудың алды осы еді. Содан бері Оспан болыс болған шақта да, тыйылмай жүрген күндестік, араздықтың түбі үнемі Абайға сарықпай тұрмайды.

Тартыс үстінде Оспан Оразбайды жазаға іліндірмек болады. Оразбай қалаға қашып кетеді. Оспан ел ішінде билер сыязын өз дегенінше өткізіп алып, қалаға Оразбайды қуа барады да, ояз кеңсесінің алдынан өз қолымен ұстап алып, «қорлық көрсін» деп, өзі мінген арбасының артына таңып алып елге әкеледі. Бұрын зорлыққа бойсұнбаймын, көнбеймін деп тырысып жүрген Оразбайға мынау істеген іс, «құлақ естіп, көз көрмеген» кекті жаза болады. Бірақ Оспанның осы істеген ісінің арты көп арыз, көп қуғын болып, ең алдымен өзі болыстығынан түседі. Орнына кандидаты Арабты қоймай, сол кездегі «долынжы» би (бұл, болыс пен кандидат екеуі де орнынан тайса, уақытша болыстық міндетін атқаратын — бірінші би) Шәке деген—Оспанның інісін қояды. Осы араздық, жаулық арты Абайға ең зор дұшпандық, ең салмағы ауыр міндет боп тағы көп сшарылады. Оспан жаңағы ұлы пәленің артынан үлкен тартыс енді молайып келе жатқанда 1891 жылы қайтыс болады. Мұның өлімі Абай көрген қатты ауыр қазаның бірі еді.

1892 жылғы өлеңдерінің көбінде Абай Оспанның өлімінен уланып, дерттенген жайын, көп жерде сездіреді. Осы өлімнің өзіне арнап та өлең жазады.

Оспан өлген соң, барлық жаудың азсы мен әлегі түгел келіп Абайдың жеке басына түседі. Еңбекке толы тыныштық өмір бұзылады. Барлық ішкі қуат сезімімен бұрынғыны барынша жек көріп, жиреніп алған Абай, қайтадан сол әуелгі қалыпқа келген соң, тіршіліктің бұл сыбағасына, ас орнына у тартқандай көреді.

Бірақ қалай да болса, кіріспесіне болмайды. Кірісу міндет болып алған. Өспетін көксең, мәжлісін іздеген жастарға медресе есігі уақытша жабылғандай болады. Өлеңдері де бұрынғы сыяқты тыныштықпен отырып жазылмай, ерекше тығышсыздық, алыс-жұлыстың үстінде жазыла жүреді.

Осы жылдарда Абайдың өлеңімен қатар аудармалары көп орын ала бастайды. 1891 жылғы жаулық тағы да ұзаққа кетеді. Тартыс бір ел емес, әлденеше елдің ішінде, әлденеше жұмыстардың тұсында бола келіп, 1897 жылға дейін созылады.

Бұл әредікте шот елде болған тартыс — Тобықты мен Уақтың тартысы. Ол пәленің басы да Оразбай болады.

Оспан өліп, ел ішіндегі үлкенді-кішілі істерге өзі бас боп жүрген Оразбай, енді Абайды түрткілеп қоздырып, бір пәлеге тартуға құмартады.

Осы орайда Абай мен Уақтың бір адамы Нүрке деген

кісінің екі арасын шиеленістіретін бір кез келеді. Бұрын Абай мен Нұрке аса тату, дос еді. Нұрке — Көкен болысының қазағы. Жері мен елі Семей қаласына жақын. Өзі адамшылық, абройы зор, қала мен қырға бірдей беделді адам болатын. Сол Нұркенің бойжеткен қызын Абайдың баласы Мағауия аламын деп әуелде бір қысырақтың үйірін қарғы бауға жібереді. Артынан Мағауия қызбен көрісе келе ұнатпай, алғысы келмей сырт беріп жүреді. Қыздың көңілін тұрақтатқан құдалық та жоқ, азаттық та жоқ, жіпсіз байлау болады. Соны ауырлаған қыз, Айтқазы деген адамға өздігінен сөз салып, тием дейді. Айтқазы — Ертістің ішкі жағындағы Белағаш деген болыстың адамы. Өзінің түбі Көкше (Тобықты) Абаймен қатты дос, шешен, алғыр адам болған. Бұның да жасы Мағауияға құрбы, жасынан озғын шыққан адам. Нұркенің қызына Айтқазы қызығады да, алып қашады. Осы жөнде Айтқазының өзі де, Оразбай сыяқты, ел пәлесін тілеушілер де «Абай ашуланар, сойқан басталар, Айтқазы, Нұркелермен қыян-кескі жауласатын болар» деп байлайды.

Бірақ Абай түк намыс та етпейді. Сөз де айтпайды. Аз күн ішінде Айтқазыға «саспа» деп басу айтып, тыныштандырып Нұркемен де қабақ шайыспай бұрынғы, достық күйінде қалады... Қыз сүйгеніне тиді, ерік алды. Әйел еркіне зорлық болмасын деп, өзге тұста жол айтып жүрген Абай, өз басына келгенде сол жолынан тайған жоқ. Осыған айызы қанбай, бармағын шайнап қалған Оразбай өз бетімен пәле бастайды.

Абай болса 1895 жылы тағы бір ауыр каза көреді, Абдрахман деген сүйікті баласынан айрылады. Ол Семейде уездік школды бітірген соң, Түменнің «Реальный училищесіне барып, соны бітіреді. Петербургке барып, «Михайловская артиллерийская школаға» түскен. Басында Абай «Технологический институтқа» түс деп жіберген екен. Сабаққа кешігіп келіп, түсе алмайтын болған соң, жаңағы мектепке түсіп, соны бітіріп шыққан. Абдрахман — Абайдың қатты сүйеніш көріп, зор үміт қылған баласының бірі.

Бұл жаңағы, мектепті бітірумен де қанағат қылмай, енді «Әскерлік Академияға» түсемін деп жүргенде, костоед (құрт ауру) болып, 1895 жылдың қысында, қызмет етіп тұрған жері — Алматы (Верный) қаласында қайтыс болған.

Оспанның өлімінен соң Абайды қатты күйдірген өлімнің бірі осы болады.

Бұл баласы Абайдай әке өмірінің жалғыз бір үлкен жү-

банышы еді. Соның мұратына жете алмай ерте өлгені, артында қалған әкесін қатты қайғыға салған. Ел ортасында «етек бастыны көріп» жүргенде, Абайдың аңсап, тілеп көп күткені сол баласының келешегі болатын. Көп үшін өнімді еңбек істеп, мағналы адамшылық ұрығын шашады деген жалғыз үміті сол еді. Соның ерте өлгендігі Абайдың жүрегінен тағы да ұзақ шер, көп зарды шығарады. Әбіштің (Абдрахман) өліміне арнап айтқан өлеңдері, Оспанның өліміне айтылғаннан да зарлы, ауыр қайғылы сөздер болады. Бұл қаза ақынның осы кездегі басқа өлеңдеріне де өкініштің уытын жайғандай болады.

Әрине, бұл уақыттарда Абай терең, даналықпен толғайтын ақынның өзі болған. Сыртқы өмірдің у қосып тартып жатқан сыбағасы бар. Өз ішінде, қалыптанып толған сыншы ақылдың, бұны табынан ұзатып әкететін жалғыздығы бар. Оның үстіне, жанына сүйеніш санап, тіршілігіне жұбаныш қылған сүйікті жандарының өлімі бар. Осының бәрі жыйналған соң, бар сотқармен алысып жүрсе де, Абай өлеңді, өз жүрегінің тынысы сыяқты қылып алған. Сондықтан Лермонтовтай ақындардың өлеңдерін қазақша аударса, сол сөздерді құр ғана сыртқы келісімін сүйгендіктен аудармайды. Барлығын да өз жүрегіне түсінікті, өз халына жанасатын, өзінің әлеуметтік мұң-арманына тап келетін және өз хиялына үйлесетін, ерекше бір жақындығы болғандықтан аударлады. Аудармалар ақынның өз жүрегінен толқып шыққан қайғылы шердің де айнасы, толас-тынысы сыяқты болады.

Кезі келгенде айта кету керек. Абайдан қалған аудармалар тегіс бірдей емес. Кейбірін, мысалы Крылов мысалдарының көп жерін, немесе Лермонтов өлеңдерінің бірқатарын ақын дәл аударлады. Сонымен қатар, сол Крылов, Лермонтовтың және әсіресе Пушкиннің «Евгений Онегинін» әдейі бір кең толғаумен, өзінше еркін жырлап жеткізеді. Бұнысы — аударма ғана емес, Еуропа, Шығыс әдебиет тарихында көп ғасырлар бойында тәжірибеде болған сарын қосу сыяқты бір жол. Алдыңғы ақын сезіміне, әңгімесіне, ой толғауына сүйсіне отырып, өз ішінен де соған үндес қоғамдық сыр шығарып, қосыла күңіреніп, қатар шабыттанып кетеді. Бұл түрдегі сезім ойларды өзгерте жырлауы, әдейі істелетін. Өзіндік тумаларға жақын боп шығады. Сондықтан бұл алуандас ақындық еңбегінің кейбіреулерін құр аударма деп қарамай, Пушкин, Лермонтов, Байрон сарынымен жазылған шығармалар деп тану керек.

Осындай болып қалыптанған ақындық күйі Абайдың соңғы күндеріне шейін біржолата нығайып, орнығып алған арнасы еді. Әредікте, қыс болсын, жаз болсын, ел сөзінен қолы босап, аз да болса орнығып отыратын уақыт жетсе, 1889—1890 жылдардай тағы да тәрбиешілік, ұстаздық етеді.

Бұл уақытта, жалғыз өз өсиетін айтпай, орыс кітаптары арқылы таныс болған бұрынғы-соңғы данышпан, ғалым, ақын, жазушы атаулының бәрінен мысал келтіріп отырады. Ұдайы ойшылдыққа салына бермей, көркемдік тәрбиені де көп ойлайды. Сол ретпен, өзі оқыған қызықты, шебер романдарының көбін өз тілі, өз аудармасы (редакциясымен) әсем әңгіме қып айтып береді.

Абай айтуынан тараған осындайлық жаңа, соны әңгімелердің ішінде өз уақытына жаңа болған «Мың бір түн», «Шаһнама», «Бақтажар», «Ләйлі-Мәжнүн», «Көрұғлы-сұлтан» сыяқтылардан басқа, орыс пен европаның да талай романдары болды. Абайдың айтқанынан тараған А. Дюманың «Үш мүшкетері», «Он жылдан соңғысы», «Король қатын Маргосы», Лесаждың «Ақсақ французы» (Хромой бес), Пушкин, Лермонтов әңгімелері және батыс Европада орта ғасырда инквизация сотының заманын суреттейтін «Қызыл сақал» деген роман, онан соң Америка, Африка жабайылары ортасында күн кешкен «жәһәнкездер» жайындағы романдар да көп айтылатын болған. Абай тәрбиесінің тағы бір ерекшелігі — ол өзін «шығыс адамы едім», «мұсылман едім» деп дін тұсауына бағындырмаған. Халқына үлгі, тәлім етіп айтқанда, өлеңінде Толстой, Салтыков-Щедринді ұсынғаны сыяқты, ауызша өсиетте де Аристотельді, Белинскийді қоса айтады. Ұлттық, діндік тар көлемде есте қалмайды.

Бірақ атқамінерлер пәлесі Абайдың саналы еңбекпен отыруына ырық бермейді. Оразбаймен ұстасқан жаулық 1891 жылдан бастап, 1897 жылға келеді. Бұл кезде Абайдың ел жұмысына араласарлық Ақылбәй, Мағауия сыяқты балалары, Кәкітай сыяқты немере інілері жетсе де, Абайдың соңынан ерген ел, жалпы тартыс болсын, ел ішінің келелі кеңесі-билігі болсын, үлкен шербешнай сыяздармен болыстық сыяздары болсын, барлығынан да Абайды босатпайды.

1897 жылға шейін, Абай ел сөзі мен ел жұмысынан шыға алмай қойғанда, көбінесе әділ билікпен тыныштық орнатып, тым болмаса дау-шарды тоқтатармын деген үмітте болған. Әйтеуір босатпайтын болған соң, «тым болмаса осымен бірдеңе істеп болмас па екен» дегендей.

Болды да партия
Ел іші жарылды.
Әуремін мен тыя
Дәуың мен шарыңды.—

дейді.

Бірақ 1897 жылға шейінгі іс жалғыз бұл емес. Оразбай партиясы бір Шыңғыс, бір Тобықтымен тоқтамай, тағы мол ауданға, кең майданға шығып кеткен. Абай неғылса да бұл тартыс тыйылмайды. Оразбай кегі сондай күшті болған. Еріксіз келіп тұрткі салып, соқтығып Абайды ерік алдына қоймайды.

Оразбай өз болыстарымен қанағат қылмай, көрші болыстардың барлығының сайлауына барып, Абайға қарсы жаулардың басын құрап, сайлау сайын партия, тартыс шығарады. Сонымен, жауы баратын болған соң, ықтиярсыз Абай да барады. Бөтен елдегі достары өзге кісіні қанағат қылмай, өзін керек етеді. Осындайдың әлегімен жүріп, 1897 жылдың сайлауына келгенде, Абайдың үнемі арманды болып өткізген өмірінің ең мағнасыз қорытындысы сыяқты Солып, бір үлкен уақытқа туады.

Бұл уақытқа Мұқыр болысының сайлауында болған. Мұқырға сайлаушы уезд келер кезде, барлық Семей уезінің шеңберінде, түгел партия болып, барлық болыстар қақ жарылып, жартысы Оразбай жағында, жартысы оған қарсы ниетте жүреді. Оразбайдың бұл кезде байлығы асып, қыймылы қатал боп, көпті қорқытып, дәуірі Тобықты ішінде басымдап келе жатқан.

Мұқыр сайлауының дәл алдында ел ортасынан тағы бір тың әрекет шығады. Ол Бәзілдің қызы Қадишаның дауы. Бәзіл Тобықты. Жуантаяқ ішіндегі бай-жуанның бірі Құнанбай тұстас кісі. Бұның Байғұлақ деген баласы, Оспан мен Оразбайдың аралығында «тең тарта» жүретін, елеулі атқамінердің бірі. Соның қарындасы Қадишаны айттырып отырған жері Оразбайдың туысы, Есболат екен.

Қыз атестырған жігітше ырза болмай, Абралыдан келген жолаушы Қаракесек Олжабай деген жігітке ғашық болады. Екеуі көңіл қосып, қашуға әзірленіп жүрген түні аңдыу болып, қолға түседі.

Байғұлақ пен Оразбайлар қыз бен жігіттің екі аяғына бір кісек салып. Олжабайды өлтірмек болған. Жаны қысылған жастар көмек тілеп Абайға тілхат жібереді.

Абай сол арада бұл жандардың ауыр халына ара түсіп, тез бұйырып Олжабай мен Қадишаны өз ауылына алдыр-

тады. Сонда Қадина Абай үйіне жақындап, есіктен кіребергенде, жастық арызын айтады:

— Шығады бүркіт алған қыр басына,
Алаштың болдым жолдас мырзасына.
Бір кісен жеке тимей аяғыма,
Олжабай ортақ болдың бір басына.

Олжеке, тартынасың неге жүрмей,
Бағана қалсаң еді маған ермей.
Бір жұмыс неде болса істеген соң,
Қарада жан қала ма дауға кірмей.

Алдыңа келіп тұрмын, Абай ағ,
Бар шығар сізде дағы мендей бала.
Айдады кісен салып аяғыма,
Ісіне құдреттің бар ма шара? —

дейді.

Абай Жуантаяқ пен Есболаттың қарсылығына қарамай, аңдушы жігіттерді айыпты етіп, Олжабай, Қадинаға азаттық епереді. Екеуін қосып, Абралыға аман-есен жөнелтеді.

Мұқыр сайлауының дәл алдында болған осы билік Абайға қыз төркіні Жуантаяқты, қыздың қайны Есболатты өкпелі араз етеді. Оразбай тобына жалған намыс жоқтаған, қалың шоғыр тың руларды қосалы. Ол Оразбайды бұрынғыдан да қоздыра түседі. Алыстағы Мұқыр сайлауына омыраулап араласып, асыға қыймылдап, пәле шақырып жүреді.

Сонымен, сайлау жақындаған соң, Мұқыр болысындағы Абайдың тілектестері «сайлауға өзің келмесең болмайды. Оразбай келіп сүйген адамын болыстыққа сайлап алып, басымызға пәле жаудырады» деп, Абайды еріксіз барғызады.

Екі жақ та осы елдің сайлауын бір ірі түйін деп білген. Шынында көп алысқан Оразбай, бұл болыстық ішінде леңдеп тұрады. Қарсы жағында, бұрынғы барлық Қоңыр-Көкшеден жалғыз ғана аз ғана ру Көкше қалады. Оған басқа Мырза-Жөкең деген ел, және бұрын Шыңғыстан Құнанбай балаларынан қашып осында шыққан Жігітек, Бөкенші — барлығы да Оразбай ниетінде болады. Осы сайлауға шейін Мұқырдың болысы боп келген Әбен де — Оразбайдың досы. Ол қыңыр, надан және өзі оғар, сотқар адам. Бұлардан басқа Шыңғыстың өз ішінен және тіпті Құнанбай балаларының арасынан да Оразбайға астыртын тілеулес боп

алған адамдар бар-ды. Соның бірі — Абайдың ағасы Тәңіріберді, бұл Оразбаймен құда. Және болыс боп тұрған баласы Әзімбай, сыртына шығармай, Абайға білдірмей іштей Оразбайға ақыл да, сыр да қосып қояды. Мұқырға ояз келіп сайлау болғалы жатқанда, өз елінен Оразбай да аттанды. Ол жолшыбай Тәңірібердінің аулына қонып, отырып: «Абай бұл топқа бармасын, барса бүлік болады» дейді.

Абай бұның алдында үйде тыныш отырып ақындық, ұстаздық еңбек етіп жатқанда Оразбай, Жирнешелер және Жігітек, Бөкеншіден — Бейсембі, Күнтулар, Жөкеңнен — Әбендер, тыным алмай пәле қоздырып жүрген. Осы топтың анық бүлік, жанжалбасы екеніне солардың сырмінезін жақсы білетін Асылбектің дәл сол орайда айтқан бір сөзі айғақ.

Сүйіндік баласы Асылбек ру жігі бойынша Күнтулармен бірге болса да, кесір іске бармайтын адал адам болған. Абайға өз басы дос. Үйде жатқан момын жан екен. Соған бір күн Жиренше кеп амандасқанда:

— Аманбысың, байғызым, — дейді де, — тастың арасында тек жатып «түбін ойлап» жатырсың ғой, — дейді. Асылбек соған орай:

— Амакбысың, бәбісегім? Бәбісек көкекше әр қыйдың түбінен барып бір «пыс» деп, исі Олжайды түртіп тұрғызып жүрсің ғой! — деп мысқылдайды. Тағы бір орайда Жиренше мінезін жақтырмай ажуалап:

— Қосаяқ қой бұл. Күнібойы тек жатып, кеш батқан апақ-сапақта екі аяқтап, шаңдатып жортады! — дейді.

Бұл айтқаны, Жиреншелердей тынымсыздардың елді пәлеге айдап, сол Мұқыр сайлауындай тартысқа әзірлеп жүрген сұмдықтарын танытады. Олар бір жақтан бейбіт елді бөріктіріп «жау жетті» деп жүріп, екіншіден өз араларын да нықтап, шүйлей береді. Сол күндерде Оразбай өз алдына әлденеше тәсіл-айланың, қастық-жаулықтың жолын атап, белгілеп ал, осының байлауын енді «жер табанға берейік» дейді екен. «Жер табан» деп ат қойғаны сол кездегі Жігітектің қайсар, қыңыр биі Бейсембі. Өздері түртпек салып жүрсе де, араздық туын Жігітекке ұстатпақ. Соларды найзабасы етіп, алдына салып алмақ. Сол үшін Жігітектің «жер табан», «таймас», «қайсар» Бейсембісі топтың байлауын өз аузынан бекітсін дейді. Мұқыр сайлауында болатын уақығаның бұ да — бір астар жағы, әзірлігі.

Ақыры Абай да, Оразбай да сайлау басына барады.

Оразбайға Әбен: «Енді алатынбыз. Бірақ, Абай келді. Енді тағы алып кетеді» дейді. Оразбай сонда, Абайдың аз кісімен келгенін біледі. Және Әбен жағында ел күшінің көп жыйылып тұрғанын көреді. Өзінің жаулық ниеті іске асатын бір кезеңі осы деп түсінеді. Сонымен, қол қыймылын істеп жіберуді Әбен мен Жігітектерге тапсырады.

Айтқанындай Абай келген кезде, Әбеннің өзі бастаған бір топ кісі Абайдың үйіне қаптап келіп, жабылып кетеді. Абайға таяқ тиеді. Әбендер Абаймен қоса Кәкітайды да сабайды. Бұл Абайдың үстіне өзі жығылып, таяқты өз басына алады. Бір кез Кәкітай оязға жетеді. Ояздар мылтық атып барып, арашалап алады.

Бұл уақытқа ел ішін астан-кестен етеді. Елдің Абай үшін күйзелген жігітінің бәрі тегіс атқа мінеді. Жарым жұрт жол тосып, Оразбайды ұстап алып, өлтірмек те болады. Ашу үстінде әртүрлі ірі жаулықтың жолдарын айтысады. Бірақ Абай оның ешбірін де қоспамайды. Қол қыймылынан елді тоқтатады. Жалғыз-ақ дәл сол күні Оразбайдың Тәңіріберді ауылына тілдесуге жіберген жансыз сезіліп қалады.

Абай соны білген жерде: «менің жауым бауырымда отыр ғой, бұйткен елде қайтып тұрам, кетем!» деп атына мініп, қасына бір ғана жігітті ала, күнбатысқа беттеп қашады. Артынан қуа келген Ысқаққа: «Бұл елде тұрмаймын, жоғаламын» дейді. Бірақ қуғыншылар шылабырына оралып, атын жетелеп қайта әкеледі.

Барлық осы әлектің терсең тамыры жалғыз партия таласында емес, одан әріде жатыр. Бұл қастық — ескішіл, қараңғы феодалдардың Абайға тап жауы екендігін, сондай қоғамдық тартыс жөнінен өштігін көрсетеді. Олар үшін Абайдың есиеті, әр елеңі, жаңа жарық дүниені іздеуі, жат жаңалық болып көрінетін. Жуандардың шірік ортасы намысқа дақ салғанда өздерінің қаншалық нәрсіз, құнсыз екенін көрсетіп еді.

Осы іс үстінде сол ру басылар ортасының іштей шірі бастағанын, Абай жалғыз Тәңіріберді емес, көп жерден көреді.

Бұл уақыттағы Абай елден азайып, қайраты кеміп, таршылық көрген жоқ-ты. Оразбай істеген іске он есе артық істеп, жазамен қарсылық қорсету, 1897 жылда да қолынан келуші еді. Абайды Оразбайдың сабағанын естігенде, Тобықтының өз іші емес, алыс-жақын көп қазақ күйзеледі де, намысы қозады. Абай үшін, ең алдымен, Керей, Найман жоқшы боп шығады. Егер күшпен, елмен Оразбайды жа-

залаймын десе, қалың қазақ Абайдың жасағынан табылатыны даусыз еді.

Оразбай жөнінде тағы осындай бір іс 1898 жылдың жазында болған. Тоғалақ руынан шыққан Ержігіттің Бейсембайы деген жас жігіт, Оразбай айтқан бір бұйрықты орындамайды. Соған ашуы келген Оразбай нәр қылып, қорламақ боп, көр қаздырып, Бейсембайды тірідей көмдіреді де, өлімші ғып жазалап, зорға босатады.

Сол ісіне ызасы келген жай шаруаның көп елі бірігіп ап, Бейсембайдың намысын жоқтап, аттанып барып Оразбайдың ауылын тәлтүсте шауып, желісін кескілеп, үш мың жылақысын тиіп алады. Елдің осы ашуында Абай кегі де жоқ емес еді. Абай тілесе, бұл жолы Оразбай қайтып тұра алмастай соққы көрер еді. Бірақ Абай ел жуандарынша жаулық қумайды. Сол тұстағы барлық басқа ісі мен мінезі де, осы айтқан сөзді дәлелдейді.

1899 жылдың жазында землемер болыс-болыстың арасына меже салып шек жүргізгенде, бұрын Мұқыр болысына Абаймен араздасып шығып кеткен, және сол жылығы жанжалдың кіндік енесі болған Жігітек, жер-қоныс ыңғайы бойынша Шыңғысқа қарай қалады. Абай бұрын Құнанбайлармен араз болған ағайынның бар адамдарын шақырып алып:

«Қырық жыл елдік, қырық жыл жаулық болмайды. Бұрынғы араздық, кекті тастайық» деп, Жігітек елімен татуласады.

Абай жуандардың ісін ұлыққа да шақпаған. Заң-закон арқылы кек алуды да іздемеген.

Жаңағы жылдарда бұрынғыдан біржолата тыйылмағына өмірден суынып, қажый бастағаны да себеп болған. «Алды үміт, арты өкініш» өмірден енді шын түңілген сыяқты.

Дәмі қайтпас бұзылмас төтті бар ма?
Бір бес күннің орны жоқ аптығарға.
Қай қызығы татыйды қу өмірдің,
Татуды араз, жакынды жат қыларға?! —

дейді.

Бірақ, Абайдың өз басы осы күйле болғанымен, 1897 жыл әлегінің арты Тобықты ішінде із-тозсыз өшіп қалды, партия, пәле, алыс-жұлыс тыйылды деп ойлау керек емес. Ру басы, атқамінер атаулыға ол — әуе мен су сыяқты тыныс, қорек ететін азығы. Сондықтан Абайдың өз бала-інілері де, Абай жаңағыдай қарады деп тоқтап қалған жоқ. Ен-

ді солар кекті боп, солар қуғыншы болады. Бар күштерін ел келесін алуға салады. Баяғы әдіс-тартыс қайта қолданылады. Елді көп алғандық шербешнайларға тоғысатын билерді көп алудан білінеді. Биді молайтып басып алған жақ кесікті өз қолына алып, түпкі кекті сол кесік жазаларымен орындайды. Абайдың намысын, ісін қуған жақындары ендігі барды, осы шербешнайларға салады. Екі жақ бірдей би атаулыға мал мен пұлды кезек беріп, қатты шығындап жатады.

Бұл тартыс-таластардың тұсында жандарал, ояз, кеңселері де, әсіресе жасырын тыңшы полиция кеңселері де тек отырып қалмайды. Тегінде патшалыққа қарсы болған теккерісшіл топтармен іштей достық байланыс жасаған Абайға патшалықтың ресми орындары, кертартпа ұлықтары көптеп қалада қарап жүргенді.

Жылдан жыл асқан сайын, қазақ сақсасына өлең-өсиет, үгіті тарап, қалың елге, әсіресе еңбек еліне қалдыры артып бара жатқан Абай патшалықтың болыс ұлықтарын шенеп жерлеуші Абай, жәйлі кісі, жақсы кісі боп саналмайтын. Сондықтан оның ел ортасындағы әсерін әлсіретіп, қанатын қырқатын дүлей күш қазақтың өз ішінен табылса, оны жандарал кеңселері әлдеқашан құптап қостаушы болуға әзір жүретін. Оразбайларға астыртын дем беріп, отыратын өздерінің де арам саясаты бар-ды. Елден Абайды жамандап түскен арыз болса, оны ерекше ықыласпен тыңдайтын. Сондай жасырын шағым мына тұста да аз болмайды. Осындай арыз-шағымның бірін сылтау, себеп етіп 1903 жылы қыодағы Абай ауылына, жандарал бұйрығымен Семейдің тыңшы кісілерінің бастығы полицмейстер өзі бастап, бір топ жандарымдармен кеп, қатты тінту жасайды. Ниеті Абайды бір жазаға іліктіру еді. Бірақ ақынның халық арасындағы зор атақ, даңқынан, қалдырынан жасқанып, батыл әрекет істей алмай кетеді.

Сол жылы Абайды астыртын көрсетіп отырған — тағы да бүлік, бұзық ру басылары, сатымсақ болыстар. Олар Абайдың барлық өмір бойында халқына деген қасиетті еңбегіне еш болған, қараңғы кертартпа, қанаушы топ.

Абайдың «ел мінезі» деп ру басылар мінезін алып қатты ызамен сын сатирамен жырлауы осы халдардан туады. Ақын тіршілігінің ең ауыр қорытындысы әсіресе сол 1897 жылдарда, және өзі тоқтаған жылдарда тіпті айқын боп шығады.

Абай енді жылдан жыл өткен сайын өмірден қажып шөге береді. Осы жылдарда өлімді де ойлай бастайды. Өзі кешір-

ген ерекше дертті, өмірдің барлық қайғысын, өкінішін еске ала отырып, қазақ әдебиетінде мәңгілік ұмытылмайтын «Өлсем соным қара жерді» жазалы.

1896 жылы өзінің бұдан бұрын жазған өлеңдерін «жыйналысын» деген. Бізге қаншалық ғажап көрінсе де осы 1896 жылға шейін Абайдың өлеңдері бір араға топталып жыйналмаған болатын. Абай өзі бір жазып тастаған өленін қайтадан жоқтап, жыйнап отырмаған. Әрқашан, кейде кітап оқып отырғанда, кейде жай бір оймен қозғалып отырғанда, қолына қағаз, қарындаш алып, айтпақ өлеңін жазып тастайды екер.

Соңы қасында отырып балалары, інілері я жай алаштар болса да, қалтасына салып алып жүріп кетеді. Содан бірден-біреу жазып алып жаттайды. Кейбірін әнге қосып домбырамен айтып жүреді.

Өлең жазу қызметі осы сыяқты болғандықтан, қазіо де бірдің қолымызға Абайдың өз қолынан жазылған қолжазбасының бізде бірі де жетпей отыр. Барлығы да ел жігіттері іш қалтасында, қойны-қонышында жүсіп жоғалып кеткен. Осы ретіңе қарағанда: «Абайдың бегіде жазған талай өлеңі де ешкімге мәлімсіз болып, шығысымен жоқ болып кетпелі ме екен?» деген күдік туады.

Өйткері, жасынан біткен әлет бойынша, Абай бісеулің оғаш мінезін көргенде, ылағи қалжың, ажуа, мыскыл өлең айтыып болатын. Осындай сөздерінде әрқашан өз жанында жүрген жақындарын, ағайын-туысқандарын мыскыл етіп, солалдың мін-мінезін күлкі ғып әйгілеп айтады. Кейле қалжың ғып жазып, өз қолдарына да берелі. Сол кісілердің көбі қолына өлең түсісімен, өз мінін айтқан сөздердің кезің жоғалтуға тыысқан. Сонан соң, кейбісеулер Абайдың өзінч жалынч-жалпайып сұрап алып та, кезінше жыртып тастайтын болған.

Мысалы Көкбайға, Қыздарға шығарды деген өлеңдер осындай күйге анық ұшыраған. Тағы біо алуан өлеңдерінде жақын туысқан, досшар, таныстарын қатты мінеп айтқандықтан, інілері мен балалары «ана алашда өкпелер» деп, жасырып жоғалтып жібесетіні де бар. Еске алатын біо нәо-се Абай кісі мінеп айтып, өлең шығарғыш болғанда, сол құраллы ешвақытта нағыз жауына жұмсамаған. Өлеңімен мыскыл қылатыны ылағи жақынынан шыққан адамдао болады. Ал бұлардың Абай сөзін жоқ кып жібеуі өзгелен сонағұрлым онай болған. Қайта өлеңдеріне қарағанда, Абайдың қарасөздері көбірек, түгелірек сақталған сыяқты

1890 жылдардан бастап, ұстаздық, үгітшілік жолына түскен соң, Абай өлеңді аз жазса да «қарасөзбен» айтатын өсиетті көп жазады. «Ғақлия» деген өсиеттері, сол 1890 жыл мен 1898 жылдардың арасында жазылған. 1891 жылдан соң өлеңмен айтпақ болған сөздерінің талайын қарасөз үгітіне айналдырып жіберген. Кей уақыттарда бірталай өлеңдердің, сол қарасөзде айтқан пікірлерінен шығарып өлең қылып кеткені де бар.

Қалайда соңғы 10—15 жыл ішінде Абай осы сыяқты жаңа жанрды туғызып, соған кейде өлеңнен де көп уақыт беледі. Бұл кездерде Абай сөзін қадырлы көріп, әрбір шыққан жаңа өлеңдеріне ынтық болып отырған ел оқушылары «қарасөздер» шыға бастаған соң, мұны өлеңнен кем көрмейтін болады.

Қайта берірек келгенде ел ішіндегі оқушының барлығы да Абай сөздерін молдаларға ақша беріп жазғызып, көшіртіп алып жүргенде, ең алдымен қарасөзді тілейтін. Соған көп ынтығатын.

Тегі «қарасөздер» кім болса соның қолында кетпей, жазылысымен маңайындағы сауаттылардың қолына түсіп, сонда шашылмай аман сақталып қалған сыяқты. Бұл ретте Абай сөздерінің шашылмауына, жоғалмауына мезгілімен тізіліп, жазылып елге тарап отыруына көп еңбек еткен адамдар бар. Ол кіріспе бөлімде айтылған. Кішкене молда, Махмуд, Самарбай сонан соң, әсіресе Мүрсейт. Баснаға шыққанынша жыл бойы әлденеше рет Абай жыйнағын көшіріп отырып, Мүрсейт бір кітапты бір қойға сатушы еді.

Өз өлеңдерін 1896 жылға шейін жыйғысы келмегені, Абайдың өлең, сөзге өте үлкен сынмен қарап, үлкен шарттар қойғандығынан болған. Өлең Лермонтов, Пушкин сөздеріндей болмаса, одан берідегі сөздерді өз сөзі болса да, голық қанағат қылмаған. Барлық қазақ әдебиетінің өзі білген ескілігінен, Абай жалғыз Марабай мен Шөжені ғана «нағыз ақын» дейді екен. Бірақ Абай Махамбет сыяқты ірі ақындарды есті алмаған. Абай өз сөздерін қатаң сынаумен қатар, маңында өлең жазатын жастарға да сондай мінез стеген.

Көшірімсіз қатты сын жасап отырады. Олардың сөздері ұнамаған уақытта міндерін өлеңге қосып та жібереді. Мәселен, Көкбай, Әріптердің өлеңдерін еске алып:

Сөз айттым «Әзрет-Әлі айдағарсыз»,
Мұнда жоқ «алтын иек, сары-ала қыз».

Көрілікті жамандап, өлім тілеп,
Болсын деген жерім жоқ жігіт арсыз...

дейді.

Алғашқы жолдағы «Әзрет-Әлі айдғарды» Көкпайға арнаған. Оның діншіл қисса сарынымен жазған бір өлеңін жақтырмай айтқаны. «Алтын иек сары ала-қызды» Әріп ақынның «Зияда» деген қыссасына арнаған. Әріп қыз көркін айтқанда:

Ақ тамең, алтын иек, мойындары,
Ұжмах, жұпар исі қойындары.
Бағдат, Мысыр қызығы ұқсамайды,
Бұлардың сауық қылған ойындары.—

деген.

Сұлу қызды сыйпаттаймын деп, «иегі алтын, көзі гәуһар» деп, түсіне қарамай, асыл тастарды санай береді. Соған айтқан.

Абайдың сын сөздері ақындардың барлығына да ауыр тиген шығар. Бірақ іштерінде, әсіресе Әріп қатты намыс қылып, кектенип Абайдан есесін қайырмақ болып «Біржан-Сараның» айтысына өз жанынан Абайды жамандау сыяқты көп сөздер қосқан деседі.

Осы айтылған мысалдар, ақын боламын деген жастардың шығармаларына Абайдың үлкен шарт қоятынын анық көрсетеді.

Абай сөздері көбірек жайыла бастаған соң, Тобықты іші болсын, басқа көрші елдер болсын, барлығы да мұның жазбаларының ұдайы оқушысы, тыңдаушысы болады. Бұларға ол сөздерді жеткізетін — жалғыз жазу ғана емес, қайта көбінесе домбырашы, әнші жігіттер. Осы жағынан қарағанда Абай өлеңдерінің тыңдаушысы мен жаттаушылары, хат білетін, арнаулы аз адамдар ғана болмай, жалпақ ел болады. Фольклор мен жазба-баспа әдебиеттің жапсарында шыққан ақынның шығармалары әрі ауызша, әрі жазба әдебиеттің күйін бірдей кешеді.

Абай айналасында өлең айтып, ән саламын деген әнші-ақын болса, қыз-келіншек, жас-кәрі болса барлығының да топта, ойын-тойда айтатын жырларының көбі Абай сөздері, Абай әндері болған.

Біз бұл уақытқа шейін Абайдың нәрлі еңбегін айтқанда, ылғи ақындығын сөз қып келдік. Енді осымен қатар одан қалған мәдениет мұраларының ішінде үлкен, елеулі орны бар, композиторлық еңбегін де атау керек.

Абай өзі жақсы домбырашы болған. Қазақтың ескі ән-күйін жете-білген, барынша сүйген Елдің ән-күйін елти сүйіп айтқан:

Құлақтан кіріп бойды алар,
Жақсы ән мен тәтті күй,
Көңілге түрлі ой салар,
Әнді сүйсең менше сүй...

деген өлеңдері бұған дәлел. Және сол ән баян еткен ескі кал-ды ойлап толғанып кеп:

Есіткендей болады
Құлағым ескі сыбырды,
Ескі ойға көңілім толады,
Тірілтіп өткен құрғырды.

деген жолдары, бұның өз еңбектерінің терең тамырлары сол қазақтың өткен өнер, мәдениетімен жалғасып жатқанын көрсетеді. Осы сыяқты әр кезде, көп өлеңінде Абай ән-күйге талай-талай сұлу мағналы жырларын арнайды. Ол — музыкаға ақын боп қосқан үні. Сонымен қатар, Абай музыка-ның өзіне композитор болып та ат салысады. Абайдан қал-ған 16—17 ән бар. Бұлардың көбі — өзі жазған жаңа уәзін, жаңа ұйқас, жаңа түрлі өлеңдеріне арналған әндер. Мысалы, «Сегіз аяқ», «Сен мені нетесін», «Қор болды жаным» сыяқ-ты алты-жеті, сегіз жолды өлең түрлерін шығарса, соларын жұрт құлағына жұғымды, сіңімді ету үшін, қосарлық әнін де шығарады. Бұл ісі, жаңа түрлі өлеңдерін өте даңқты қып, көпшілік ән қып әкетеді. Сол тәрізді Пушкиннен аударған Татьяна, Онегин хаттарына да арнаулы әндер шығарады. Қазақ көпшілігіне әншейінде ұғымсыз, тосаң көрінерлік орыс жастарының аттарын, өмірін, сезімдерін мынау өлеңдер ар-қылы аса түсінікті, әсерлі және даңқты етіп жібереді. 1890 жылдардан бастап Онегин, Татьяна аттары қазақ сағрасында халықтың өзі тудырған жырлардағы адамдардың атын-дай, белгілі сүйікті аттардың бірі болады.

Абайдың композиторлық еңбектеріне де ақындық еңбегі сыяқты өзіне тиісті үлкен жаңа өзгешеліктер бар. Бұрынғы ауызша әдебиетке Абай көп еліктемей, жалпы сөз қорын пайдалана отырып «сөз түзелді, тыңдаушы сен де түзел» деп, өзінше жаңа түрлі өлеңдер шығарады. Бұрынғы әнді өзі, бұрынғы әдебиеттен сонауғұрлым артық бағаласа да, ендігі өз әнін, жақсы жаман болса да, жаңаша үлгімен айт-пақ болады. Шырқауы, айғайы аз, көбінесе құлақ күйіне

ұқсаған, қоңыр баяу әндер туғызады. Орыс пен Европаның камерный әніне, романстарына ұқсаңқырап келеді. Бұрынғы қазақ әнінің жаңа бір стильмен дамый бастағанын байқатарлық әндер болады. Бұл да — өзінше жаңа жол табам деп нық ізденудің нәтижесі. Абайдан қалған мәдени мұраның бұ да бір күрделі, үлкен саласы болып саналады. Жеке әндерінің шығарылған жылдары дәлді мәлім болмаса да, жыйыны 1886 жыл мен 1897 жылдар арасында шықты десе-ді. Өлеңі қою шыққан жылдарда, әндері де жарыса шығып отыратын сыяқты.

Енді ақындығының соңғы жылдарына оралып келсек, Абай 1899 жылы өлеңді недәуір жазады да, осы жылдан соң алғашқы жаза бастаған 1880 жылдары сыяқты, өлең сандары тағы азая бастайды. Көп жазылған жылы 4—8, әйтпесе 2—3 өлеңмен 1903 жылға келеді де, содан кейін біржолата өлең жазылмай қалады.

1903 жыл мен 1904 жылдың қысында, Абайдың тірі қалған балаларының ішіндегі ең жақсы көретіні — Мағауия бұрын көптен әлсіретіп жүрген құртаурудан төсек тартып жатып алады.

Мағауия әке ұғымынша да және өз ортасының бағалауынша да, Абайдың барлық баласының ең жақсысы, ең ірісі деп саналған. Бұл ақындығының үстіне, ерекше мінезді кісі болған. Жасынан денсаулығы нашар болғандықтан, қаладан толық тәрбие ала алмаса да, әкесінің үнемі өз қасында ұстап, шын жақсылап тәрбиелеп шығардым деген баласы осы болатын. Елде отырып европа тәрбиесін алған адамдардай, ақыл, мінез, адамшылығы түгелімен мәдениетті кісінің халықта болған. Бұл да әкесі сыяқтанып, қырда отырып көп оқып, өзінен-өзі қарастырумен көп білім алып қалған адам еді.

Ел жұмысына кіріссе әкесінің міндетін өз мойнына алатын. Жұмсақ мінезді болып, ел көпшілігіне аса сүйікті болған. Сол Мағауия 1903 жылы қыс бойы төсек тартып ауырып келіп, 1904 жылы жазғытурым қайтыс болады.

Абайдың өзі бұл өлімнен бұрын да өмірден қажып, талып, ендігі тіршілігін артық нәрседей санай бастаған еді. Өз сынынша: ақарсыз, мағнасыз өткен дәурені жалғыздық дертімен құлазытып, жүдетіп, тоздыруға айналған. Соның барлығының үстіне Мағауия өлген соң, Абай бір алуан ауруға айналады. Төсек тартып жатпаса да, отырып ауырады. Ешкіммен сөйлеспейді де, ешнәрсемен өзін жұбатпайды. Ауруын емшіге көрсетпейді де. Мұның бәрін керексіз деп бі-



леді. Сонымен, Мағауияның өлімінен кейін қырық күн отырып, 23 июньде 1904 жылы, алпыс жасында қайтыс болады. Абайдың сүйегі Жидебайда өз қыстауының жанына қойылады.

* * *

Абайдың өмірбаянын зерттеп, толықтысып жазу жұмысы жетер өрісіне жетіп, аяқталған жоқ. Бірақ бұл күнге шейін ақын шығармаларының әрбір толық баспасының тұсында сол өмірбаянына кіретін тың дерек, жаңалықтар қосыла түсіп, өсіп келеді. Осы зерттеуде де ақынның өмірбаяны бұрынғы жазылғандардан бірталай өзгертіліп, тың редакциядан өтті. Абай өмірі туралы бұдан да ел аузынан жыйналатын естегілер, жалпы әңгімелер жамала беруге тиіс. Сонымен қатар, ерекше бір көңіл бөліп, кейінгі зерттеушілердің есіне әсіресе салып өтетін бір жай: ақын жөніндегі орыс тілінде сақталған деректер туралы.

Бұл күнге шейін біз Абайдың достары болған орыс оқымыстыларының — Михаэлистердің не хат, не күнделік, не мақала сыяқты еңбектерінде Абайды сөз қылған бөлімдерін жыйнай алмадық. Бір табылған аз сөз — Кеннианның «Сібір және айдау жазасы» деген кітабында Абай жайында айтылған бір дерек. Онан соң, Семей архивынан табылған тергеу ісі бар.

Анығында Абайдың өмірбаянын оқыған кісінің бәріне мәлім нәрсе оның патшалық ұлығымен, ұлықтар кеңселерімен аса көп рет кездесуі туралы болады. Крестьяч начальнигі, ояз начальнигі, жандарал, округ соты, Омбыдағы корпус (генерал-губернатор) кеңселері, барлығының архивтерінде Абай жөнінен әлі де көп жаңалық табуға болатын тәрізді. Орыс достарының өзара хаттары, естегілері, күнделік жазбалары да Абай жөнінен қымбат, қызық жаңалықтар айтса керек.

Осымен бірге тағы бір ескертетін нәрсе, бұл күнге шейін Абайдың өмірбаянын жазғанда, барлық әңгіме, дерек Тобықтының ішінен және әсіресе Абайға анық жақын болған туыстан, достан алынып келген. Тек, осы соңғы жылда ғана Керей, Уақ, Найман елдерінің азды-көпті әңгімелері енді ғана кіріп отыр. Бұдан былай сол сыбайлас елдердің Абайды өз көзімен көріп, әңгімелескен адамдарынан қалған, ертегі аңыз емес, нақтылы деректері, жаңалықтары болса, соларды көп қосу қажет.

Бұның бәрінің үстіне, әлі де Абайдың өзі туып-өскен елдің ішінен Абайдың үлкенді-кішілі істері, сөздері, мінез-машықтары туралы айтылатын қосымша әңгіме естегілер теріліп жазылып, тізіле беру керек. Осындай неше саладан сарқылып келерлік жаңалықтар әлі де бар, мол деп сенгендіктен, біз әлі ақынның өмірбаяны үстей береді, өсе береді дейміз. Кейіндеп барып, көп жағынан, әлі де толығады дейміз.

Абайдың жайына соңғы жылдарда қосылған, өмірбаянының жаңағы соңғы түріне кірген ірі деректерден басқа, бірталай ұсақ, бірақ аса қажет, елеулі әңгімелер бар. Олар Абайды әр жағынан мінездейтін бағалы деректер. Осы жолғы өмірбаянын, соның біразын айтумен аяқтаймыз.

Бұл әңгімелердің көбі 1935 жылдан бері қарай, әсіресе соңғы жылдарда «Абай» ауданындағы, немесе жалпы Семей облысындағы колхозшы еркек, әйелдердің аузынан жазылып алынған.

Мұнда Абайдың жас жігіт кезінің әңгімелерінен бастап, өлер шағына шейінгі жайлары араласа жүреді. Әңгімелер ақын Абай, әзілқой, мысқылшыл Абай жайын айтады. Өнер мен өнерпазды, аңшылықты, ас пен тойды, ат қосуды сүйетін Абайды суреттейді. Және аса бір бағалы естегілер келіп көршіге, жалпы еңбек иесі бұқараға берік дос болған Абайды танытады. Балаға, келін, жасқа тәлім айтып, ұстаздық, ағалық етіп отырған ақынды кейіптейді.

Сондай әңгімелердің бір алуаны Абайдың қалжыңды қадірлегенін көрсетеді. Қалжың, әзілді Абай өлеңмен де қарасөзбен де айтып, айтысып отырады екен. Абай «Қоңыр Көкшеге» жас жігіт кезінде бір рет болыс болады. Сонда бір күні Бөйкөкше ақын Абай отырған үйге кіре бергенде, Абай қарсы алдынан өлең бастап:

Тақыр жерге қауындап шөп бітеді,
Қай адамға мал мен бақ көп бітеді,

дей салып, «ал осының аяғын отырғанша айтып жіберші» дегенде Бөйкөкше:

«Кей жігітті пысық деп болыс қойсаң
Қашан түсіп қалғанша жеп бітеді.—

деп қалжыңдаған.

Өлең, қалжың Абайда аса көп болған. Ұлы сөзде өрелгі жоқ болса, зіл де жоқ. Жалпы айтыстың еркіндігі бойынша «сөз тапқанға қолқа жоқ» деп, екшесе берген.

Абайдың Ақылбай деген баласынан туған немере қызының күйеуі келіп жатады. Сол кезде күйеуді ертіп келген құда шал отырғанда Абай өлең бастап:

Есіктің алды тастақта
Тастақтың алды баспақта,

дей бергенде, жаңағы құда шал:

Атасы басқа жау жеңге,
Күйеу қасына тастапта,—

деп ойын-сауық өлеңінің ізіне салып жіберген.

Абай кейде әзіл сөзді қарасөздей қолма-қол айтып салып, қайта есіне алмай қалдырып кете берген. Осындай бір қалжыңды Ағыбай деген туралы айтады. Біреу кеп «Ағыбай тағы алдап сырт беріп кетті» дегенде:

— Адам деп есеп қылма Ағыбайды,
Анттан қорқып, құдайды танымайды.
Сабын жаққан терідей жылып-жылып етіп,
Шіркін-ай бір орыннан табылмайды,—

дейді.

Кейде Абай оқыс бір сұраумен ел кісілерін сынайды. Кейрей Шақантайдың Төлтай, Ошыбай деген кісілері келгенде Абай: «Қаттыла не қатты, тәттіде не тәтті?» деп сұрайды.

Соған Ошыбай: «Құрттың ақ малтасына қосып жеген қанттан тәтті бар дейсіз бе?» деп бастағанда, Төлтай Ошыбайдың құрдасы екен: «Ой ит, оттама. Қатты дегені — жоқшылық, тәтті дегені — жан емес пе!» депті. Абай күліп: «Жарайсың Төлтайым. Құдай ақмақты да, ақылдыны да Шақантайға берген екен!» дейді.

Қалжыңды Абай билік үстінде де қолданып, мылжың даугерді мысқыл-ажуа етеді екен. Мамай Қарабас руынан шыққан, Тоқа деген кісі өзінің бір туысынан құнан даулап Абайға келеді. Екі жағы бір-бір рет айтқаннан кейін, Абай жауапкерге: «Мына Тоқаның құнанын бер!» дейді. Бірақ Тоқа дауқұмар, мұндай тез билікке айызы қанбай: «Абай, сөзімді екіндіге шейін тыңдашы! — дейді. Абай қозғалмай, үндемей тыңдап, тыңдап алып, енді жауапкерге: «Сен енді құнаныңды берме!» дейді. Сонда Тоқа: «Е, бұның не?» дегенде: «Сен құнаныңды бағана алып ең, өзің дауға саттың» деп, мылжыңдық даукестікті жазалайды.

Абайдың ел ішінде өзіне тартып, дос тұтып, серік етіп жүретіндері неше алуан өнерпаздар болған. Кавказ адамы,

айдаудан қашқан бір зергерді ұзақ сақтап, елдің зергерлерін жыйып, әлгі қашқыннан күміске қарала жүргізуді ұйреттіреді. Сонда Абай нақысқа қазақтың өз оюларын салғызып үлгі таратады.

Өнер иесінің ішінде құспегі, аңшы, мерген, ат бапшылы болса бәрі Абайдың сыйлас адамдары болған. Жасынан Тұрғамбай құсбегі, Бөшей мерген, өз інісі Шәке сыяқты кісілерді ертіп «салбұрынға» (бүркіт аңшылығына қостап бару сапары) көп шығып жүрген.

Ал, ән-күй өнерпаздарынан жасында Біржанды сақтап қонақ еткеніндей, берітінде Мұқаны, Әсетті, Әлмағамбетті сақтап және өзінің барлық балаларын ән-күй өнеріне көп баулыған. Өз әйелі Әйгерімнің әншілігін өсірмек боп, Біржаннан жаз бойы ән үйретеді. Кейін Тәкежанның Мақұлбай деген баласы өлгенде Әйгерімге жоқтау өлеңді өзі шығарып беріп, жаздай жақсы әуенмен жоқтау айтқызады.

Белгілі әнші-күйші емес, жәй орташа айтушыларға да халық жырларын, немесе өз тұсындағы ақындар жазған дастандарды жырлатып отырады.

Топай Бейсенбай деген ақынға «Қозы-Көрпешті» Жанақ үлгісімен жырла деп тапсырады. Бірақ бар өлеңін бір қалыпта әуенмен айту жол емес деп, Қарабай, Қодар, Тазша, Сақау қатын, Баян, Қозы барлығына кей сөздерін, өз әуенімен айтқызатын болады.

Халықтың қайрат-өнер спортын да Абай қатты қызықтаған. Өз тұсында болған ірі астардың барлығына ол барып отырады. Бәйгесіне ат қосып, күресіне балуан түсіріп, үнемі зор қызық етіп тамашалайды. Абайдың жолдасы, серігі боп кеткен Құдабай, Нұрмағамбет сыяқты «түйе балуандар» болған. Өз тұсындағы «Бозамбай асы», «Торайғыр асы», «Мұрын Бұланның асы» деген сыяқты талай асқа, нелер жүйрік бәйгелерді апарып қосып жүреді.

«Кедей құла», «Айдапкелдің ақтабаны», «Ақбас ат» деген сыяқты ірі бәйге аттарды біреуден көп төлеп сатып алып, біреуден базыналықпен сұрап алып, сол арада өзінен сұрап келген сыйлас адамдарына бере салып, ризалай жүрген. Бәйге ат, қыран құс, алғыр ит сыяқты көп қызығы болатын асылдардың бір-ақ кісінің қолында болмай, әр ортаның қызықтауында жүргенін мақұл көреді. Осындай естегілер қатарында Абайдың ауылына малшы, жалшы, қоңсы-көрші болған әйел-еркектің, жас, кәрінің әңгімелері де аса бір қымбатты дерек боп отыр.

Еңбек сүйген адамды Абай зор бағалаған. Өз ауылына

көрші, малшы болған, сондай еңбекшіл адамның талайын Абай байытып шығаруға тырысады. Оспан үйіне малшы боп, артынан Абайдың қарамағында болған Жетібай, Көгібай деген екі кедейді кейін ауқатты ауыл етеді.

Абай ауылынан Байсүгір, Дарқан, жаңағы Жетібайлар сыяқты талай жандар малданып, әлденіп көшкен. Кейбір пысық, мықты жігіттер кедейліктен ұрлыққа салынып кеткенде, ұрлығыңды қой деп серт уәде алып «енді саған ерген кедейлік итті мен көрейін» деп, алдына аз жылда мал салып, тоқ, ауқатты үй етіп жіберген. Тіпті, бұрынғы жау, Жігітек ішінен де сондай еткен, жақсы көрген адамдары болған.

Кейін барлық бала-шағасымен Абайдың шын берік досы болып қалған Қорамжан сондай адам еді. Мұсабек деген Жігітек ұрысының адам болуына да Абай көп көмек еткен. Қорамжанның баласы Қатпа әуелі малшы болып жүріп, артынан Абайдың туған баласындай ет-бауыр жақыны, дос інісі боп кетеді.

Осы Қорамжан, Қатпалардың Абай қолына жаңа көшіп кеп, кедей боп жүрген кезінде, бұрын кеп байып алған Жетібай, Қатпаны боқтап қорлайды. Абай Жетібайдың кедейліктен шығып ап, енді кешегі өзіндей кедейді ренжіткеніне қатты ашуланып, бір-ақ күннің ішінде қасынан көшіріп жібереді, бірақ жер беріп, қыстау беріп көшіреді.

Кейін Қорамжан білікті, беделді кісі боп, өзінің Жігітегі ішіне Абай ырзалығымен қайта көшкенде, 15 бие байлаған желісі бар, көп мал иесі боп көшеді. Осындай бұрын ұры болғанның талайын Абай кісі етеді. Әрине, кісі болғысы келгеннің, негізі бұзық емесін танып, соны кісі етеді. Болмаса жалпы ұры дегенде Абай аса қатал, қатты болған. Сондықтан да бір ұрының өлеңінде:

Күнту болыс болғанда жортқаным-ай,
Керей менен Найманды торытқаным-ай,
Қазы менен қартаны керітіп шайнап,
Абай болыс болғанда қорыққаным-ай! —

дейтін сөздер бар.

Тегінде, Абай жас шағында бір-ақ рет болыс болған. Мынау орайда болған емес, бұнда Абайдың айтқанын істейтін біреу болыс болғандығын айту керек.

Ұрлық, сотқарлықтың себебі боп, көп уақытқа, көп жігіттің басында кедейлік ызғары жүргенін Абай жақсы біледі. Кедейліктің ауыр бейнеті ұры емес, момын көпшіліктің

бәрін де езіп жүргенін терең түсініп, Абай өлең, өсиетінде сол қазақ кедейінің жайын көп толғайды. Ырысты еңбек жайын сол келейге, құтқарушы көмекші есебінде көп үгіттеп, көп ұсынады. Адал еңбек иесі адамнан артық, ол сахараға, Абай сүйген адам болмаған. Көп өлеңдері мен қарасөз толғауларында келейдің үнемі жоқтаушысы болған.

Кедейдің өзі жүрер малды бағып,
Отыруға отын жоқ ұзбей жағып...
...Қара қыйдан орта қап ұрыспай берсе,
О да қылған кедейге үлкен сыйы.—

деген Абай. еңбек иесі кедейге жақын дос, қамқор боп кеп, оның еңбегін қанайтын байды «қара қыйына» шейін сатып беретін құлқыны жаман, арсыз қанаушы етіп жерлейді.

Еңбек қылған ерінбей
Толды қарның тіленбей...

деген сыяқты толып жатқан өлеңдері халық ішінде Абайдың ең жақыны еңбек адамы, еңбек қауымы екенін айқын көрсетеді. Бір күнгі мәжілісте келей баласын мінеген тоқ мырзаның сөзін естіп отырып: «Бай баласы көп ішсе, ішіп үйренген — дейді. Аз ішсе — негізі тойған дейді. Кедей баласы көп ішсе — көні кеуіп қалған дейді. Аз ішсе — шілдесінде шық көрмеген дейді. Осы кедей баласының кінәдан құтылары бар ма?!» деген.

Кедейдің момын, адалы көмек тілеп келген кезде Абай жәрдем етпей қалған емес. Баласы мінгіп жүрген атты алын беру, өзі жеккелі отырған семіз атты Құла айғыр деген шалға бере салу сыяқты істері толып жатады.

Осы тәрізді естегілердің соңында Абайдың күндегі тіршілікте, балаға, келінге, үйішіне істейтін достық, аталық, кішіпейілдік мінез-әдеттерінің кейбірін айтуға болады.

Өзінен туған бала мен айналасын қоршаған ініге Абай істейтін ұстаздық бір алуан. Олардан ақын, білгір, оқымысты адамдар, ел қайраткері сыяқты ересек азаматтар өсіріп, білімді адамдармен достастырып жүреді. Сол тәрбиешілік, ұстаздық, мінезді, үлкендер емес, мектеп жасындағы балаларға да көп істеген. Абайдың қолында, ауылында өскен шәкірт балалар, жас қыздар, көп келіндер де Абайдың алдын көріп, көп-көп өсиеттеріне қанып қалған. Әрқайсысының шамасына қарай, өзінше ұстаздық, тәрбиешілік үлгі, өрнек табады. Жас балаларға өлең, тақпақтар жаттату, қыз немерелеріне ертегілер айтқызу, ән салғызу, малшы

көршілерге де ертек, аңыздар айтқызып отыру, соны өзі елтіп тыңдау, аса көп болған. Абай үйі, бөгде қонақ, үлкен кісілер жоқта, неше алуан қызық ермек, халық сауығының үйі болады. Осындай дағдыдан барып, Абайдың досы Баймағамбеттей ергекшілер ысылып, ұстаз көріп шығып, кейін Абай айтқан әңгімелерді үлгі етіп көпке таратқан.

Сондайлық тәрбие, үлгі-өсиет үстінде Абайдың өлеңдерін өз аузынан ұғып жаттаған Пәкизат, Уәсилә, Әсия, Рахила сыяқты оқымысғы, тәлімді қыздар өсіп, ұзатылар уақыттарында жасау сандықтарының түбіне ең асыл бұйым етіп Абайдың өлең жыйнағын әкететін болған.

Балалықтың мінезін, сырын білмей, қаталдық еткен ата-ананы Абай үнемі мінеп отырған. «Балаға ақылын бұрын бермей, ашуын бұрын берген атадан бала үлгі ала алмайды. О да ашуланады» дейді.

Келін, күйеу туралы да Абай көзқарасы жұрттан басқа, кеңдік, еркін теңдік қалпында ұстауға тырысады. Өз қолында соңғы жылдарда болып, Абайды өзі күткен Кәмәлия (Кәмәш) деген келініне алғаш түскен күннен бастап, бетін ашып жүруді шарт етеді. Бар жайдан ұялмай, ашық сөйлесіп отыруды тілейді. Сол келініне Абай өзі өлерден бұрын ауырмай тұрып «Мен быйыл өледі екем» деп ішкі өзі түйген ауыр сырын ең алдымен айтады.

Осындай жас атаулының бәріне көңдерлі кең, досшар аға, көпке мәжілісі ортақ ұстаз болғандықтан Абай маңынан елдің талапкер өнерлі, саналы жасының бәрі арылмаған. Үнемі айналасын, ауылын, үйін қоршап Абай тәрбиесін кең алып, мейлінше қызықтап жүрген.

Сол себепті шет елдің бір үлкен адамдары Абайға келгенде, жаңағы жастар тағы Абай қасынан шықпай отырғанда, қонақтың бірі:

— Жастар, сендерге бақ берген. Ол бақ күнде ортаңда, қолыңда, бәріңе неше алуан ұстаздық, үлгі, өнер үйретіп отырған Абай! Жылында Абайды бір-ақ көретін бізді айтсаңшы! дейді.

Шынында Абай малшы, көршіден бастап; солардың баласынан, жасынан бастап, айналасындағы барлық естіяр жанның үлкенді-кішілі қауымның, жұрттың бәріне бойында барын түгел, үнемі үлеске салып отырған. Сол арқылы өзі тіршілік еткен ортасына тағы да мол сәуле төгіп, нәр беріп отырған Абай да, ақын Абайдың өнегелі сыр-сыйнатын танытушы еді.

Мұхтар Әуезов.

АУДАРМАЛАР





1882—1885

* * *

(ЛЕРМОНТОВТАН)

Кең жайлау — жалғыз бесік жас балаға.*
Алла асыраған бендесі аш бола ма?
Ержеткен соң, сыймайсың кең дүниеге,
Тыныштық пен зар боларсың баспанаға.

Осындай жұлдыз қойған белгілерді «түсініктер» бөлімінен қараңыз.

БОРОДИНО*

(ЛЕРМОНТОВТАН)

— Айтшы, аға, нағып жеңілдік
Мәскеуде емес тегіндік,
Болған білем соқтығыс,
Емес білем аз жұмыс.
Ұмытпайды еш орыс.
Бородинде көргенді.
Ондағы біздің адамдар,
Сендердей емес, балаңдар
Қыйын тиді оларға
Аз кісі-ақ қайтып санарға,
Штык, қылыш қайрасып,
Ширатып мұртын шайнасып,
Ашулы солдат қыстықты:
«Қойса екен бізді тыюын,
Айтса екен бізге қыйынын,
Жыртпасақ жаудың киімін,
Біз не етеміз, штыкті».
Қол салмаққа кәртөчке¹
Ол күн болды, күн кешке,
Қас қарайып, болды түн

¹ Шашылып атылатын оқ

* * *

(ЛЕРМОНТОВТАН)

Әм жабықтым, әм жалықтым,^{*}
Сүйеу болар қай жігіт,
Көңілдегі кеткен соң тыным?
Әм сүйіндім, әм түңілдім,
Үнемі неткен үміт,
Өткен соң бар жақсы жылым.^д

ОНЕГИННИҢ СЫЙПАТЫ

(ПУШКИННЕН)

Жасынған түсін билеп, сыр бермеген,
Дәмеленсе, күнгесе, білдірмеген.
Нанасың не айтса да, амалың жоқ,
Түсінде бір кәдік жоқ «алдар» деген

Кейде паң, кейде көнгіш орныменен,
Кейде елеусіз, кейде ынтық формыменен.
Кейде үндемей жүрсе де сөзге баяу,
От жалындай жауапкер құрбыменен.

Ғашықтық сөзге жүйрік әсіресе,
«Дем алысым, құмарым — бір сен» десе.
Жанын құрбан жолына қылған жансып,
Көз қарауы құбылар әлдепеше.
Кейде ұялшақ, төменшік, кейде тіп-тік,
Камыққансып қайғырып орны келсе.

Жап-жаңа кісі болып түк білмеген,
Қалжыңды білдіртпейді «қалай» деген.
Жанын шошыр, өрлігі жаннан бөлек,
Кісіге балдан тәтті орны келген.

Биттей бойы босаса, сезер сонда,
Жастық жеңіл, кеңілді шайқағанда.
Ғашық құмар, ақылмен бойынды алып,
Жылы жауап есітер не қылсаң да.

Емінер, «әй» дегізер, дайын қылар,
Жүрегін қалай соқса, пайым қылар.

Жылы ізін суытпас, тамыл көрмес,
Бір оңаша жолығар жер айтқызар.
Ел аулаққа оңаша қолына алып,
Көңліндегі сабағын айтып тығар.

Жасыған көрсе оны ақылы сасқан
Не сұрқыя жандарың жұрттан асқан.
Жеңуге, қор қылуға тағы да ұста,
Өзіне күндес шықса жол таласқан.
Ажуаға, қорлауға тілі орамды,
Не түрлі тұзақ құрып көңлін басқан.

**ТАТЬЯНЫҢ ОНЕГИНГЕ
ЖАЗҒАН ХАТЫ***

(ПУШКИННЕН)

Авал жоқ — қайттым білдірмей,
Япырмау, қайтіп айтамын?
Қоймады дертің күйдірмей,
Не салсаң да тастамын.

Талапсыз, бақсыз ғен сорлы
Еріксіз аттап ұяттан,
Қорлыққа көндім бұл құрлы.
Байқалар халім бұл хаттан.

Әлімше мен де ұялып,
Білдірмен дедім өлсем де.
Шыдар ем күйіп мен жанып,
Айында біер көрсем де

Болмады көріп қалуға,
Есітіп біраз сөзіңді.
Шыдар ем бір ғй жатуға
Ұзақ түн жұмбай көзімді.

Қызықпен қашып бұл жерге
Көңліңіз суып келіпсіз
Мәнісін сұрап білуге
Тілдесе алмаймын еріксіз

Келмесең егер сөң бізге,
Сау болмас па ем, әлбетте?
Болмасам ашна мен сізге,
Түспес ем мұндай бейнетке.

Асау жүрек қайнамай,
Жуасыр ма еді кезінде?
Елден бір жақсы сайламай,
Бармас па ем ерге өзім де?

Өзгеге ешбір дүниеден
Еркімен тивес бұл жүрек
Әуелде тағдыр иеден,
Қожам — сенсің, не керек

Тіршілігім — құрбандық,
Шыдамай сені көргенше,
Тәңрімнен келген бұл жарлық,
Нем — сенсің өлгенше.

Әуелде кірдің түсіме,
Ортақтасып өміріме.
Толғау салып ішіме,
Сол күнде-ақ жақтың көңліме

Құдайдан болғай деп емі,
Құдайыны мол бердім.
Көрген жерде-ақ мен сені,
«Осы екен ғой — сол» дедім

Жатқан сайын ұйқыға
Луға оқушы ем, шошынып
Ұнатып мені құлқыңа,
Жүруші едің қосылып

Түсімде мені жұбаттың,
Жылы сөзбен сөйлесіп.
Кетуші едің қуантып,
Қалушы еді көңіл өсіп.

Шыныңды айт, кімсің тербеткен,
Нембісін сақтаушы?
Әлде азғырып әуре еткен
Жаумысын теуіп таптаушы?

Шеш көңлімнің жұмбағын,
Әлде бәрі — алданыс.
Жас жүрек жайып саусағын
Талпынған илігәр айға алыс

Не болса да, өзімді
Тапсырдым сізге налынып.
Толтырып жасқа көзімді,
Есірке деймін жалығып.

Бұл жерде сшкім сырымды
Білмейді, айтып не етейін?
Жақтырмай бұзсаң нұрымды,
Білдірмей күйіп өтейін.

Күтемін сізден қайта хат,
Қуандырып дертім жаз.
Ол болмаса, шыныңды айт,
Кінә өзімде, өзіме аз.

Өз хатыма өз көзім
Ұялып, қорқып баға алмас.
Кепілім менің — бір өзің,
Бөген жән тесік таба алмас.

**ОНЕГИННИҢ ТАТЬЯНАҒА
ЖАУАБЫ***

(ПУШКИННЕН)

Таңғажайып бұл қалай хат,
Мағнасы — алыс, өзі жас?
Сөзі орамды, әр түрі жат,
Және әдепті, және рас.

Жас жүректің толқығын деп
Жаза алыпсың толтырып.
Бойды жеңіп бұл асыл леп,
Тұрды тыйтық көп құрып.

Тіл буынсыз, бой — таза гүл,
Ақылы артық, ары зор,
Ол — перизат, ойла, өзің біл,
Не болады болса қор?

Ішім елген, құр денем сау,
Босқа үрейім жүр менің.
Жарамайды бекер алдау,
Теңің емес мен сенің.

Бенде көрген бар қызықтың
Бәрің ішкен сұм жүрек
Айныған соң, сен жолықтың,
Айтып-айтпай не керек!

Тәтті дүние көңілімнен
Кетті менің, нан маған.
Енді бізге бір өлімнен
Басқа түк жоқ арнаған

Мен — жаралы жолбарыспын
Жұрттың атқан оғы өтіп,
Сен есірке, сорлы жастың,
Шын сөзіме рақым етіп.

Бала сүйер, жар сүйерден
Түк неме жоқ, тұр денем.
Сен — тоты құс бақта жүрген,
Қай жерімнен пар келем.

Ерге барған ер танымай,
Ер қызығын кім көрер.
Шығарына жол таба алмай,
Қайғыменен босқа өлер.

Айнығыш ер тартса салқын,
Бал сұрасаң, береді у.
Қазымырлап сөздің артын...
Қасиеттен бетті жу.

Мен — сынық жан, жамағанмен
Түзеле алмай түрленіп.
Теңің емес, біл, саған мен.
Не қыласың кірәсің?

Әйел өлмес соқпа дерттен,
Сауыға алмас сынған ер.
Мен — көмірмін қалған өрттен,
Енді рұхсат бізге бер.

Сенің өмірің гүлденіп тұр,
Есігін тап, көр қызық!
Менің өмірім — бір суық сұр,
Күзгі күндей тұр бұзық.

Бірге туған мен ағаңнан,
Шын досыңмын, кем емес.
Соққы жедім сұм заманнан,
Бір жылы сөз ем емес.

Арман етпе, жас күнің көп,
Игілік көр, ерге бар!
Бұл заманның қашқыны деп,
Мен ғарышты есіңе ал.

Менде паңдық, жат мінезден
Дәнеме жоқ, жарқыным.
Осы жазған барша сөзден,
Байқалынар бар шыным.

Басы қатты, сұм жүрегін
Тоқтаға алмай кетті де.
Сорға біткен көкірегін
Сендіре алмай өтті де.

Бар денемнің бәрі — бір мұз.
Қайрылуға жарамас.
Міне дәулет, міне асыл қыз,
Болды маған арам ас.

Ол — жас ағаш, бір қызыл гүл,
Жапырағы жаңғырар.
Сорлы Онегин, жолды өзің біл,
Қай тарапқа қаңғырар.

ОНЕГИН СӨЗІ*

(ПУШКИННЕН)

Хатыңнан жақсы ұтындым сөздің бәрін:
Кірі жоқ, кіршігі жоқ мағналарын.
Жасырмай, жастықпеген, нақтыштықпен
Айтыпты шыншыл тілің бар іңкәрін.

Жасырмай жас жүректің жанған жайын.
Айтуға тілің мұнша қайдан дайын?
Жанып, сөніп, суынып қалған көңлім
Қобалжыйды хатыңды көрген сайын.

Қалмаған Онегиннің ешбір бағы.
Өтіп кеткен жүректің отты шағы.
Мінсіз тілмен сөзінді жазыпсын-ақ,
Ұнатпаған жерім бар сүйтсе дағы.

Болса да сән-салтанат, қызық, әсем,
Тез жалығып айныймын, тұрлауым кем.
Сақтасар, ардақтасар кісі болсам,
Жалғанда сенен басқа жанды алмас ем.

Бүгін сүйсем, сені алсам — ертең жалқып
Суып қайтар көңілім желше шалқып.
Қуантып, қайғы-өңен суалтамын
Біреудің қызыл гүлін тұрған балқып.

Құлайдың толып жатыр күні бүгін,
Жігіттің таный алмай кемшілігін,
Бір алып, қадірлемей, тастап кеткен
Тартып жүр қыянатшыл ер күйігін.

Түксінген өзі суық, сөзі суық,
Келерлік бір жері жоқ жанға жуық.
Өзі антұрған, қазымыр қатын сорлы,
Екі өмірдің лайлап суын тұнық.

Сол баянсыз еркектің біреуі — мен,
Жамандығым жақсымнан екі есе ден.
Жүрек кірсіз, тіл мінсіз, мінезің — гүл,
Не боласың осындай ерменен сен?

Жаңғырмас өткен өмір, біткен мінез,
Лайықсыз кісіге болыпсыз кез.
Сені жақсы көрейін бірге туған
Ағаңдай, онан басқа жоқ үнде сөз.

Жас қыз бән жас бәйтерек — бәрі бірдей,
Жаппағы тұра ма жылда өзгермей?
Менен көрі сөзіңді жақсы ұғушы
Кетер деген ер жігіт бір кез келмей.

Бұл сөзде ақыл да бар, ғибрат та бар,
Өзіңе екінші де пайда болар.
Ақылменен ойласаң деқтау қылып,
Сүйкімді менен артық жан табылар.

**ОНЕГИНИНІҢ ТАТЬЯНАҒА
ЖАЗҒАН ХАТЫ***

(ПУШКИННЕН)

Хұп білемін, сізге жақпас
Ескі жара білтелеу.
Ақ жүрегің енді ұнатпас,
Мезгілі жоқ қай медеу?

Ықтыярсыз мұңды сезім
Кетті ыршып жолыңа.
Мазағыңа бердім өзім
Өз басыңды қолыңа.

Өлі бойға жан жүгірді,
Қайратым құрыш болды, нан.
Мұз жүрегім май сықылды
Ерің, оғ боп күйді жан.

Қор қылуға құдіреттен
Жүрегіме түсті ерт.
Тайды аяғым ескі серттен,
Түсті емсіз қатты дерт

Масқаралап мені тағдыр
Қылды мазақ, не шара?
Менің үшін сен жауап бер,
Менде сөз жоқ, бишара

Менің рабым¹ сен, бас ұрамын,
Тіл жете алмас гүзіріме².

¹ Мешітте имам тұратын орын. Бұл жерде құрметтеп айтқаны

² Себеп, көмшілік. Бұл жерде мұң, мұқтаж мағнасында

Жетпедім, не жасырамын,
Гауһарымның қадіріне.

Сен — ағашта піскен алма,
Қазір едің, алмадым.
Құп кіріптар қылды алма,
Әлде мені қарғадың?

Оң сегіз мың бұл ғаламның
Бар тынысы күнде тұр.
Мен сықылды сорлы адамның
Ықтыяры сенде тұр.

Сен бетіңді әрі бұрсаң,
Шықты көзім, болды көр.
Жанды аларсың разы болсаң,
Біздің орын — қара жер.

Тәңрі добы — бұл ғарып бас,
Кетті амалсыз, қорлама!
Қайта қақты, қайла болмас,
Келді, түсті ордаңа.

Ақылы бар, ықтыярлы
Пенде теппес өз жарын.
Ерік неде, пенде зарлы,
Не білер не боларын?

Сорлы адаммын жер жүзінде,
Бір қуаныш көрмедім.
Не қыласың, ерік өзіңде,
Қайғысы асқан шерлі едім.

Менің өмірім таянып тұр
Үзілуге әм жаным.
Ақ жүзіңді бір көріп құр
Өлсе, болмас арманым.

Күні ертең бір көрінсең
Сорлы асықтың көзіне,
Тәңрі үшін шапқатыңмен
Нан ғарыптың сөзіне!

Не болайын, тез болайын,
Ақ жүзіңді көрейін.
Бар ма өмірім, қармалайын
Жоқ болса, мен өлейін.

Қорғалап құр өтпе өмір бос,
Тағдырыңа карсы бар.
Бір өзіңнен басқа бір дос
Таппасаң, өл, жүрме зар.

ТАТЬЯНА СӨЗІ*

(ПУШКИННЕН)

Тәңрі қосқан жар едің сен,
Жар ете алмай кетіп ең.
Ол кезімде бала едім мен,
Аямасқа бекіп ең.

Талақ етіп бұл ғалымды,
Болды мәлім кеткенің,
Кінәсі жоқ жас адамды
Қатты соққан не еткенің?

Елжіреген жас емес пе ем?
Еппен айтсаң жұбатып.
Мен ғашыққа мас емеспе ем?
Кетсең еді ұзатып.

Сен жаралы жолбарыс ең,
Мен киіктің ылағы ем.
Тірі қалдым, өлмей әрең,
Қатты батты тырнағың.

Бұл кіна емес, әншейін наз,
Сағынамын, айтамын.
Досың-ақпын, тағдыр араз,
Толғанамын, қайтемін.

Сен шошыдың ғашығыңнан,
Өзге жұрттан қамшы жеп.
Мен де сорлы нәсібімнен,
Жатқа тидім «алшы» деп.

Жар табылмас сен секілді,
Мен де — сендей сорлы зар.
Қол-аяғым берік бекілді,
Енді ненің орны бар?

Өз қораның қақпасын сен
Қатты жаптың, не айтайын.
Жат қораның тақтасын мен
Жастанамын, қайтейін.

Қаймақ еді көңілімде,
Бізге қаспақ болды жем.
Екі сөз жоқ өмірімде,
Мен де — сорлы бақыты кем.

Еш қызыққа арманым жоқ,
Бәрі де бар формының.
Біреуіне қанғағым жоқ,
Өзіме аян сорлымын.

Жаным ғашық асылым ең,
Жар есігін бермедің.
Сорға біскен ғашығымсың,
Неге тым кеш сермедің?

Жат есікті және қорып,
Жара салма сен маған.
Жұрт жамандар жатқа жорып,
Жалынамын мен саған.

Үшбу хиял келсе басқа,
Сен жүдер деп мен үшін,
Болар еді қайнамасқа,
Мыс қазандай сорлы ішім.

Ғашық-ақпын еш күмәнсіз,
Ырыс емес. сор үшін.
Көрісуге шыдамаспыз,
Айрылалық сол үшін

ЛЕНСКИЙ СӨЗІНЕН*

(ПУШКИННЕН)

Барасың қайда, қайда болмай маған,
Жас өмір алтын-күміс жарқылдаған.
Келер күн келеді екен не дайындап,
Қараңғы, қарағанмен болжай алман?

Мінеки, келіп қалды атар таңға,
Жарқырап күн де шығар тірі жанға.
Табытқа салып алып, әлде негі
Апарар сырын білмес бір далаңға.

ОНЕГИННИҢ ӨЛЕРДЕГІ СӨЗІ*

Жарым жақсы киім ккіп,
Келді жанға жылы тиіп.
Диуана болды бұл көңлім,
Басылмай бір құшып, сүйіп.

Бойым тұр дал болып ніп,
Көңлім жүр құс болып шүйіп.
Есіркеп сүйгізіп еді,
Кетіпін жүз есе күйіп

Қыдың арам ойыңды,
Бір бұрмадың мойныңды.
Сен ақылмен көңліңді
Тыйып, жеңдің бойыңды.

Мен бұрылып түзеле алман,
Қайтсін дедің сорлыңды...
Атам, анам қара жер.
Сен аша бер койныңды.
Сенен басқа еш жәрден
Таба алмадым орнымды.

1892 — 1893

**ТҰТҚЫНДАҒЫ ПОЛЯК
ЖАНДАРАЛЫНЫҢ СӨЗІ***

(МИЦКЕВИЧТЕН)

Дүрілдеген нажағай,
Бұрқыраған жауынның
Ашылмағы бар ма басынан
Бағы қайтқан қауымның?
Мен орманға барғанда,
Неше түрлі гүл ұстап
Қайтушы едім қолыма.
Гүлдер түгіл бұл күнде
Шөп тағы жоқ маңымда.

* * *

Сұрғылт тұман дым бүркіп,
Барқыт бешпент сулайды.
Жеңіменен көз сүртіп,
Сұрланып жігіт жылайды.
 Әйелмісін, жылама,
 Тәуекел қыл құдаға!
 Өлең айт,
 Үйге қайт!

Атаңды анаң азғырып,
Тұрғызбаған бейішке.
Алласы оны жазғырып,
Әкелді бастап кейіске.
 Әйелде ешбір опа жоқ,
 Бүгін — жалын, ертең — шоқ,
 Белді бу,
 Бетті жу!

* * *

(ЛЕРМОНТОВТАН)

Ал. сенейін, сенейін,*
Айтқаныңа көнейін.
Шалға ораған сопының
Ішін арам демейін.
Ақ кеңілді әділ жан
Табылар деп көрейін.
Я сүйсе, я күлсе,
Елжірейін, төнейін.

Жаралы кеңіл жазылар,
Дүнпеле рахат бар шығар.
Жақсы адам деген құры сөз
Емес шығар, табылар.
Өткен өмір, көрген түс
Не қылғанда бір болар.

Деп нанып ем «маған нан»,
Не таптым мен нанғанның?
Жүрегімді қан қылды
Өткен өмір, өлген жан.
Ақыл іздеп, ізерлеп,
Бәрін сынап сандалған.
Бірін таппай солардың,
Енді ішіме ой салған.
Тұла бойды улатты,
Бәрі алдағыш сұм жалған.
Басыңа тиді байқалдың,
Бәрінен басты шайқалдың,
Тағы бар ма айтарың?
Нанғыш болсаң енді нан!

* * *

(БАЙРОН — ЛЕРМОНТОВТАН)

Көңлім менің қараңғы. Бол, бол, ақын!
Алтынды домбыраңмен келші жақын.
Ішек бойлап он саусақ жорғаласа,
Бейістің үні шығар қоңыр салқын.

Егер сорым түбімен әкетпесе,
Керек қой кәңілді үміт тебіrentсе.
Қатып қалған көзімде бір тамшы жас
Төгілмей ме, бой жылып, ол да ерісе?

* * *

(ГЕТЕ — ЛЕРМОНГОВТАН)

Қараңғы түнде тау қалғып,
Ұйқыға кетер балбырап.
Даланы жым-жырт, дел-сал кып,
Түн басады салбырал.

Шаң шығармас жол дағы,
Сілкіне алмас жапырақ.
Тыншығарсын сен дағы,
Сабыр қылсаң азырақ.

* * *

(ЛЕРМОНТОВТАН)

Өзіңе сенбе, жас ойшыл,
Тіл өнері дертпен тең.
Көңілдің жүгін қыял қыл,
Ызаға тұтқын бой мең-зең.

Қаснет тұтып, ойға ұмтыл,
Қан қайнап, қуат егілсін!
Онан көрі еңбек қыл,
Улы сусын төгілсін!

Ойлай берсең, ой деген
Не қызыққа келер кез.
Кісі айтпаған, білмеген,
Күй әдемі, тәтті сөз.

Тыңдама оны, ұмыт сен,
Бүркен дағы, бар да жағ.
Тамылжытып айтқанмен,
Қыла алмассын сен қымбат

Кез болсаң қайғы я зарға
Күрсатса тілді ұмтылатып,
Алып шықпа базарға,
Асзудайын бұлқынтып.

Қайғы-дертің мейлі мың,
Саудаға салмақ өзіңе ар.
Жаныңа түскен жараның
Іріңін нетсін надандар.

Біліп оған не керек,
Ішпен қайғы жемесең,
Жалтаңдаған жас жүрек
Байғұс-ай десін демесең.

Өз бойыңа болып сақ.
Жан-жағыңа қараңдар!
Күн көріп жұрт күліп-ақ
Сенен басқа жарандар.

Олардың да ешбірін
Қайғы ғман қойған жоқ шығар.
Ойлап, байқап көр түрін,
Таттырмап па дүние зар?

Күлкі болмай қой, жаным,
Сен бүйтесін, ол қайтті?
Олар көрген арманын
Кімге шақты, кімге айтты?

* : *

(БУНИННЕП)

Қорқытпа мегі дауылдан,
Дүрілдеп тұрса тау мен сай,
Шатырлап тұрған жауыннан,
Жарқылдап тұрса түскен жай.

Көк торғындай аспан-көк,
Білемін, жайнап ашылар.
Исі аңқыған сыйшешек
Түрленіп жерді жасығар.

Қорқытпайды қар мен мұз,
Өзге нәрсе қорқытты.
Сйсыз, доссыз, бақытсыз,
Жыбылақпен өмір өтті.

Сондықтан қайғы қат-қабат,
Қарап тұрмын сендерге,
Атасы басқа, өзі жат,
Жалғыз жанша жат жерде.

(ЛЕРМОНТОВТАН)

Қайтсе жеңіл болады жұрт билемек?
Жұрты сүйген нәрсені ол да сүймек.
Ішің берік боп, нәпсіге тыюлысып,—
Паңсымай, жайдақсымай, ірі жүрмек.

Сасқаныңды көрсетпе ешкімге бір,
Сүйтсе де ірісімен кеңесіп жүр.
Кейбірін қауыптандыр мініп тауып,
Кейбірін жылы сөзбен көңілдендір.

Көрінбе ел көзіне әсте қорқақ.
Жанды жан демейтұғын жан шығып бақ.
Анда-санда құтырған киіман емес,
Оныңды жиі қыламай және бол сақ.

Кісімсі қайда жүрсең олжаға тоқ,
Шұқыма халық көзінше қарғаша боқ.
Жұрт — бала, ешнәрсесін тартып алма,
Білдіртпей ештеп алсаң залалы жоқ.

Жат елге жадағайда сөйле шәрғез,
Тар жерде тайпалудан танба әр кез.
Жатты жау деп еліңді үрпитіп ап,
Жауга жабдық деп жыйыл, пайда қыл тез.

ТҮТҚЫНДАҒЫ БАТЫР*

(ЛЕРМОНТОВТАН)

Қараңғы үй терезесі — тұтқын орны.
Көгерген көктің жүзі ескі формы.
Азат құстар аспанда ойнап ұшса,
Ұялып қарай алмас мендей сорлы.

Тәубә жоқ, дұға да жоқ тентек бойда,
Өлең жоқ айтып жүрген талай тойда.
Қан ағып, қайрат қылған майдан менен
Ауыр қылыш, дулыға бірақ ойда.

Тас дулыға, тас сауыт киінгенім,
Денемді қысып жатыр бүгін менің.
Оқ пен қылыш бұзбастай киінсем де,
Қайран атым, иең жоқ жалғыз сенің.

Уақыттай өзі жүйрік ат мінеміз,
Сауыттай шынжырлаулы тереземіз
Тас дулыға болмай ма жатқан үйім,
Шарайнам¹ шойын есік бұ да бір кез

Жүйрік уақыт шаршатпай қоймас ақыр.
Денемді сауыт-сайман қысып жатыр
Бұрын сені біреуге көп жұтсап ем,
Енді өзіме шақырдым, ажал батыр

¹ Шарайна — сауыт

* * *

(ЛЕРМОНТОВТАН)

Күлімсіреп аспан тұр,
Жерге ойлантып әрнені.
Бір себепсіз қайғы құр
Баса ма екен сендені?

Қапамын мен, қапамын,
Қуаныш жоқ көңлімде.
Қайғырамың жатамын,
Нені іздеймін өмірде?

Қайтты ма көңіл бетімнен,
Яки бір қапыл қалды ма?
Өткен күйге өкінбен,
Әм үміт жоқ алдымда.

Іздегенім тәтті ұйқы,
Дүниені ұмытып.
Өлімнің суық дым сыйқы,
Тұрсын өмір жылытып.

Көз ұйқыда, ой тыншып,
Дем алып жатсың көкрек
Кім таласса кім ұрсып,
Көрсем оны — сол керек.

Өзім аулақ бетінен,
Бір орында оңаша,
Дүние деген не деген —
Қыла жатсам тамаша.

Мансап іздер, мал қуар,
Бәрі мақтан іздеген
Мақтанынан не туар,
Ыза қылып өзгеден.

1895 - 1896

* * *

(ЛЕРМОНТОВТАН)

Рахат, мені тастап қоймадың тыныш,*
Ғашық жар, ағайын, дос — бәрі алдағыш,
Жастық құмар, үміттің нұры қайтып,
Күңгірт тартты. бәрінің аяғы реніш.

Ұнатпаймын тағдырды, дүниені,
Жасқантып жалынта алмас ол да мені.
Алладан бәрі бір деп тосып тұрмын,
Алғалы жақсылықты я өлгелі.

Қара жұрт қарап көріп, сөзге нанбас,
Ант етемін жалғанын жан табалмас
Өзі алданып, өзгеден соққы жеген
Және өзі біреуді алдай алмас.

Соққан дауыл сыяқты өмір өтер.
Қайғырмаймын, білемін, көзім жетер
Кеудемде осы жүрек тұрған шақта,
Жақсылық жоқ өзіме мен дәмтер.

Ол жүректің жалынын басар бірақ,
Өлсе көрде бастырған су топырақ
Өзі сүйіп, өзгеден сүйю іздеп
Таппаған сорлы адамнан сөнер шырақ

× * ×

(ЛЕРМОНТОВТАН)

Ғашықтық іздеп тантима,*
Аз күн әуре несі іс?
Өзіңнің қара артыңа,
Өткел өмір бейне түс.
Өлгенше болар бар ма дос?
Қуаныш, қайғы — бәрі бос.

* * *

Махаббат. достық қылуға*
Кім де болса тең емес.
Қазір дайын тұруға —
Бес күндік ғашық жөн емес.

Сүйіспек көңлім ойлайды,
Жанғың бәрі — қатыбас.
Сүйісу тозбай тұрмайды,
Енбекке аз күн татымас

Ой*

(ЛЕРМОНТОВТАН)

Қарасам, қайғыртар жұрт бұл заманғы
Салқын, қуыс — өмірі я қараңғы.
Білім де жоқ, білімге сенім де жоқ,
Өнерсіз қартайар деп біл балаңды.

Жасынан білер ескі шалдың мінін,
Аптық жерін, ақылға кеш енгенін.
Өзі өнерсіз, өмірден тез суынар,
Ойлаған жолаушыдай бос жүргенін.

Жамандық жақсылыққа қарар салқын,
Долығы тез басылып, қайтар қарқын
Ұлыққа қошеметшіл құл сықылды,
Қатерге аяқ баспас, көрмей артын.

Дәл бейне ерте шыққан бүлдіргенше,
Суық соғып бүрісер, дәмі енгенше.
Көзге де, ауызға да қызығы жоқ,
Қызығы — үзілгені бос жүргенше.

Пайдасыз ғылымменен мый кептірер,
Дос-жарға мақтан етіп, бұлдап көрер.
Жақсы сөз, жақын үміт тәттілікті
Кемітер, кәңіл қоймас, кекеңкірер.

Қуаты қызық қызмет тойларының
Қос қыртысын кетірмес ойларының.
Лап бергіш, к.. айналғыш, қайта ойланғыш
Тыянақ, оты сөнген боғдарларының.

Келісімді тәтті ой, әр шеберлік
Қуантпас ойын қозғап пәлен дерлік.
Өз кеудесін өзі аңдып, бой салдырмай,
Тоқымдығы бусанбас неткен ерлік?

Жек көрер, жақсы көрер — кезі білер,
Ашуы, махаббаты босқа сөгер.
Жанында суықтық бар бір жасырын,
Қаны отты жас күнінде шықпас егер.

Бала мінез ойыншы бұрынғылар
Аңқау екен, мазақтап соны сығар.
Артқа қарап, ақ бейіл шалға күліп,
Абұйырсыз, атақсыз көрге құлар.

Көп салқын бірін бірі ойына алмас,
Кетер жым-жырт, артына із қалдырмас.
Ой қозғарлық артқыға түк қалдырмай,
Ұмыт болар, жоғалар, көпке бармас.

Досың жоқ, дұшпаның жоқ, тынш жатасын,
Мал үшін аш қатасын, жан сатасын.
Әкесі аштан елген кісідей-ақ,
Неткен жұрт мал өлтірген жеті атасын?!

ҚАНЖАР*

(ЛЕРМОНТОВІАН)

Сүйкімді болат қанжар тұрсын жайнап,
Ыстық, суық майданда шығады ойнап.
Грузин ашулы ұста кекке соққан,
Ер шеркес соғыс үшін алған қайрап.

Еркелі нәзік қолмен маған тиді,
Ұмытпа деп айрылған жерде берді.
Қан сорғалар жүзіңе жас сорғалап,
Қайғымен өртегеннің белгісі еді.

Қара көз қарап маған көп қадалған,
Құпия қайғы өртеніп бойын алған.
Болатша, дірілдеген жалын көрген.
Бір күңгірт тартып және оттай жанған.

АЛБОМҒА*

(ЛЕРМОНТОВТАН)

Сал демеймін сөзіме ықласыңды,
Қайғылы өлең еттім өз басымды.
Көкірегім, бар сырым өз әлінше,
Көрінгенге көрсетпей, көп жасырды.

Қол жазуды ермек ет, жатпа бекер,
Бұл көңілсіз дүниеден көп жыл өтер.
Өзі қысқа, өзі асау, тентек өмір
Арттағыға бір белгі қойса нетер?

Кім біледі, кез болса, арттағылар
Ойға салып оқыр да, сөзін сынар.
Көзін салып, ойланып кейбір сөзін,
«Рас-ау» деп мағнасын ол дағы ұғар.

Кім білер, жабырқаңқы жазған сөзім
Жібермей көп тоқтатар оның көзін.
Жолаушы жол үстінде тамаша еткен
Сықылды өткен жанның бір күмбезін.

1897

* * *

(ЛЕРМОНТОВТАН)

Босқа әуре боп келдің бе тағы мұнда? *
Хүкімші шалдар мәз боп отыр ма онда?
Антұрғандық қылығын алла ісі деп,
Нандыар қандай сопы, қандай молда?

Мені өлтірді-ақ, не пайда осыларға?
Менің өмрім оларға қосылар ма?
Ол шалдар қыршын жасты қыйғанменен,
Өз бойына жапсырып тұшынар ма?

Сопысынсын, хақ десін, хақты ұмытсын,
Әділетсіз бір жастың басын жұтсын.
Қайнап тұрған қанымды ішкенменен,
Қаңсыған, қатқан ішін не жылытсын?

Өлтірер, жерге тығар, мола қылмас,
Сүйтсе де жер томпайтпай қойын болмас.
Дірілдеп сол молаға шықса шалдар,
Басқыш болып аспанға шығара алмас.

Бейкүна зорлықпенен шыққан жаным
Бейіске басшы болар деме, залым!
Суық қабыр — қараңғы ұйқы орны ғой,
Оңай ма жас өмірден айрылғаным?

Мен жаспың, білесің бе жастықты сен?
Не қызықты үміт бар ойға келген!
Көріп пе ең я болмаса ұмыттың ба,
Іштегі отты достық печ қастық деген?

Ай, жұлдыз, ағарған таң, жарық күн бар,
Жазғы құс, жапырақта қандай мін бар?
Күндізгі hareketтен босағанда,
Өзіңе өзің тиген тәтті түн бар.

Сағыныш бар, дүниеде жұбаныш бар.
Көңілді көтеретін қуаныш бар.
Құлын-тайдай айқасып, ойын салып,
Кептерше сүйеніскен демалыс бар.

Дүниедегі қызықтың бүгін бәрі
Саған салқын тартқандай, сен — бір кәрі.
Болсам деген талапты ұмытқан соң,
Құр кеудеге өмірдің несі дәрі?

Мен — сен емес, жас күнім жайнап тұрған,
Жүректе түрлі талап қайнап тұрған.
Сендер сүрдің, мен де өмір сүрмес пе елім?
Бір шырақ сөнер кетер саулап тұрған.

Есіткелі келдің бе сырымды сен?
Олардың мақсаты не — білмеймін мен
Менің ісім өзіңе мәлім шығар,
Көңілді түгел айтып болмайды екен.

Менің кеудем сендерге сандықпен тең,
Мүмкін болса, қақ жарып ашып көрсең,
Ішін түгел көрген соң өз көзіңмен,
Тахқиқ¹ мені күнәкар, қу демес ең.

Мейлің өзің, монастырь қылған істі
Алла ісі деп көңліңде көрсең күшті.
Хақ салған жол — кеудемде бір закон бар.
Оны құдай өзгеннен кем демес-ті.

Ақтығымды біледі сол көкірек,
Сол законге билеткен біздің жүрек.
Алла берген қауыпты осы сырым
Көрге бірге өзіммен барса керек.

¹ Анық, айқын, рас.

Мен — өлі жан. ешкімді талғамаймын,
Рахымсыз билеріңді қарғамаймын.
Мен кешерлік сүйтсе де іс қылған жоқ,
Разымын деп жалған сөз жалғамаймын

Қазір тірі, дүниеге мен де ортақпын,
Осы күн батпай батып жоғалмақпын.
Алдыңдағы асау жас қайнап тұрған
Мен болмаспын — бір уыс топырақпын.

* * *

(ЛЕРМОНТОВТАН)

Менің сырым, жігіттер, емес оңай,*
Ешкімнің ортағы жоқ, жүрсін былай!
Нені сүйдім, дүниеде неден күйдім,
Қазысы оның — срым мен бір-ақ құдай

Жүрегім екеуіне жалбарынар,
Рақымдық пен әділ сор деп жалынар
Мен тентек пе, түбінде кім жазалы,
Қайғыны жіберуші өзі сынар

Надандар былшылдайды, құп алмайды.
Үлкен жарның қиялын ұға алмайды
Теңізден таудай толқын соқса дағы,
Жағадағы жартасты жыға алмайды

Құдай мықты жаратқан үлкен жартас,
Былш-былш еткен бет бұрып судан қайтпас
Бұлытта суық дауыл, жаймен сырлас,
Өзгені жан екен деп сырын айтпас

ДҰҒА*

(ПЕРМОНТОВТАН)

Өмірде ойға түсіп кем-кетігің,
Тулағыш мінезің бар, жүрек, сенің.
Сонда сенің отыңды басатұғын,
Осы өлең — оқыйтұғын дұғам менің.

Ішінде бір қуаты барға ұқсайды,
Тірі сөздің жаны — сол, айрылмайды.
Қасиетті напасы¹ желдей есіп,
Қайнап тұрған ыстық қан салқындайды.

Жаныңның ауыр жүгі жеңілгендей,
Көңілден кернеген кек кемігендей —
Болады жылауға да, сенуге де,
Жүректің басынан у төгілгендей

¹ Ұру, үшкіру Бұл жерде үні, сөзі деген мағынада

ҚАСИЕТТІ ДҰҒА*

(ЛЕРМОНТОВТАН)

Өмірден тепкі жесем жазығым жоқ,
Ешнәрсеге көңілім болмаса тоқ.
Қайта қайта оқысам бір дұғаны,
Сөніп қалған жүректе жанады шоқ.

Қуаты бар дұғаның қуантарлық,
Қапаланған жүректі жұбантарлық.
Адам ұқпас бір тәтті лебізінен
«Уан» деген естілер ұлы жарлық.

Көңілім ауыр жүктен бір құтылар,
Кек арылып көкіректен, ұмытылар.
Адамның баласына ашып жаным,
Езгілікке жүрегім бір ұмтылар.

Ерекше естен кетпес қызық қайда?
Жолығатын қыз қайда терең сайда?
Сұлулығын қояйын, мінезі артық,
Ақылды, асыл жүрек, сөзі майда.

Бұл өмірдің қызығы махаббатпен,
Көрге кірсең үлгілі жақсы атақпен,
Арттағыға сөзің мен ісің қалса,
Өлсең де, өлмегенмен боласың тең.

Жүректен ізі кетпес қызық көрсек,
Жақсылықты аянбай жұртқа бөлсек,
Жақынның да, жартың да, асықтың да —
Бәрінің де қызығын көріп білсек.

Қалқам-ай, меч үндемей жү, емін көп,
 Ойлама отсыз, сйсыз, суық жан деп.
 Жүректегі жалынды көзден жас қып
 Ағылғаным болады ол есте сен?

Антұрған ел көзіне тік қараймын,
 Соңымды сен сөгеді-ау деп ойлаймын.
 Жүрегімді кескілеп салып жүрген
 Арсыздарды досым деп неге аяймын?

Ішімде қайғым қалың, көз жасым кем,
 Адам жоқ, кімді дос деп мен шағушы ем?
 Әйел адам гүлмен тең, дымды сүймек,
 Кезінен жасы шықса, бейбіт ел.

Кеңліңе дайын тұр ғой жайым менің,
 Дұшпандығың қатайған шығар сенің.
 Егер менің ішімді жарып көрсең,
 Жылауынды ұқтытып, шошыр едің.

* * *

(В. А. КРЫЛОВТАН)

Мен көрдім ұзын қайың құлағанын,
Бас ұрып қара жерге сұлағанын.
Жапырағы сарғайып, өлімсіреп,
Байғұстың кім тыңдайды жылағанын?

Мен көрдім ойнап жүрген қызыл киік,
Кеудесіне мылтықтың оғы тийіп,
Қалжырап, қапсыраған, қабақ түскен,—
Кімге батар ол байғұс тартқан күйік?

Мен көрдім сынық ганат көбелекті,
О да білер өмірді іздемекті.
Күн шуаққа жылынар қалт-құлт етіп,
Одан ғибрат алар жан бір бөлек-ті.

Мен көрдім ғашық жардан уәлесіздік,
Өмірдің қызығынан күлер үздік,
Жылы жүрек суынды, жара түсті,
Шықпаған шыбын жанмен күн өткіздік.

Мен көрдім дүние деген иттің к...
Жеп жүр ғой біреуінің біреуі етін,
Ойлы адамға қызық жоқ бұл жәлғанда.
Көбінің сырты бүтін, іші түтін.

ТЕРЕКТИҢ СЫҢЫ*

(ПЕРМОНТОВТАН)

Асау Терек долданып, буырқанып,
Тауды бұзып жол салған, тасты жарып.
Арыстанның жалындай бұйра толқын
Айдаһардай бүктеліп, жүз толғанып.

Кавказдан шықты жейнап, қылып у шу,
Түзу жерден жол кернеп ұлғайды су.
Қалың қайрат бойында, беті күліп,
Момыңсыған пішінмен ағады қу.

— Кавказдай құзда туған перзенттенмін,
Бұлттың сүтін еміп оржеткенмін.
Казбектен ағам, сені көксеп шығып,
Кім қаңғықса жолымда, күйреткенмін.

Зор кеуде адамзаттың айласына
Көнбей, бүгін күшімді көрсеткенмін.
Екі езуім көпіріп, айғайласам,
Шын құтырсаң, іңің тасты гербеткенмін.

Аптығың асау інің келді, аңсақал!
Тау, тасқа, адамзатқа салып жаңжал.
Дем алайын деп келдім, аң қойныңды,
Сәлем-сауқат әкелдім, қош кәріп ал.

Әкелген бұғы менен маралым бар,
Адамнан тартып алған көп малым бар.
Ер-тоқымы, атымен, қаруымен
Ер шеркесті әкелген амалым бар.

Мұның бәрі — тартуым сізге, — дейді,
Ақылыңды айт, ақсақал, бізге, — дейді
Бақша, зауат, жайларды қылдым талқан,
Әрбір бай жалдап жатыр жүз кедейді.
Қартаң Каспи қалғыған бойыменен
Терекке көзін ашып үндемейді.

— Азырқандың, білемін, ақсақал шал,
Тентегіңнің сөзіне құлағың сал.
Казак орыс қатыны бір сұлуды
Әкеліп ем, қайтейін, оны дағы ал!

Кәрі Каспи қара көк көзін ашты,
Жылы жүзбен Терекке амандасты.
Жыбыр қағып, қозғалып, сық-сық күліп,
Қатынды алды, қыйтыксыз ғраласты.

(ЛЕРМОНТОВТАН)

Жолға шықтым бір жым-жырт түнде жалғыз,
Тастақ жол жарқырайды буға амалсыз.
Елсіз жер тұрғандай боп хаққа мұлгіп,
Сөйлесіп ымдасқандай көкте жұлдыз.

Мен көрдім көктің ғажап жасалғанын.
Жер ұйқтап, көкшіл шықпен бу алғанын.
Менің не мұнша қапа, қысылғаным?
Үміт пе, өкініш пе ойланғаным?

Дүниеден үмітім жоқ менің деймін,
Өмірге өткен шиттей өкінбеймін.
Азаттық пен тынышлық көксегенім,
Ұйқтамақ пен ұмытпақ деп іздеймін.

Өлімнің ұйқысы емес іздегенім,
Ұйқы, тынштық, ұмыту — бер дегенім.
Көкрегімде өмірдің күші тұрып,
Іздеймін дем алысты үзбегенім.

Су сылдырап, жел күлеп, күн шуақтап,
Жылылық пен достықты тұрсын мақтап.
Өнген, өскен жақсы деп емен ағаш,
Теңселіп айтып тұрса ол шайқақтап.

ШАЙТАН*

(ТЕРМОНТОВТАН)

Мұңлы шайтан — құдайдың қуған жаны,
Күнәлі жер кез келіп бір ұшқаны.
Өткен жақсы дәурені ойында оның,
Сондағы не көргені, не қылғаны.

Ол күнде нұрлы бейіс ішінде екен,
Өзі де періштелер түсінде екен.
Жылы жүзбен жұлдыздар жылжып жүріп,
Сәлемдесер, сөйлесер күшінде екен.

Ол күнде кез жетпесті көп көздеген,
Түгел білем қайда екен деп іздеген.
Мапа-жалғыз білімнен бақ шықпайды,
Өшеусіздің сыймасын бір сезбеген.

Босағасы кең елі, төрде орын тар,
Төрде жалғыз отырмақ ойында бар.
Жалғыздық — бір тәңрінің сыбағасы,
Өршілдікпен лағнетке болған дүшар.

Құдайым шайтансың деп, лағнет етті,
«Лағнетпен» де қор бола қалман депті
Алладан қарғыс алған кеудесінен
Сүю мен сол сағатта сенім кетті.

Адаммен сөнән бері болды кекті,
Өлмес, өшпес өзіне көзі жетті.
Не қылғанмен қуанар болмаған соң,
Несіне жер дүниеге бәле септі?

Тыянақ, сенім, сүю көрмей өтті,
Алаң-жұлаң етіпті, тентірепті.
Алласыз дос таппады, сыр таппады,
Неше мың жыл кезсе де төңіректі.

Жаманды күнде азғырса, жан демеіді,
Жақсы жаннан кей-кейде таяқ жейді.
Күнінде неше бүлік шығарса да,
Еңбегі жанған жан боп сүйінбейді.

Сүйтсе де жамандыққа бір тоймаған,
Антұрғандық қылығын еш қоймаған.
Баяғы алдау, ескірген кәрі иттікпен
Не қылдым, не бітірдім деп ойлаған.

«Ақылға, өмірге де адам кенде,
Өлмес өмір, қайрат, күш — бәрі менде
Күнінде жүз қуанып, күліп жүрген
Осы адам уайымсыз не еткен бенде?»...

ЕМЕН МЕН ШІЛІК*

(КРЫЛОВТАН)

Шілік пен емен бір күн сөйлесіпті:
— Аллаға неден жаздың, сорлы?— депті
Торғайға да майысып солқылдайсың,
Жел бұлақ етсе тебесің әлпеншекті.

Құдай басқа салмасын сен секілді
Желмен жерге жығылып, жар сүзбекті.
Обалың бір құдайға, байғұс, сенің,
Кактырып қойған мұнша бос селтекті

Қарашы маған, сендей сорлы емеспін,
Тау, жартасқа ұзарып бой теңестім.
Сенің қорққан дауылың — маған өлкек,¹
Маңғыта сзуле өткізбей күнге егестім.

Тырып етпес менің күшім жауын желге,
Жапырағым көлеңке талай жерге.
Бғыма сені де алып қорғар еді,
Иен сені бітірген иен деңге

— Есіркегіш екенсің,— деді шілік —
Оыша сорлы емеспін, тартпа күйік!
Сынбаймын майыссам да, солқылтаймын,
Желден маған келмейді еш кешілік.

Бүгінгі аман бола ма үнемі аман?
Кердеңдікпен деп тұрсың не бар маған
Шалқақтық иілмейтін кімге жакқан.
Екпінге ерегіссең, қатер саған.

* Майда жел

Кавказға бір қап-қара бұлт мінді.
Естіп тұрған кісідей тау күңренді
Жер-түниені шаң, тұман қабат басып,
Ойнақ қағып, құтырып дауыл келді

Арты бұршақ, алды шаң, жел құтырды,
Шілік жерге бас ұрды, емен тұрды
Басы көкке, сыйрағы жерге енсе де,
Ақырып долданғанда алып ұрды.
Майысқаннан шіліктің несі кетті,
Батыр, мақтан көйлемі сегі де о ғұрлы

ҚАЗАҒА ҰРЫНҒАН ҚАРА ШЕКПЕН*

(КРЫЛОВТАН)

Қорасына бір байдың
Түнде кірді ұрылар.
Қазнасы қайла сондайдың,
Аңдығыш, білгіш құрғырлар.

Біліп кеп тұрған лапкесін,
Бұзып, талқан етіпті.
Түк қалдырмай әммесін
Үштепті де кетіпті.

Қайғысыз жатып, қарны тоқ,
Ұйқысы қанып тұрды бай.
Сыр жалаңаш, түк те жоқ:
Лапкесі, үйі айналай.

Есі шықты, көрді де
Ұры иттің қылғанын.
Ойбай салды, білді де
Қаса сорлы болғанын

Кешегі елдің бір байын
Бір түнде қалай мұнша алу?
Ояна келсе, дап-дайын
Қайыршы болу, қап салу.

Ойбай салды, зарлады,
Құр қайғыдан пайда жоқ.
Төңіректі шарлады,
Ұрыны табар айла жоқ.

Қарны да әбден ашады.
Ішеріне шай да жоқ.
Қайтерін білмей сасады.
Осындайлар қайда жоқ?

Ағайынын, досшарын
Жыйып алып үйіне,
Жылады шағып мұң-зарын,
Болыстық қыл деп күйіне.

Бәрі ақылды, бәрі есті.
Бәрі желдей еседі.
— Болмас еді бұл,— десті,—
Өзіңнен болды,— деседі.

Біреуі айтты:— Лапкенді
Мұнша алысқа салмау гой,
Аулаққа тастап әрнеңді,
Бүйтіп гапыл қалмау гой.

— Аузың күйді аулақтан.
Енді жақын салсаңшы.
Қабаған біздің мойнақтан
Бір күшікті алсаңшы.

Бір күшікті сіз үшін
Берейін, құда, келтіріп.
Жылда талай күшікті
Бос қырушы ем өлтіріп

Бөз орына сөз беріп,
Құда, тамыр, дос кетті.
Қол ұстамай, көз көріп,
Айтқан арыз бос кетті.

Ағайынға іс түспек —
Ол бір үлкен қарғыс қой.
Аларың сонда ең күштеп —
«Бишара» менен «байғұс» қой,

ЖАРЛЫ БАЙ*

(КРЫЛОВТАН)

Жаман үйде жалғыз мал,
Өзі — кедей, күңренді.
Өзі көрген байлардың
Мінезінен жиренді.

Өзіне өзі сөйлейді,
Сөйлегенде не дейді:
«Обал жоқ осы байларға
Мал қызығын көрмеген,
Жақсы төсек, тәтті ас жоқ,
Жан қадірін білмеген.

Салпыл қақты, түн қатты,
«Мал-мал!» деді, мал тапты.
Байыған сайын күтім жоқ,
Бейлі кетті, ант атты.

Қартайғанша қақақтап,
Бұл тәңрі атқан талмай ма?
Иттеніп жүріп өлмей ме?
Өлсе, бәрі қалмай ма?

Маған бітсе осы мал,
Жанымды неге қыстар ем?
Мың теңгені бір сомдай
Қызығыма ұстар ем.

Сән салтанат жүруім
Болар еді татымды
Есігер еді алыс жер
Қызықты жомарт атымды.

Байлықпен пайдам гигізіп,
Сыйлар ем алыс-жақынды.
Сараңның дәулет — өз соры», —
Деп айтыпты ақылды.

Аузын жыймай бір адам
Кіріп келді тесіктен —
Жәдігөй ме, шайтан ба? —
Әйтеуір әлгі сөзді есіткен.

Келе сала сөйлейді:
«Байлықты керек қылдың сен.
Қылайын деген ісінді
Мен есіттім байлықпен.

Сен мына бір ішінде
Ділдәсі бар дорбаны ал!
Бірін алсаң, және бір
Ділде дайын, қолың сал.

Санап ала бер дағы,
Дегеніндей бола қал.
Қанша керек болса да,
Міне дәулет. міне мал.

Бірақ, байғұс, айтайын
Мұның бір сертін, қатты антын:
«Дорба қолда тұрғанда,
Ұстауға жол жоқ бір алтын

Дорбаны әуел доррияға ат,
Тойғаныңша ал дағы.
Онан соң өзің білесің,
Ұстай бер қайғып бар дағы»

Дорбаны берің, жоғалды,
Аң таң қылып байғұсты.
Есін жыйып алған соң,
Дорбаға келдей жабысты.

Айтқаныңдай, дорбаға
Қолын салды, бірді алды,
Және бірі дағ-дайын.
Есі шығып таң қалды

«Таң атқанша осылай
Бере берсе бұл дорба,
Талай алтын жыям ғой,
Ертең менен бай бар ма?»

Қалбалақтап түн бойы
Алып бақты бұл сорлы,
Қанша алтын алса да,
Тоя алмады ол ғұрлы.

Қарайды да алтынға,
Қомсынады «аз ғой» — деп,
«Қыстау керек, үй керек,
Сән-салтанат, расход көп.

Азар болса аштыңқа
Тағы бір күн шыдармын.
Алтын ассын есепген,
Содан кейін армансыз
Қыл дегенін қылармын».

Үйіндегі бір нақты
Бір ай жеді аз-аздан.
Бір күн түгіл, бір айды
Ынсап қылмай ол жазған

Дорбаны суға салғалы
Дарияға жүз барған.
«Бүгінше тұрсын, өлмен» деп,
Үйіне қайта апарған.

Дорбаны сауып тыныштықсыз
Бір ай түгіл, жыл өтті.
Алтыңдай жүзі сарғайды,
Қол дірілдеп, әл кетті.

Ассыз, сусыз, дерт жеңіп,
Өзі де әбден жүдепті.
Тсғыз миллион санарда
Ажал жетті, күн бітті.

Алтын қайда, сөз қайда?
Қу нәпсіден не пайда?

ЕСЕК ПЕН БҰЛБҰЛ*

(КРЫЛОВТАН)

Тойған есек шөпті оттап маңайдағы
Сонырқап шатқа кетті қай-қайдағы.
Қаңғырып өлкені өрлеп келе жатып,
Жолықты бір бұлбұлға тоғайдағы.

— Сенбісің ақын бұлбұл, жаңа көрдім,
Атыңа жұрт мақтаған құмар етім.
Бір сайрап берсең, қалқам, өзім естіп,
Рас па екен жұрттың сөзі, сынар едім.

Өнерге салды бұлбұл сонда аңратып,
Шыңғыртып, шымырлатып, сорғалатып.
Мың түрлі күйге салып толқынтады.
Маңайда жан біткенлі таңырқатып.

Қой жатыр, қойшы тындап тұрды елбіреп,
Көзіне қып-қызыл боп жас мөлдіреп.
Жел соқпай, құс шуламай, бәрі жым-жырт,
Әнге көңіл жіберіп тұрды елжіреп.

Бұлбұл болды, тссып тұр есек сөзін,
Есек жерге қаратып екі көзін:
«Іш пыспай-ақ тыңдарлық бар екенсің,
Әттегене-ай, білмспің әтешті өзің!

Екенсің ән салуға сен дағы епті,
Сен біраз әтеш әнін үйрен!»— депті.
Бұл сықылды сыншының сөзін естіп,
Көз көрмеске бұлбұл да ұшып кетті

Демеймін мені мақтасын,
Я жақсын, я жақпасын.
Сүйтсе де мұндай сыншыдан
Құдайым бізді сақтасын.

ҚАРҒА МЕН БҮРКІТ*

(КРЫЛОВАҒАН)

Қой жайылып жаздыкүн
Шыққан екен қылға,
Аспаннан бүркіт құйқылаып,
Сорғалап келіп ыраға,¹
Бір қозы іліп ап кетті
Құздағы қыйын ұяға.
Екпіні күшті ер үшін,
Еңбек қылды жем үшін
Ұядағы балаға.
Көрді де мұны бір қарға,
Желікті бір іс бастарға:
«Қозыны да тамақ деп,
Кім ап шықсын тастарға!
Ең семізін ілейін
Қызық қылып ашарға»,—
Деді дағы, аралап,
Жабысты келіп қошқарға.
Қалшылдап, дірілдеп
Тырнағын салады,
Қанатын қайқайтып,
Әкетпек болады.
Бүркіттей емес екені
Кешікпей-ақ білінді.
Жабағыға тырнағы
Шықпастай боп ілінді.
Жалпылдап, салпылдап,
Қойшыларға көрінді.
Әддін² білмес шіркінді

¹ Таудың құлама етегі.

² Күш, шама деген мағынада.

Құдай әбден қарғалы.
Қойшылар көріп күлісіп,
Ұстап алды қарғаны.
Құрысын да шіркіннің,
Семіз қойды алғаны.
Үшпасын деп қыймаған
Қанат, құйрық қалмады.
Бір жіпті берік бек байлап,
Аяғына жалғады.
Балаларға ойын боп,
Қор болып сүйтіп қалғаны.

Азат басың болсын құл,
Қолдан келмес іске ұмтыл!

ШЕГІРТКЕ МЕН ҚҰМЫРСҚА*

(КРЫЛОВТАН)

Шырылдауық шегіртке
Ыршып жүріп ән салған,
Көгалды қуып гөлайттап,
Қызықпен жүріп жазды алған.

Жаздыкүнгі жапырақтың
Бірінде тамақ, бірінде үй.
Жапырақ кетті, жаз кетті,
Күз болған соң, кетті күй.

Жылы жаз жоқ, тамақ жоқ,
Өкінгеннен не пайда?
Суыққа тоңған, қарны ашқа
Ойын қайда, ән қайда?

Оныменен тұрмады,
Қар көюінді, қыс болды.
Сауықшыл сорлы бүкшиді,
Тым-әк қыйын іс болды.

Секіру қайда, сүрініп?
Қабағын қайғы жабалы.
Саламда жатып, дән жыйған
Құмырсқаны іздеп табалы.

Селкілдеп келіп жығылды,
Аяғына бас ұра:
— Қарағың, жылат, тамақ бер,
Жаз шыққағша асыра!

— Мұның, жаным, сөз емес,
Жаз өтерін білмеп пе ең?
Жаның үшін еш шаруа
Ала жаздай қылмап па ең?

— Мен өзіңдей шаруашыл,
Жұмсақ илеу үйлі ме?
Көгалды қуып, ән салып,
Өлеңнен қолым тиді ме?

— Қайтсін, қолы тимепті,
Өлеңші, әнші есіл ер!
Ала жаздай ән салсаң,
Селкілде де, билей бер!

ӘНШІЛЕР*

(КРЫЛОВТАН)

Көршіні көрші шақырды,
Болды да сыйлап ас бермек.
Қулығын іште жасырды:
Баланың әнін есіттірмек.

Балалар шулап, бақырды,
Ынтасы — даусын білдірмек.
Қонақтың күйін қашырды,
Басты ауыртты көп дүрмек.

Алды-алдына кетеді,
Қосылмайды әндері.
Құлағынан өтеді
Құр айғай салған сәндері.

— Япырмай, көрші-ай, не қылды?³
Бас ауырды, қаңғырды.
Құлағын басып жалынды,
Қойғыза көр деп құрғырды.

— Дым-ақ даусы күшті екен,
Бекер де емес сенікі.
Сүйтсе де арақ ішпеген
Есті ұлдар ғой менікі.

Есі шықпай мұнан да ішкен артық,
Қыйсыны жоқ қышқырған не еткен тантық!¹

АЛА ҚОЙЛАР

(КРЫЛОВТАН)

Бір таудағы қайуанды бір арыстан
Билеген патшасы екен әуел бастан.
Әділ атақ алмақшы ниеті бар,
Ешкімді ауыртпастан, жылатпастан

Онысы рәс, басында тәуір болған,
Сүйтсе де кімді бұзбас бақ ситұрған.
Алдынан жан шықпаған патшамыздың
Ала қойды көргенде көзі ауырған.

Ала қойла кіно жоқ жүннен басқа,
Қойдан қашып шығыпты гатша тасқа.
Көрсен қаза тұрады аза бойы,
Болмады бұған айла ойламасқа.

Тұрды патша қайғырып уайым жеп:
«Ала қойды болады қайткенім еп?»
Аю, түлкі — қасында уәзірлері,
Кеңеседі оларға «қайтемін?» — деп.

Қолбаң етіп, қорс етіп сөйледі аю:
— Батыр патшам, не керек көп ойлану?
Қойды жан деп, есіркеп кім аяйды?
Ақылы ала қойдың — қырып салу.

Қабағын түйді арыстан сөзін ұғып:
— Өлтірмегім оңай-ақ қойды сығып.
Өз жұртын өзі қырған патша бар ма?
Жаман аттаң қорқамын кетсе шығып.

— Бекер қан төктірмеңіз, әділ патшам,
Сөкпеңіз,— деді түлкі,— мен сөз айтсам
Оңаша бір өзенді қойға беріп,
Қайраныңда семіртіп, кең жайлатсаң.

Жарлықты кешіктірмей тез беріңіз,
Жаманды жақсыменен тең көріңіз.
Ала қой қорыққаннан өзі азаяр,
Қойшылыққа қасқырды жіберіңіз

Қара деп қатты тапсыр ала қойды-ақ,
Өзгесі өсер. ол кемір, сөзіме бақ.
Жақсы сөзбен біреуге тапсырған соң,
Жамән аттан боласыз сіз дағы аулақ

«Құп», деді, оны арыстан қабыл көрді,
Қасқырға «жақсы бақ» деп жарлық берді
Ала түгіл ағынан тыныш бопты,
Түлкінің айтқанындай қылып еді.

Түлкінің айтқаны рас, жұрт — ақылсыз,
Көре салды қасқырдан баяғы арсыз.
Антұрғандық түлкі мен арыстанда,
Ол болмаса, не қылмақ қасқыр жалғыз?

ҚАРҒА МЕН ТҮЛКІ*

(КРЫЛОВТАН)

Жұрт біледі, күледі,
Сұрқия тілдің жаманын,
Қошеметшілердің амалын.
Сонда да солар қайда жоқ?
Ептеп айтса, ересін,
Артынан өкіссең де пайда жоқ

Ірімшікті құдайым
Кез қылды бір күн қарғаға.
Алып ұшып барды да,
Қонды бір биік ағашқа.
Үлкен олжа емес пе,
Ірімшік деген қарны ашқа?
Бір жеп алып, шүкірлік
Қылайын деп аллаға,
Тұмсығында ірімшік,
Ойланып қарап тұр еді,
Бір қу түлкі сорына
Жақын жерде жүр еді,—
Ішіне сақтап қулығын,
Ептеп барып барлайды.
Бұлғақтатып құйрығын.
Қарғаның көзін алдайды.
Тәтті тілмен, тәтті үнмен
Сөйлесуге айналды:
«Қарағым, не еткен сұлу ең!»—
Деп таңырқап таңданды.
«Не еткен мойын, не еткен көз!
Осыдан артық дейсің бе,
Ертегі қылып айтқан сөз?»

Қалайша біткен япырмай,
Мұрныңыз бен жүніңіз!
Періштенің үніндей
Деп ойлаймын үніңіз.
Осы көрікпен, бұл жүнмен,
Әншілігің белгілі,
Ұялмай, қалқам, бір сайра,
Біз де алалық үлгіні.
Құс төресі біздерге
Сіз боларсыз бір күні».
Басы айналды қарғаның
Сұмның айтқан сөзіне.
Қуанғаннан бөртініп,
Бір мастық кірді өзіне.
Өзіне біткен өңешін
Аямастан қарқ етті,
Ірімшік жерге салп етті
Іс бітті, қу кетті.

ҚАРҒА МЕН ТҮЛКІ*

(ҚРЫЛОВТАН)

Боқтықта талтаңдап,
Жан-жаққа жалтаңдап,
Бір қарға жүр елі.
Бір жатқан ірімшік
Көзіне түседі.
Көңілі өседі.
Ірімшікті көрінген
Тістеп ап ұшады.
Бір ағашқа қонды да,
Асықпай жемек болды да,
Мазатсып қарады
Оңына, солына.
Ағашқа қонып, қаранып,
Қанатын, жүнін таранып
Болмақшы еді мәз-майрам,
Дейтін емес қу қайдан,
Жем іздеген бір түлкі
Кездей келді сорына.
Ағаштан төмен түспеген,
Ірімшікті тістеген
Қарға түсті көзіне.
Қу құмар ақмаққа
Алдап, арбап соқпаққа
Кенеседі өзіне.
Жуасып, жабырқап,
Таң қалып, таңырқап,
Қарады жүзіне.
Қарашы залымның,
Бұл жұртқа мәлімнің
Алдаған сөзіне:

— «Есен-сау жүрсіз бе,
Ақынның төресі?
Көп жерден белгілі
Тегін құс емесі.
Жүніңіз, үніңіз,
Мұрныңыз, көзіңіз,
Құлаққа көп тиген
Мақталған кеңесі.
Басынан өзгеше
Бітіпті денесі.
Көп жерден, қалқам-ай,
Құмарым тарқамай,
Сізді іздеп келіп ем.
Сүйінсін құлағым,
Тарқасын құмарым,
Әніңе бір салшы,
Асық боп келіп ем».
Мақтауға есіріп,
Барынша көсіліп,
Ырғалып қарқ етті,
Ірімшік жерге салп етті.
Тап етті, шап етті,
Ап кетті қу түлкі.
Антұрған, сол тұрған
Жеріңде бол күлкі.

БАҚА МЕН ӨГІЗ*

(КРЫЛОВАН)

Қарасаң, дым-ақ көп
Көре алмас іші тар.
Несі артық бізден деп,
Салыспақ жұртта бар.

Су ішкелі бір өгіз
Барып еді бұлаққа,
Бақалар қорқып, тарбақтап
Қашып шықты әр жаққа.

Бақаға өгіз таумен тең,
Ұшып кетті зәресі.
Мақтаншақтың сен көрсең,
Бақада екен төресі.

Өз-өзінен бір бақа
Күшенді де, бөртінді.
Қарны үлкейді қампайып,
Өгіздей болам деп ісінді.

Қасындағы жолдасқа
«Қарашы,— деді — сен бізге!
Қыйын ба екен үлкею,
Жеткем жоқ па өгізге?»

«Ісіндің, кебіндің,
Сонда да не пайда?
Түрі жат өгіздің,
Сен қайда, ол қайда?»

Күшенді кеп кіжініп,
Келгенінше шамасы,
«Өстім ғой»— деп ісініп,
Дейді: «енді бір қарашы!»

Қарады да. «Дәнеме
Болған жоқ қой, қой!»— деді.
Қызып алған антұрған
Айтқан сөзге көнбеді.

Тырқыл қағып, тыпырлап,
Күшенді де, бөртінді.
Іш жарылды сытырлап,
Мақтанам деп өзі өлді.

Таласпа, жаным-ай,
Қолыңнан келмеске.
Боларсың бақадай,
Көп түссең егеске.

ПІЛ МЕН ҚАНДЕН*

(КРЫЛОВТАН)

Көшеде піл жетелеп біреу жүрді,
Кім көріпті қайуанды мұндай түрді.
Көрсеткелі ап жүрген жануарды
Тамашалап, артынан жұрт боп ерді

Көшеде кез боп бір қанден
Ұмтылды пілге шаптығып.
Шаңқылдап үрді ерлеліп,
Тартынбай ұрысар жан шығып

Қанденге бір ит кездей боп
Деді: «Әддіңді білсеңші,
Пілмен ұрысар сыйқың жоқ,
Мазақ болмай, қой. көрші!

Қырқылдап қалдың не бітті?
Әуре болмай, қой! — деді.
Сен бұлқындың. ол кетті,
Жан деген жоқ ол сені»

«Мен де соны білемін,
Сондықтан ер боп келемін.
Ұрыс, соғыс қылмай-ақ,
Ер атанып көремін.

Жұрт мұнымды көрмей ме?
Батыр атақ бермей ме?
Қой, бұл қанден — ер шіркін,
Пілге де үрген демей ме?»

Е С Е К*

Қырқ-елу қос бір жерден
Қайтқан екен керуендер.
Мал айдап барып әр елден
Сауда қылып жүргендер.

Алтын артқан бір есек
Солаомемен келеді.
Ол жай жүрсе, жұрт та жай,
Ол желсе, жұрт желеді.

Тамам қостың байлары
Маңайынан кетпейді.
Қошемет қылып бәрлері
Шомын да жөндеп ерттейді.

Ортаға алып әлгіні
Бәрі бірдей сыйлайды.
Бірі сүйіп құлақтан,
Бірі жүгін сыйпайды.

Сылап-сыйпап, қадірлеп,
Беретуғын жем де артық.
Есер шіркін есіріп,
Болып алды тым тантиқ.

Көш бойы жұрт қасында,
Өзгегенен жұмыс жоқ.
Атты теуіп, адамды
Тістесе де сәгіс жоқ.

«Құдай аман сақта — деп —
Жарда, суда!» — бата алған.
Еркелетіп ат қойып,
«Жаппарқұл мырза» аталған

Алтын үсте жүргенде
Сол қадірмен көп жүрген.
Өз ойында көк есек
Өзгеше тудым деп жүрген.

Алтынды бір күн бай алды,
Есектен жұрт та түңілді.
«Жаппарқұл» аты жоғалды,
Боқ тасуға жегілді.

Қарасаңшы бойыңа,
Ұзын құлақ қалпың ғой.
Жұрт ергені соңыңа —
Үстіңдегі алтын ғой.

1899

ЖАЛАУ*

(ЛЕРМОНТОВТАН)

Жалғыз жалау жалтылдап
Тұманды теңіз өрінде,
Жат жерде жүр не тыңдап?
Несі бар туған жерінде?

Ойнақтап толақын, жел гулеп,
Майысар діңгек сықырлап.
Ол жүрген жоқ бақ іздеп,
Қашпайды бақтан бойды ұрлап

Астында дария — көк майдан,
Үстінде сәуле, алтын күн.
Қарашы, ол, бүлік, құдайдан
Сұрайды дауыл күні-түн.

ЖАРТАС*

(ЛЕРМОНТОВТАН)

Қонады бір күн жас бұлы,
Жартастың төсін құшақтап
Жөнелді ертең, қалды ұмыт,
Көк жүзіне ойнақтап.

Ажыңды жүзі тершіген
Көсі жартас таң қапты:
— Бәрі осы-ау,— деп, қыз деген
Томсарып тұрып жылапты.

* * *

(ПОЛОНСКИҒИДЕН)

Жүректе көп қазна бар, бәрі жақсы,
Теңіздің түбіндей-ақ, қарап бақшы.
Сол жүректен жылылық, достық пенен
Бұлақша ағып ғаламға тарамақшы.

Жан шөлдер өзіндеймен танысқанша,
Бірінен бірі үлесіп алысқанша
Құмарланар, сүйісер жүрек тауып,
Қытықсыз қызықпенен бас қосқанша.

Жұрттың сөзі: тағдырға адам көнбек,
Бір антұрған еріксіз мезгіл келмек.
Осы сенің қызығың, қуанышың
Сағымша жоқ боп кетіп түгесілмек.

Бейне бір сол қазнаны бір жау алмақ
Жүректің кең дариясы құрып қалмақ.
Суық ақыл жүрекке бұйрық жазып,
Оны бір өзі өзгеше жолға салмақ.

Жүрегін пайдасы үшін жұрт ұсатпақ.
Кірмен өлшеп базарға ұстап сатпақ.
Оны сатып, ол кімді уатады?
Оның өзін тағы да кім уатпақ?

Жұрт айтқан сол ант мезгіл келсең керек.
Мен де — бенде, амалсыз көнсем керек.
Қызығы зор қайран дос, қайран тату,
Сендер өлдің, мен дағы өлсем керек!

* * *

(ДЕРМОНТОСТАЕ)

Көңілдің күйі тағы да*
Өмірсіз жанның алды ішін.
Аударды өлең жағына,
Нәпсінің сынған қайғысын

Жат жерде елге қосылмай,
Сенімді доссыз жалтақтап,
Көк қанат, бейіс құсындай
Қу ағашқа қонақтап.

Ол бұтақтан қозғалмас,
Өкіріп дауыл соқса жел
Өзгеге бола жырламас,
Ыстық күнді жоқтар ол.

Жанымның жарық жұдызъ,
Жамандық күнде жарымсың,
Сөз болсын ескі ер сөзі,
Кейінгіге қалынсын.

* * *

(ЛЕРМОНТОВТАН)

Күнді уақыт итеріп,*
Көк жиектен асырса,
Көлеңке басын көтеріп,
Алысты көзден жасырса —

Сонда көңлім жоқтайды
Татуы мен асығын.
Көзі жетіп тоқтайды
Өткен күннің қашығын

Көкке бақтым «алла» деп,
Тамаша етіп құдыретін.
Рахматы оның онда кәп,
Бізге түк жоқ тиетін.

Неге сүйсін ол мені,
Өзім ақмақ, алмадым,
Көрдім артық бір сені
Рахматынан алланың

* * *

(ЛЕРМОНГОВІАН)

Асау той, тентек жыйын, опыр-топыр,
Ішінде түсі суық бір жан отыр.
Алысты тұманданған ол ойлайды,
Өзге жүст ойды нетсін, өңкей соқыр

Ішкен, жеген, таласқан, ойнап, күлген.
Кезек жоқ, келісім жоқ, сөйлей берген.
Дауырыққан, күліскен, өлеңдеткен,
Қайғысызға қайғырын, жиіркенген.

Көп отырды, қозғалды сөйлегелі,
Құлағымда бүгін тұр соның үні:
С-ндеге не жұмыс бас тағдырменен.
Ойнай бер де, күле бер күі-түні

Ойынға ойсыз надан бәрі құмар,
Дүние істеп өз жұмысын жатқап шығар
Елемесең, елетер, бір танытар,
Қайда айдаса, барарсын,— кім тартынар?

БАДИМ*

(ЛЕРМОНТОВТАН)

1

Батар күнге шымыладық — көк бұлт кең,
Голқынды қызыл тоғғын өртпенен тең
Әткен дәурен секілді нұры жайнап,
Арттағы мұнараға береді рең.

Ол монастырь — сопылар тұрар жері
Кешкі қоңрау соғылған көптен бері.
Соғылар, қызметкеолер басылған жоқ.
Тас көшесін сыпырып жүргендері.

Ұзын қара пешпентті, ұзын шашты
Жамағатты итеріп бір жол ашты.
Мешітіне бастықтың келер жолын
Дайын қылып, сыпырып шаңын басты

Томсарған, күлкісі жоқ, бір қансыз сұр
Бір үлкен іс қылғансып асығып жүр.
Ладан¹ деген иісті май тұтатып
Жаққан шамы жарықта нұр бермей тұр

Құлшылыққа жыйылған көп жамағат
Сыбдыр қағып тосып тұр, сол-ақ қымбат.
Тас күмбезде сыбдыры күңгірлейді,
Ішкі үйіне кіруге тимей рұқсат.

Мұнан басқа қақпада бірқатар жан,
Жан ашырсыз дүниеде жетім қалған,
Құдайдан да, жұрттан да күдер үзген,
Амал жоқ, өлмес үшін сұрайды нан

¹ Шоқынған кезде тұтататын иісті май

Бірі — ақсақ, бірі — соқыр, бірі — кемтік,
Киімі — жүз құраулы жемтік-жемтік.
Мойны — қара, қолы — көн, азуі — көк,
Көзі үйрейген, беті ажым, бәрі — өлімтік.

Ұяттан, ар-намыстан не біледі?
Шеркеуге келгендерден тіленеді.
Аш итше бір тыйынға топыр қағып,
Бір таласып, бір ұрысып, бір күледі.

Ұялағанның тастаған бір мыс тыйын —
Аш келдейге ол дағы — қымбат бұйым.
Кір дорбаға онысын салып алып,
Жағалайды әркімді жыртық киім.

Бір бүкір ортасында, сол қозғалмас,
Жалынып еш адамға қолын созбас.
Арық қара, кең маңдай, қыр мұрынды,
Екі көзден от жанған не қылған жас?

Сұр ерін, өзі жұқа, жиі тістеп,
Ызамен тұрған жандай бойын күштеп
Кең жаурын, білегі бұлшық етті,
Үйренген жан секілді қызмет істеп

Көп қайыршы бір-бірін кимелейді,
Бір тыйынға таласып үймелейді.
Қозғалмай тұрған жастан сүйтсе дағы
Бәрі қорқып, аз ғана именеді.

Қабағы түйіліңкі, сүйінбейді,
Алла бөлек жаратқан түрін дейді.
Жыйырма сегіз жасында ажым түскен
Көк тамырда қан ойнап дірілдейді.

Көзге бүкір, қайраты — болат қырлы,
Сақтап жүрген секілді бұл бір сырды
Шайтанның суретіне есіктегі
Бірқатар көзін салып қарап тұрды.

— «Егерде шайтандыққа жетсе қолым,
Алдауға арланар ем адам ұлын.

Аллаға асы¹ бейіске қашқын болып,
Онан соңғы бұл емес менің жолым.

Қорыққан кісі секілді бойын барлап,
Теңдес емес адамды алдап-арбап,
Жек көріп алғаннан соң көріне жау боп,
Кегін алса болмай ма сыпыра жалмап?»

Дүниені ескермейтін паң секілді,
Жатырқап тірі жанды аң секілді,
Сыпатын, түрін көрсе сол бүкірдің,
Бір үлкен мақсұты бар жан секілді.

Қасында жолдастары — ақсақ, соқыр,
Қайыр тілеп шулап жүр, опыр-топыр
Палицын бай есікке келіп еді,
Шыр айналды күңк етіп әлгі бүкір.

II

Елуге келген, шашы бурыл тартқан,
Көзінің түсі оңып, нұры қайтқан.
Жүріс-тұрыс сүйтсе де жас жігіттей,
Қуатына жарамас шал деп айтқан.

Үлкен етік аяқта, көк пешпентті,
Таққан кірес төсінде жарқ-жұрқ етті.
Жүргені тарыс-тұрыс еткен төкаббарлау,
Жайған тасқа басқаны жанды үрпитті.

Бай Палицын паңдықпен басады аяқ,
Қайыршыға түксиер түйген қабақ.
Екі малай артынан ертіп алған
Күшік иттей қылып жүр байға жалбақ

Кердең басып шеркеуге жақын барды.
Қалтадан бір теңгелік күміс алды.
Есікте шегелеулі құлыбы бар
Бір сандық бар, барды да соған салды

Ақырып кедейлерге дейді: «Антұрған!
Жалқаулықтан бәрі де мұндай болған

¹ Күнәлі деген сөз

Қызмет қылса, тамағы тоймас па еді?!»
Қуды «кет!» деп кедейді әлгі тұрған.

Ақырған соң байғұстар әрі тұрды,
Қалтасына қол салып, мейінын бұрды.
«Бәрің бірдей, таласпай, бөліп ал!»— деп,
Бір теңгелік күмісті лақтырды.

«Осылар елдің тынышын алды бүгін,
Бірдің нанын тіленіп, бірдің сүтін,
Құдайым кезін берсе, күтіп жүріп,
Ұялмай бәрін аштан өлтіретін».

Үндемей бүкір жүрді арғы шеттен,
От жалындай сол байға көзін тіккен.
Жай отындай жарқылдап, қарауы өзге,
Ызасы қозғалған ба ішке бүккен?

Палицынді артынан қуып жетті,
— Не керек?— деп әлгі шал бір күңк етті
— Сенен үстің сұрауым тым аз ғана,
Өзің айтқан жұмысты берші!— депті.

«Қарама мені әлсіз деп, байым, кердең»
Бір ауыр тасты жұлып алды жерден,
«Көрген соң көзің жетсін» деді дағы,
Атып, қағып, доп қылып ойлап берген

Бай көріп аң-таң қалды мұның күшін,
Еш адам қылар емес қылған ісін.
«Өз қарама алайын, өзің көнсең,
Боласың ба қызметші менің кісім?»

Алды-артына бүкір де қарамады,
Қуанғаннан қасына жетіп барды.
Азаттығын садаға қылды дағы,
Басына уәдені беріп салды.

— Атың кім?— деп, бүкірден бай сұрады,
— Атым — Вадим,— деп еді, байға ұнады
Қошеметтің жөні деп қос жалшысы,
Мағнасыз беталды ыржаңдады.

Жаман көзбен қарады Вадим сонда,
Ертіп жүрген екеуге байды жолда

Көзіне шыдай алмай, қол қысып,
Жым-жырт болып екеуі болды молда

III

Бай: «ер!»— деді, артынан ере берді,
Бай шеркеуден үйіне тым кеш келді.
Қақпа соқты, қатты жел дүрілдеп тұр,
Танымай, ырылдасып иттер үрді.

Вадим де іздегенін тапты мына,
Жоғары қарап, түсті ойға аз ғана.
Шеркеудегі сұртты ойлап айтқан сөзі
«Әделет қайда болса, сонда кұна»

Дүбірлетті есікті бай да болмай,
Аз кешікті, ашуға жан табылмай.
Бір жалшы келді есікке қалт-құлт еты,
Жылы орнын тастамақ кімге оңай?

Үйіне бай Вадимді ертіп кірді,
Сол заманға лайықты үйін көрді.
Қырықтан асқан семірген қатыны отыр,
Бәйбішесі осы деп ойлап білді.

Ішпек, жемек, семірмек, есінемек,
Еріккеннен жалшыға бос әкірмек,
Бай ұрыспаған кезінде өзі ұрысқансып,
«Олай емес, білмейсін, былай»,— демек.

Бұл қылық — бұрынғыдан бір қалған жоқ.
Осындай бәйбішелер жұртта бек мол.
Өзге қызық суыйын деген шақта
Қартаң тартқан қатынның қуаты — сол

Соққан боран секілді біздің өмір,
Не тыныштық тауып берді, өзің де көр.
Сол қатынға келеді күншілігім,
Сондай өмір қолыма бір тімей жүр.

Ол қылықпен өлгенше ол да жүрмек,
Бала-шаға жыласып, өлсе, өкірмек.
Көршілері: «Адамға залалы жоқ
Дым-ақ жақсы кісі еді, байғұс!»— демек.

ҚАРАСӨЗДЕР





БІРІНШІ СӨЗ

Бұл жасқа келгенше жақсы өткіздік пе, жаман өткіздік пе, әйтеуір бірталай өмірімізді өткіздік: алыстық, жұлыстық, айтыстық, тартыстық — әурешілікті көре-көре келдік. Енді ер ортасы жасқа келдік; қажыдық, жалықтық; қылып жүрген ісіміздің баянсызын, байлаусызын көрдік, бәрі қоршылық екенін білдік. Ал, енді қалған өмірімізді қайтып, не қылып өткіземіз? Соны таба алмай өзім де қайранмын.

Ел бағу? Жоқ, елге бағым жоқ. Бағусыз дертке ұшырайын деген кісі бақпаса, не албыртқан, көңілі басылмаған жастар бағамын демесе, бізді құдай сақтасын!

Мал бағу? Жоқ, баға алмаймын. Балалар өздеріне керегінше өздері бағар. Енді қартайғанда қызығын өзің түгел көре алмай тұғын, ұры, залым, тілемсектердің азығын бағып беремін деп, қалған аз ғана өміріңді қор қылар жайым жоқ.

Ғылым бағу? Жоқ, ғылым бағарға да ғылым сөзін сөйлесер адам жоқ. Білгеніңді кімге үйретерсің, білмегеніңді кімнен сұрарсың? Елсіз-күңсізде кездемені жайып салып, қолына кезін алып отырғанның не пайдасы бар? Мұңдасып шер тарқатысар кісі болмаған соң, ғылым өзі — бір тез қартайтатұғын күйік.

Софылық қылып, дін бағу? Жоқ, ол да болмайды. оған да тыныштық керек. Не көңілде, не көрген күніңде бір тыныштық жоқ, осы елде, осы жерде не қылаған софылық?

Балаларды бағу? Жоқ, баға алмаймын. Бағар едім, қалайша бағудың мәнісін де білмеймін, не болсын деп бағам, қай елге қосайын, қай hareketке қосайын? Балаларымның өзіне ілгері өмірінің, білімінің пайдасын тыныштықпенен көрерлік орын тапқаным жоқ, қайда бар, не қыл дерімді біле алмай отырмын, не бол деп бағам? Оны да ермек қыла алмадым.

Ақыры ойладым. осы ойыма келген нәрселерді қағазға жаза берейін, ақ қағаз бен қара сыяны ермек қылайын. кімде кім ішінен керекті сөз тапса, жазып алсын, я оқысын, керегі жоқ десе, өз сөзім өзімдікі дедім де, ақыры тасыған байладым, енді мұнан басқа ешбір жұмысым жоқ.

ЕКІНШІ СӨЗ

Мен бала күнімде естуші едім, біздің қазақ сартты көрсе, күлуші еді: «енеңді ұрайын кең қолтық, шүлдіреген тәжік, арқадан, үй төбесіне саламын деп, қамыс артқан, бұтадан қорыққан, көз көргенде «әке-үке» десіп, шығып кетсе, қызын боқтасқан, «сарт-сұрт» деген осы деп. Ноғайды көрсе, оны да боқтап күлуші еді: «түйседен қорыққан ноғай, атқа мінсе, шаршап, жаяу жүрсе, демін алады, ноғай дегенше, ноқай десеңші, түкке ыңғайы келмейді, солдат ноғай, қашқын ноғай, «башалшік»¹ ноғай»деп. Орысқа да күлуші еді: «ауылады көрсе, шапқан, жаман сасыр бас орыс» деп. Орыс ойына келгенін қылады деген... не айтса соған нанады, «ұзын құлақты тауып бер депті» деп.

Сонда мен ойлаушы едім: ей, құдай-ай, бізден басқа халықтың бәрі антұрған екен, ең тәуір халық біз екенбіз деп. Әлгі айтылмыш сөздерді бір үлкен қызық көріп, қуанып күлуші едім.

Енді қарап тұрсам, сарттың екпеген егіні жоқ, шығар маған жемісі жоқ. сәудгерінің жүрмеген жері жоқ, қылмаған шеберлігі жоқ. Өзіменен өзі әуре болып, біріменен бірі ешбір шаһари² жауласпайды. Орысқа қарамай тұрғанда қазақтың өлгенінің «ахиреттігін»,³ тірісінің киімін сол жеткізіп тұрды. Әке балаға қыймайтуғын малыңды кірелеп, сол айдап кетіп тұрды ғой. Орысқа қараған соң да, орыстың өнерлерін бізден олар көп үйреніп кетті. Үлкен байлар да, үлкен молдалар да, елгілік, қырмызылық, сыпайылық — бәрі соларда. Ноғайға қарасам, солдаттыққа да шыдайды, кедейлікке де шыдайды, қазаға да шыдайды, молда, медресе сақтап, дін күтуге де шыдайды. Еңбек қылып, мал табудың да жөнін солар біледі, салтағат, әсем де соларда. Оның малдыларына күзғын тамағымыз үшін, біріміз жалшы, бірі-

¹ Ұсақ сәудегер.

² Қала адамдары.

³ Бұл жерде өлген кісіні орайтын кебін мағнасында.

міз қос алушымыз. Біздің ең байымызды: «сәнің шақшы аяғың білән пығыратырға қойған идән түгіл, шық, сасы қазақ». — деп, үйінен қуып шығады. Оның бәрі — бірін-бірі қуып қор болмай, шаруа қуып, өнер тауып, мал тауып зор болғандық әсері. Орысқа айтар сөз де жоқ, біз құлы, күң, құрлы да жоқпыз. Бағанағы мақтан, бағанағы қуанған, құлаған сөздеріміз қайда?

ҮШІНШІ СӨЗ

Қазақтың бірінің біріне қаскүнем болмағының, бірінің тілеуін бірі тілеспейтұғынының, рас сөзі аз болатұғынының, қызметке таласқыш болатұғынының, өздерінің жалқау болатұғынының себебі не? Ғәммә ғаламға белгілі данышпандар әлдеқашан байқаған: әрбір жалқау кісі қорқақ, қайратсыз тартады; әрбір қайратсыз, қорқақ, мақтаншақ келеді; әрбір мақтаншақ қорқақ ақылсыз, надан келеді; әрбір ақылсыз, надан арсыз келеді; әрбір арсыз жалқаудан сұрамсақ, өзі тойымсыз, тыйымсыз, енерсіз, ешкімге достығы жоқ жандар шығады.

Мұның бәрі төрт аяқты малды көбейгеміннен басқа ойының жоқтығынан, өзге: егін, сауда, өнер, ғылым — солар секілді нәрселерге салынса, бұлай болмас еді. Әрбір мал іздеген малым көп болса, өзімдікі де, балаларым да малды болса екен дейді. Ол мал көбейсе, малшыларға бақтырмақ, өздері етке, қымызға тойып, сұлуды жайлап, жүйрікті байлап отырмақ. Қыстауы тарлық қылса, арызы жеткендік, сыйы өткендік, байлық қызметімен біреудің қыстауын сағып алмақ, ептеп алмақ, тартып алмақ. Ол қыстауынан айрылған және біреуге тиіспек, я болмаса орынсыздығынан елден кетпек — әр қазақтың ойы осы.

Осылар біріне бірі достық ойлай ала ма? Кедей қол болса, ақысы кем болар еді, малдан айрылғандар көбейсе, қыстауы босар еді деп, тіен анапы кедей болса екен деп, ол мені кедей болса екен деп, әуелде ішімізбен қас сағындық. Әрберден соң сыртымызға шықты, жауластық, дауластық, партияластық. Осындай қастарға сөзім өтімді болсын және де ептеп мал жыюға күшім жетімді болсын деп, қызметке, болыстық, билікке таластық.

¹ Лас былғатыш.

Сонан соң не момынның баласы бөтен жаққа шығып, еңбек қылып, мал іздемейді, егін, сауданың керегі жоқ болады. Өз басын өзі осындай таласпенен кісі көбейтеміз деп партия жыйғандардың бүгін біреуіне, ертең біреуіне кезекпен сатады да жүреді. Ұрылар тыйылмайды. Ел тыныш болса, оның ұрлығын ешкім сүйемес еді. Ел екі жар болған соң, кім ант ішіп ақтап, арамдығын жақтап сүйеймін десе, соған жақ болып сүйеніп, бұрынғыдан ұрлығын әлденеше есе асырады.

Елдегі жақсы адамдардың бәрінің үстінен бекер, өтірік «шапты, талады» деген әртүрлі уголовный¹ іс көрсетіп, арыз береді. Оған дознание²—тергеу шығарады. Өтірік көрмегенін көрдім деуші куәлар да әлдеқашан дайындап қойылған, бағнағы жақсы адам сайлауға жарамасы үшін. Ол адам басын құтқармақ үшін жамандарға жалынса, оның да адамдығының кеткені, егер жалынбаса, тергеулі, сотты адам болып, ешбір қызметке жарамай, басы қатерге түсіп өткені. Ол болыс болғандар өзі қулық, арамдықпенен болыстыққа жеткен соң, момынды қадірлемейді, өзіндей арам, қуларды қадірлейді, өзіме дос болып, жәрдемі тиеді деп, егер қас болса, бір түрлі өзіме де залал жасауға қолынан келеді деп.

Осы күнде қазақ ішінде «кісі білмес, кісі білер» деген мақал шықты. Оның мәнісі: ісіңнің түзулігінен жетпес-сін, кісіңнің амалшы, айлалығынан жетерсін деген сөз. Үш жылға болыс сайланады. Әуелгі жылы «Сені біз сайламадық па?» деп елдің бұлданғандығымен күні өтеді. Екінші жылы кандидатпенен аңдысып күні өтеді. Үшінші жылы сайлауға жақындап қалып, тағы болыс болып қалуға болар ма екен деп күні өтеді. Енді несі қалды? Осы қазақ халқының осындай бұзықшылыққа тартып, жылдан жылға төмендеп бара жатқанын көрген соң, менің ойыма келеді: Халықтың болыстыққа сайлаймын деген кісісі пәлен қадәрлі орысша образование³ алған кісі болсын. Егер де орталарында ондай кісісі жоқ болса, яки бар болса да, сайламаса, уезный начальник пенен военный губернатордың назначениясымен⁴ болады десе, бұл халыққа бек пайдалы болар еді. Оның себебі: әуелі—қызметқұмар қазақ балаларына образование беруге ол да — пайдалы іс, екінші — назначениемен болған

¹ Қылмысты.

² Жауапқа шақыру.

³ Білім.

⁴ Қызметке тағайындау

болыстар халыққа міндетті болмас еді, ұлықтарға міндетті болар еді.

Уа және назначение қылғанда тергеуі, сұрауы барлығына қарамаса, өтірік арыз берушілер азаяр еді, бәлкі жоғалар еді. Уа және әрбір болыс елде старшина басы бір би сайлағандық, бұл халыққа көп залал болғандығы көрініп, сыналып білінді. Бұл билік деген біздің қазақ ішінде әрбір сайлаған кісінің қолынан келмейді. Бұған бұрынғы «Қасым ханның қасқа жолын, Есім ханның ескі жолын», аз Тәуке ханның Күл төбенің басындағы күнде кеңес болғанда «Жеті жарғысын»¹ білмек керек. Әм, ол ескі сөздердің қайсысы заман өзгергендікпейен ескіріп, бұл жаңа заманға келіспейтұғын болса, оның орнына татымды тслық билік шығарып, төлеу саларға жарарлық кісі болса керек еді, ондай кісі аз, яки тіпті жоқ.

Бұрынғы қазақ жайын жақсы білген адамдар айтыпты: «Би екеу болса, дау төртеу болады» деп. Оның мәнісі — тақ болмаса, жұп билер таласып, дау көбейте береді дегенмен айтылған сөз. Үйтіп би көбейткенше, әрбір болыс елден толымды-білімді үш-ақ кісі билікке жыл кесілмей сайланса, олар түссе, жаманшылығы әшкере білінгендікпенен түссе, әйтпесе түспесе. Ол билерге даугер адамдар қарамай, екеуі екі кісіні билікке таңдап алып, үстіне біреуді посредникке² сайлап алып, біте берсе яки сған да ынтымақтаса алмаса, бағанағы үш бидің біреуін алып, яки жеребемен сайлап алып, жүгінсе, сонда дау ұзамай бітім болар еді.

ТӨРТІНШІ СӨЗ

Әрбір байқаған адам білсе керек: күлкі өз. Бір мастық екенін, әрбір мас кісіден ғафил көп өтетұғынын да, әрбір мастың сөйлеген кезінде бас ауыртатұғынын. Бұлай болғанда, күлкіге салынған кісі не шаруадан, не ақылдан, не бір ұят келерлік істен құр, ғафил көп өткізіп отырса керек. Осындай ғафилдік көп өткізіп, елемеген кісінің не дүниеде, не ахиретте басы бір ауырмай қалмаса керек.

Әрбір уайым-қайғы ойлағыш кісі не дүние шаруасына, не ахирет шаруасына өзгеден жыйнақырақ болса керек. Әрбір жыйнақылықтың түбі кеніш³ болса керек. Е ді олай

¹ Тәуке хан заңының жсті ережесі

² Екі жағына бірдей адам сайлап алу деген мағынада.

³ Молшылық

болғанда, үнемі уайым-қайғыменен жүре аламыз ба? Үнемі қайғыға жан шыдай ма екен? Үнемі күлмей жүре аламыз ба? Үнемі күлмей жүруге жан шыдай ма екен? Жоқ, мен үнемі уайым-қайғыменен бол демеймін. Уайым-қайғысыздығыңда уайым-қайғы қыл дағы, сол уайым-қайғысыздықтан құтыларлық орынды hareket табу керек, һәм қылу керек. Әрбір орынды hareket өзі де уайым-қайғыны азайтады, орынсыз күлкіменен азайтпа, орынды hareketпен азайт!

Шығар есігін таба алмай, уайым-қайғының ішіне кіріп қалып, қамалып қалмақ, ол өзі де — бір антұрғандық және әрбір жаман кісінің қылығына күлсең, оған рахаттанып күлме, ыза болғаныңнан күл, ызалы күлкі — өзі де қайғы. Ондай күлкіге үнемі өзің де салынбассын, әрбір жақсы адамның жақсылық тапқанына рахаттанып күлсең, оның жақсылықты жақсылығынан тапқандығын ғибрат көріп күл. Әрбір ғибрат алмақтың өзі де мастыққа жібермей, уақытымен тоқтатады. Көп күлкінің бәрін де мақтағаным жоқ, оның ішінде бір күлкі бар-ау, құдай жаратқан орныменен іштен, көкіректен, жүректен келмейді, қолдан жасап, сырты менен бет-аузын түзеп, бай-бай күлкінің әнін сәндеп, әдемішілік үшін күлетін, бояма күлкі.

Адам баласы жылап туады, кейіп өледі. Екі ортада, бұ дүниенің рахатының қайда екенін білмей, бірін-бірі аңдып, біріне бірі мақтанып, есіл өмірді ескерусіз, босқа, жарамсыз қылықпен, қор етіп өткізеді де, таусылған күнде бір күндік өмірді бар малына сатып алуға таба алмайды.

Қулық саумақ, көз сүзіп, тіленіп, адам саумақ — өнерсіз иттің ісі. Әуелі құдайға сыйынып, екінші өз қайратыңа сүйеніп, еңбегіңді сау, еңбек қылсаң, қара жер де береді, құр тастамайды.

БЕСІНШІ СӨЗ

Көкрек толған қайғы кісінің өзіне де билетпейді, бойды шымырлатып, буынды құртып, я көзден жас болып ағады, я тілден сөз болып ағады. Қазақтар: «Ә, құдай, жас баладай қайғысыз қыла көр!» деп тілек тілегенін көзім көрді. Онысы — жас баладан көрі өзі есті кісі болып, ескермек нәрсесі жоқсып, қайғылы кісі болғанығаны. Қайғысы не десең, мақалдарынан таныосын: әуелі — «Түстік өмірің болса, күндік мал жый», «Өзіңде жоқ болса, әкең де жат», «Мал — адамның бауыр еті», «Малдың беті — жарық, малсыздық

беті — шарық», «Ер азығы мен бөрі азығы жолда», «Ердің малы елде, еріккенде қолда», «Берген перде бұзар», «Алаған қолым — береген», «Мал тапқан ердің жазығы жоқ», «Байдан үмітсіз — құдайдан үмітсіз», «Қарның ашса, қаралы үйге шап», «Қайраны жоқ көлден без, қайыры жоқ елден без» деген осындай сөздері есепсіз толып жатыр.

Бұл мақалдардан не шықты? Мағлұм болды: қазақ тыныштық үшін, ғылым үшін, білім үшін, әділет үшін қам жемейді екен, бірақ бар білгені малдыларды алдап алмақ яки мақтап алмақ екен, бермесе оныменен жауласпақ екен. Малды болса, әкесін жаулауды да ұят көрмейді екен. Әйтеуір ұрлық, қулық-сұмдық, тіленшілік, соған ұқсаған қылықтың қайсысын болса да қылып жүріп, мал тапса, жазалы демесек керек екен.

Бұларының жас баланың ақылынан несі артық? Бірақ, жас бала қызыл ошақтан қорқушы еді, бұлар тозақтан да қорықпайды екен. Жас бала ұялса, жерге ене жаздаушы еді, бұлар неден болса да ұяламайды екен. Сол ма артылғаны? Қолымыздағыны үлестіріп талатпасақ, біз де өзіндей болма-сақ, безеді екен. Іздеген еліміз сол ма?

АЛТЫНШЫ СӨЗ

Қазақтың бір мақалы: «Өнер алды — бірлік, ырыс алды — тірлік» дейді. Бірлік қандай елде болады, қайтсе тату болады — білмейді. Қазақ ойлайды: бірлік ат ортақ, ас ортақ, киім ортақ, дәулет ортақ болса екен дейді. Олай болғанда байлықтан не пайда, кедейліктен не зыян? Ағайын құрымай мал іздеп не керек? Осы ма бірлік? Жоқ, бірлік — ақылға бірлік, малға бірлік емес. Малыңды беріп отырсаң, атасы басқа, діні басқа, күні басқалар да жалданып бірлік қылады. Бірлік малға сатылса антұрғандықтың басы — осы. Ағайын алмай бірлік қылса керек, сонда әркім несібесін құдайдан тілейді, әйтпесе құдайдан тілемейді, шаруа іздемейді. Әуелі біріне бірі пәле іздейді. Не түсін, не ажарын, не өкпесін бұлдап, ол болмаса, бір пәле салып, қорғалатып, әйтеуір бірін бірі алдаудың амалын іздеседі. Мұның қай жерінен бірлік шықты?

«Ырыс алды — тірлік» дейді, ол қай тірлік? Ол осы жан кеудеден шықпағандық па? Жоқ, ондай тірлік итте де бар. Ондай тірлікті қымбат көріп, бұлдаған адам өлімді жау көріп, ахиретке дұшпан болады. Жанын қорғалатып, жаудан

қашып, қорқақ атанып, еңбек қылудан, қызмет қылудан қашып, еріншек атанып, ез атанып, дүниеде әлгі айтылған, ырысқа дұспан болады. Ол айтқан тірлік олар емес. Көкірегі, көңілі тірі болса, соны айтады. Өзің тірі болсаң да, көкірегің өлі болса, ақыл табуға сөз ұға алмайсын. Адал еңбекпен ерінбей жүріп мал табуға жігер қыла алмайсын.

Кеселді жалқау, қылжақпас,
Әзір тамақ, әзір ас,
Сыртың — пысық, ішің — нас,
Артын ойлап ұялмас,—

болып жүріп, тірімін деме, онан да алла жіберген ақ бұйрықты өлімнің өзі артық.

ЖЕТІНШІ СӨЗ

Жас бала да анадан туғанда екі түрлі мінезбен туады: біреуі — ішсем, жесем, ұйқтасам деп тұрады. Бұлар — тәннің құмары, бұлар болмаса, тән жанға қонақ үй бола алмайды, һәм өзі еспейді, қуат таппайды. Біреуі білсем екен демеклік. Не көрсе соған талпынып, жалтыр-жұлтыр еткен болса, оған қызығып, аузына салып, дәмін татып қарап, тамағына, бетіне басып қарап, сырнай-керней болса, дауысына ұмтылып, онан ержетіңкірегенде ит үрсе де, мал шуласа да, біреу күлсе де, біреу жыласа да тұра жүгіріп, «ол немене?», «бұл немене?» деп, «ол неге үйтеді?», «бұл неге бүйтеді?» деп, көзі көрген, құлағы естігеннің бәрін сұрап, тыныштық көрмейді. Мұның бәрі — жан құмары, білсем екен, көрсем екен, үйренсем екен деген.

Дүниенің көрінген һәм көрінбеген сырын түгелдеп, ең болмаса денелеп білмесе, адамдықтың орны болмайды. Оны білмеген соң, ол жан адам жаны болмай, қайуан жаны болады. Әзелде құдай тағала қайуанның жанынан адамның жанын ірі жаратқан, сол әсерін көрсетіп жаратқаны. Сол қуат жетпеген, мый толмаған ессіз бала күндегі «бұл немене, ол немене?» деп, бір нәрсені сұрап білсем екен дегенде, ұйқы, тамақ та есімізден шығып кететұғын құмарымызды, ержеткен соң, ақыл кіргенде, орнын тауып ізденіп, кісісін тауып сұранып, ғылым талқандардың жолына неге салмайды екеміз?

Сол өрістетіп, өрісімізді ұзартып, құмарлағып жыйған қазнамызды көбейтсек керек, бұл жанның тамағы елі Тән-

нен жан артық еді, тәнді жанға бас ұрғызса керек еді. Жоқ, біз олай қылмадық, ұзақтай шулап, қарғадай барқылдап, ауылдағы боқтықтан ұзамадық. Жан бізді жас күнімізде билеп жүр екен. Ержеткен соң, күш енген соң, оған билет-пелік. Жанды тәнге бас ұрғыздық, ешнәрсеге көңілменен қарамадық, көзбен де жақсы қарамадық, көңіл айтып тұрса, сербелік. Көзбен көрген нәрсенің де сыятын көргенге-ақ тойдық. Сырын қалай болады деп көңілге салмадық, оны білмеген кісінің несі кетіпті дейміз. Біреу кеткенін айтса да, ұқпаймыз. Біреу ақыл айтса: «Өз білгенің — өзіңе, өз білгенім — өзіме», «кісі ақылымен бай болғанша, өз ақылыңмен жарлы бол» деген дейміз, «Ой, тәңірі-ай, кімген кім артық дейсін!» — дейміз, артығын білмейміз, айтып тұрса ұқпаймыз.

Көкіректе сәуле жоқ, көңілде сенім жоқ. Күр көзбенен көрген біздің қайуан малдан неміз артық? Қайта бала күнімізде жақсы екенбіз. Білсек те, білмесек те, білсек екен деген адамның баласы екенбіз. Енді осы күнде, қайуаннан да жаманбыз. Қайуан білмейді, білемін деп таласпайды. Біз түк білмейміз, біз де білеміз деп наландығымызды білімділікке бермей таласқанда, өлер-тірілерімізді білмей, күре тамырымызды адырайтып кетеміз.

СЕГІЗІНШІ СӨЗ

Осы ақыллы кім үйренеді, насихатты кім тыңдайды?

Біреу — болыс. біреу — би. Оладың ақыл үйсетейін, насихат тыңлайын деген оңы болса, ол орынға сайланып та жүрмес егі. Олао өздері де үзлік кісіміз, өзтеріміз бісеуге үлгі беріп, ақыл айтамыз деп сайланды. Өздері түзеліп жеткен, енді еллі түзеоігі-ақ қалған. Ол не қылып тыңдасын, және тыңдайын десе де, қолы тиме ме? Басында өзіндік жұмысы бар: ұлығымызға жазалы болып қаламыз ба, елдегі бұзақылабымызды бүлдісіп аламыз ба, немерсе, халқымызды бүлдіріп аламыз ба, яки өзіміз шығынлап, шығынымызды толтыра алмай қаламыз ба? — деген ебіне қарай бісеуді жетілтейің деп, бісеуді құтылтайын деген бейнетінің бәрі басында, қолы тимейді.

Байлар, олао ездеоі де бір күн болса да, дәулет қонып, дүниенің жарымы басында тұр. Өзінде жоқты, малыменен сатып алады. Көңілдері көкте, көздері аспанда, адалдық, арамдық, ақыл, ғылым, білім — ешнәрсе малдан қымбат

демейді. Мал болса құдай тағаланы да паралап алам дейді. Оның діні, құдайы, халқы, жұрты, білім-ұяты, ары, жақыны, бәрі — мал. Сөзді қайтып ұқсын, ұғайын десе де, қолы тие ме? Ол малды суармақ, тойғызбақ, саудасын жыйғызбақ, күзеттірмек, бақтырмақ, ұры-бөрі, қыс, суық-сұғанақ — солардан сақтанбақ, солардан сақтарлық кісі таппақ. Оның бәрін жайғастырып, аяғын алып келіп, мақтанға орналасырғанша қашан? Қолы тимейді.

Енді ұры-залым, сұм-сұрқыя өздері де тыңдамайды.

Онша-мұнша қой жүнді қоңыршалар күнін де көре алмай жүр. Аналар анадай болып тұрғанда, білім, ғылымды не қылсын? Және де білім, ғылым кедейге керегі жоқтай-ақ: «Бізді не қыласың, ана сөзді ұғарлықтарға айт!» дейді. Оның өзгеченен ісі жоқ, ана алдындағы үшеуіндей болған жанның ойында ешбір қайғысы, мұңы болмаса керек.

ТОҒЫЗЫНШЫ СӨЗ

Осы мен өзім — қазақтың. Қазақты жақсы көрем бе, жек көрем бе? Егер жақсы көрсем, қылықтарын қостасам керек еді. Уа әрнешік, бойларынан адам жақсы көреолік, көңіл тыянақ қыларлық бір нәрсе тапсам керек еді. Соны не үміт үзбестікке, не онысы болмаса, мұнысы бар ғой деп, көңілге қуат қылуға жаратсам керек еді, ондайым жоқ. Егер жек көрсем, сөйлеспесем, мәжлістес, сырлас, кеңестес болмасам керек еді, тобына бармай, «не қылды, не болды?» демей жату керек еді, ол мүмкін болмаса, бұлардың ортасынан көшіп кету керек еді. Бұларды жөндеймін деуге, жөнделер, үйренер деген үмітім де жоқ. Бұлардың бірі де жоқ. Бұл қалай? Бұл айтқанның бірін тұтпай бормас еді.

Мен өзім тірі болсам да анық тірі де емеспін. Әншейін осылардың ызасынан ба, өзіме-өзім ыза болғанымнан ба, яки бөтен бір себептен бе? — еш білмеймін. Сыртым сау болса да, ішім өліп қалыпты. Ашулансам, ызалана алмаймын. Күлсем, қуана алмаймын, сөйлегенім өз сөзім емес, күлгенім өз күлкім емес, бәрі де әлде кімдікі. Қайратты күнімде қазақты қыйып бөтен жаққа кетпек түгіл, өзін жақсы көріп, үміт етіп жүріппін. Қашан әбден біліп, үмітімді үзген кезде, өзге жаққа барып, жатты өз қылып, үйір боларлық қайрат, жалын сөніп те қалған екен. Сол себептен бір жүрген қуыс кеудемін деймін. Тегінде ойлаймын: бұ да жақсы, өлер кезде

«әттегене-ай сондай, сондай қызықтарым қалды-ау!» деп қайғылы болмай, алдыңғы тілеу болмаса, артқа алаң болмай өлуге.

ОНЫНШЫ СӨЗ

Біреулер құдайдан бала тілейді. Ол баланы не қылады? Өлсем орнымды бассын дейді, артымнан құран оқысын дейді, қартайған күнімле асырасын дейді. Осыдан басқасы бар ма?

Балам орнымды бассын демек не сөз? Өзіңнен қалған дүнге иесіз қалар дейсін бе? Қалған дүниенің қамын сен жемек пе едің? Өліп бара жағқанда өзгеден қызғанып айтқаның ба? Өзгеге қыймайтұғын сенің не қылған артықша орның бар еді? Баланың жақсысы — қызық, жаманы — күйік, не түрлі боларын біліп сұрадың? Дүниеде өзіңнің көрген қорлығың аз болды ма? Өзіңнің қылған иттігің аз болды ма? Енді бір бала туғызып, оны да ит қылуға, оған да қорлық көрсетуге мұнша неге құмар болдың?

Артымнан балам құран оқысын десең, тірілікте өзіңнің жақсылық қылған кісің көп болса, кім құран оқымайды? Егер жаманшылықты көп қылған болсаң, балаңның оқыған құраны сені неге жеткізеді? Тірілікте өзіңе өзің қылмаған істі, өлген соң саған балаң кәсіп қылып бере ала ма? Ахирет үшін бала тілегенің — балам жасында өлсін дегенің. Егерде ержетсін десең, өзі ержетіп, ата-анасын тұзақтан құтқарарлық бала қазақтан туа ма екен? Ондай баланы сендей әке, сенің еліңдей ел асырап өсірмек те екен?

Қартайғанда асырасын десең, о да — бір бос сөз. Әуелі — өзің қаруың қайтарлық қартаюға жетемісің, жоқ па? Екінші — балаң мейрімді болып, асырарлық болып туа ма, жоқ па? Үшінші — малың болса, кім асырамайды? Малың жоқ болса, қай асырау толымды болады? Баланың мал табарлық болары, мал шашарлық болары — ол да екі талай. Қош, құлай тағала бала берді, оны өзің жақсы асырай білесің бе? Білмейсін. Өз күнәңді өзің көтергеніңмен тұрмай, балаңның күнәсіне тағы да ортақ боласын. Әуелі балаңды өзің алдайсың: «Әне, оны берем, міне, мұны берем» деп. Басында балаңды алдағаныңа бір мәз боласын. Соңыра балаң алдамшы болса, кімнен көресің? «Бсқта!» деп, біреуді боқтатып, «кәпір-қыяңқы, осыған тимеңдерші!» деп, оны мазаттандырып, әбден тентектікке үйретіп қойып, сабаққа

бергенде, молданың ең арзанын іздеп тауып алып, хат та-
ныса болады деп. ку, сүм бол деп, «пәленшенің баласы сені
сырттыңан сатып кетеді» деп, тірі жанға сендірмей жат
мінез ғылып, осы ма берген тәлімің? Осы баладан қайыр
күтесің бе?

Және, мал тілейсіңдер, неге керек қылағын деп тілейсің-
дер? Әуелі, құдайдан тілеймісің? Жоқ, тілемейсің. Құдай
берді, бестерін алмайсың. Құдай саған еңбек қылып мал
табарлық қат берді. Ол қуатты адал кәсіп қыларлық орын-
ға жұмсамайсың. Ол қуатты орнын тауып сарып қыларды
білесің ғылым берді, оны оқымайсың. Ол ғылымды оқыса,
ұғарлық ақыл берді, қайда жібергеніңді кім біледі?.. Ерін-
бей еңбек қылса, түңілмей іздесе, орнын тауып істесе, кім
бай болмайды? Оның саған керектігі жоқ. Сенікі — біреуден
қорқытып алсаң, біреуден жалырып алсаң, біреуден алдап
алсаң болғаны, іздегенің — сол.

Бұл — құдайдан тілеген емес. Бұл — абыройын, арын са-
тып, алам жаулағандық, тіленшілік. Қош, сүйтіп жүріп-ақ
ақыл мал тептің, байыдың. Сол малды сарып қылып, ғы-
лым табу керек. Өзің таба алмасаң, балаң тепсын, Ғылым-
сыз ақирет те жоқ, дүние де жоқ. Ғылымсыз оқыған намаз,
тұтқан ораза, қылған қаж, ешбір ғибадат¹ орнына бармай-
ды. Ешбір қазақ көрмедім, малды иттікпен тапса да, адам-
шылықпен жұмсаған. Бәрі де иттікпен табалы, иттікпен ай-
рылады. Бейнет, күйігі, ызасы — сол үшеуінен басқа еш-
нәрсе бойында қалмайды. Барында баймын деп мақтанады.
Жоғында «Маған да баяғыда мал бітіп еді» деп мақтанады.
Кедей болған соң, тағы қайыршылыққа түседі.

ОН БІРІНШІ СӨЗ

Осы елдің үнем қылып жүргені немене? Екі нәрсе. Әу-
елі — ұрлық, ұры ұрлықпен мал табам деп жүр. Мал иесі ар-
тылтып алып, тағы да баймын деп жүр. Ұлықтар алып
берем деп, дәугергі жеп, құтқарам деп, ұрыны жеп жүр.
Қарапайым жұрт ұрлық айтып мал алам деп, ұрыға атымды
сатып «пәйдалаңам» деп не өткізбесін арзанға түсіріп алам
деп жүр. Екінші — бұзақылар біреудің ойында жоқ пәлені
ойыңа салып, бұйтсең бек боласын, бұйтсең көп боласын,

¹ Құтшылық.

бүйтсең кек аласын, мықты атанасын деп, ауқаттыларды азғырғалы әлек болып жүр. Кім азса, мен соған керек боламын деп, к... қыздырып алып, өзін бір аз ғана азық қылайын деп жүр.

Ұлықтар «пәлі-пәлі», бұл табылған ақыл екен деп, мен сені бүйтіп сүйеймін деп, ананы жеп, сені бүйтіп сүйеймін деп, мынаны жеп жүр. Қара халық менін сонша үйім бар, сонша ауыл-аймағыммен сойылыңды соғайын, дауыңды айттайын деп, қай көп бергенге партиялас боламын деп, құдайға жазып, жатпай-тұрмай салып жүріп, басын, аулын, қатын-баласын сатып жүр. Осы бір ұры, бұзақы жоғалса, жұртқа ой да түсер еді. Шаруа да қылар еді. Бай малын бағын, келей жоғын іздеп, ел секілденіп талапқа, тілеуге кірісер еді. Енді жұрттың бәрі осы екі бүлік іске ортақ, мұны кім түзейді? Анттың, серттің, адалдықтың, ұяттың бір тоқтаусыз кеткені ме? Ұрыны тыю да оңай болар еді, бірақ осы бұзақының тіліне еретұғын, азатұғын байларды кім тыяды?

ОН ЕКІНШІ СӨЗ

Кімде-кім жақсы-жаман ғибадат қылып жүрсе, оны ол ғибадаттан тыюға аузымыз бармайды, әйтеуір жақсылыққа қылған ниеттің жамандығы жоқ қой дейміз. Лакин¹, сондай адамдар толымды ғибадатқа ғылымы жетпесе де, қылса екен. Бірақ оның екі шарты бар, соны білсе екен. Әуелі — иманның игітиқатын² махкамлемек³ керек, екінші үйреніп жеткенше осы да болады ғой деп тоқтамай, үйрене беру керек. Кімде-кім үйреніп жетпей жатып, үйренгенін қойса, оны құлай ұрды, ғибадаты ғибадат болмайды. Уалакин⁴, кімде-кім иманның неше нәрсе бірлән кәмәлат табатұғынын білмей, қанша жерден бұзылатұғынын білмей, басына шалма орап, бірәлар атын көтеріп, оразашыл, намазшыл болып жүргені кеңілге қалың бермей тұрып, жұртысын салғанға ұқсайды. Күзетшісіз, ескерусіз иман тұрмайды, ықласыменен өзін өзі аңдып, шын діни шыншылдап жаны ашып тұрмаса, салғырттың иманы бар деп болмайды.

¹ Біреқ.

² Нәну, сену.

³ Бер к мықты, сенімді.

⁴ Бірақ та.

ОН ҮШІНШІ СӨЗ

Иман деген — алла табарака уатағаланың¹ шәриксіз², ғайыпсыз, бірілігіне, барлығына уа һәр түрлі бізге пайғамбарымыз саллалаһү ғалайһи уәсәлләм³ арқылы жіберген жарлығына, білдіргеніне мойын сұнып, инанмақ. Енді бұл иман дерлік инануға екі түрлі нәрсе керек. Әуелі — не нәрсеге иман келтірсе, соның хақтығына ақылы бірлән дәлел жүргізерлік болып, ақылы дәлел — испат⁴ қыларға жараса, мұны якини иман⁵ десек керек. Екіншісі — кітаптан оқу бірлән яки молдалардан есту бірлән иман келтіріп, сол иман келтірген нәрсесіне соншалық беріктік керек. Біреу өлтіремін, деп қорқытса да, мың кісі мың түрлі іс көрсетсе де, соған айнып, көңлі қозғалмастай берік болу керек. Бұл иманды иман таклиди⁶ дейміз.

Енді мұндай иман сақтауға қооқпас жүрек, айнымас көңіл, босанбас буын керек екен. Якини иманы бар деуге ғылымы жоқ, таклиди иманы бар деуге беріктігі жоқ, я алдағанға, я азғырғанға, я бір пайдаланғанға қарап, ақты қара деп, я қарағы ақ деп, өтірікті шын деп ант ететұғын кісіні не дейміз? Құдай тағала өзі сақтасын. Әонешік білмек керек, жоғарғы екі түрліден басқа иман жоқ. Иманға қарсы келерлік орында ешбір пенде құдай тағала кеңшілігімен кешелі дағы демесін, оның үшін құдай тағаланың ғафуына⁷ яки пайғамбарымыздың шафағатына⁸ да сыймайды, мүмкін де емес. «Қылыш үстінде серт жоқ» деген, «құдай тағаланың кешпес күнасы жоқ» деген жалған мақалды қуат көрген мұндай пәнденің жүзі құрсын.

ОН ТӨРТІНШІ СӨЗ

Тірі адамның жүректен аяулы жері бола ма? Біздің қазақтың жүректі кісі дегені — батыр кісі дегені. Онан басқа жүректің қасиеттерін анықтап біле алмайды. Рақымдылық, мейірбандылық, әр түрлі істе адам баласын өз бауырым деп, өзіне ойлағандай оларға да болса игеді демек,

¹ Ұлы тәңрі күшті құдай.

² Тең келмейтін, бірдей келмейтін.

³ Құдайдың жарылғауымен рахметіндегі

⁴ Дәлелдеу, дәлелмен бекіту.

⁵ Шын иман.

⁶ Біреуге еріп нану.

⁷ Кешу, кешіру.

⁸ Қорғау, жәрдем ету.

бұлар — жүрек ісі. Асықтық та — жүректің ісі. Тіл жүректің айтқанына көнсе, жалған шықпайды. Амалдың тілін алса, жүрек ұмыт қалады. Қазақтың «жүректісі» мақтауға сыймайды. Айтқанға көнгіш, уағдада тұрғыш, бойын жаманшылықтан тез жыйып алғыш, көштің соңынан итше ере бермей, адасқан көптің атының басын бұрып алуға жаратқан, әділетті ақыл мойындаған нәрсеге, қыйын да болса, мойынлау, әділетті ақыл мойындамаған нәрсеге, оңай да болса, мойындамау — ерлік, батырлық осы болмаса, қазақтың айтқан батыры — әншейін жүректі емес, қасқыр жүректі деген сөз.

Қазақ та адам баласы ғой, көбі ақылсыздығынан азбайды, ақылдың сөзін ұғып аларлық жүректе жігер, қайрат, байлаушылықтың жоқтығынан азады. Білместігімен қылдым дегеннің көбіне нанбаймын. Білсе де, арсыз, қайратсыздығынан ескермей, ұстамай кетеді. Жаманшылыққа бір елігіп кеткен сон, бойын жыйып алып кетерлік қайрат қазақта кем болады. Осы жұрттың көбінің айтып жүрген мықты жігіт, ер жігіт, пысық жігіт деп ат қойып жүрген кісілерінің бәрі — бәлеге, жаманшылыққа елертпек үшін, бірін-бірі «айда, батырлап!» қыздырып алады да, артын ойлатпай, азғыратұғын сөздері. Әйтпесе құдайға терістіктен, не армен ұятқа терістіктен сілкініп, бойын жыйып ала алмаған кісі, үнемі жаманшылыққа, мақтанға салынып, өз бойын өзі бір тексермей кеткен кісі, тәуір жігіт түгіл, әуелі адам ба өзі?

ОН БЕСІНШІ СӨЗ

Ақылды кісі мен ақылсыз кісінің, менің білуімше, бір белгілі парқын көрдім.

Әуелі — пенде адам болып жаратылған соң, дүниеде ешбір нәрсені қызық көрмей жүре алмайды. Сол қызықты нәрсесін іздеген кезі өмірінің ең қызықты уақыты болып ойында қалады. Сонда есті адам, орынды іске қызығып, құмарланып іздейді екен дағы, күнінде айтса құлақ, ойланса көңіл сүйсінгендей болады екен. Оған бұл өткен өмірдің өкініші де жоқ болады екен. Есер кісі орнын таппай, не болса сол, бір баянсыз, бағасыз нәрсеге қызығып, құмар болып, өмірінің қызықты, қымбатты шағын итқорлықпен өткізіп алады екен дағы, күнінде өкінгені пайда болмайды екен. Жастықта бұл қызықтан соң және бір қызық тауып алатын кісімсіп, жастығы тозбастай, буыны босамастай

көріп жүріп, бірер қызықты қуғанда-ақ мойны катып, буыны құрып, екінші талапқа қайрат қылуға жарамай қалады екен.

Үшінші — әрбір нәрсеге қызықпақтық. Ол өзі бойға құмарлық пайда қылатын нәрсе екен. Әрбір құмарлық өзіне бір дерт болады екен, әртүрлі құмар болған нәрсеге жеткенде, яки эне-міне, жетер-жетпес болып жүргенде, бір түрлі мастық пайда болады екен. Әрбір мастық бойдан оғатты көп шығарып, ақылдың көзін байлап, төніректегі қараушылардың көзін ашып, «ананы, ананы») дегізіп, бойды сынататұғын нәрсе екен. Сол уақытта есті кісілер үлкен есі шықпай, ақылды қолдан жібермей, бойын сынатпай жүріп ізденеді екен. Есео кісілер ер-тоқымын тастап, бөрікі түсіп қалып, етегі атының к...н жауып кетіп, екі көзі аспанда, жыңлы кісіше шаба беруді біледі екен, соны көрдім.

Егерде есті кісілердің қатарында болғың келсе, күнінде бір мәртебе, болмаса жұмасында бір, ең болмаса айында бір, өзіңнен өзің есеп ал! Сол алдыңғы есеп алғаннан бергі өмірді қалай өткіздің екен, не білімге, не ахиретке, не дүниеге жаоамды, күнінде өзің өкінбестей қылықпен өткізіп-пісің? Жок, болмаса, не қылып өткізгеніңді өзің де білмей қалыппысың?

ОН АЛТЫНШЫ СӨЗ

Қазақ құлшылығым құдайға лайық болса екен деп қам жемейді. Тек жұрт қылғанды біз де қылып, жығылып, тұрып жүрсек болғаны дейді. Сәудегер неснесін жия келгенде, «тапқаным осы, бітті деп алсаң—ал, әйтпесе саған бола жерден мал қазам ба?» дейтұғыны болушы еді ғой. Дәл құдай тағаланы сол сәудегердей қыламын дейді. Тілін жаттықтырып, денін тазартып, ойланып, үйреніп әлек болмайды. «Білгенім осы, енді қартайғанда қайдан үйрене аламын» дейді. «Оқымалдың демесе болад тағы, тілімнің келмегенін қайтушы ед» дейді. Оның тілі өзге жұрттан белекіше жаратылып па?

ОН ЖЕТІНШІ СӨЗ

Қайрат, ақыл, жүрек үшеуі өнерлерін айтысып, таласып келіп, ғылымға жүгініпті. Қайрат айтыпты: Ей, ғылым, өзің білесін, дүниеде ешнәрсе менсіз кәмәлатқа жетпейді,

әуелі, ғылым, өзіңді білуге, ерінбей, жалықпай ізденіп, үйреніп, орнына келтірмек — менің ісім, құдайға лайықты ғибадат қылып, ерінбей, жалықпай орнына кел ірмек те — менің ісім. Дүниеге лайықты өнер, мал тауып, абұйыр, мансапты еңбексіз табуға болмайды. Орынсыз, болымсыз нәрсеге үйір қылмай, бойды таза сақтайтұғын, күнәкәрліктен, көрсеқызар жеңілдіктен, нәфсі¹ шайтанның азғыруынан құтқаратұғын, адасқан жолға бара жатқан бойды қайта жыйғызып алатұғын мен емес пе? Осы екеуі маған қалай таласады? — депті.

Ақыл айтыпты: Не дүниеге, не ахиретке не пайдалы болса, не залалды болса, білетұғын — мен, сенің сөзіңді ұғатұғын — мен, менсіз пайданы іздей алмайды екен, залалдан қаша алмайды екен, ғылымды ұғып үйрене алмайды екен, осы екеуі маған қалай таласады? Менсіз өздері неге жарайды? — депті.

Онан соң жүрек айтыпты: Мен — адамның денесінің патшасымын, қан менен тарайды, жан менде мекен қылады, менсіз тірлік жоқ. Жұмсақ төсекте, жылы үйде тамағы тоқ жатқан кісіге төсексіз кедейдің, тоңып жүрген киімсіздің, тамақсыз аштың күй-жәйі қандай болып жатыр екен деп ойлатып, жанын ашытып, ұйқысын ашылтып, төсегінде дөңбекшітетұғын — мен. Үлкеннен ұят сақтап, кішіге рақым қылдыратұғын — мен, бірақ мені таза сақтай алмайды, ақырында қор болады. Мен таза болсам, адам баласын алаламаймын; жақсылыққа елжіреп еритұғын — мен, жаманшылықтан жиреніп тулап кететұғын — мен, әділет, нысап, ұят, рақым, мейірбаншылық дейтұғын нәрселердің бәрі менен шығады, менсіз осылардың көрген күні не? Осы екеуі маған қалай таласады? — депті.

Сонда ғылым үшеуінің сөзін тыңдап болып, айтыпты:

— Ей, қайрат, сенің айтқаныңның бәрі де рас. Ол айтқандарыңнан басқа да көп өнерлеріңнің бары рас, сенсіз болмайтұғыны да рас, бірақ қаруыңа қарай қаттылығың да мол, пайдаң да мол, бірақ зәлалың да мол, кейде жақсылықты берік ұстап, кейде жамандықты берік ұстап кетесін, соның жаман — депті.

— Ей, ақыл! Сенің айтқандарыңның бәрі де рас. Сенсіз ешнәрсе табылмайтұғыны да рас. Жаратқан тәңріні де сен танытасын, жаралған екі дүниенің жайын да сен білесін. Бірақ сонымен тұрмайсың, амал да, айла да — бәрі сенен

¹ Көңілдің тілеуі. қалауы.

шығады. Жақсының, жаманның, екеуінің де сүйенгені — сен; екеуінің іздегенін тауып беріп жүрсің, соның жаман, — депті. — Сен үшеуіңнің басыңды қоспақ — менің ісім, — депті. — Бірақ сонда билеуші, әмірші жүрек болса жарайды. Ақыл сенің қырың көп, жүрек сенің ол көп қырыңа жүрмейді. Жақсылық айтқаныңа жаны-діні құмар болады. Көнбек түгіл қуанады. Жаманшылық айтқаныңа ермейді. Ермек түгіл жиреніп, үйден қуып шығарады.

Қайрат, сенің қаруың көп, күшің мол, сенің де еркіңе жібермейді. Орынды іске күшіңді аятпайды. Орынсыз жерге қолыңды босатпайды. Осы үшеуің басыңды қос, оның ішінде жүрекке билет, — деп ұқтырып айтушының, аты ғылым екен. — Осы үшеуің бір кісінде менің айтқанымдай табылсаңдар, табанының топрағы көзге сұртерлік қасиетті адам — сол. Үшеуің ала болсаң, мен жүректі жақтадым. Құдайшылық сонда, қалпыңды таза сақта, құдай тағала қалпыңа әрдайым қарайды деп кітаптың айтқаны — осы, — депті.

ОН СЕГІЗІНШІ СӨЗ

Адам баласына жыртықсыз, кірсіз, сыпайы киініп, һәм ол киімін былғап, былжыратып кимей, таза кимек — дұрыс іс. Ләкин өз дәулетінен артық киінбегі. не киімі артық болмаса да, көңліне қуат тұтып, тым айналдырмақ — кербездің ісі.

Кербездің екі түрлі қылығы болады: бірі бет-пішінін, сақал-мұртын, мүшесін, жүрісін, қас-қабағын қолдан түзетіп, шынтағын көтеріп, қолын тарақтап әуре болмақ. Біреуі атын, киімін «айран ішерім» деп, солардың арқасында сыпайы, жұғымды жігіт атанбаққа, өзінен ілгерілерге елеулі болып, өзі қатардағының ішін күйдіріп, өзінен кейінгілерге «әттең дүние-ай, осылардың атындай ат мініп, киіміндей киім кигеннің не арманы бар екен?!» дейтуғын болмаққа ойланбақ.

Мұның бәрі — масқаралық, ақмақтық. Мұны адам бір ойламасын, егерде бір ойласа, қайта адам болмағы — қыйын іс. Кербез дегенді осындай кер, кердең немеден безіндер деген сөзге ұқсатамын. Тегінде адам баласы адам баласынан ақыл, ғылым, ар, мінез деген нәрселермен озады. Онан басқа нәрсеменен оздым ғой демектің бәрі де — ақмақшылық.

ОН ТОҒЫЗЫНШЫ СӨЗ

Адам ата-анадан туғанда есті болмайды: естіп, көріп, ұстап, татып ескерсе, дүниедегі жақсы. жаманды таниды дағы, сондайдан білгені, көргені көп болған адам білімді болады. Естілердің айтқан сөздерін ескеріп жүрген кісі өзі де есті болады. Әрбір естілік жеке өзі іске жарамайды. Сол естілерден естіп, білген жақсы нәрселерді ескерсе, жаман дегеннен сақтанса, сонда іске жарайды, сонда адам десе болады. Мұндай сөзді есіткенде шайқақтап, шалықтанып, не салбырап, салғырттанып есітсе, не есіткен жерде қайта қайырып сұсап ұғайын деп тұшынбаса, не сол жерде сөздің расына көзі жетсе де, шыға беріп қайта қалпына кетсе, естіп-есітпей не керек? Осындай сөз танымайтұғын елге сөз айтқанша, өзіңді танийтұғын шошқаны баққан жақсы деп бір хаким¹ айтқан екен, сол секілді сөз болады.

ЖҒЫЙРМАСЫНШЫ СӨЗ

Тағдырдың жарлығын білесіздер — өзгерілмейді. Пән-деде бір іс жалығу деген. Ол — тағдырда адаммен бірге жаратылған нәрсе. оны адам өзі тапқан емес. Оған егер бір еліксе, адам баласы құтылмағы қыйын. Қайраттанып, сілкіп тастап кетсең де, ақырында тағы келіп жеңеді. Ақылы түгел ойлы, адамның баласы осы адам баласының жалықпайтұғын нәрсесі бар ма екен? Тамақтан да, ойыннан да, күл-кіден де, мақтаннан да, кербездіктен де, тойдан да, топтан да, қатыннан да көңіл аз ба, көп пе жалығады. Оның үшін бәрінің айыбын көреді, баянсызын біледі, көңілі бұрынғыдан да суый бастайды. Дүние бірқалыпта тұрмайды, адамның қуаты, өмірі бірқалыпта тұрмайды. Әрбір мақлұққа құдай тағала бірқалыпта тұрмақты берген жоқ. Енді көңіл қайдан бірқалыпта тұра алады?

Бірақ осы жалығу деген әрнені көрем деген, көп көрген, дәмін, бағасын, бәрінің де баянсызын біліп жеткен, ойлы адамнан шығады. Соншалық өмірдің баянсызын, дүниенің әрбір қызығының ақырының шолақтығын көрген-білгендер тіршіліктен де жалықса болады. Бұлай болғанда ақмақтық, қайғысыздық та бір ғанимат² екен деп ойлаймын.

¹ Данышпан.

² Олжа, табыс.

ЖЫЙЫРМА БІРІНШІ СӨЗ

Аз ба, көп пе, адам баласы бір түрлі мақтаннан аман болмағы — қыйын іс. Сол мақтан деген нәрсенің мен екі түрлісін байқадым: біреуінің атын үлкендік деп атғаймын, біреуін мақтаншақтық деймін. Үлкендік — адам ішінен өзін өзі бағалы есеп қылмақ. Мысалы, надан атанбастығын, жеңіл атанбастығын, мақтаншақ атанбастығын, әдепсіз, арсыз, байлаусыз, пайдасыз, сұрамшақ, өсекші, өтірікші, алдамшы, кеселді — осындай жарамсыз қылықтардан сақтанып, сол мінездерді бойына қорлық біліп, өзін ондайлардан зор есептемек. Бұл мінез — ақылдылардың, арлылардың, артықтардың мінезі. Олар өзімді жақсы демесе, мейлі білсін, жаман, дегізбесем екен деп азаптанады. Екінші, мақтаншақ деген біреуді «демесін» демейді, «десін» дейді. Бай десін, батыр десін, қу десін, пысық десін, әрдайым не түрлі болса да, «десін» деп азаптанып жүріп, «демесінді» ұмытып кетеді. Ұмытпақ түгіл, әуелі іс екен деп ескермейді. Мұндай мақтаншақтардың өзі үш түрлі болады. Біреуі жатқа мақтанарлық мақтанды іздейді. Ол — надан, надан да болса адам. Екіншісі өз елінің ішінде мақтанарлық мақтанды іздейді. Оның надандығы толық, адамдығы әбден толық емес. Үшіншісі өз үйіне келіп айтпаса, я аулына ғана келіп айтпаса, өзге кісі қостамайтын мақтанды іздейді. Ол — наданның наданы һәм өзі адам емес.

Жатқа мақталсам екен деген елім мақтаса екен дейді. Еліме мақталсам екен деген ағайыным мақтаса екен дейді. Ағайынның ішінде өзі мақтау іздеген өзімді өзім мақтап жетем дейді.

ЖЫЙЫРМА ЕКІНШІ СӨЗ

Дәл осы күнде қазақтың ішінде кімді жақсы көріп, кімді қадірлеймін деп ойлады.

Байды қадірлейін десең, бай жоқ. Бай болса, өз басының, өз малының еркі өзінде болмас па еді? Ешбір байдың өз малының еркі өзінде жоқ. Кей бай өзі біреумен күш таластырамын деп, жүз кісіге қорғалауықтығынан жалынып, малын үлестіріп жүр. Ойлайды: жалынтып бердім деп. Ақмақтығынан ойлайды. Жоқ, өзі жалынып беріп жүр. Қайыр да емес, мырзалық та емес, өз елімен, өз жерімен ойрандасып, ойсыздарға қойнын ашып, малын шашып жүр.

Кей байлар, елдегі құттылар, сүттілер берекелесе алмаған соң, кеселді құлар көбейіп кетіп, көп қорқытып, іздеген нәрсесі жоқ, еріксіз кім болса соған жеміт болып жүр.

Мырзаларды қадірлейін десең, осы күнде анық мырза елде жоқ, мал бергіш мырза іттен көп. Біреу бір пайдама келтірем деп мырза болып жүр. Біреулер к... не құрым киізді тұзға малшып тыққан соң есі шығып, еріксіз кім болса соған талтайып емізіп жүр.

Болыс пен биді құрметтейін десең, құдай берген болыстық пен билік елде жоқ. Сатып алған, жалынып, бас ұрып алған болыстық пенен биліктің ешбір қасиеті жоқ.

Мықтыны құрметтейін десең, жаманшылыққа елдің бәрі мықты, жақсы іске мықты кісі елде жоқ.

Есті кісіні тауып құрметтейін десең, әділет, ұят, нысапқа есті кісі елде жоқ. Қулық, сұмдық, арамдық амалға елдің бәрі де есті.

Ғарып-қасар бишараны құрметтейін десең, жатқан түйеге міне алмаса да, ол момындыққа есеп емес. Егер мінерлік жайы болса, бірдемені ептеп ілерлік те жайы бар.

Енді қалды қу мен сұм, олар өзі де қуартпай, суалтпай тыныштық көрер емес.

Жә, кімді сүйдің, кімнің тілеуін тіледің? Енді, әлбәтте, амал жоқ, момындығынан «Ырыс баққан, дау бақпас» деген мақалменен боламын деп, бергенімен жаға алмай, жарымын беріп, жарымын тыныштығымен баға алмай, ұры, залым, құларға жеміт болып жүрген шын момындарды аямаған, соның тілеуін тілемесең болмайды. Сонан басқаны таба алмадым.

ЖҰЙЫРМА ҮШІНШІ СӨЗ

Бірдің қазақсы оңдырмай жүрген бір қуаныш, бір жұбаныш дегендер бар.

Оның қуанышы — елде бір жаманды тауып, я бір адамның бұл өзі қылмаған жаманшылығы шықса қуанады. Айтады. құдай пәленшеден сақтасын, о да адаммын деп жүр ғой, оның қасында біз сәулелі кісінің бірі емеспіз бе, оған қарағанда мен таза кісі емеспін бе? — деп. Оған құдай тағала айтып па, пәленшеден тәуір болсаң болады деп? Я білгендер айтып па, әйтеуір өзіңнен наданшылығы асқан, я жаманшылығы артылған кісі табылса, сен жаманға қосылмайсың деп? Жаманмен салысып жақсы бола ма? Жақсыға

салысып жақсы болад тағы. Жүз ат бәйгеге қосылса, мен бәйге алдым деген сөз болса, алдында неше ат бар деп сұрар, артыңда неше ат бар еді деп сұрағанның несі сөз? Мен бес аттан, он аттан ілгері едім дегеннің несі қуаныш?

Енді жұбаныш — жалғыз біз бе, елдің бәрі де сүйгіп-ақ жүр ғой, көппен көрген — ұлы той, көппен бірге болса, болады да деген сөзді жұбаныш қылады. Оған құдай тағала айтып па, көптен қалмасаң болады деп, көпке қаһарым жүрмейді деп? Көпке тұзағым жетпейді деп пе? Ғылым көпке келіп пе? Біреуден тарап па? Хикмет¹ көптен тарай ма? Бірден тарай ма? Көпке қорлық жүрмей ме? Бір үйдің іші түгел ауырса, жеңіл тие ме? Жоқ, жарымы сау болса, жеңіл тие ме? Жер білмеген көп адам адасып жүрсе, бір жер білетұғын кісінің керегі жоқ па екен? Көп кісі жолаушының бәрінің аты арығаны жақсы ма? Жоқ, жармысы арыса, жармысының күйлісі жақсы ма? Жұт келсе, елдің бәрінің түгел жұтағаны жақсы ма? Жарым-жартысы аман қалғаны жақсы ма? Осы көп ақмақтың бір ақмаққа несі жұбаныш? Тұқымымызбен бәріміздің аузымыз сасық болушы еді деген жаман күйеу қалыңдығын жеңіп пе? Көңлін сол сөзбен разы қылуға жетіп пе? Ендеше көбіңнен қалмай, сен де аузыңды сасыта бер деп пе?!

ЖЫЛЫРМА ТӨРТІНШІ СӨЗ

Жер жүзінде екі мың миллионнан артық адам бар, екі миллиондай қазақ бар. Біздің қазақтың достығы, дұшпандығы, мақтаны, мықтылығы, мал іздеуі, өнер іздеуі, жұрттануы ешбір халыққа ұқсамайды. Бірімізді біріміз аңдып, жаулап, ұрлап, кірпік қақтырмай отырғанымыз. Үш миллионнан халқы артық дүниеде бір қала да бар, дүниенің басаяғын үш айналып, көрген кісі толып жатыр. Өстіп, жер жүзіндегі жұрттың қоры болып, бірімізді біріміз аңдып өтеміз бе? Жоқ, қазақ ортасында да ұрлық, өтірік, есек, қастық қалып, енерді, малды түзден, бөтен жақтан түзу жолмен іздеп, өрістерлік күн болар ма екен? Ай, не болсын!.. Жүз қараға екі жүз кісі сұғын қадап жүр ғой, бірін бірі құртпай, құрымай тыныш таба ма?

¹ Бұл жерде өнер-білім деген мағнада.

ЖҢЫҢРМА БЕСІНШІ СӨЗ

Балаларды оқытқан да жақсы, бірақ құлашылық қыларлық қана. түркі танырлық қана таза оқыса болады. Оның үшін бұл жер дәрілхарап¹, мұнда әуелі мал табу керек, онан соң араб, парсы керек. Қарны аш кісінің көңілінде ақыл, бойында ар, ғылымға құмарлық қайдан тұрсын? Ашап-ішуге малдың тапшылығы да, ағайынның араздығы да — әртүрлі бөлеге, ұрлық, зорлық, қулық, сұмдық секілді нәрселерге үйірлендіруге себеп болатұғын нәрсе. Мал тапса, қарын тояды. Онан соң білім, өнер керек екен. Соны үйренейін не балама үйретейін деп ойына жақсы түседі. Орысша оқу керек, хикмет² те, мал да, өнер де, ғылым да — бәрі орыста зор. Залалынан қашық болу, пайдасына ортақ болуға тілін, оқуын, ғылымын білмек керек. Оның себебі олар дүниенің тілін білді, мұндай болды. Сен оның тілін білсең, көкрек-көзің ашылады. Әрбіреудің тілін, өнерін білген кісі оныменен бірдейлік дағуасына³ кіреді, аса арсыздаға жалынбайды. Жақсы білгенді жорғалықпенен көңлін алсам екен деген надан әке-шешесін, ағайын-жұртын, дінін, адамшылығын жаурыннан бір қаққанға сатады. Тек майордың күлгені керек деп, к...і ашылса да, қам жемейді. Орыстың ғылымы, өнері — дүниенің кілті, оны білгенге дүние арзанырақ түседі. Бірақ осы күнде орыс ғылымын баласына үйреткен жандар соның қаруымен тағы қазақты аңдысам екен дейді. Жоқ, олай ниет керек емес. Малды қалай адал еңбек қылғанда табады екен, соны үйретейін, мені көріп жәке үйренушілер көбейсе, ұлықсыған орыстардың жұртқа бірдей законы болмаса, законсыз зорлығына көнбес едік. Қазаққа күзетші болайын деп, біз де ел болып, жұрт білгенді біліп, халық қатарына қосылудың қамын жейік деп ниеттеніп үйрену керек. Қазір де орыстан оқыған балалардан артық жақсы кісі шыға алмай да тұр. Себебі: ата-анасы, ағайын-туғаны бір жағынан бұзып жатыр. Сүйтсе де, осы оқыған балалар — ана оқымаған қазақ балаларынан үздік, озық. Не қылса да сөзді ұқтырса болады оларға. Жаксы атаның балалары да көп оқыған жоқ, қайта кедейдің балаларын орысқа қорлап берді. Олар осыдан артық қайда барсын? Және де кейбір қазақтар ағайынымен араздасқанда: «Сенің

¹ Қауыпты, бүлінген.

² Керемет, ғажайып, сыр, ақыл.

³ Талас, тартыс, айтыс.

осы қорлығына көнгенше, баламды солдатқа беріп, басыма шаш, аузыма мұрт қойып кетпесем бе!» деуші еді. Осындай жаман сөзді, құдайдан қорықпай, пендеден ұялмай айтқан қазақтардың баласы оқығанменен не бола қойсын? Сонда да өзге қазақ балаларынан артық үйренгені немене, қай көп үйреніпті? Кірді, шықты, ілді, қашты, түбсегейлеп оқыған бала да жоқ. Әкесі ел ақшасыменен оқығанға әрең оқытады, өз малын не қылып шығарсын? Турасын ойлағанда, балаңа қатын әперме, енші берме, барыңды салсаң да, балаңа орыстың ғылымын үйрет! Мына мен айтқан жол — мал аяр жол емес. Құдайдан қорық, пендеден ұял, балаң бала болсын десең — оқыт, мал аяма! Әйтпесе, бір ит қазақ болып қалған соң, саған рахат көрсетер ме, өзі рахат көрер ме, я жұртқа рахат көрсетер ме?

ЖҮЙІРМА АЛТЫНШЫ СӨЗ

Біздің қазақтың қосқан аты алдында келсе, түсірген бауаны жықса, салған құсы алса, қосқан иті өзгеден озып барып ұстаса, есі шығып бір қуанады. Білмеймін, содан артық қуанышы бар ма екен? Ай, жоқ та шығар! Осы қуаныш бәрі де қазақ қарындастың ортасында, бір қайуанның өнерінің артылғанына я бір бөтен адамның жыққанына мақтанарлық не орны бар? Ол озған, алған, жыққан өзі емес, болмаса баласы емес. Мұның бәрі—қазақтың қазақтан басқа жауы жоқ, биттей нәрсені бір үлкен іс қылған кісідей қуанған болып, ана өзгелерді ызаландырсам екен демек. Біреуді ызаландырмақ — шарифатта харам, шаруаға залал, ақылға теріс. Әншейін біреуді ыза қылмақтың несін дәулет біліп, қуанады екен? Жә, болмаса, ана ыза болушы соншалық неге жер болып қалады екен?

Жүйрік ат та — кейде ол елде, кейде бұл елде болатұғын нәрсе, қыран құс та, жүйрік ит те — кейде оның қолында, кейде мұның қолында болатұғын нәрсе. Күшті жігіт те үнемі бір елден шыға ма? Кейде ана елден, кейде мына елден шығады. Мұның бәрін адам өз өнеріменен жасаған жоқ. Бір озған, бір жыққан үнечі озып, үнемі жығып жүрмейді. Соның бәрін де біле тұра, жерге кіргендей болып я бір арамдығы шыққандай, жамандығы білінгендей болып несіне ұялып, қорланады екен?

Енді осылардан ойлап білсеңіз болады: надан ел қуанбас нәрсеге қуанады, және қуанғанда не айтыл, не қойғанын,

не қылғанын өзі білмей, есі шығып, бір түрлі мастыққа кез болып кетеді. Және ұялмас нәрседен ұялады, ұяларлық нәрседен ұямайды. Мұның бәрі — надандық, ақмақтықтың әсері. Бұларын айтсаң кейбіреуі рас, рас» деп ұйыған болады. Оған нанба, ертең ол да әлгілердің бірі болып кетеді. Көңілі, көзі жетіп тұрса да, қайуан секілді әуелгі әдетінен бойын тоқтата алмайды, бір тыянақсыздыққа түсіп кетеді, ешкім тоқтатып, ұқтырып болмайды. Не жаманшылық болса да бір әдет етсе, қазақ ол әдетінен еріксіз қорыққанда я өлгенде тоқтайды, болмаса ақылына жеңгізіп, мұным теріс екен деп біліп ойланып өздігінен тоқтаған адамды көрмессін.

ЖЫЙЫРМА ЖЕТІНШІ СӨЗ

(Сократ Хакиمنىң сөзі)

Бір күні Сократ хаким бір Аристодим деген ғалым шәкіртіне құдай табарака уатағалаға¹ құлшылық қылмақ тұрасында айтқан сөзі. Ол өзі құлшылық қылғандарға күлуші еді.

— Ай, Аристодим, ешбір адам бар ма, сенің білуіңше, қылған өнерлері себепті адам танырқауға лайықты? — деді.

Ол айтты:

— Толып жатыр, қазірет.

— Бірінің атын аташы.— дейді.

— Гомерге бәйітшіліктігі² себепті, Софоклеге трагедиясы себепті, яғни біреудің сыйпатына түспектік, Зевксиске суретшілігі себепті таңырқаймын,— деп, соған ұқсаған неше онан басқа өнерлері әшкере болған жандарды айтты.

— Олай болса, кім артықша ғажайыблануға лайықты: жансыз, ақылсыз, құр пішінді жасайтұғын суретші ме? Я жан иесі, ақыл иесі адамды жаратушы ма? — дейді.

— Соңғысы лайықты,— дейді,— бірақ ол жаратушы жаратты, өздігінен кез келіп, солай болып кетпей, басынан біліп істеген хикметімен болса,— дейді.

— Жә, пайдалы нәрсе дүниеде көп, бірінің пайдасы көрініп, білініп тұрады. Кейбірінің пайдасы анық білінбейді. Соның қайсысын хикмет көресін? — деді.

— Әрине, әшкере пайдаға бола жаратылғанын хикмет десек керек деймін,— дейді.

¹ Ұлы күдіреті күшті құдай.

² Өлең.

— Жә, олай болса, адамды жаратушы хауаси хамса заһири¹ бергенде, тахқиқ ойлап, олардың пайдасының барлығы түгел оған мұқтаж боларлығын біліп бергендігі әшкерә тұр ғой. Әуелі көзді көрсін деп беріпті, егер көз жоқ болса, дүниедегі көрікті нәрселердің көркінен қайтып ләззәт алар едік? Ол көз нәзіктігінен керегіне қарай ашып, жауып тұрсын үшін қабақ беріпті. Желден, ұшқыннан қаға берсін болсын үшін кірпік беріпті. Маңдай теріні көзден қағып тұруға керек болғандығынан, басқа тағы керегі бар қылып қас беріпті. Құлақ болмаса, не қаңғыр, не күңгір, дауыс, жақсы үн, күй, ән — ешбірінен ләззәт ала алмас едік. Мұрын иіс білмесе, дүниеде болған жақсы иіске ғашық болмақ, жаман иістен қашық болмақтық қолымыздан келмес еді. Таңдай, тіл дәм білмесе, дүниеде не тәтті, не дәмдінің қайсысынан ләззәт алар едік? Бұлардың бәрі біздің пайдамыз емес пе?

Көзді, мұрынды ауызға жақын жаратыпты, ішіп-жеген асымыздың тазалығын көріп, ісін біліп, ішіп-жесін деп. Бізге керегі бар болса да, жеркелерлік жері бар тесіктерді бұл бастағы ғазиз білімді жерімізден алыс апарып тесіпті, мұның бәрі хикметпен біліп істелгендігіне дәлел емес пе? — депті.

Сонда Аристодим тахқиқ ойлап тексергенде адамды жаратушы артық хикмет иесі екендігіне және махаббатымен жаратқандығына шүбәсі қалмады.

— Олай болғанда және не ойлайсын, һәмма махұлықтарды жас балаларына елжіретіп, үйіріліп тұруын көргенде уа һәмма махұлықтардың өлімін жек көріп, тіршілікте көп қалмақшылығын тілеп, ижтиһат қылуын көргенде өсіп-өнуінің қамында болудан басқа істі аз ойламақтары — бұларының бәрі жұрт болсын, өссін, өнсін үшін. Солардың бәрін жаратқанда көңілдерін солайша ынтықтандырып қойғандығы һәм мұның бәрі жақсы көргендігінен екенін білдірмей ме? — дейді.

— Ей, Аристодим! Қалайша сен бір өзіңнен, яғни адамнан басқада ақыл жоқ деп ойлайсын? — деді. — Адамның денесі, өзің жүрген жердің бір битімдей құмына ұқсас емес пе? Денеңде болған дымдар жердегі сулардың бір тамшысындай емес пе? Жә, сен бұл ақылға қайдан не болдың? Әрине, қайдан келсе де, жан деген нәрсе келді де, сонан соң не болдың. Бұл ғаламды көрдің, өлшеуіне ақылың жетпейді, келісті көрімдігіне және қандай лайықты жарастықты зако-

¹ Сыртқы бес сыйпат, бес сәтін мүшәссі.

німен жаратылып, оның ешбірінің бұзылмайтуғынын көресін. Бұлардың бәріне ғажайып қаласың және ақылың жетпейді, осылардың бәрі де кез келгендікпенен бір нәрседен жаралған ба, яки бұлардың несі бір өлшеусіз ұлы ақыл ма? Егер ақылменен болмаса, бұлайша бұл есебіне, өлшеуіне ой жетпейтуғын дүние әрбір бір түрлі керекке бола жаратылып және бірі-біріне себеппен байланыстырылып, пәндінің ақылына өлшеу бермейтуғын мықты көркем законге қаратылып жаратылды,— дейді.

Ол айтты:

— Тахқик бұл айтқаныңның бәрі рас, жаратушы артық ақыл несі екендігі мағлұм болды. Ол құдайдың ұлықтығына іңкәрім жоқ. Бірақ сондай ұлық құдай менің құлшылығымға не қылып мұқтаж болады? — деді.

— Ей, Аристодим! Қате айтасын. Мұқтаж болмағанда да, біреу сенің қамыңды жесе, сенің оған қарыздар екендігің де ұстаз керек пе? — деді.

Аристодим айтты:

— Ол менің қамымды жейтуғынын мен қайдан білем? — деді.

— Жә, олай болса һәмма махұлыққа да қара, өзіңе де қара, жанды бәрімізге де беріпті. Жанның жарығын бәрімізге де бірдей ұғарлық қылып беріп пе? Адам алдын, артын, осы күнін — үшеуін де тегіс ойлап тексереді. Қайуан артын, осы күнін де бұлдыр біледі, алдыңғы жағын тегіс тексермекке тіпті жоқ. Қайуанға берген денеге қара, адамға берген денеге қара. Адам екі аяғына басып тік өсіп, дүниені тегіс көрмекке, тегіс тексермекке ылайықты һәм өзге қайуандарды құлданарлық, пайдасын көрерлік лайығы бар. Қайуанның бірі аяғына сеніп, бірі қанатына сеніп жүр, бір өзіндей қайуанды құлданарлық лайығы жоқ. Адам өзі өзіне сенбесе, адамды да қайуан секілді қылып жаратса, ешнәрсеге жарамас еді. Қайуанға адамның ақылын берсе, мұнша шеберлік, мұнша дәрігерлік, бір біріне ғылым үйретерлік шешендік салахият¹ ол денеге лайықты келмейді. Қай өгіз шаһар жасап, құрал жасап, неше түрлі сайман жасап, сыпайылық шеберліктің үдесінен² шығарлық қыйсыны бар? Бірақ адам баласы болмаса, бұл ғажайып ақылды және ғажайыппен жасаған денеге кіргізіп, мұнша салахият несі қылғаны хиқметпенен өзге қайуанға сұлтан қылғандығына

¹ Қабілеттілік деген мағнада.

² Шама, шек.

дәлел емес пе? Ол дәлел болса, адам баласын артық көріп, қамын әуелден алланың өзі ойлап жасағанына да дәлел емес пе? Енді адам баласының құлшылық қылмаққа қарыздар екені мағлұм болмай ма? — депті.

ЖЫЙЫРМА СЕГІЗІНШІ СӨЗ

Ей, мұсылмандар! Біреу бай болса, біреу кедей болса, біреу ауру, біреу сау болса, біреу есті болса, біреу есер болса, біреудің көңілі жақсылыққа мейілді, біреудің көңілі жаманшылыққа мейілді — бұлар неліктен? — десе біреу, сіздер айтасыздар: құдай тағаланың жаратқанынан, бұйрығынша болған ісі деп. Жә, олай болса, біз құдай тағаланы ғайыбы жоқ, міні жоқ, өзі әділ деп иман келтіріп едік. Енді құдай тағала бір антұрғанға енбексіз мал береді екен. Бір құдайдан тілеп, еңбек қылып, пайда іздеген кісінің еңбегін жандырмай, қатын-баласын жөндеп асырарлық та қылмай, кедей қылады екен. Бір залалсыз момынды ауру қылып, қор қылады екен. Кейбір ұры, салымның денін сау қылады екен. Әке-шешесі бір, екі баланың бірін есті, бірін есер қылады екен. Тамам жұртқа бұзық болма, түзік бол деп жарлық шашып, жол салады екен. Түзікті бейіске шығарамын деп, бұзықты тосаққа саламын деп айта тұра, пендесінің біреуін жақсылыққа мейілдендіріп, біреуін жаманшылыққа мейілдендіріп, өзі құдайлық құдіретімен біреуін жақсылыққа бұрып, біреуін жаманшылыққа бұрып жіберіп тұрады екен. Осының бәрі құдай тағаланың ғайыпсыз, мінсіз ғафур¹ рахимдығына², әділдігіне лайық келе ме? Жұрт та, мүлік те — бәрі құдсидың өзінікі. Бұл қылғанын не дей аламыз? Өз мүлкін өзі не қылса қыла береді. Оны ғайыпты болады дей алмаймыз десең, ол сөзің құдай тағаланың ғайыбы, міні жоқ емес, толып жатыр, бірақ айтуға бата алмаймыз дегенің емес пе? Олай болғанда, пенде өз тырысқандығыменен не табады? Бәрін қылушыға қылдырушы өзі екен. Пенде пендеге өкпелейтұғын ешнәрсе жоқ. Кім жақсылық, кім жамандық қылса дағы құдайдан келген жарлықты қылып жүр екен дейміз бе?

Құдай тағала әрбір ақылы бар кісіге иман парыз деген, әрбір иманы бар кісіге ғибадат парыз³ деген екен. Және де

¹ Кешіруші.

² Мейірімді.

³ Құлшылық ету міндет.

әрбір рас іс ақылдан қорықпаса керек. Жә, біз енді ақылды еркіне жібермесек, құдай тағаланың ақылы бар кісіге иман парыз дегені қайда қалады? «Мені таныған ақылменен тақыр» дегені қайда каләды? Дініміздің бір жасырын тұрған жалғаны жоқ болса, ақылды, оны ойлама дегенімізге пенде бола ма? Ақыл тоқтамаған соң, діңнің өзі неден болады? Әуелі иманды түзетпей жатып, қылған ғибадат не болады? Жоқ, сен жақсылық, жаманлықты жаратқан — құдай, бірақ қылдырған құдай емес, ауруды жаратқан — құдай, ауыртқан құдай емес, байлықты, кедейлікті жаратқан — құдай, бай қылған, кедей қылған құдай емес деп, нанып ұқсаң болаар, әйтпесе — жоқ.

ЖЫЙЫРМА ТОҒЫЗЫНШЫ СӨЗ

Қазақтың мақалдарының көбінің іске татырлығы да бар. іске татымақ түгіл, не құдайшылыққа, не адамшылыққа жарайтұғыны да бар.

Әуелі «Жарлы болсаң, арлы болма» дейді. Ардан кеткен соң, тірі болып жүргені құрысын. Егер онысы жалға жүргенде жаныңды қыйнап еңбекпенен мал тап деген сөз болса, — ол — ар кететұғын іс емес. Тыныш жатып, көзін сатып, біреуден тіленбей, жаның қартанып, адал еңбекпен мал іздемек — ол арлы адамның ісі.

«Қалауын тапса қар жанады», «Сұрауын тапса адам баласының бермейтіні жоқ» деген — ең барып тұрған құдай ұрған сөз осы. Сұрауын табамын, қалауын табамын деп жүріп қорлықпенен өмір өткізгенше, малды не жерден сұрау керек, не аққан терден сұрау керек ғой.

«Атың шықпаса, жер өрте» дейді. Жер өртеп шығарған атыңның несі мұрат? «Жүз күн атан болғанша, бір күн бура бол» дейді. Тәңірге жазып мінбей-түспей, арып, шөмендеп дуаналықпен бір күн болған бұрлық неге жарайды?

«Алтын көрсе, періште жолдан шығады» дейді. Періштеген салаға кеткір-ай! Періште алтынды не қылсын, өзінің көрсеқызар сұмдығын қостағалы айтқаны.

«Ата-анадан мал тәтті, алтыплы үйден жан тәтті» дейді. Ата-анасынан мал тәтті көрінетұғын антұрғанның жанынан да малы қымбат екен. Ата-анасын малға сатпақ ең арсыздың ісі емес пе? Ата-ана шамасы келсе, михнаттанып мал жыйса да, дүниелік жыйса да, артымда балаларыма

қалсын дейді. Ол ата-ананы малға сатқан соң, құдайға дүспандық іс емес пе? Осындай білместікпенен айтылған сөздеріне бек сақ болу керек.

ОТЫЗИНШЫ СӨЗ

Қырқын мінсе қыр артылмайтұғын осы бір «қырт мақтан» деген бір мақтан бар, сол неге керек, неге жарайды? Ол ар, есті білмейді, намысты білмейді, кең толғау, үлкен ой жоқ, не балуандығы жоқ, не батырлығы жоқ, не адамдығы жоқ, не ақылдылығы, арлығы жоқ. Мойнын бұрып қойып: «Ой, тәңір-ай, қышты әрі, кімнен кім артық дейсін, кімнің басы кімнің қанжығасында жүр, ол менің қазаныма ас салып беріп жүр ме, мен онан сауып сауып отырмын ба?»—деп бұлақтап, немесе: «аяғаным жаным ба? Ой, енесін ұрайын, өліп кетпей неге керек? Азар болса атылып, я осы үшін айдалып кетсем де көнгенім-ақ! Әйтеуір бір өлім бар ма? деп қалшылдайтұғын кісі көп қой.

Өздерің көріп жүрсіңдер, осы айтқан сөз бойына лайық қазақ көрдіңдер ме? Өлімге шыдайтұғын қазақ көргенім жоқ, өлімге шыдамаймын деген де қазақ көргенім жоқ, аз кеңірдегін ғана көрсетеді-ау «қыйылыл қала қалайын» деп. Егер осы сөз бойына лайық кісі көрінсе, ақылы жоқ болса да, қайратыменен-ақ кісі айдындыратұғын адам болғаны ғой! Егер шын айғайды көргенде, кірео жерін габа алмайтұғын дарақы, жұртты осы сөзімен айдындырамын, «мына кәпірден кісі шешійтұғын екен» дегізіп айдындырайын деп айтып отырған құр домбытпасы болып, босқа қоқиып отырса, соны не дейміз? Ай, құдай-ай! Жанға мырзалық қылатұғын, ердің жадағайда-ақ сертке тұрғыштығы, малға мырзалығы, дүниені бір тыйын есеп көрмейтұғыны, жомарттығы—әртүрлі белгісі бойында тұрмас па еді? «Ұялмас бетке талмас жақ береді» деп, көп былжыраған арсыз, ұят сыздың бірі дағы.

ОТЫЗ БІРИНШІ СӨЗ

Естілген нәрсені ұмытпастыққа төрт түрлі себеп бар: әуелі—көкірегі байлаулы берік бөлмақ керек; екінші—сол нәрсені естігенде я көргенде гибрәтлану¹ керек, көңілденіп,

¹ Ұлгі.

тұшынып, ынтамен ұғу керек; үшінші — сол нәрсені ішінен бірнеше уақыт қайтарып ойланып, көңілге бекіту керек; төртінші — ой кеселді нәрселерден қашық болу керек. Егер ой кез болып қалса, салынбау керек. Ой кеселдері: уайымсыз, салғырттық, ойыншы-күлкішілдік, я бір қайғыға салыну, я бір нәрсеге құмарлық пайда болу секілді. Бұл төрт нәрсе — күллі ақыл мен ғылымды тоздыратұғын нәрселер.

ОТЫЗ ЕКІНШІ СӨЗ

Білім-ғылым үйренбекке талап қылушыларға әуелі білмек керек. Талаптың өзінің біраз шарттары бар. Оларды білмей, іздегенмен табылмас.

Әуел — білім-ғылым табылса, ондай-мұндай іске жаратар едім деп, дүниенің бір қызықты нәрсесін керек болар еді деп іздемекке керек. Оның себебі білім-ғылымның өзіне ғана құмар, ынтық болып, бір ғана білмектіктің өзін дәулет білсең, және әр білмегеніңді білген уақытта көңілде бір рахат хұзур хасил¹ болады. Сол рахат білгеніңді берік ұстап, білмегеніңді тағы да сондай білсем екен деп үміттенген құмар, махаббат пайда болады. Сонда әрбір естігеніңді, көргеніңді көңлің жақсы ұғып, анық сөз суретімен ішке жайғастырып алады.

Егер дін көңлің өзге нәрседе болса, білім-ғылымды бірақ соған себеп қана қылмақ үшін үйренсең, ондай білімге көңліңнің мейірімі асырап алған шешеннің мейірімі секілді болады. Бастапқыдай болғанда, тапқан шешенің мейірімі секілді болады. Адамның көңлі шын мейірленсе, білім-ғылымның өзі де адамға мейірленіп, тезірек қолға түседі. Шала мейір шала байқайды.

Екінші — ғылымды үйренгенде, ақиқат мақсатпен білмек үшін үйренбек керек. Бахасқа бола үйренбе, азырақ бахас көңліңді пысықтандырмақ үшін зәлаалды емес, көбірек бахас адамды түземек түгіл, бұзады. Оның себебі әрбір бахасшыл адам хақты шығармақ үшін ғана бахас қылмайды, жеңбек үшін бахас қылады. Ондай бахас хүсідшілікті² зорайтады, адамшылықты зорайтпайды, бәлкім азайтады. Және мақсаты ғылымдағы мақсат болмайды, адамды шатастырып, жалған сөзге жеңдірмекші болады. Мұндай қиял өзі де бұзық-

¹ Тыныштық рахатшылық.

² Күндеді, күншілдікті.

тарда болады. Жүз тура жолдағыларды шатастырушы кісі бір қыйсық жолдағы кісіні түзеткен кісіден садаға кетсін! Бахас — өзі де ғылымның бір жолы, бірақ оған хірслану¹ жарамайды. Егер хірсланса, өз сөзімшіл ғұоурлық², мақтаншақтық, хүсілшілік бойын жеңсе, ондай кісі бойына қорлық келтіретұғын өтіріктен де, өсектен де ұрсып-төбелесуден де қашық болмайды.

Үшінші — әрбір хақиқатқа тырысып ижтиһтыңмен көзің жетсе, соны тұт, өлсең айрылма! Егерде ондай білгендігің өзіңді жеңе алмаса, кімге пұл болады? Өзің құрметтемеген нәрсеге бөтеннен қайтып құрмет күгсін?

Төртінші — білім-ғылымды көбейтуге екі қару бар адамның ішінде: бірі — мұлахаза³ қылу, екіншісі — берік мұхафаза⁴ қылу. Бұл екі қуатты зорайту жаһатінде болу керек. Бұлар зораймай, ғылым зораймайды.

Бесінші — осы сөздің он тоғызыншы немірінде жазылған ақыл кеселі деген төрт пәрсе бар. Содан қашық болу керек. Соның ішінде уайымсыз салғырттық деген бір пәрсе бар, зинһар⁵, жаным, соған бек сақ бол, әсіресе, әуелі — құданың, екінші — халықтың, үшінші — дәулеттің, төртінші — ғибраттың⁶, бесінші — ақылдың, ардың — бәрінің дұспаны. Олар бар жерде бұлар болмайды.

Алтыншы — ғылымды, ақылды сақтайтұғын мінез деген сауыты болады. Сол мінез бұзыламасын! Көрсекқызарлықпен, жеңілдікпен, я біреудің орынсыз сөзіне, я бір кез келген қызыққа шйқалып қала берсең, мінездің беріктігі бұзылады. Онан соң оқып үйреніп те пайда жоқ. Қоярға орны жоқ болған соң, оларды қайда сақтайсың? Қылам дегенін қыларлық, тұрам дегенінде тұрарлық мінезде азғырылмайтын ақылды, арды сақтарлық беріктігі, қайраты бар болсын! Бұл беріктік бір ақыл, ар үшін болсын!

ОТЫЗ ҮШІНШІ СӨЗ

Егерде мал керек болса, көлөнер үйренбек керек. Мал жұтайды, өнер жұтамайды. Алдау қоспай адал еңбегін сат-

1 Ашқарақтану, қомағайлану, сараң болу.

2 Менмендік, ірілік.

3 Ойласу пікір алысу.

4 Сақтау, қорғау.

5 Қалайда, әйтеуір.

6 Ұлгі.

қан қолөнері — қазақтың әулиесі сол. Бірақ құдай ғағала қолына аз-маз өнер берген қазақтардың кеселдері болады.

Әуелі — бұл ісімді ол ісімнен асырайын деп, артық ісмерлер іздеп жүріп, көріп, біраз істес болып, өнер арттырайын деп, түзден өнер іздемсіді. Осы қолындағы аз-мұзына мақтанамын, осы да болады деп, баяғы қазақтың талапсыздығына тартып, жатып алады.

Екінші — ерінбей істей беру керек қой. Бір-екі қара тапса, малға бөге қалған кісімсіп, «маған мал жоқ па?» дегендей қылып, еріншектік, жалқау, салғырттық, кербездікке салынады.

Үшінші — «дарқансын ғой, өнерлісің ғой, шырағым», немесе «ағеке, нең кетеді, осы ғанамды істеп бер!» дегенде «маған да біреу жалынарлыққа жеткен екенмін» деп мақтанып кетіп, пайдасыз алдауға, қу тілге алданып, өзінің уақытын өткізеді. Және анаған дүниенің қызығы алдауды білген дегізіп, көңілін де мақтандырып кетеді.

Төртінші — тамыршылдау келеді. Бағанағы алдамшы шайтан тамыр болалық деп, бір болымсыз нәрсені берген болып, артынан үйтемін-бүйтемін, қарық қыламын дегенге мәз болып, тамырым, досым десе, мен де керектінің бірі болып қалыппын ғой деп, және жасынан іс істеп үйден шықпағандық қылып, жоқ-барға тырысып, алдағанды білмей, дереу оның жетпегенін жеткіземін деп, тіпті жетпесе өзінен қосып, қылып бер дегенінің бәрін қылып беріп, күні өтіп еңбек қылар уақытынан айрылып, «жоғары шық» қа қарық болып, тамақ, киім, борыш есінен шығып кетіп, енді олар қысқан күні біреудің малын бұлдап қарызға алады. Оны қылып берейін, мұны қылып берейін деп, соныменен табысы құралмай, борыш асып дауға айналып, адамшылықтан айрылып, қор болып кетеді. Осы кесі екен? Қазақтың баласының өзі алдағыш бола тұрып, және өзі біреуге алдатқыш болатындығы қалай?

ОТЫЗ ТӨРТІНШІ СӨЗ

Жұрттың бәрі біледі өлетұғынын және өлім үнемі қартайтып келмейтұғынын, бір алғанды қайта жібермейтұғынын. Қазақ осыған да амал жоқ. нанады, анық өз ойына, ақылына тексертіп нанбайды. Және һәмманы жаратқан құдай бар, ахиретте сұрау алады, жамандыққа жазғырады, жақсы-

лыққа жарылғайды, жазғыруы да, жарылғауы да пенде ісіне ұқсамайды, бегірек есепсіз қыйнауы да бар, бегірек есепсіз жетістіруі де бар деп — бәріне сендік дейді. Жоқ, онысына мен сенбеймін. Олар сендім десе де, анық ақиқат көзі жетіп, ден қойып, ұйып сенбейді. Ол екеуіне анық сенген кісіге уайым ойлап не керек? Осы екеуіне лайықты жақсылықты өздері де іздеп таба береді. Егер де осы екеуіне бұлдыр сеніп отырса, енді неге сендіре аламыз? Оны қайтып түзете аламыз? Оларды мұсылман деп, қалайша иманы бар ғой дейміз?

Кім де кім ахиретте де, дүниеде де қор болмаймын десе, білмек мерек: ешадамның көңлінде екі қуаныш бірдей болмайды, екі ынтық құмарлық бірдей болмайды, екі қорқыныш, екі қайғы — олар да бірдей болмайды. Мұндай екі нәрсені бірдей болады деп айтуға мүмкін емес. Олай болғанда қай адамның көңлінде дүние қайғысы, дүние қуанышы ахирет қайғысынан, ахирет қуанышынан артық болса — мұсылман емес. Енді ойлап қарай бер, біздің қазақ та мұсылман екен. Егерде екі нәрсе кез болса, бірі ахиретке керекті, бірі осы дүниеде керекті, бірін алса, бірі тимейтұғын болса, сонда біреу ахиретке керектіні алмай, екінші бір кез келгенде алармын деп, жоқ, егер кез болмайтұғын болса, кең құдай өзі кеңшілікпенен кешіред тағы. мына кезі келіп тұрғанда мұны жіберіп болмас деп, дүниеге керектіні алса, енді ол кісі жанын берсе ахиретті дүниеге сатқаным жоқ деп, нануға бола ма?

Адам баласына адам баласының бәрі — дос. Не үшін десең, дүниеде жүргенде туысың, өсуің, тоюың, ашығуың, қайғың, қазаң, дене бітімің, шыққан жерің, бармақ жерің бәрі бірдей, ахиретке қарай өлуің, көрге кіруің, шіруің, махшарда¹ сұралуың бәрі бірдей, екі дүниенің қайғысына, пәлесіне қаупың, екі дүниенің жақсылығына рахатың бәрі бірдей екен. Бес күндік өмірің бар ма, жоқ па?.. Біріңе бірің қонақ екенсің, өзің дүниеге де қонақ екенсің, біреудің білгендігіне білместігін таластырып, біреудің бағына, малына күндестік қылып, я көрсеқызырлық қылып көз алартыспақ лайық па? Тілеуді құдайдан тілемей, пендеден тілеп, өзбетімен еңбегімді жандыр демей, пәленшенікін әпер демек ол құдайға айтарлық сөз бе? Құдай біреу үшін біреуге жәбір қылуына не лайығы бар? Екі ауыз сөздің басын қосарлық

¹ Діни ұғым бойынша заман ақыр болғаннан кейін адам баласының күнәсі тексерілетін орын.

не ақылы жоқ, не ғылымы жоқ бола тұра, өзімдікін жөн қыламын деп, құр «ой тәңір-ай!» деп таласа бергеннің несі сөз? Оның несі адам?

ОТЫЗ БЕСІНШІ СӨЗ

Махшарға барғанда құдай тағала қажы, молда, сопы, жомарт, шейіт—соларды қатар қойып, сұрар дейді. Дүниеде ғиззат-хұрмет¹ алмақ үшін, сыйлы болмақ үшін, қажы болмақ үшін қажы болғанды, молда болғанды, сопы болғанды, жомарт болғанды, шейіт² болғандарды бір бөлек қояр дейді. Ахиретке бола бір ғана құдай тағаланың разылығын таппақ үшін болғандарды бір бөлек қояр дейді.

Дүние үшін болғандарға айтар дейді: «Сендер дүниеде қажеке, молдеке, сопеке, мырзеке, батыреке аталмақ үшін өнер қылып едіңдер, ол дүниең мұнда жоқ. Сендердің ол қызықты дүниең қарап болған, сонымен бірге қылған өнерлерің де бітті. Енді мұнда құрмет алмақ түгіл, сұрау беріңдер! Мал бердім, өмір бердім, не үшін сол малдарыңды, өмірлеріңді, бетіңе ахиретті ұстап, дін ниетің дүниеде тұрып, жұртты алдамақ үшін сарып қылдыңдар?»

Ана шын ниетіменен орнын тауып, бір құдайдың разылығы үшін өнер қылғандарға айтар дейді: «Сендер бір ғана менің разылығымды іздеп малдарыңды, өмірлеріңді сарып қылып едіңдер, мен разы болдым. Сіздерге лайықты құрметті орным бар, дайын, кіріңдер! Һәм ол разылықтарыңнан басқа осы махшар ішінде, сендердің осы қылғаныңа езі қылмаса да, іші еріп, ынтық болған достарың табылса, шафағат қылыңдар!» деп айтар дейді.

ОТЫЗ АЛТЫНШЫ СӨЗ

Пайғамбарымыз салалаһу ғалайһи уәсәлләмнің³ хадис шарифінде⁴ айтыпты: мән лә хаяһүн уәлә иманун ләһу» деп, яғни кімнің ұяты жоқ болса, оның иманы да жоқ деген. Біздің қазақтың өзінің мақалы да бар: «ұят кімде болса, иман сонда» деген. Енді бұл сөзден білінді, ұят өзі иманның

¹ Қадірлі, сыйлы.

² Дін жолында өлген адам.

³ Құдайдың сәлемі мен рахметі болсын.

⁴ Пайғамбардың езге сөзі.

бір мүшесі екен. Олай болғанда білмек керек, ұят өзі қандай нәрсе? Бір ұят бар — надандықтың ұяты, жас бала сөз айтудан ұялған секілді, жақсы адамның алдына жазықсыз-ақ әншейін барып жолығысудан ұялған секілді. Не шарифатқа теріс, не ақылға теріс жазығы жоқ болса да, надандықтан бойын керістендіріп, шешілмегендік қылып, ұялмас нәрседен ұялақ: ұялу — ақмақтық, жамандық.

Шын ұят сондай нәрсе, шарифатқа теріс, я ақылға теріс, я абыйұрлы бойға теріс бір іс себепті болады. Мұндай ұят екі түрлі болады. Біреуі — ондай қылық өзіңнен шықпай-ақ, бір бөтен адамнан шыққанын көргенде, сен ұялып кетесің. Мұның себебі сол ұят істі қылған адамды есіркегендіктен болады. «Япырм-ай, мына байғұсқа не болды, енді мұның өзі не болады дегендей, бір нәрсе іштен рахым секілді болып келіп, өзіңді қысып, қызартып кетеді. Біреуі сондай ұят, шарифатқа теріс, я ақылға я абыйұрлы бойға теріс, я адамшылыққа кесел қылық, қатеден яки нәпсіге еріп ғапылдықтан өз бойыңнан шыққандығынан болады. Мұндай ұят қылық қылғандығыңды бөтен кісі білмесе де, өз ақылың, өз нысабың өзіңді сөккен соң, іштен ұят келіп, өзіне жаза тартырады. Кірірге жер таба алмай, кісі бетіне қарай алмай, бір түрлі қысымға түсесің. Мұндай ұятты күшті адамдар ұйқыдан, тамақтан қалатұғыны да бар, хатта өзін өзі өлтіретұғын кісілер де болады. Ұят деген — адамның өз бойындағы адамшылығы, иттігіңді ішіңнен өз мойыңыңа салып, сөгіп қылған қысымның аты. Ол уақытта тілге сөз де түспейді, көңілге ой да түспейді. Көздің жасын, мұрныңның суын сүртіп алуға да қолың тимейді, бір ит боласың. Көзің кісі бетіне қарамақ түгіл, ешнәрсені көрмейді. Мұндайлыққа жетіп ұялған адамға өкпесі бар кісі кешпесе, яки оның үстіне тағы аямай өртендіріп сөз айтқан кісінің өзінің де адамшылығы жоқ десе болар.

Осы күнде менің көрген кісілерім ұяламақ түгіл, қызармайды да. «Ол істен мен ұятты болдым дедім ғой, енді неі бар?» — дейді. Я болмаса «Жә, жә, оған мен-ақ ұятты болайын, сен өзің де сүйтпеп пе едің?» дейді. Немесе «пәленше де, түгенше де тірі жүр ғой, пәлен қылған, түген қылған, менікі оның қасында несі сөз, пәлен дей, түгендей мәнісі бар емес пе еді?» деп, ұялтамын десек, жап-жай отырып дауын сабап отырады. Осыны ұялған кісі дейміз бе, ұялмаған кісі дейміз бе? Ұялған десек, хадис анау, жақсылардан қалған сөз анау. Соның иманы бар дейміз бе, жоқ дейміз бе?!

ОТЫЗ ЖЕТІНШІ СӨЗ

1. Адамның адамшылығы істі бастағандығынан білінеді, қалайша бітіргендігінен емес.

2. Көңілдегі көрікті ой ауыздан шыққанда еңі қашады.

3. Хикмет сөздер өзімізді нағыз айтқанда, көңіл уаңғаны да болады, өшкені де болады.

4. Кісіге біліміне қарай болыстық қыл; татымсызға қылған болыстық өзі адамды бұзады.

5. Әкесінің баласы — адамның дұшпаны.

Адамның баласы — баурың.

6. Ер артық сұраса да, азға разы болады.

Ез аз сұрар артылып берсең де разы болмас.

7. Өзің үшін еңбек қылсаң.

Өзі үшін оттаған хайуанның бірі боласың;

Адамшылықтың қарызы үшін еңбек қылсаң, алланың сүйген құлының бірі боласың.

8. Сократқа у ішкізген, Иоанна Аркті отқа өртеген, Ғайсаны дарға асқан, пайғамбарымызды түйенің жемтігіне көмген кім? — Ол — көп, ендеше көпте ақыл жоқ. Ебін тапта, жөнге сал.

9. Адам баласын заман өстіреді, кімде-кім жаман болса, замандасының бәрі виноват.

10. Мен егер закон қуаты қолымда бар кісі болсам, адам мінезін түзеп болмайды деген кісінің тілін кесер едім.

11. Дүниеде жалғыз қалған адам — адамның өлгені. Қапашылықтың бәрі соның басында. Дүниеде бар жаман да көпте, бірақ қызық та, ермек те көпте. Бастапқыға кім шыдайды? Соңғыға кім азбайды?

12. Жамандықты кім көрмейді? Үмітін үзбек — қайратсыздық. Дүниеде ешнәрседе баян жоқ екені рас, жамандық та қайдан баяндап қалады дейсің? Қары қалың қатты қыстың артынан көгі қалың, көлі мол жақсы жаз келмеуші ме еді?

13. Ашулы адамның сөзі аз болса, ыза, қуаты артында болғаны. Егерде аузынан қара қан ағызса, домбыт мақтаншақ, я қорқақ.

14. Қуанбақтық пен бақ — мастықтың үлкені, мыңнан бір кісі-ақ, к...н ашпайтұғын ақылы бойында қалады.

15. Егер ісім өңсін десең, ретін тап.

16. Биік мансап — биік жартас,

Ерінбей еңбектеп жылан да шығады,

Екпіндеп ұшып қыран да шығады;

- Жікшіл ел жетпей мақтайды,
Желөкпелер шын деп ойлайды
17. Дүние — үлкен көл,
Заман — соққан жел,
Алдындағы толқын — ағалар,
Артқы толқын — інілер,
Кезекпенен өлінер,
Баяғыдай көрінер.
18. Бақпен асқан патшадан,
Мыймен асқан қара артық,
Сақалын сатқан кәріден
Еңбегін сатқан бала артық.
19. Тоқ тіленші — адам сайтаны,
Харакетсіз — сопы монтаны.
20. Жаман дос — көлеңке:
Басыңды күн шалса,
Қашып құтыла алмайсың;
Басыңды бұлт алса,
Іздеп таба алмайсың.
21. Досы жоқпен сырлас,
Досы көппен сыйлас;
Қайғысыздан сақ бол,
Қайғылыға жақ бол.
22. Қайратсыз ашу — тұл,
Тұрлаусыз ғашық — тұл,
Шәкіртсіз ғалым — тұл.
23. Бағың өскенше тілеуіңді ел де тілейді, өзің де тілей-
сің, бағың өскен соң — өзің ғана тілейсің.

ОТЫЗ СЕГІЗІНШІ СӨЗ

Ей, жүрегімнің қуаты, перзенттерім! Сіздерге адам ұғы-
лының мінездері туралы біраз сөз жазып ядкар¹ қалдырай-
ын. Ықласпенен оқып, ұғып алыңыздар, оның үшін махаб-
батың толады. Махаббат — әуелі адамның адамдығы, ақыл,
ғылым деген нәрселерменен. Мұның табылмақтығына себеп-
тер — әуелі хауас сәлим² һәм тән саулық, бұлар туысынан бо-
лады, қалмысы жақсы ата, жақсы ана, жақсы құрбы, жақсы
ұстаздан болады. Талап, ұғым махаббаттан шығады. Ғылым-

¹ Ескерткіш, есте қалу.

² Жақсы сипат.

білімге махаббаттандырмақ әлгі айтылған үшеуінен болады. Ғылым-білімді әуелі бастан бала өзі ізденіп таппайды. Басында зорлықпенен яки алдауменен үйір қылу керек, үйрене келе өзі іздегендей болғанша. Қашан бір бала ғылым, білімді махаббатпенен көксерлік болса, сонда ғана оның аты адам болады. Сонан соң ғана алла тағаланы танымақтық, өзін танымақтық, дүниені танымақтық, өз адамыдығын бұзбай ғана жәліб мәнфағат¹ дәфғи мұзарратларны² айырмақлық секілді ғылым-білімді үйренсе, білер деп үміт қылмаққа болады. Болмаса жоқ, ең болмаса шала. Оның үшін көбінесе балаларды жасында ата-аналары қыянатшылыққа салындырып алады, соңынан моллаға берген болады, я ол балалары өздері барған болады — ешбір бәһра³ болмайды.

— Ол қыянатшыл балалары талапқа да, ғылымға да, ұстазға да, хаттә иман игтиқатқа⁴ да қыянатпен болады. Бұл қыянатшылар — жарым адам, жарым молла, жарым мұсылман. Олардың адамшылығының кәмеләт⁵ таппағы — қыйынның қыйыны. Себебі алла тағала өзі — хақиқат жол. Хақиқатпенен растық — қыянаттың дұшпаны, дұшпаны арқылы шақыртқанға дос келе ме? Көңілде өзге махаббат тұрғанда хақлықты таппайды. Адамның білімі хақиқатқа, растыққа құмар болып, әрнәрсенің түбін, хикметін білемке ынтықтықпенен болады. Ол — алланың ғылымы емес, һәмманы білетұғын ғылымға ынтықтық, өзі де адамға өзіндік ғылым береді. Оның үшін ол алланың өзіне ғашықтық. Ғылым — алланың бір сипаты, ол хақиқат, оған ғашықтық өзі де хақлық һәм адамдық дүр. Болмаса мал таппақ, мақтан таппақ, гиззат-хұрмет⁶ таппақ секілді нәрселердің махаббатымен ғылым-білімнің хақиқаты табылмайды.

Мал, мақтан, гиззат-хұрмет адамды өзі іздеп тапса адамдықты бұзбайды һәм керік болады. Егерде адам өзі оларға табынып іздесе, тапса да, тапаса да адамдығы жоғалады. Енді хақиқат сүйіп шынды білмек құмарың бар болса, адамшылыққа лайықты ықласты құлағыңды қой. Әуелі дін исламның жолындағы пәнделер, иманның хақиқатын білсін. Иман дегеніміз бір ғана инанбақтық емес, сен алла тағаланың бірлігіне, құранның оның сөзі екендігіне, пайғамбары-

¹ Пайдалыны алу.

² Зарарлыдан қашу.

³ Пайда, нәтиже.

⁴ Нану, сену.

⁵ Жетілу, толығу.

⁶ Қадірлі, сыйлы.

мыз Мұхаммед Мұстафа саллаллаһу ғалайһи уәсәлләм¹ оның тарапынан елші екендігіне инандық. Жә, не бітті? Сен алла тағалаға алла тағала үшін иман келтіремісің я өзің үшін иман келтіремісің? Сен иман келтірмесең де алла тағалаға келер ешбір кемшілік жоқ еді. Өзің үшін я келтірсең, жә инандың. Ол иманмақтығың құр ғана инағмақтықпенен қалса, саған пайда бермейді. Оның үшін сен өзің инанмақтығыңнан пайдаланамын десең, пайда береді, кәміл иман болады.

Сіз «Әмәнтү биллаһи кәмаһуә би әсмайһи уасифатиһи»³ дедіңіз. Ол есім аллалар³ һәмма ол алла тағаланың фиғыл ғазимләрінің⁴ аттары, олардың мағнасын біл. Һәм сегіз сифат затиялары⁵ недеген сөз, кәміл үйрен. Өзіңді оның құлы біліп, өзіңе мүслім⁶ ат қойып, тәслим⁷ болғаныңа раст боласын да. Өз пиғылдарыңды соған өз халіңше ұқсатуды шарт қыл. Алла тағалаға ұқсай алам ба деп, надандықпен ол сөзден жиіркенбе, ұқсамақ — дәл бірдейлік дағуасыменен емес, соның соңында болмақ. Оның үшін алла тағаланың сипаттары: Хаят⁸, Ғылым, Құдрет⁹, Басар¹⁰, Сәмиғ¹¹, Ирада¹², Кәлам¹³, Тәкин¹⁴. Бұл сегізінен алла тағаладағыдай кәмәлат-ғазамат¹⁵ бірлән болмаса да, пендесінде де әрбірінен өз халінше бар қылып жаратынты. Жә, біз өзіміздің бойымыздағы сегіз зәрра¹⁶ аттас сипатымызды ол алла тағаланың сегіз ұлығ сипатынан бас бұрғызып, өзге жолға салмақ бірлән біздің атымыз мүслим бола ала ма? Болмаса керек. Жә, ол сегіз сипатына сипатығызды һәм ол аттары бірлән ағламланған¹⁷ фиғыл құдаға¹⁸ фиғлымызды ертпек не

¹ Мұқамет пайғамбарға құдайдың сәлемі мен рахметі болсын деген сөз.

² Құдайға оның есімдері мен сипаттарына иман келтіремін.

³ Алланың аттары.

⁴ Ұлы сыйпат.

⁵ Өзіне, хас, өзіне лайық.

⁶ Мұсылман адам.

⁷ Берілу.

⁸ Тірішлік, тірі болу.

⁹ Күш.

¹⁰ Керу, керуші.

¹¹ Есту, естуші.

¹² Тілеу, қалау.

¹³ Сөйлеу, сөйлеуші.

¹⁴ Болдыру, болдырушы.

¹⁵ Жетісу, үлкею.

¹⁶ Кішкентай.

¹⁷ Белгілі, анық.

¹⁸ Тәңірдің ісі.

бірлән табылады, қалайша табылады, оны білмек керек. Ол — алла тағаланың заты, ешбір сипатқа мұқтаж емес, біздің ақылымыз мұқтаж, жоғарғы жазылмыш сипаттар бірлән тағрифлап¹ танымаққа керек. Егерде ол сипаттар бірлән тағрифламасақ бізге мағрифат улла² қыйын болады. Біз алла тағаланы өзінің білінгені қадар ғана білеміз, болмаса түгел білмекке мүмкін емес. Заты түгіл, хикметіне ешбір хақиқ³ ақыл еріштіре алмады. Алла тағала — өлшеусіз, біздің ақылымыз — өлшеулі. Өлшеулі мен өлшеусізді білуге болмайды. Біз алла тағала «бір» дейміз, «бар» дейміз, ол «бір» демекшік те — ақылымызға ұғымның бір тыянағы үшін айтылған сөз. Болмаса ол «бір» демекшік те алла тағалаға лайықты келмейді. Оның үшін мүмкінаттың⁴ ішінде не нәрсенің үжуді⁵ бар болса, ол бірліктен құтылмайды. Әрбір хадиске⁶ айтылатұғын бір қадимге⁷ тағриф болмайды. Ол «бір» деген сөз ғаламның ішінде, ғалам алла тағаланың ішінде, құдай тәбаракка уатағала кітаптарда сегіз сүбүтия⁸ сипаттары бірлән, тоқсан тоғыз Әсма-и хұсналар⁹ бірлән білдірген. Бұлардың һәммасы алла тағаланың затия¹⁰ сүбүтия уә фиғлия¹¹ сипаттары дүр. Мен мұнда сіздерге төртеуін білдіремін. Оның екеуі — ғылым, құдрет. Сегіз сипаттан қалған алтауы — бұларға шарх¹². Ол алтауының бірі — хаят, яғни тірлік.

Алланы бар дедік, бір дедік, ғылым құдреті сипаты бірлән сипаттадық. Бұл бірлік, барлық ғылым, құдрет олуда¹³ боларлық нәрселер ме? Әлбәттә, ғылым құдреті бар болды; хаяты — мағлұм, бірі — ирада, яғни қаламақ. Ғылым бар болса, ғаламақ та бар. Ол ешнәрсеге харекет бермейді. Һәммаға харекет беретұғын өзі. Ол ирада — ғылымның бір сипаты, бір кәләл. яғни сәйлеуші деген, сөз қарыпсыз, дауыссыз болушы ма еді? Алланың сөзі — қарыпсыз, дауыссыз. Енді

¹ Айыру, анықтау, білу.

² Алланы тану.

³ Данышпан, дана адам.

⁴ Болуы мүмкін нәрселер.

⁵ Бар болу, бар болушылық.

⁶ Пайғамбар сөзі.

⁷ Ескі. кене.

⁸ Орнықты, тұрақты.

⁹ Жақсы ісімдер.

¹⁰ Өзіне пайық.

¹¹ Өзі істейтін.

¹² Түсіндіру, түсінік беру.

¹³ Құш болуда.

олай болса, айтқандай қылып білдіретұғын құдреті және басар, сәмиғ, яғни көруші, есітуші деген. Алла тағаланың көрмегі, естімегі біз секілді көзбенен, құлақпенен емес, көргендей, естігендей білетұғын ғылымның бір сипаты. Бірі тәкуин, яғни барлыққа келтіруші деген сөз. Егер барлыққа келтірмегі бір өзалдына сипат болса, алла тағаланың сипаты өзіндей қадім, һәм әзәли¹ һәм әдәби² болады да, һәмишә³ барлыққа келтіруден босанбаса, бір сипаты бір сипатынан үлкен я кіші болуға жарамайды. Олай болғанда ғылым, құдрет сипаттары секілді босанбай, һәр уақыт жаратуда болса, бір ықтыярсыздық шығады. Ол ықтыярсыздық алла тағалаға лайықты емес. Оның барлыққа келтірмегі — құдретіне ғана бір шарх. Бұл ғылым, құдрет екі сипат бірлән сегіз сипат бұзылмастан түгел болады. Ол ғылым құдретте ешбір ниһаятсіз⁴ ғылымында ғафләт⁵ құдретінде епсіздік және нашарлық жоқ. Саниғын сұнатына⁶ қарап білесіз. Бұл көзге көрілген, көңілге сезілген ғаламды қандай хикметпенен жарастырып, қандай құдретпенен орнастырған, ешбір адам баласының ақылы жетпейді. Бірақ пендесінде ақыл-хүкімші, қайрат, қуат қызмет қылушы еді. Соған қарап ойлайсын: алла тағаланың сипатында солай болмаққа тиіс. Бірақ әуелде айтқанымыз: ғылым, құдрет — біздің ұғуымызға ғана екі хисап, болмаса, бір-ақ ғылымды құдрет болуға тиіс. Олай болмаса сипаттар өз орталарында бірі тәбиғ⁷ бірі мәтбуғ⁸ болады ғой. Бұл болса, тағриф раббыге⁹ жараспайды. Сегіз сипат қылып және ол сипаттар «Лағаирууәләһуә¹⁰» болып, бұлай айтуда, бұлардан бір өзалдына жамағат яки жамиғат¹¹ шығып кетеді. Бұл болса келіспейді. Егерде сипаттарды әрбірін басқа-басқа дегенде, көп нәрседен жыйылып, ынтымақпенен құдай болған болады. Бұлай деу батыл¹², бір ғана құдретпендеде болған қуат; құдрет, ғылым ақылдан басқа болатұғын, алла тағалада болған құдрет — ғылым һәм рахмет.

1 Әуелде, әуелден.

2 Мәңгі.

3 Үнемі, әрқашан, әрдайым.

4 Шексіз, шамасыз.

5 Қапы қалу, қапы болу.

6 Істеушіні ісіне қарап.

7 Ертуші.

8 Еруші.

9 Құдайды тану.

10 Басқа да емес, соның өзі де емес

11 Көп адам.

12 Теріс

Ол — рахмет сипаты, сегіз сипаттың ішінде жазылмаса да алла тағаланың Рахман¹, Рахим², Ғафур³, Уадуд⁴, Хафиз⁵, Сәттар⁶, Разақ⁷, Нафиг⁸, Уәкил⁹, Латиф¹⁰ деген есімдеріне бинаән¹¹ бір ұлығы сипатынан есептеуге жарайды. Бұл сөзіме нақлия¹² дәлелім — жоғарыдағы жазылмыш алла тағаланың есімдері. Ғақлия¹³ дәлелім құдай тағала бұл ғаламды ақыл жетпейтін келісіммен жаратқан онан басқа, бірінен бір пайда алатұғын қылып жаратыпты. Жансыз жаратқандарынан пайда алатұғын жан иесі хайуандарды жаратып, жанды хайуандардан пайдаланатұғын ақылды инсанды¹⁴ жаратыпты.

Жансыздарды еті ауырмайтын қылып, жан иесі хайуандарды ақыл адам баласы асырайтын қылып, һәм оларда махшарда¹⁵ сұрау бермейтұғын қылып, бұлардың һәммасынан пайда аларлық ақыл иесі қылып жаратқан.

Адам баласынан махшарда сұрау алатұғын қылып, жаратқандығында һәм ғалаәт, һәм махаббат бар. Адам баласын құрт, құс өзге хайуандар сипатында жаратпай, бұл гузәл сипатты беріп, екі аяққа бастырып, басын жоғары тұрғызып, дүниені көздерлік қылып, өзге хайуандар секілді тамақты өз басымен алғызбай, ыңғайлы екі қолды басқа қызмет еттіріп, аузына қолы ас бергенде, не ішіп, не жегенін білмей қалмасын деп, ісін алып ләззаттанғандай қылып, ауыз үстіне мұрынды қойып, оның үстінен тазалығын байқарлық екі көз беріп, ол көздерге нәзіктен, зарардан қорғап тұрарлық қабақ беріп, ол қабақтарды ашып-жауып тұрғанда қа-жалмасын деп кірпік жасап, маңдай тері тура көзге ақпасын деп, қаға беруге қас беріп, оның жүзіне көрік қылып, бірінің қолынан келместей істі көптесіп бітірмекке, біреуі

1 Жарылқаушы.

2 Мейірімді.

3 Кешіруші.

4 Сүйюші.

5 Қорғаушы, сақтаушы.

6 Айыпты жабушы.

7 Рызық беруші.

8 Пайдалы, пайда беруші.

9 Басқарушы.

10 Жақсы, таза, кірсіз.

11 Сүйеніп, негіз етіп.

12 Бұрыннан айтылып жүрген сөздермен.

13 Оймен, ақылмен.

14 Адам, адам баласы.

15 Діни ұғым бойынша заман ақырда адам баласының кү-нәсі тексерілетін орын.

ойын біреуіне ұқтырарлық тіліне сөз беріп жаратпақтығы махаббат емес пе? Кім өзіңе махаббат қылса, сен де оған махаббат қыламың қарыз емес пе? Ақыл көзімен қара: күн қыздырып, теңізден бұлт шығарады екен, ол бұлттардан жаңбыр жауып, жер жүзінде неше түрлі дәндерді өсіріп, жемістерді өндіріп, көзге көрік. көңілге рахат гүл-бәйшешектерді, ағаш-жаппрақтарды, қант қамыстарын өндіріп, неше түрлі нәбатәттәрді¹ өстіріп, хайуандарды сақтатып, бұлақтар ағызып, өзен болып, өзендер ағып дария болып, хайуандарға, құсқа, малға сусын, балықтарға орын болып жатыр екен. Жер мақтасын, кендірін, жемісін, кенін, гүлдер гүлін, құстар жүнін, етін, жұмыртқасын, хайуандар: етін, сүтін, күшін, көркін, терісін, сулар: балығын, балықтар икрасын, хатта ара: балың, балаузын, құрт: жібегін — һәммасы адам баласының пайдасына жасалып, ешбірінде бұл менікі дерлік бір нәрсе жоқ, бәрі — адам баласының таусылмас азығы.

Миллион хикмет бірлән жасаған машина, фабрик адам баласының рахаты, пайдасы үшін жасалса, бұл жасаушы махаббат бірлән адам баласын сүйгендігі емес пе? Кім сені сүйсе, оны сүймектік қарыз емес пе? Адам баласы қанағатсыздық бірлән бұл хайуандардың тұқымын құртып, алдыңғылар артқыларға жәбір қылмасын деп, малды адам баласының өзінің қызғанышына қорғалатып, өзге хайуандарды бірін ұшқыр қанатына, бірін күшті қуатына, бірін жүйрік аяғына сүйентіп, бірін биік жартасқа, бірін терең тұңғыйыққа, қалың орманға қорғалатып, һәм әрбірін өсіп-өнбекке құмар қылып, жас күнінде, кішкене уақытында шафхат сәхәріменен² бастарын байлап қамқор қылып қоймақтығы, адам баласына өсіп-өніп, теңдік алсын емес, бәлки адам баласының үзілмес нәсіліне таусылмас азық болсын дегендік. Бұл хикметтерінен һәммасына мархамат һәм ғадаләт заһир³ тұр екен Біз өз ортамызда бұл мархамат⁴ ғәдәләтті иманның шартынан хисап қыламаймыз, ал оның үшін мүсілим болғанда, алла тағалаға тәслим болып, оның жолында болмақ едік, болғанымыз қайсы? Бұл екі, ай мен күннен артық мағұлым тұрған жоқ па? Бұл фиғылы құданың⁵ ешбірінде қарар қыламаймыз, өзгелерде болғанын жек көрмейміз, өзіміз тұтпай-

1 Өсімдіктер.

2 Ертеңгі рахмет.

3 Әділдіктің көрінуі.

4 Жақсылық, жәрдем.

5 Тәңірдің ісі

мыз, бұл қыянатшылық емес пе? Қыянатшылыққа бір қарар тұрған алам — я мұсылман емес, ең болмаса шала мұсылман. Алла табарака уатағаланың пенделеріне салған жолы қайсы? Оны көбі білмейді. «Тәфаккару фиэла иллаһи¹» деген хадис шарифтің² «инналлаһу йұхиббул мақситин»³ деген аяттарға ешкімнің ықласы, көңілі менен ғылымы жетіп құптағанын көргеніміз жоқ. «Әтәмурун әннәсә билбирри уәэхсену инналлаһу йұхиббул — мұхсиниң⁴», «уәлләзинә амәну уәғми-луссалихати ұлаикаасхабул жәннәти һүм фиһа халидун»⁵ деген аяттар құранның іші толған ғамалус-салих⁶ не екенін білмейміз. «Уа әммәллзинә амәну уәғамилуссалихаты фәйуәффһим үжурәһүм уеллаһу лә йұхиббуззалимин»⁷ аятына қарасаң, ғамалус-салих залымдықтың зидди⁸ болар. Олай болғанда ғадаләт рафғат⁹ болуға кімде-кімнің әділеті жоқ болса, оның хаясы¹⁰ жоқ, кімнің ұяты жоқ болса, оның иманы жоқ деген, пайғамбарымыз саллаллаһу ғалайһи уасәламнің хадис шарифі «мән лә хаяүн лаһу уәла иманун лаһу¹¹» деген дәлелдер. Енді белгілі, иман құры инанышпенен болмайды, ғадаләт уа рафғат бірлән болады. Ғамалус-салих ғадаләтті мархамәтті болмақ күллі тән бірлән қылған құлшылықтарың ешбір ғадаләтті мархаматты бермейді. Кезің күнде көреді намаз оқушы, ораза тұтушылардың не халәт-тә екендіктерін, оған дәлел керек емес. Бәлки ғадаләт барша езгуліктің анасы дүр. Нысап, ұят бұл ғадаләттән шығалы. Оның үшін ғадаләтті адамның көңліне келеді: мен өз көңлімде халық менімен, сондай-мұндай халықтармен мұғамәла¹² қылса екен деп ойлап тұрып, өзім сол халықтармен мұғамәла қылмағандығым жарамайды ғой деп, сол өзі әділет те және нысап та емес пе? Һәмма жақсылықтың ба-

¹ Құдайдың бергеніне ой жібер.

² Пайғамбардың езгі сөзі.

³ Шынында құдай әділ адамдарды сүйеді.

⁴ Адамдарға жақсы іс істе деп, жақсылық етіңіз деп бұйырыңыз, үйткені құдай жақсылыққа тартушыларды сүйеді.

⁵ Сондай адамдар құдайға иман келтіреді, жақсы істер істейді, ондайлардың орны мәңгі жұмақта.

⁶ Езгі іс.

⁷ Бірақ сондай адамдар бар, құдайға иман келтіреді, жақсы істер істейді, сөйтіп міндетін атқарады, өйткені құдай залымдарды сүймейді.

⁸ Қарсы, керісі.

⁹ Әділдік, жоғарылату

¹⁰ Ұят.

¹¹ Кімнің ұяты жоқ болса, соның иманы жоқ.

¹² Араласу, қатынасу

сы емес пе? Жә, олай хұлық¹ пенен сол ойды ойлаған кісі халлақыны² шүкірді ғеге ойламасын?

Шәкірліктен³ ғибадаттың бәрі туады. Енді зинһар⁴ ғадаләт, шапағаттан босанбаңдар. Егер босансаң, иман да, адамдық та һәммасы босанады. Аллаяр софының бір фәр-дәдән жүз фәрлә бижай⁵ дегені басыңа келеді. Енді біздің бастағы тағриф⁶ бойынша құдай тағала ғылымды, рахымды, ғадаләтті, құдретті еді. Сенде бұл ғылым, рахым, ғадаләт үш сипатпенен сипаттанбақ: ижтиһадің⁷ шарт еттің, мұсылман болдың һәм толық ирсаниятың⁸ бар болады. Белгілі жәуанмәртлік⁹ үш хаслат¹⁰ бірлән болар деген сиддық¹¹, кәрәм¹², ғақыл¹³ — бұл үшіндән сиддық, ғадаләт болар. Кәрәм шафағат болар, ғалық мағалұм дұр. Ғылымның бір аты екендігі, бұлар әр адамның бойында алла табарақа уатағала тәхмин¹⁴ бар қылып жаратқан. Бірақ оған рауаж¹⁵ беріп гүлдендірмек, бәлки адам өз халінше кәмәлатқа жеткізбек жетінінде болмақ. Бұлар — өз ижтиһадің бірлән ниет халис¹⁶ бірлән ізденсең ғана, берілетін нәрселер, болмаса жоқ. Бұл айтылмыш үш хасләттің иелерінің алды — пайғамбарлар, онан соң — әулиелер, онан соң — хакимдер, ең ақыры — кәміл мұсылмандар. Бұл үш түрлі фиғыл құданың соңында болмақ, өзін құл біліп, бұл фиғылдарға ғашық болып тұтпақты пайғамбарлар үйретті, әулиелерге әулиелер сқыды, ғашық болды. Бірақ, ұхрауи¹⁷ пайдасын ғана күзетті. Ғашықтары сол халге жетті, дүниені, дүниедегі тиерлік пайдасын ұмытты. Бәлки хисапқа алмадилар. Хакимдер дүниеде тиетін пайдасын сөйледі, ғибрәт¹⁸ көзімен қарағанда, екеуі де бірінен бірі көп жырақ кетпейді. Оның үшін әрбірінің сөйлеуі, айтуы басқаша болса да, алла тағаланың сұңғатына

1 Пейіл, мінез.

2 Жаратушысына.

3 Шүкір ырзалық.

4 Қалайша, өйтеуір.

5 Жайсыз, қолайсыз.

6 Айру, тану.

7 Талап.

8 Адамгершілік.

9 Жақсы адам.

10 Пайда, сипат.

11 Шындық.

12 Ізгілік.

13 Даналық.

14 Шама, шамамен.

15 Реттеу, пайдаға асыру.

16 Шын ниет. 17 Ахиреттік. 18 Үлгі.

қарап пікірлемектікті екеуі де айтты. Пікірлемектің соңы ғибратламақ болса керек. Бұл ақыл, ғылым — екеуі де өзін зорға есептемекті, залымдықты, адам өзіндей адамды алдамақты жек көреді. Һәр екісі де мархаматты шапағатты болмақтықты айтып бұйырды, бұл рақым болса керек. Бірақ менің ойыма келеді, бұл екі таифа әр екісі өздеріне бір түрлі нәпсісін фида қылушылар деп. Яғни, бенделіктің көмәлаты әулиелікпен болатуғын болса, күллі адам тәркі дүние болып Һу деп тариқатқа¹ кірсе, дүние ойған болса керек. Бұлай болғанда малды кім бағады, дұшпанды кім тоқтатады, киімді кім тоқыйды, астықты кім егеді, дүниедегі алланың пенделері үшін жаратқан қазналарын кім іздейді? Хәрами², макруһи³ былай тұрсын, құдай тағаланың қуатыменен ижтиһад ақылыңменен тауып, рахатын көрмегіне бола жаратқан, берген нигмәттеріне, онан көрмек хұзурға⁴ суық көзбен қарап, ескерусіз тастап кетпек ақылға, әдепке, ынсапқа дұрыс па?

Сахиб нигмәтке⁵ шүкіршілігің жоқ болса, әдепсіздікпенен күнәкәр болмайсың ба? Екінші,— бұл жолдағылар қор болып, дүниеде жоқ болып кету де қаупы бар. Кәпірлерге жем болып кетуде, қайсыбір сабырсызы жолынан тайып, сабырмен бір қарар тұрамын дегені болып кетселер де керек. Егерде бұл жол жарым-жартыларына ғана айтылған болса, жарым-жарты раст дүниеде бола ма? Рас болса, һәммаға бірдей раст болсын, алалаған раст бола ма, һәм ғадаләт бола ма? Олай болғанда, ол жұртта ғұмыр жоқ болса керек. Ғұмыр өзі — хақиқат. Қай жерде ғұмыр жоқ болса, онда көмәлат жоқ. Бірақ әулиелердің де бәрі біудей тәркі дүние⁶ емес еді, ғашәрән — мүбәшәрәлан⁷ қазрет Ғосман, Ғабдурахман бин Ғауф уа Сагид бин Әбудқас үшеуі де үлкен байлар еді. Бұл тәркі дүниелік: я дүние ләззатына алданып ижтиһатым шала қалады деп бойына сенбегендік; я хирс⁸ дүниеліктен қауымының көңлін суытпақ үшін, ренжуге сабыр етіп, өзін фида қылып мен жаныммен ұрыс қылғанда, халық ең болмаса нәпсісімен ұрыс қылып, һәуа һәуастан⁹ әрбір

1 Дін жолы.

2 Арам нәрсе.

3 Жиіркенішті.

4 Тыныштық, рахатшылық.

5 Байлық иесі, дәулет иесі.

6 Дүниеден безген.

7 Мұқаметтің тірі күнінде жұмаққа кіреді деп сүйініш берілген он адам.

8 Дүние құмарлық.

9 Әуестену.

арзуи¹ нәпсіден суынып, ғадаләт, мархамат, махаббатына бір қарар болар ма екен деген үмітпен болса керек. Олай болғанда о да жұртқа қылған артық махаббаттан хисап. Бірақ бұл жол — бек шетін, бек нәзік жол. Бұл жолда рьясыз², жеңілдіксіз бір қарар тұрып іздеген ғана кісі істің кәмәлатына жетпек. Бұл заманда надир³, бұған ғылымның да зоры, сиддық, қайраттың да зоры, махаббаттың халлақна да, уа халық ғаламға да бек зоры табылмақ керек. Бұлардың жыйырмағы, қыйынның қыйыны, бәлки фитнә⁴ болар.

Басына һәм өзіне өзгешелік бермек — адам ұлын бір бұзатын іс. Әрбір наданның біз тариқатқа⁵ кірдік деп жүргені біз бұзылдық дегеніменен бір болады. Хаким, ғалым-асылда бір сөз, бірақ ғарафта⁶ басқалар дүр. Дүниеде ғылым заһири⁷ бар, олар айтылмыштарды нақлыя деп те айтады, бұл нақлыяға жүйріктер ғалым атанады. Құлай тағала ешбір нәрсені себепсіз жаратпаған, мұны ізерлеп тәфаккару фи әла иллаһи деген халиске бинаән⁸ бұл сүнғати құладан⁹ ізерлеп, құмар болып ғибратланушыларға тью жоқ, бәлки сүнғатынан себепін білмекке құмарлықтан саниғна¹⁰ ғашықтық шығады. Құлай тағаланың затына пендесінің ақылы жетпесе, дәл сондай ғашықпын демек те орынсыз. Ғашық-мағишүклыққа¹¹ халик бірлән махлұқ ортасы мунәсибәтсіз¹² алла тағаланың пендесін махаббат уа мархамат бірлән жаратқанын біліп, махаббатына махаббат бірлән ғана елжіремекті құдайға ғашық болды дейміз. Олай болғанда хикмет құдаға, пенде өз ақылы жетерлік қадарі ғана білсем деген әрбір істің себепін іздеушілерге хаким ат қойған. Бұлар хақ бірлән батылды айырмаққа, себептерін білмекке тырысқандарыменен һәммасы адам баласының пайласы үшін, ойын-күлкі түгіл, дүниедегі бүкіл ләззат бұларға екінші мәртәбада қалып, бір ғана хақты таппақ, әрбір нәрсенің себепін таппақпенен ләззаттанады.

1 Тілек, мақсат, арман.

2 Босқа кету, зая кету.

3 Сирек, аз кездесетін.

4 Бұзықтық.

5 Сопылар жолы.

6 Білуде, тануда.

7 Сыртқы ғылым.

8 Негізделген.

9 Құдайдың шеберлігінен.

10 Жасаушы, істеуші.

11 Сүйші, сүйгені.

12 Байланысыз.

Адаспай тура іздеген хакимдер болмаса, дүние ойран болар еді. Фигыл пәнденің¹ қазығы — осы жақсы хакимдер, әрнәрсе дүниеде солардың истихражы² бірлән рауаж табады. Бұлардың ісінің көбі — дүние ісі, ләкин осы хакимдердің жасаған, таратқан істері әддүния мәэрәгәтул — ахирет³ дегендей, ахиретке егіндік болатын дүние сол. Әрбір ғалым — хаким емес, әрбір хаким — ғалым. Ғалымдарының нақлыясы бірлән мұсылман иман тақлиди⁴ кесіп қылады. Хакимдердің ғақлияты бірлән жетсе, иман якини⁵ болады. Бұл хакимдерден мұрад — мұсылман хакимдері, болмаса ғайри діннің хакимдері — әғәрше фатлұбни тәжидуні⁶ делінсе де, дүниенің һәм адам ұғлы өмірінің сырына жетсе де, діннің хақ мағрифатына⁷ жете алмағандар. Бұлардың көбі — иманның жеті шартынан, бір алланы танымақтан ғайри, яғни алтауына кімі күмәнді, кімі мүнкір⁸ болып, тахқиқлай алмағандар. Егер бұлар дін ұстазымыз емес болса да, дінде басшымыз құдайдың елшісі пайғамбарымыздың хадис шарифі, хаирун-нас мән янфағун-нас⁹ деген. Бұл хакимдер ұйқы, тыныштық, әуес-қызықтың бәрін қойып, адам баласына пайдалы іс шығармақлығына яғни, электрді тауып аспаннан жайды бұрып алып, дүниенің бір шетінен қазір жауап алып тұрып, от пен суға қайласын тауып, мың адам қыла алмастай қызметтер істетіп қойып тұрғандығы, уахсусан¹⁰ адам баласының ақыл-пікірін ұстартып, хақ пенен батылдықты айырмақты үйреткендігі — баршасы нәфиғлық¹¹ болған соң, біздің оларға міндеткерлігімізге дағуа жоқ.

Бұл заманның моллалары хаким атына дұспан болады. Бұлары білімсіздік, бәлки бұзық фигыл, әл-инсан ғәддүләма жәһилгә¹² хисап. Олардың шәкірттерінің көбі біраз ғарап-парсыдан тіл үйренсе, бірлі-жарым болымсыз сөз бахас үйренсе, соған мәз болып, өзіне өзгешелік беремін деп әуре болып, жұртқа пайдасы тимек түгіл, түрлі-түрлі зарарлар

¹ Адамның ісі.

² Істеу, ойлау.

³ Дүние ахиреттің егіні.

⁴ Біреуге еріп келтірілген иман.

⁵ Шын иман.

⁶ Талап қылсаң табасын.

⁷ Тану, білу.

⁸ Сенбеу, қарсы келу.

⁹ Адамның жақсысы адамға пайда келтірген адам.

¹⁰ Әсіресе.

¹¹ Пайда беруші.

¹² Адамның көңілі жаманшылыққа ауып тұрады.

хасил қылады. «һай-һой!» менен, мақтанменен қауымды адастырып бігіреді. Бұлардың көбі әншейін жәһил¹ түгіл жәһилләр кібік² талап болса, қайда хақ сөздер келсе, қазір нысапқа қайтсын һәм ғибраттанасын. Рас сөзге ор қазып, тор жасамақ не деген нысап, құры өзімшілдік һәрбір өзімшілдік — әрбір адамды бұзатын фиғыл. Растың бір аты — хақ, хақтың бір аты — алла, бұған қарсы қаруласқанша, мұны ұғып ғадаләтпен тәптештеуге керек. Мұндай фиғылдардан күпір³ қауымы да бар. Және пайғамбарымыз саллаллаһү ғалайһи уәсәллам «ақыр заманда біржылдық, бір күн болар» дегенде сахаба-и кәрәмлар⁴ «бұл бір жылдық күнде намаз нешеу болар» деп сұрағанда: оның патуасын сол заманның ғалымдары білер деген сөзінен ғибратланып қарасаң, заман өзгерумен қағидалар өзгерілмегін білдіргені мағлұм болады. Бұл күндегі тәхсил-ғұлум⁵ ескі медреселер ғұрпында болып, бұл заманға пайдасы жоқ болды. Соған қарай Ғұсманияда⁶ мектеп харбия⁷, мектеп рүшдиялар⁸ салынып, жаңа низамға айналған. Мұндағылар ұзақ жылдар өмір өткізіп, ғылымды пайдасыз ұзақ бахастар бірлән күнін өткізіп, мағишат⁹ дүниеле надан бір ессіз адам болып шығады да, харекетке лайықты жоқ болған соң, адам аулауға, адам алдауға салынады. Көбінесе мұндай ессіздердің насихаты да тасирсіз болады.

Дүниенің мағмурлығы¹⁰ бір түрлі ақылға нұр беріп тұратұғын нәрсе. Жоқшылықтың адамды хайуандандырып жіберетіні де болады. Бәлки дүниенің ғылымын білмей қалмақтық — бір үлкен зарарлы надандық, ол құранда сөгілген; дүниеде кімде-кім өзіне өзгешелік бермек қасты бірлән малға махаббатын аударғандар дүниеде болмаса, ихсанда¹¹ қолым қысқа болмасын деп һәм өзім біреуге тамғылы¹² болмайын деп, малға махаббатын аудармай, езгулікке бола халал кәсіп бірлән тапқан дүние емес.

¹ Бұзық.

² Бұзық адамдар сыяқты.

³ Діннен шығу.

⁴ Езгі сахабалар.

⁵ Ғылым үйрену.

⁶ Бұрынғы Туркия патшалығы.

⁷ Әскери мектеп.

⁸ Түрлі пәндер оқылатұғын мектеп.

⁹ Тіршілік.

¹⁰ Қызық, әдемі.

¹¹ Жәрдем, жақсылық.

¹² Тілеу, сұрау, алғысы келу.

Біз ғылымды сатып, мал іздемек емеспіз. Мал менен ғылым кәсіл қылмақпыз. Өнер — өзі де мал, өнерді үйренбек—өзі де ихсан. Бірақ ол өнер ғадаләттан шықпасын, шарғыға¹ муафих² болсын. Адамға халінше ихсанды болмақ — қарыз іс. Бірақ өзгелердің ихсанына сүйенбек дұрыс емес. Моллалар тұра тұрсын, хұсусан³ бұл заманның ишандарына бек сақ болыңдар. Олар — фитнә⁴ ғалым, бұлардан залалдан басқа ешнәрсе шықпайды. Өздері хукім шарифатты⁵ таза білмейді, көбі надан болады. Онан асып өзін өзі әһил тариқат⁶ біліп және біреуді жеткізбек дағуасын қылады. Бұл іс олардың сыбағасы емес, бұлардың жеткізбегі мұхал⁷, бұлар адам аздырушылар, хаттә дінге де залалды. Бұлардың сүйгені — надандар, сөйлегені — жалған, дәлелдері тасбығы менен шалмалары, онан басқа ешнәрсе жоқ.

Енді біліңіздер, перзенттер! Құдай тағаланың жолы деген жол ниһаятсыз⁸ болды. Оның ниһаятына ешкім жетпейді. Бірақ сол жолға жүруді өзіне шарт қылып кім қадам басты, ол таза мұсылман, толық адам делінеді. Дүниеде түпкі мақсатың өз пайдаң болса, өзің ниһаятлысың, ол жол құдайдың жолы емес. Ғаламнан жыйылсын, маған құйылсын, отырған орныма ағып келе берсін деген ол не деген нысап? Не түрлі болса да, я дүниеңнен, я ақылыңнан, я малыңнан ғадаләт, шапағат секілді біреулерге жақысылық тигізбек мақсатың болса, ол жол — құданың жолы. Ол — ниһаятсыз жол, сол ниһаятсыз жолға аяғыңды берік бастың ниһаятсыз құдаға тақырып хасил⁹ болып хас¹⁰ езгу құлдарынан болмақ үміті бар, өзге жолда не үміт бар? Кейбіреулердің бар өнері, мақсаты киімін түземек, жүріс-тұрысын түзетпек болады да, мұнысын өзінше бір дәулет біледі. Бұл істердің бәрі өзін көрсетпек, өзін өзі базарға салып, бір ақылы көзіндегі ақмақтарға «бәрекелді» дегізбек. «Осындай бола ма едік» деп біреулер талаптанар, біреулер «осындай бола алмадық» деп күйінер, мұнан не пайда шықты? Мұнша әуреленіп сыртыңды бір сүйген қаумыңа ұқсатарсың?

1 Діни заңға.

2 Үйлесімді, сәйкес.

3 Әсіресе.

4 Бүліншілік, бұзықтық.

5 Шарифат жолы.

6 Сопылық жолындағы адамдар.

7 Мүмкін емес, екі талай.

8 Шек, шама. Бұл жерде өлшеусіз, артық деген мағынада

9 Жақындық табу.

10 Нағыз.

Сыртқа қасиет бітпеді, алла тағала қарайтұғын қалыбыңа боямасыз ықласыңа қасиет бітеді. Бұл айнаға табынғандардың ақылы қаншалық өсер дейсің? Ақыл өссе, ол түпсіз терең жақсылық сүйеметікпен өсер.

Құдай тағала дүниені кәмәлатты шеберлікпен жаратқан һәм адам баласын өссін-өнсін деп жаратқан. Сол өсіп-өну жолында адамның талап қылып ізденер қарызды ісінің алды—әуелі дос көбейтпек. Ол досын көбейтпектің табылмағы өзінің өзгелерге қолыңнан келгенінше достық мақамында¹ болмақ. Кімге достығың болса, достық достық шақырады, ең аяғы ешкімге қас сағынбастық һәм өзіне өзгешелік беремін деп, өзін тілмен я қылықпен өзін өзі артық көрсетпек мақсатынан аулақ болмақ. Бұл өзін өзі артық көрсетпек екі түрлі!

Әуелгісі — әрбір жаманшылықтың, жағасында тұрып адамның адамдығын бұзатын жаманшылықтан бойын жыймақтық, бұл адамға нұр болады.

Екінші — өзін өзі өзгешелікпен артық көрсетпек адамдықтың нұрын, гүлін бұзады.

Үшіншісі — қастық қылмақ, қор тұтпақ, кемітпек. Олар дұшпандық шақырады.

Һәм өзі өзгеше боламын демектің түбі — мақтан. Әрбір мақтан біреуден асамын деген күншілікті бітіреді де, күншілік күншілікті қозғайды. Бұл үш түрлі істің жоқтығы, адамның көңіліне тыныштық береді. Әрбір көңіл тыныштығы көңілге талап салады.

Күллі адам баласын қор қылатын үш нәрсе бар. Соған қашпақ керек: Әуелі — надандық, екінші — еріншектік, үшінші — залымдық деп білесін.

Надандық — білім-ғылымның жоқтығы, дүниеден еш нәрсені оларсыз біліп болмайды.

Білімсіздік хайуандық болады.

Еріншектік — күллі дүниедегі өнердің дұшпаны. Талапсыздық, жігерсіздік, ұятсыздық, кедейлік — бәрі осыдан шығады.

Залымдық — адам баласының дұшпаны. Адам баласына дұшпан болса, адамнан бөлінеді, бір жыртқыш хайуан есбіне қосылады.

Бұлардың емі, халлақына махаббат, халық ғаламға шапқат, қайратты, тұрлаулы, ғадалат ісінің алды-артын байқар-

¹ Көңіл, жүрек.

² Орнында.

лық білімі, ғылымы болсын. Ол білім ғылымды құдаға мұқтәди¹ болсын, яғни құдай тағала бұл ғаламды жаратты, ерінбеді, келісімменен, хикметпенен кәмәлатты бір жолға салып жасады, сіздердің ісіңіз де бір жақсылықты бина² қылып, арқа сүйерлік шеберлікпенен болсын. Және құдай тағала әр не жаратты, бір түрлі пайдалы хикметі бар. Сенің де ісіңнен бір зарарлар шығып кеткендей болмай, көпке пайда боларлық бір үмігі бар іс болсын. Бұларсыз іс іс емес. Бәлкі бұларсыз тағат³ — тағат та емес.

Белгілі құдай тағала ешбір нәрсені хикметсіз жаратпады, ешбір нәрсеге хикметсіз тәклиф⁴ қылмады. Бәрінің хикметі бар, бәрінің себебі бар, біздің ғауам⁵ былай тұрсын, ғылымға махаббаты барларға себеп, парыздарды білмекке ижтиһат ләзім⁶, сіздер әрбір ғамал қылсаңыз езгулік деп қаласыз, езгулікке бола қасд⁷ етіп ниет етесіз. Ниет оның парызынан хисап, пайғамбарымыз саллаллаһу ғалайһи уәсәлләһинің хадис шарифі: «иннәмал — әғмал бин — ниет»⁸ деген. Енді ниет етгіңіз таһарат⁹ алмаққа, намаз оқымаққа, ораза тұтмаққа, бұл тағаттарды ниетіңіз заһирынан¹⁰ қалып сыр ғибадатқа жетпегендігі кемшілік емес пе? Сіздің батиныңыз¹¹ таза болмағы ол иман болып, бұл заһир ғибадатыңыз иманды болған соң ғана, парыз болған, сіздің заһирыңыздағы ғибадат — батиныңыздағы иманның кәлежкесі, һәм сол иманның нұрланып тұрмағына көрік үшін бұйырылған. Оның үшін ғұламалар иман екеу емес біреу, бір-ақ езгу тағатпенен нұрланады, тағат жоқ болса, күңгірттенеді, бәлкі сөну қаупы да бар деген. Егер надандар ол ғибадаттың ішкі сырын ескермей қылса, соны қылып жүріп, иманы сөнер деген.

Менің қауым бар. олар хас¹² осы ғибадат екен, құданың бізге бұйырғаны, біз осыны қылсақ, мұсылмандық кәміл болады деп ойлайды. Ол ғибадат, күзетшісі еді. Жә, күзетші күзеткен нәрсенің амандығын ойламай, бір ғана ояу тұрма-

¹ Еру, жолға түсу.

² Негіз, тірек.

³ Құлшылық, ету, жалбарыну.

⁴ Бұйыру, істе деу.

⁵ Көпшілік.

⁶ Талап қылу. міндет.

⁷ Ниет, арнау.

⁸ Іс істеу үшін ниет талап керек.

⁹ Намаз оқыр алдындағы жуыну.

¹⁰ Сырт, сыртқы жақ.

¹¹ Іш, ішкі жақ.

¹² Нағыз.

ғын қасд қылса, ол не күзет? Күзеткен нәрсесі қайда кетеді? Мақсат күзетілген нәрсенің амандығы, тазалығы емес пе? Ей, ишараттан¹ хабарсыздар, қара! Бұл ғибадаттан бір үлкені — намаз, ол намаздан әуелі таһарат алмақ, онан соң намазға шүруғ² қылмақ, ол таһараттың алды истинжа³ еді. Мұны берік ойлап тұр. Аяғы екі аяққа мәсіх⁴ пенен білуші еді, бұлар һәммасы болмаса көбі ишарат еді. Истинжада к... іңізді жуасыз. сіздің к...іңіздің ешкімге керегі жоқ еді. Онымен сезімді тазалыққа кіргендігіңді кәміл ыхласыңды көрсетіп, ішімнің сафлығының⁵ соңында халық көрер, сыртымды да пак етемін һәм көзге көрінбейтін ағзаларымды⁶ да пак етемін, бұл пактіктің үстінде аллаға дұға айтамын деп әзірленесіз.

Енді намаздың аты — салауат⁷, салауат дұға мағнасын да деген:

Аяқта, мойында болған мәсхлар — ол жумақ емес, өздері де жуулы деп көрсеткен ишараты.

Намаздан әуелі құлақ қақтыңыз — егер алла тағаланы жоғарыда деп, мәкан испат⁸ етпесең де, бегірек созу әдепсіз болып, күнә дарыясына ғарық болдым, — яғни дүние әуесіне ғарық қылмай қолымнан тарт, яғни құтыларлық жәрдемдерінің ишараты.

Онан соң қыямда⁹ тұрып қол бағламақ — құл қолы алдында тұрмақ — бұқара патша алдында тұрғаннан артық алланың қадирлілігіне¹⁰ өзінің ғажиздығына¹¹ ыққарының¹² беріктігін көрсеткен ишараты.

Қыблаға қарамақ — әрине, құдай тағалаға ешбір орын мүмкін емес болса да, зиратын¹³ парыз еткен орынға жүзін қаратып, сондағы дұғадай қабылдыққа жақын болар ма екен деген ишараты.

Онан соң қира'әт¹⁴ яғни сурәһи фатиха оқыйсын, мұнда

1 Білдіру, көрсету.

2 Кірісу.

3 Дүзге отырғаннан кейін тазалану.

4 Дәрет алғаннан кейін мәсінің үстін сулы қолмен тарту.

5 Таза.

6 Мүшелерімді.

7 Дұға.

8 Орын бар деу.

9 Намаз оқығанда түрекеп тұру.

10 Күшті.

11 Әлсіздігіне.

12 Мойындауының.

13 Бару керек болған орын.

14 Оқу.

бірақ сөз ұзарады. Ол фатиха сүресінің мағналарында көп сыр бар.

Рұқуғ¹ бас ұрмақ — алдында құда хазірге ұқсас, ол да — ишарат.

Сәжделер² — әуелі жерден жаралғанына ықары, екіншісі — және жерге қайтпағына ықары, бас көтермек, және тіріліп, сұрау бермегіне ықарының ишараты.

Қағадат ул-ахир³ — дұғаның ақырында аллаға тахият⁴, одан тәшәһһуд⁵, одан салауат, пайғамбарымыз саллаллаһү ғалайһи уәсәлләмге айтпақ үшін ең ақырғы сәлемменен тауысасыз, яғни алла тағаладан не тілеп дұға қылдыңыз. Ол дұға қазинасы күллі мұсылмандарды ортақтастырып, оларға да сәләмәтшілік тілеп һәм рахмет тілеп бітіресіз.

Жә, бұл сөзден не ғибрәтлендік?!

ОТЫЗ ТОҒЫЗЫНШЫ СӨЗ

Рас, бұрынғы біздің ата-бабаларымыздың бұл замандағылардан білімі, күтімі, сыпайылығы, тазалығы төмен болған. Бірақ бұл замандағылардан артық екі мінезі бар екен. Ендігі жұрт ата-бабаларымыздың мінді ісін бір-бірлеп тастап келеміз, әлгі екі ғана тәуір ісін біржола жоғалтып алдық. Осы күнгілер өзге мінезге осы өрмелеп ілгері бара жатқанына қарай сол аталарымыздың екі ғана мінезін жоғалтпай тұрсақ, біз де ел қатарына кірер едік. Сол екі мінез жоқ болған соң, әлгі үйренген өнеріміздің бәрі де адамшылыққа ұқсамайды, сайтандыққа тартып барады. Жұрттықтан кетіп бара жатқанымыздың бір үлкен себебі сол көрінеді.

Ол екі мінезі қайсы десең, әуелі — ол заманда ел басы, топ басы деген кісілер болады екен. Көш-қонды болса, дау-жанжалды болса, билік соларда болады екен. Өзге қара жұрт жақсы-жаман өздерінің шаруасымен жүре береді екен. Ол ел басы, топ басылары қалай қылса, қалай бітірсе, халықта оны сынамақ, бірден бірге жүгірмек болмайды екен. «Қой асығын қолыңа ал, қолайыңа жақса, сақа қой», «Бас-басыңа би болсаң, манар тауға сыймассың, басалқаңыз бар болса, жанған отқа күймессің» деп, мал айтып тілеу қылып, екі тізгін, бір шылбырды бердік саған, берген соң, қайтып бұзыл-

1 Намаз оқығанда тізгеге қол қойып еңкею.

2 Намаз оқығанда маңдайын жерге тигізу.

3 Намазда кейінгі, соңғы отыру.

4 Сәләм.

5 Күәлік беру.

мақ түгіл, жетпегенінді жетілтемін деп, жамандығын жасырып, жақсылығын асырамын деп тырысады екен. Оны зор тұтып, әулие тұтып, онан соң жақсылары да көп азбайды екен. Бәрі өз бауры, бәрі өз малы болған соң, шыныменен жетесінде жоқ болмаса, солардың қамын жемей қайтеді?

Екіншісі — намысқор келеді екен. Аты аталып, аруақ шақырылған жерде ағайынға өкпе, араздыққа қарамайды екен, жанын салысады екен, «Өзіне ар тұтқан жаттан зар тұтады» деп, «аз араздықты қуған көп пайдасын кетіреді» деп, «Ағайынның азары болса да, безері болмайды» деп, «Алтау ала болса, ауыздағы кетеді, төртеу түгел болса, төбедегі келеді» десіп, «Мол қуған қазнаға жолығар, дау қуған бәлеге жолығар» десіп. Кәніки, енді осы екі мінез қайда? Бұлар да арлық, намыстылық, табандылықтан келеді. Бұлардан айрылдық. Ендігілердің достығы — бейіл емес, алдау, дұшпандығы — кейіс емес, не күндестік, не тыныш отыра алмағандық.

ҚЫРҚЫНШЫ СӨЗ

Зинһар, сендерден бір сұрайын деп жүрген ісім бар.

Осы, біздің қазақтың өлген кісінде жаманы жоқ, тірі кісісін жамандаудан аман жоқ болатұғыны қалай?

Қайраты қайтқан шал мен жастың бәрі бітім қылады, шалдар өзді-өзі көп құрбыдан айрылып азайып отырса да, біріменен бірінің бітім қылмайтұғыны қалай?

Бір елдің ішінде жамағайынды кісі бірге туғандай көріп, іші елжіреп жақсы көріп тұрып, елге келсе, әрберден соң қайта қашқандай қылатұғыны қалай?

Жаттың бір тәуіп кісін көрсе, «жарықтық» деп жалбырап қалып, мақтай қалып, өз елінде сонан артық адам болса да, танымайтұғыны қалай?

Бір жолаушы алыс жерге барса, барған еліне өз елін мақтаймын деп өтірікті сыбап-сыбап қайтып келген соң, сол барған, көрген елін, жерін мақтап өтірікті сыбайтұғыны қалай?

Қай қазақты көрсем де, баласы жасырақ болса, оның басынан пәрмәне¹ болып жүріп, ержеткен соң суық тартатұғыны қалай?

Біреудің ағайыны торқалы тәй, топырақты өлімде, адалдық, берекеде алысуға табылмай барымта алалық, ұрлалық десе, табыла қоятыны қалай?

¹ Мәпелеу деген мағынада.

Бәйгеге ат қоссаң, атыңды тартыспайтұғын ағайын, атың келсе, бәйгесіне өкпелейтұғыны қалай?

Баяғыда біреу біреуді пәлен жасымда жарықтық атым арып келе жатқанда пәлен жерге жеткізіп салып еді деп, соны өлгенше айта жүруші еді. Осы күнде бұл жылғы берген ендігі жылға жарамайтұғыны қалай?

Байдың баласы кедей болса, ұрлық қылуға арланбайды, байға кірісуге арланатұғыны қалай?

Екі жақсы бір елде сүйіскен достығында тұра алмайды. Кейбір антұрғандардың тым-ақ тату бола қалатыны қалай?

Біреуді досым деп ат беріп жүрсең, оған сенің бір дұшпаның келіп бір тай берсе, бұзыла қалатыны қалай?

Күнде тілін алатұғын достан кейде бір тіл ала қойған дұшпанға кісінің өле жаздайтұғыны қалай?

Көп кісі досым жетілсе екен демейді, егерде бір жетілсе, бағанағы досына бітімі жоқ дұшпан сол болатұғыны қалай?

Кей жұрт ақыл айтарлық кісіні іздеп таба алмайды. Қылығының қылшығын танитұғын кісіден қашық жүретұғыны қалай?

Біреу біреудікіне келгенде үйіндегі малының бәрін де айдап келіп, өз үйіне кісі келгенде бар малын далаға айдап жіберетұғыны қалай?

Тыныштық іздеп таба алмай жүрген жұрт тыныштық көрсе, сөтке тұрмай, тыныштықтан жалыға қалатұғыны қалай?

Елді пысық билегені несі? Пысықтың бәрі кедей келетұғыны несі?

Тоқал қатын өр келетұғыны несі? Кеселді кісі ер келетұғыны несі? Кедей кісінің кер келетұғыны несі?

Нәпсісін тыйып, бойын тоқтатқан кісінің жаман атанып, нәпсісі билеп, мақтанға еріп пәле шығарған кісі мықты атанатұғыны несі?

Қазақтың шын сөзге ғанбай, құлақ та қоймай, тыңдауға қолы да тимей. пәлелі сөзге, өтірікке сүттей ұйып, бар шаруасы судай ақса да, соны әбден естіп ұқпай кетпейтұғыны қалай?

ҚЫРЫҚ БІРІНШІ СӨЗ

Қазаққа ақыл берем, түзеймін деп қам жеген адамға екі түрлі нәрсе керек.

Әуелі — бек зор өкімет, жарлық қолында бар болу керек. Үлкендерін қорқытып, жас балаларын еріксіз қолдарынан

алып, медреселерге беріп, бірін ол жол, бірін бұл жолға салып, дүниеде есепсіз ғылымның жолдары бар, сол әрбір жолда бір медресе бар, соларға тоздырып, бірін сен бұл жолды үйрен, сен ол жолды үйрен деп жолға салып, мұндағы халыққа шығынын төлетіп жіберсе, хатта қыздарды да ең болмаса мұсылман ғылымына жіберіп, жақсы тіп танырлық қылып үйретсе, сонда сол жастар жетіп, бұл аталары қартайып сөзден қалғанда түзелсе болар еді.

Екінші — ол адам есепсіз бай боларға керек. Аталарын паралап, балаларын алып, бастапқы айтқандай жолға салып, тағлим¹ берсе, сонда түзелер еді.

Енді мұндай халықты еріксіз қорқытып көндірерлік күш-қуат ешкімге бітпейді. Ол баланы қазақтың бәрін паралап көндірерлік дәулет бір кісіге бітуге мүмкін де емес.

Қазақты я қорқытпай, я параламай, ақылменен не жерлеп, не сырлап айтқанменен ешнәрсеге көндіру мүмкін де емес. Етінен өткен, сүйегіне жеткен, атадан мирас алған, ананың сүтіменен емген надандық әлдеқашан адамшылықтан кетірген. Өздерінің ырбаңы бар ма, пыш-пышы бар ма, гуілдегі бар ма, дүрілдегі бар ма — сонысынан дүниеде ешбір қызықты нәрсе бар деп ойламайды, ойласа да, бұрылмайды, сөз айтсаң, түгел тыңдап тұра алмайды. не көңілі, не көзі алаңдап тұрады. Енді не қылдық, не болдық?!

ҚЫРЫҚ ЕКІНШІ СӨЗ

Қазақтың жаманшылыққа үйію бола беретұғынының бір себебі — жұмысының жоқтығы. Егер егін салса, я саудаға салынса, қолы тиер ме еді? Ол ауылдан бұл ауылға, біреуден бір жылқының майын сұрап мініп, тамақ аңдып, болмаса сөз аңдып, қулық, сұмдықпенен адам аздырмақ үшін, яки азғырушылардың кеңесіне кірмек үшін, пайдасыз, жұмыссыз қаңғырып жүруге құмар. Дүниелік керек болса, адал еңбекке салынып алған кісі ондай жүрісті иттей қорлық көрмей ме? Өзінің кәсібін тастап, кезегендікке салына ма? Малдылар малын еңкей малшыларға, бала-шағаға тапсырып, қолдағы құдай берген азды-көпті дәулеті қызықсыз көрініп, оның ұры-бөріге жем болып, қарға-жарға ұшырауына шыдайды. «Пыш-пыш» кеңестен қалып, бір ауылда барып қулық, сұмдық жасап жүріп, тегін тамақ жеп, ыржыңдасуды қысыратуға шыдамайды. Не үшін десең, халыққа әдет сол болған

¹ Үйрету.

соң, шаруаға пысық, мал бағуға, мал табуға пысық — ол өнерлі кісіге қосылмайды, я өзі пәле шығаруға пысық, я сондайлардың сөзін «естігенім, білгенім» деп елге жайып жүріп, айтып ырбаңдауға пысық өнерлілерге қосылғандай көрінеді.

Сол үшін осы күнгі қазақтың іске жараймын дегені өзінің азды-көптісін біреуге қоса салып, «көре жүр, көздей жүр» деп басын босатып алып, сөз аңдып, тамақ аңдып, ел кезуге салынады.

Бұл күндегіге байлық та мақтан емес, ақыл, аброй да мақтан емес, арыз бере білу — мақтан. Бұл екеуі қолынан келген кісі салт атты, сабау қамшылы кедей де болса, аз да болса орны төрде, майлы атқа, майлы етке қолы жетеді. Желөкпелеу, мақтаншақ байларды: «сіз айтсаңыз, отқа түсуге бармын» деп желдендіріп алып, шаруасын қылмай-ақ, малын бақпай-ақ, содан алып киімін бүтейтіп киіп, тәуір атын мініп алып, қатарлы бір хұрметке жетіп жүре береді.

Ол бай өз тыныштығын да білмейді. Бос шығынданғанын да ескермейді. Бір кісімен сөйлесе, «мұны қайтеміз» деп бағанағы антұрғанмен ақылдасады. Ол сыйырдың жорғасы секілденіп, қарайғанда жалғыз өзім болсам екен дейтұғын ниетімен және де ақылдасар досы көбейсе, қадірім кетіп қалады деп «ой, тәңір-ай, соны білмей тұрсыз ба? Ол ана қулық қой, бұл мына қулық қой деп, оған бүйдей салсаң болмай ма?» деп бар оңбаған жауапты үйретіп, амалшылықтың жолын үйретем деп, ол байдың өзін кісіге сенбейтұғын қылады. Және байдың өзіне де адам сенбейтұғын болады. Байдың өз жауабы, өз мінезі оңбай тұрған соң, банағы кісі бұзылса, әлгі антұрған байға, «мен айтпап па едім, онікі қулық сөз деп, міне көрдің бе?» деп, екіншіде тырп етпейтұғын қылып алады. Ендігі жұрттың ақылы да, тілеуі де, hareketі де — осы.

ҚЫРЫҚ ҮШІНШІ СӨЗ

Адам баласы екі нәрсеменен: бірі — тән, бірі — жан. Ол екеуі орталарында болған нәрселердің қайсысы жибили¹, қайсысы кәсиби², оны білмек керек. Ішсем, жесем демектің басы — жибили, ұйқтамақ та соған ұқсайды. Аз ба, көп пе, білсем екен, көрсем екен деген арзу³, бұлардың да басы —

¹ Еріксіз болатын тілек.

² Еңбекпен табылған нәрсе.

³ Тілек, мақсат, арман

жибили. Ақыл, ғылым—бұлар—кәсіби. Көзбенен көріп, құлақпен естіп, қолмен ұстап, тілмен татып, мұрынмен иіскеп тыстағы дүниеден хабар алады. Ол хабарлардың ұнамдысы ұнамды қалпыменен, ұнамсызы ұнамсыз қалпыменен, әрнәшік өз суретіменен көңілге түседі. Ол көңілге түсіруші бағанағы бес нәрседен өткен соң, оларды жайғастырып көңілде суреттемек. Ол — жанның жибили қуаты дүр, бірі ұмытпастық жақсы нәрседен көңілге жақсы әсер хасил¹ болып, жаман нәрседен көңілге жаман әсер хасил болу секілді нәрселер. Бұл қуаттар әуелде кішкене ғана болады. Ескеріп баққан адам үлкейтіп, ұлғайтып, ол қуаттардың қуатын зорайтады. Ескерусіз қалса, ол қуаттың қайсысы болса да, жоғалады, тіпті жоғалмаса да, аз-маз нәрсе болмаса, үлкен ешнәрсеге жарамайтын болады.

Кімде-кім сырттан естіп білу, көріп білу секілді нәрселерді көбейтіп алса, ол — көп жыйғаны бар адам: сынап, орындысын, орынсызын — бәрін де бағанағы жыйған нәрселерінен есеп қылып, қарап табады. Бұлай етіп бұл حرکتке түсінген адамды ақылды дейміз.

«Құдай тағала өзі ақыл бермеген соң қайтейік?» демек, «құдай тағала сеніменен мені бірдей жаратып па?» демек — құдай тағалаға жала жауып, өзін құтқармақ болғандығы. Бұл — ойсыз, өнерсіз надан адамның ісі. Оған құдай тағала көрме, есітпе, көрген, естіген нәрсеңді ескерме, есіңе сақтама деп пе? Ойын-күлкі мен ішпек-жемек, ұйқтамақпен, мақтанмен әуре бол да, ішіңдегі қазыңды жоғалтып алып, хайван бол деген жоқ.

Кейбіреулер айтады: «Ақыл жибили болмаса да, талап—жибили. Талап берген адам ақылды тапты. Талабы жоқ кісі таба алмайды»,— дейді. О да бекер. Талап әрбір балаға бар, оған талас қылуга болмайды. Бағана айттық қой, жан қуаты басында кішкене болады, ескермесе жоғалып та кетеді, ескерсе, күтіп айналдырса, зораяды деп. Жан қуатыменен адам хасил қылған өнерлері де күнде тексерсең, күнде асады. Көп заман тексермесең, тауып алған өнеріңнің жоғалғандығын және өзіңнің ол мезгілдегіден бір басқа адам болып кеткеніңді білмей қаласың. Қай жоғалған өнер ал мен жоғалдым деп, хабар беріп жоғалмайды. Енді қусаң, бағанағы әуелгі табуыңнан қыйынырақ тиеді.

Жан қуаты деген қуат — бек көп нәрсе, бәрін мұнда жарға уақыт сыйғызбайды. Бірақ әрбір өнердің тыстан тау-

¹ Пайда.

ып алып ішке салғанын, соның тамырын берік ұстап тұруға жараушы еді. Көп заман ескермеген адамнан ол бағанағы өнердің өзінің ең қызықты, қымбатты жерлері жоғала бастайды. Онан соң көп заман өтсе, сол өнерді сақтайтұғын қуаттың өзі де жоғалады. Онан соң қайта кәсіп қылуға болмайды.

Бұл қуаттың ішінде үш артық қуат бар, зинһар соны жоғалтып алу жарамас, ол жоғалса, адам баласы хайуан болды, адамшылықтан шықты.

Біреуі орысша подвижрой элемент деп аталады. Ол не нәрсе? Не көрдің, есіттің, әрнешік білдің, соны тездікпенен ұғып, ұққандықпенен тұрмай, арты қайдан шығады, алды қайда барады, сол екі жағына да ақылды жіберіп қарамаққа тез қозғап жібереді. Егер бұл болмаса, көп білуге көп оқу оңды пайда да бермейді. Керекті уақытында ойламай, керекті уақытында қылмай, керекті уақытында айтпай, дәйім уақытынан кеш қалып, «әй, әттеген-ай! Ұйтуім екен, бұйтуім екен» деп, өмір бойы ғафил болып-ақ отырғаның.

Біреуін орысша сила притягательная однородного дейді. Ол — бір нәрсені естіп, көріп білдің, қош келді, кәзір соған ұқсағандаоды тексересің. Түгел ұқсаған ба? Яки бір ғана жерден ұқсағандығы бар ма? Әрнешік сол іске бір келіскен жері бар нәрселердің бәрін ойлап, білгенін тексеріп, білмегенін сұрап, оқып, бөтеннен хабарланып білмей, тыншытпайды.

Үшіншісі, орысша «впечатлительность сердца» дейді. яғни жүректі мақтаншақтық, пайдакүнемдік, жеңілдік, салғырттық—бұл төрт нәрсеменен кірлетпей таза сақтаса, сонда сырттан ішке барған әр нәрсенің суреті жүректің айпасына анық рәушан¹ болып түседі. Ондай нәрсе тұла бойыңа жайылады, тез ұмыттырмайды. Егерде бағанағы төрт нәрсеменен жүректі кірлетіп алсаң, жүректің айнасы бұзылады, я қыйсық, я күңгірт көрсетеді. Енді ондай нәрселерден оңды ұғым болмайды.

Әрнешік тән қуатыменен сырттан тауып, сыртта сақтайсыз, оның аты дәулет еді. Оның да неше түрлі кеселі, кесепаты бар нәрселерін білмесең, сақтай алмаушы едің ғой. Соған ұқсаған іштегі жап қуатыменен жыйған нәрсенің аты ақыл, ғылым еді ғой. Оның да неше түрлі кеселі, кесепаты тиер нәрселері бар. Оны білмесең, бақпасаң — айрыласың. Және әрбір жақсы нәрсенің өлшеуі бар, өлшеуінен асса — жарамайды. Өлшеуін білмек — бір үлкен керек іс. Ойланбақ жақ-

¹ Жарық, анық, көрік.

сы, іске тіпті салынып кеткен кісі ойын байлай алмай, қыял болыпта кеткені де болады. Ішпек, жемек, кимек, құлмек, көңіл көтермек, құшпақ, сүймек, мал жыймақ, мансап іздемек, айлалы болмақ, алданбастық — бұл нәрселердің бәрінің де өлшеуі бар. Өлшеуінен асырса, боғы шығады.

«Ненің қызығын көп іздесең, соның күйігін бір тартасын» деген бұрынғы ғалымдар. Баз махфи олмая¹ ол, мен айтқан үш қуаттың ішінде екеуі, яғни сила притягательная однородного менен подвижной элемент — бұл екеуі қосылып тұра тұрған нәрсе, күллі, пайда да бұлардан шығады, күллі зарар да бұлардан шығады. Мансап сүйгіштік, мақтаншақтық, ашуланшақтық, өтірікшілік, осыған ұқсаған әрбір маскүнемдікке тартып, құмар қылып, ақылдан шығарып жібертуғын нәрселер осы екеуінен болады. Бұларды түбегейлеткенде жақсы нәрселерді түбегейлетіп, жаман нәрселерден, яғни жоғарғы айтылмыш секілді адамшылықтан шығарып, құмарпаздыққа салып жіберетұғын нәрседен бойды ерте тыйып алуға керек. Пайда, залалды айыратұғын қуаттың аты ақыл еді ғой. Біо ақыл қуатымен мұны тоқтатып болмайды. Һәм ақыл, Һәм қайрат — екі мықты қуат қосылып тоқтатады. Ол екеуі кімде бар болса, бағанағы екі қуат мұнан салсаң онан шығатын бір жорға атпенен тең. Егерде бұл екі қуаттың екеуі де аз болса, яки бірі бар, бірі жоқ болса, бағанағы екі қуаттар—бір басы қатты асау ат, жүгенсіз тауға ұра ма, тасқа ұра ма, суға ұра ма, жарға ұра ма — құдай білсін, әйтеуір жолда көрген есті, ақылы дұрыс адамдар әл де сұрамай да қалады. Сенде ерік жоқ. Екі етек жайылып, екі көзің аспанда, масқара болып кеткенің өлгеніңше.

ҚЫРЫҚ ТӨРТІНШІ СӨЗ

Адам баласының ең жаманы — талапсыз. Талап қылушылар да неше түрлі болады. Талаптың өзі де түрлі-түрлі болады және сол талаптардың қайсысының соңына түссе де, бірінен бірі өнерлі тұрлаулырақ келеді. Уа, лакин адам баласы талапты, я талапсыз болсын, әйтеуір «бәрекелдіні» керек қылмайтұғыны болмайды. Әрнәшік, орынсыз ба, орынды ма, «бәрекелді» деушіні көңіл іздеп тұрады. Адам баласы өзі қай жолда, қай майданда жүрсе, сол майдандағы кісі мен сырлас болады. Оның үшін өзге жолдағылардан «бәрекелдіні» оңды күтпейді. Маған «бәрекелді» десе, ссы өзімменен серіктес, сырлас осылар «бәрекелді» дер дейді

¹ Айтылмай жасырын қалмасың,

Талаптың ішінде адам баласы көбінесе басына кәдір іздеп, сол талапта болады. Біреуі мал қуып жатыр. Сараңдықпен, арамдықпен, әйтеуір мал тапсам, «мал тапқан ердің жазығы жоқ» дейтұғын, «малдының беті жарық» дейтұғын мақалға сеніп, халықтың түріне қарай, ит те болса, малдыны сөге алмайды деп, бұл мал һәм пайда, һәм қасиет болады бойыма дейді. Мұнысы рас, қазақтың өз құлқына қарағанда, бірақ адамдыққа, ақылға қарағанда, қазақ түгіл, көңіл жиіркенетұғын іс. Осыған қарай біреу ер атанамын, біреу қажеке атанамын, біреу молдеке, біреу білгіш, қу, сұм атанамын деп сол харекетте жүр. Әрқайсысы қазаққа бұлдамақ та болып, басына «осыным бірсыпыра елеу азық болар» деген талаппен қылып жүр. Мұнысы қазақтың тамырын ұстап-ұстап қарайды дағы, «мынаны алып келіп берсе, қымбат алғандай екен, осы күнде мына бір істің біраз пұлы бар екен» деп, қазақтың бетінен оқып, ізденген талап болмаса, кітаптың бетінен оқып іздеген талап емес. Оның үшін кітап сөзіменен ізденген талап болса, әуелі көкректі тазалау керек дейді, онан соң ғибадат қыл дейді. Қазақтың бетіне қарап, содан оқыған болса, ол талабыңды қыла бер, көкректі дым тазалаймын деме, оны кім көріп жатыр, ішінде қатпар көп болмаса, құт-берекеге жағымды болмайды дейді. Енді осыған қарап қайдан оқып, ұмтылған талап екенін білерсің.

ҚЫРЫҚ БЕСІНШІ СӨЗ

Құдай табарака уатағаланың барлығының үлкен дәлелі — неше мың жылдан бері әркім әртүрлі қып сөйлесе де, бәрі де бір үлкен құдай бар деп келгендігі, уа һәм неше мың түрлі діннің бәрі де ғаделет, махаббат құдайға лайықты дегендігі.

Біз жаратушы емес, жаратқан көлеңкесіне қарай білетұғын пәндеміз. Сол махаббат пен ғаделетке қарай тартпақып, сол алланың хикметін біреуден біреу анығырақ сезбекпен артылады. Нандым, сендім демек нандырамын, сендіремін деген емес.

Адамшылықтың алды — махаббат, ғаделет, сезім. Бұлардың керек емес жері жоқ, кіріспейтұғын да жері жоқ. Ол — жаратқан тәңрінің ісі. Айғыр биеге ие болмақта да махаббат сезім бар. Бұл ғаделет, махаббат, сезім кімде көбірек болса, ол кісі — ғалым, сол — ғақил. Біз жанымыздан ғылым шығара алмаймыз, жаралып, жасалып қойған нәрселерді сезбекпіз, көзбен көріп, ақылмен біліп.

БІРАЗ СӨЗ ҚАЗАҚТЫҢ ТҮБІ ҚАЙДАН ШЫҚҚАНЫ ТУРАЛЫ

Біздің қазақтың ықласы атасын ғараптан шықты дегенді, яки бәни Исраилден¹ шықты дегенді ұнатқандай. Онысы — әрине, тауарихтай² хабар тисе, сол жақтан тигендіктен, ислам діні бұрынғы ата-бабаларды ұмыттырып, діндестерді жақын көрсеткендіктен һәм артқы жағы хабарсыз қараңғылықта қалғандықтан болған іс. Һәммаға мәлім, әуелде адам балалары бұл күнгі орындарына екі жақтан толқынып келгендігі: бірі — Үндістан тарапынан; ол жақтан келген жұрттардың көбі білімді жұрт болып, ертерек ғылымға үйір болып қайдан шыққандарын білгендер; екінші — маңғұл жағынан келген; олар заманның көбін ғылымсыздықпен өткізіп, тауарихларын терең білмей, түбі ескерусіз қалып ата-бабаларын ақсақалдарының айтуымен, ауыз хабарынан білгеніне қанағат қылып жүріскен. Соның бірі, яки сол маңғұлдан шыққан халықтың бірі — біздің қазақ. Біздің қазақтың маңғұлдан шықпақтығы бізге ұят емес, бірақ біздің білімсіз, ғылымсыз қалмақтығымыз ұят.

Қалмақтың төрт атасының бірі — Хазар. Сол Хазардан үш атаның ұлы парсы жұртында қалып еді: Қажар, Афшар, Үшташлы деген. Сол қызыл бас, дүниедегі бір ескі патшаларының сарқыты-Кәсірәй ғажам жұрты сол. Біздің қазақтың Аму-дариясынан қорқып қашып келіп, Сыр-дарияның аяғында қалмақтан жеңіліп, Ақтабан шұбырынды көретұғыны, Аму-дариядан қашамын деп болған. Сол Надыр Афшардан еді. Осы күнгі Нәсіридден шаһ Қажардан шыққан кісі. Кім жетсе, табады, өнеріменен жетеді. Оларға атаң қалмақ деп кім бөгет болады?

¹ Діни ұғым бойынша Мұсаның қауымы, соған ергендер.

² Тарих деген мағнада.

Есте жоқ ескі мезгілде, маңғұлдан бір татар аталған халық бөлініп екен. Қытайлар «татан» деп жазады. Асыл түбі қазақтың сол татар. Осы күнде де қазақтың төре нәсілдері өзін, біз татармыз деп айтысады. Онысы біз келімсек емес, түпсіз емес, таза тұқымбыз деген орынға айтылады, татардың кім екенін білгендігімен айтқаны емес.

Дін исламға кіре алмай қалған, осы күнде Күншығыс Сібірінде қазақтың ағайындары бар. Тілінен, әдетінен, түсінен туысқандығы анық көрініп тұрады. Әсіресе, Енисейскі губірнеде Минусинскі уезде «ясашынай татар» атында бір халық бар. Қазақты өздеріне ағайын тұтады дейді, және бір тұқымдас екендігіне көрген кісі таласпайды. Тағы ешқазақ, қырғыз бен қазақтың бір тұқымдас екеніне таласпайды. Сол қырғызды қытайлар «брут» деп атайды, өз тауарихларында оның себебін, неліктен қытайлар «брут» дегенін еш білдім дегенді көрмедім.

Біздің қазақтар Бийскідегі, Кузнецкідегі қалмақтарды «білеут» дейді. Менің ойым: осы «білеут», «брут» бір сөзден шыққан деймін, ола қырғыздың нәсілі болмағы таң емес. Ол татарлар ұрысшыл, аңшыл, не болса соғы киіп, не табылса, соны ішіп-жеп жүрген бір тұрпайы халық екен. Олардың орны Енисей, Аңқара суының бас жағында болыпты. Солардан аңшылар жыл жүріп, екі жыл жүріп, қайтатұғын әдеттері бар екен. Сол аңшылардың естіген көрген хабарыменен бұрын көрмеген жерге, болмаған мақтау айтылатұғын әдетіменен қысы аз, жазы көп дегенге әуелден өздері жер шаруасын қыламай, мал сақтаушы халық болған соң «мал сақтауға жақсы жерге барамыз» деп, бұл жаққа қарай неше мәртебе халқы шығыпты. Соның бірі біздің қазақ екен. Қай-қай жерменен келгендігі, қанша жылда келгендігі мағлұм емес. Әйтеуір, Алатаудың бөктеріне келіп, мекендеп тоқтапты.

Арғы жер бұрыннан ұйғыр нәсілді халықтың орнығып, иеленген жері болып, онан әрі бара алмапты. Ол ұйғыр халқының ханы өзіне қараған халыққа есептеп жүріпті. Бұлар қарадық десе де, ішінен дұшпан болып жүріпті. Әуелден өзін өзі билеп, азаттықпен жүрген халық, біротала біреуге бағынбақты ауыр көріпті. Түбінде олар да маңғұл нәсілді болса да, бұларға жат көрініпті. Сол уақыттарда арабтан бұл Орта Азияға дін исламды үйретушілер көп әскермен келіп, халықты жаңа дінге қаратып жүргендерінде Құтайба атты кісі Қашқарға шейін келіп, халықты исламға көндіргенде, бұлар да мұсылман болдық депті. Сейтсе де, бұрын-

нан бақсы-бәлгерге инанып, отқа-шыраққа табынатын әдеттерімен исламға тез түсініп кете алмапты. Ол кезде шала-пұла хат таныған кісісі болса — оны «абыз» дейді екен. Ол «абыз» демек әуелде шаман дініндегілердің өз молдасына қоятын аты екен. Дүниеде не нәрсенің себебіне көзі жетпесе, сол нәрсені құдай қылғып тұр деп, дін тұтынатұғын әдеттерінің сарқынын біз де кей жерде көргеніміз бар: келін түскенде үлкен үйдің отына май құйып, «От ана, май ана, жарылқа!» дегізіп, бас ұрғызған секілді, «өлген аруаққа арнадық» деп шырақ жаққан секілді, жазғытұрым әуел бұлт күркірегенде, қатындар шөмішімен үйдің сыртынан ұрып, «Сүт көп, көмір аз» деген секілді. Бұған ұқсаған көп еді, құдайға шүкір, бұл күнде жоғалып бара жатқанға ұқсайды.

Сол арабтар көшпелі халықтарды «хибаи» деп, «хұзағи» деп атапты. «Хибаи» дегені кигіз шатырмен жүруші деген екен. Хұзағи дегені өз жұртында және хұзағи деген көшпелі халқы бар екен, соған ұқсатып айтқан екен. Сол уақытының бір ханы көшіп келе жатқанда бұлардың тіркеулі түйесін көріп, «міне мыналар шынымен қазақ екен» депті, әдейі қайтқан қазға ұқсайды-ақ екен деп. Сонымен бұлар өзін өзі де, өзге жұрттар да қазақ атап кетіпті, бұрын өздерін «ұлыс» дейді екен де жүре береді екен.

Ол күнде Наурыз деген бір жазғытұрым мейрамы болып, наурыздама қыламыз деп, той, тамаша қылады екен. Сол күнін «ұлыстың ұлы күні» дейді екен. Бұл күнде бұл сөз құрбан айтына айтылады, ол уақытта жаңа дінге кірген соң енді бір Бұхардан басқа шәһарлардың да, жер-сулардың да, халықтың да бұрынғы аттарын бұзыпты. Сондықтан да болғанға ұқсайды. Әйтеуір сонан қазақ аталыпты.

Бұл қазақ Алатау бөктерінде жүргенде егін салмақ секілді, сауда қылмақ секілді шаруаларға да көршілерінен көріп айналған екен. Өздерін өздері: «Қоңыр қазақ, қара қазақбыз» дейтұғыны, «Қазақ байдың баласымыз» дегені сол уақыттағы ғана біраз момындықпен тұрған кезі болса керек.

Қырғызға қырғыз деп ұйғыр хандарының бірі ат қойса керек. Олардың атты әскерінің алдыменен жүретұғыны солар болып қырғыз атапты. «Өлтірт, жоғалт» яғни дұшпанды қырушы дегеннен қойылыпты. Ол уақытта жай жатқан момын қазақтың «Аруақ аттаған оңбайды», «Ер азығы мен бөрі азығы жолда болса керек» деп, «Аттанып барып жыл-

қы алған, ат үстінен ұйқы алған» деп, барымташыны мақтап, бұзылған кезі Шыңғыстан соң болса керек.

Қашан маңғұлдан Шыңғыс хан шыққанда, қазақтар құтты босынға барыпты. Бірақ қай жерде барғаны мағлұм емес, сүйтсе де осы Шыңғыс тауында, әскері Қарауыл өзенінің бойында жатып, он екі рудан он екі кісі маңғұлдың өз заңы бойынша «хан» деген үлкен биіктің басында, ақ киізге Шыңғысты отырғызып хан көтерген дейді. Тауының Шыңғыс аталып, биігі хан аталмақ себебі де сол болса керек.

Сол он екі кісінің бірі қазақтан Майқы би деген кісі екен. «Түгел сөздің түбі — бір, түп атасы — Майқы би» деген мақал болған. Майқы сол кісі екен. Шыңғыс аламан-дыққа аттанып, әскез тартып шыққанда әскерінің көбі татар екен дейді. Оның себебі: ол маңғұл өздері, татардай, ассыздық, сусыздыққа, ыстық-суыққа шыдамды болмаса керек. Қазақтың соғысқа жараалық адамы сол Шыңғыстың әскеріне қосылып, бұларды Шыңғыс Жошы деген үлкен баласына билетіпті.

Әуелде Көр ханды өлтіріп, ұйғыр жұртын алыпты, онан соң, Азияның тереңіне шейін еріп барса керек. Себебі қазақта мақал болып қалған «Жылан жылы жылыс болды, жылқы жылы ұрыс болды, қой жылы зеңгер тоғыс болды» дегені, «Самаоқанның сар жолы, Бұланайдың тар жолы» дегені — бәрі Шыңғыстың сапарын көрсеткен сөз. Бұланай деп Гималайды айтқаны ма, Үндукеш тауы ма? Әйтеуір, бір тауды айтқан сөз екені «Бұланайдан үлкен тау болмас, бұланнан үлкен аң болмас» деген мақаланынан мағлұм.

Сонан соң бұлар бұрынғы Алатауды қалдырып, Тәшкент төңірегіндегі тауларды мекен қылса керек. Қайсысында қанша жүрген, қайсысында бұрын, қайсысында соң жүрген, анық мағлұм емес. Ол орынға келген соң, бұларды Шыңғыстың Шағатай деген баласының нәсілі билеп тұрыпты. Ол Шағатай нәсілінің үлкен ханы Тәшкенде тұрып, бұларды бір інілері билейді екен. Сондағы билеген хандары, билері бұларды ешбір дүзу حرکتке түсіндірмей, дәйім барымтамен мал қумақ, ауыл шаппақ, бірде бұл ел, бірде ол елмен жауласпақ, қырыспақпен күні кешіп, еш шаруа, өнерге үйрене алмай, өздері кедей болған һәм өспеген. Бүгін біреуді өзі талап қырып келсе, ертең өзін біреуі талап қырып кете берген. «Ерше барып, итше қашып» жүріп малын, басын жаудан қорғаудың да мәнісін білмесе керек. Қазақтың бар қатты өсе бастағаны құба қалмақтың жұрты бұзылған соң, осы Сарыарқаға орныққан соң ғана

болса керек. Одан бұрынғысы «Барып жаудан қыз әкеліп қатын қыларсың, я ағаңды өлтіріп, жеңгеңді аларсың» деген мақалына ұқсайды.

Әмір-Темір нәсілінен Құмар Шайх баласы, белгілі Бабыр патшаның шешесіменен бір туысқан екі бауыры болған. Үлкені Тәшкентке хан болып, кішісі қазақты билеген. Бұлар Шағатай нәсілінен Юніс ханның балалары болған. Сол қазақты билегенінің аты Ахмет екен. Сол өз уақытында аттанысқа жарарлық қазақтан үш жүз әскер шығарып, үш жүз басыға билетіпті. Әр жүздің халқы өз ынтымағыменен бір туысқанға есеп болыпты. Қазақтың «Үш жүздің баласы» дейтуғыны — сол.

Ахмет хан қалмақты көп шауыпты, көп қырыпты. Қалмақ рахымсыздығына қарай «мынау бір алашы болды ғой» депті — жан алушы болды дегеннің орнына. Сондықтан ол кісі Алаша хан атаныпты, «Бабыр нәма¹да¹ солай жазылған. Сонан соң хан бұл атты қалмақ қорыққаннан қойды ғой. енді сіздер шапқан уақытта «алашы-алашы» деп ұран-сүрен салыңыз деп бұйырып, бұларға айғай салғанда көп жанның айғайымен «алаш-алаш» деп кетіпті. Сондықтан «Алаш болғанда, Алаша хан болғанда, қалмаққа не қылмап едік» деп, алаш ұранды қазақ атанған себебі сол екен.

Бұлар Шағатай нәсіліне қарап жүргенде. Жошы нәсілі өзбек халқын билеп жүрген екен. Сол Жошының Сибан яки Шибан деген баласының тұқымынан бір белгілі Шайбақ деген хан шығып, Әмір-Темір тұқымынан Һират, Бұқар, Самарқан шәһерларын тартып алып жүргенде, ақырында мұның алдынан Алаша хан, Тәшкендегі Жәнке хан деген ағасымен қосылып, қалың әскермен шығып, Ора-тәбеде жеңіліп, ағайынды екеуі де бала-шағаларына дейін Шайбақ өлтіргенде, біздің қазақ біз әуелден өзбек жұртыменен аталас едік және де Шыңғыс хан тірі күнінде бізді Жошыға тапсырып еді, «сарт садағам, өзбек-өз ағам» деп, Шайбаққа қарап кетіпті.

Сол сөз осы күнге шейін мақал болып қалған. Сонан кейін бізді қайтып Шағатай тұқымы билеген емес. Онан соңғы біздің ханымыз, төреміз—бәрі де Жошы нәсілінен бола келген.

¹ XVI ғасырда (Үндістанда) ұлы моңғол патшалығын ұйымдастырған сұлтан Бабырдың сол замандағы болған уақыттары жазумен қатар, өз өмірінде басынан кешкен өңгімені жазған шығармасының аты.

ТУСІНІКТЕР



АУДАРМАЛАРҒА ТҮСІНІК

69 бет. «**Кең жайлау — жалғыз бесік жас балаға**»—бұл өлең 1933 жылдан басылып келеді. М. Ю. Лермонтовтың «Дитя в люльке» атты өлеңінің аудармасы, түп нұсқасы неміс ақыны Ф. Шиллерден алынған.

М. Ю. Лермонтовта былай делінген:

Счастлив ребенок
И в люльке просторно ему,
Но дай время сделаться мужем,
И тесен покажется мир.

Абай өлеңнің жалпы мағнасын ғана сақтап еркін аударған. Абай шығармаларының кейінгі баспаларына енгізіліп жүр.

70 бет. «**Бородино**» — бұл шығарма 1933 жылғы баспаға тұңғыш рет кіргізіліп, соңғы жыйнақтардың бөріңде басылып жүр. М. Ю. Лермонтовтың «Бородино» атты шығармасының аудармасы. Абай тексті оригиналдың әр жерінен аударылған, үш бөлек үзінді. Осыған қарағанда аударманың тексті түгел сақталмаған сыяқты.

71 бет. «**Әм жабықтым, әм жалықтым**» — М. Ю. Лермонтовтың «И скушно и грустно» деген өлеңінен аударма.

Абай осы өлеңнің алғашқы төрт жолын ғана аударған.

«Любить — но кого же?..» — деп басталатын келесі төрт жолды Абай: «Ғашықтық іздеп таптыма» деп өлеңінде аударған. Бұл өлең Мүрсеит қолжазбасында бар. «Әм жабықтым, әм жалықтымның» негізгі нұсқасы сақталмаған, Абайдың соңғы жыйнақтарына ғана кірген. Өлеңнің тексті Абайдың 1945 жылы шыққан толық жыйнағы бойынша берілді.

72 бет. **Онегиннің сыйпаты** («Жасынан түсін билеп, сыр бермеген») — шығарманың тексті 1909 жылғы жыйнақ және Мүрсеит қолжазбалары (1905, 1907, 1910) бойынша беріліп отыр. А. С. Пушкиннің «Евгений Онегин» атты өлеңмен жазылған романының бірінші тарауынан аударма. Абай X, XI шумақты түгелінен және XII шумақтың алты жолын алған.

Он бір буынды өлеңмен жазса да, Абай аударманы Пушкин текстіне мағнасы жағынан өте жақын етіп берген, аударма оригиналға жолма жол сай келеді. Пушкиннің әрбір он төрт жолдық шумағы Абайда да он төрт жол болып келіп отырады.

Бұрынғы баспаларында:

Жай, жаңа кісі болып түк білмеген,—

деп алынып келген жол бұл жыйнақта Мүрсеит қолжазбасы (1905) бойынша:

Жап-жаңа кісі болып түк білмеген,—
деп түзетілді.

Абайдың негізгі жыйнақтарында бұл өлең басылып келеді. 74 бет. **Татьянаның Онегинге жазған хаты** («Амал жоқ — қайттім білдірмеі») — шығарманың тексті 1909 жылғы жыйнақ пен Мүрсеит қолжазбалары (1905, 1907, 1910) бойынша берілді.

А. С. Пушкиннің «Евгений Онегин» романындағы «Татьянаның Онегинге хатының» аудармасы.

Абай кейбір жерде сөз қалдырып кетіп еркін аударғанмен, Пушкин текстінің жалпы мағнасын дұрыс береді. Аудармада Пушкин оригиналындағы ерекшеліктері сақталып Татьяна бейнесі шебер суреттелген.

Пушкинде 79 жол, Абайда — 76.

Төртінші шумақтың 3-4 жолдары Мүрсеит қолжазбалары мен 1909 жылғы жыйнақта:

Шыдар ем бір ай жануға,
Ұзақ түн жұмбай көзімді,—
делінген. Жоғарғы үшінші шумақтағы:

Әлімше мен де ұялып,
Білдірмен дедім өлсем де.
Шыдар ем күйіп мен жанып
Айында бірер көрсем де,—

деген жолдарға қарағанда «Жануға» деудің де қыйсыны бар. Ал кейінгі баспаларында:

Шыдар ем бір ай жатуға,
Ұзақ түн жұмбай көзімді,—

деп алынған. Мағнасы жағынан жатымдырақ болғандықтан бұл жыйнақта осы вариант қабылданды.

Сегізінші шумақтың 3-жолы:

Әуелде тағдыр неден,—

деп басылып келді. Бұл жыйнақта 1907 жылғы Мүрсеит қолжазбасы бойынша:

Әуелде тағдыр иеден,—

деп алынды.

Он үшінші шумақтың 1-жолы соңғы баспаларында:

Түсімде мені жұбатып,—

деп алынған еді. Бұл жол Мүрсеит қолжазбалары мен 1909 жылғы жыйнақ бойынша:

Түсімде мені жұбантып,—

болып түзетілді.

Он сегізінші шумақтың 1-жолындағы:

Күтеміз сізден қайта хат,—

деген сөз 1909 жылғы жыйнақ негізінде:

Күтемін сізден қайта хат,—

деп берілді.

Бұл шығарма Абайдың негізгі жыйнақтарында басылып келеді.

77 бет. **Онегиннің Татьянаға жауабы** («Таңғажайып бұл қалай хат») — шығарманың тексті 1909 жылғы жыйнақ пен Мүрсеит қолжазбалары (1905, 1907, 1910) бойынша алынды.

А. С. Пушкиннің «Евгений Онегин» романының төртінші тарауындағы XII—XVI шумақтардың аудармасы.

Абай Онегиннің Татьянаға бақшада кездескендегі айтқан сөзін түгел аударған.

Абай жапты мағнасын ғана сақтап өте еркін аударған. Пушкинде 68 жол, Абайда — 76.

Үшінші шумақтағы 3-жолы 1915 жылғы баспада:

Ол перизат **ойды** өзің біл.—

деп алынған. Бұл жыйнақта 1909 жылғы баспа бойынша:

Ол — перизат, **ойла**, өзің біл.—

болып түзетілді.

Шығарманың соңғы шумағындағы:

Ол — жас ағаш, **бір** қызыл гүл,
Жапырағы жаңғырар.
Сорлы, Онегин, жолды өзің біл
Қай тарапқа қаңғырар,—

деген жолдар 1909 жылғы жыйнақта:

Ол — жас ағаш, **жас** қызыл тал,
Жапырағы жаңғырар.
Сорлы, Онегин, жолды өзің біл
Қай тарапқа қаңғырар,—

деп берілген. Бірақ **«Жас қызыл тал»**—3-жолдағы «Жолды өзің білмен» ұйқаспайды. Ал Абай аудармасында басынан аяғына дейін әр шумақтың 1-жолы мен 3-жолы ұйқас келіп отырады. Осыған қарағанда 1-жолдың «Ол — жас ағаш, **бір** қызыл гүл» болуы орынды (Мүрсеит қолжазбалары бойынша).

Абай жыйнақтарының негізгі терінде басылып жүр.

80 бет. **Онегин сөзі** («Хатыңнан жақсы ұғындым сөздің бәрін») шығарманың тексті Мүрсеит қолжазбалары (1905, 1907, 1910) бойынша берілді.

А. С. Пушкиннің «Евгений Онегин» романынан еркін аударма (жоғарыда келтірілген аударманың екінші варианты). Пушкинде 76 жол болса, Абайда — 48.

Бесінші шумақтың 1-жолы Мүрсеит қолжазбалары негізінде:

Бүгін сүйсем, сені алсам — ертең **жалқып**,—
деп алынды. Бұрын:

Бүгін сүйсем, сені алсам — ертең **жалығып**,—
деп басылып келген.

Абай жыйнақтарының негізгілерінде басылып келеді.

82 бет. **Онегиннің Татьянаға жазған хаты** («Хұп білемін, сізге жақпас») — шығарманың тексті 1909 жылғы жыйнақ пен

Мүрсеит қолжазбалары (1905, 1907, 1910) бойынша берілді. А. С. Пушкиннің «Евгений Онегин» атты романынан аударма. Пушкинде 60 жол, Абайда — 64. Жалпы мағнасын сақтап өте еркін аударған.

Төртінші шумақтың 3—4 жолдары кейбір баспаларда:

Тайды аяғым ескі дерттен,
Түсті емсіз қатты дерт,—

делініп келді. Бұл жыйнақта Мүрсеит қолжазбасы негізінде:

Тайды аяғым ескі серттен,
Түсті емсіз қатты дерт.—

деп алынды.

Ақырғы шумақтың соңғы екі жолы кейбір баспаларда қате басылып келді, мысалы 1945 жылғы толық жыйнақта былай-на берілді:

Бір өзіннен басқа бір дос
Таппасаң, ол, жүрме зар.

1907, 1910 жылғы Мүрсеит қолжазбаларында осы екі жол:

Бір өзінен басқа бір дос
Таппасаң, ол, жүрме зар,—

деп оқылады. Бұл жыйнақта осы текст қабылданды.

Абай шығармалары жыйнақтарының негізгілерінде басылып жүр.

85 бет. **Татьяна сөзі** («Тәңрі қосқан жар едің сен») — шығарманың тексті 1909 жылғы жыйнақ пен Мүрсеит қолжазбалары (1905, 1907, 1910) бойынша берілді.

А. С. Пушкиннің «Евгений Онегин» романының сегізінші тарауынан аударма.

Абай XII шумақтың соңғы 7 жолын және XIII—XVII шумақтарлы түгел алып, Татьянаның Петербургте Онегинге айтқан сөзін бүтіндей аударған.

Аудармада оригичалдың жалпы мағнасы сақталған. Абай кей жерлерде жол тастап кетіп, ал кейбір жолдарды өзінше өзгертіп аударған. Не бәрі Пушкинде 77 жол, аудармада 56 жол.

Үшінші шумақ 1909 жылғы жыйнақта:

Елжіреген жас емес пе ем?
Ебін тапсаң жұбатып,
Мен ғашыққа мас емес пе ем?
Кетсең еді ұзатып,—

деп басылған.

Бұл жыйнақта Мүрсеит қолжазбалары негізінде:

Елжіреген жас емес пе ем?
Еппен айтсаң жұбатып,
Мен ғашыққа мас емес пе ем?
Кетсең еді ұзатып.—

деген қалпы сақталды.

Абайдың негізгі жыйнақтарында басылып жүр.

87 бет. **Ленский сөзінен** («Барасын қайда, қайда болмай маған») — ең алғаш 1940 жылғы жыйнақта басылған.

А. С. Пушкиннің «Евгений Онегин» атты романының алтыншы тарауындағы ХХІ, ХХІІ шумақтарынан аударма.

Абай Ленский сөзінің мына жолдарын аударған:

«Куда, куда вы удалились,
Весны моей златые дни?
Что день грядущий мне готовит?
Его мой взор напрасно ловит,
В глубокой мгле таится он.

.

Блеснет завтра луч денницы,
И заиграет яркий день:
А я — быть может, я гробницы
Сойду в таинственную сень...»

Абайың соңғы жыйнақтарында басылған.

88 бет. Онегиннің өлердегі сөзі («Жарым жақсы киім киіп») — өленнің тексті 1909 жылғы жыйнақ пен Мүрсеит қолжазбалары (1905, 1907, 1910) бойынша алынды.

Екінші шумақтың 2 жолы Мүрсеит қолжазбалары бойынша:

Кеңлім жүр құс болып шүйіп,—
деп жіберілді. Ал бұл жол 1909 жылғы басылуында:

Кеңлім ұйып құс болып шүйіп,—
делініпті:

Осы екінші шумақтың 3 жолы 1909 жылғы жыйнақ бойынша:

Есіркеп сүйгізіп еді,—
деп берілді. Мүрсеит қолжазбаларында:

Есіркеп сүйдіріп еді,—
деп жазылыпты.

Соңғы шумақтың алғашқы жолы Мүрсеит қолжазбаларына сүйеніп:

Мен бұрылып түзеле алман,—
деп қалдырылды. Бұл жол 1909 жылғы жыйнақта:

Мен бұрылып төзе алман,—
делінген екен.

Абайдың негізгі жыйнақтарына енген.

89 бет. Тұтқындағы поляк жандаралының сөзі («Дүрілдеген нажағай») — ең алғаш 1933 жылғы баспаға кіргізілген. Соңғы кезде бұл өленнің поляк халқының ұлы ақыны А. Мицкевичтің «В альбом С. Б.» деген шығармасынан аударылғандығы анықталды.

В альбом С. Б.

Дни благодородные прошли,
Когда поля пестрели чудно,

Когда цветы везде росли..
 Теперь цветок найти мне трудно.
 Ненастье, бури и тоска..
 На ниве, где завывла вьюга,
 Не вижу я нигде листа,
 Чтобы сорвать его для друга.
 Все, что нашел — дарю. Такой
 Листок не должен затереться:
 Он подан дружеской рукой,
 Он дар последний,— может статься.

(Сочинения А. Микевича под ред. П. Н. Полевого, перевод Ми-
 наева). Сиб 1882. Т. I., 336).

Абай жалпы мағнасын сақтап, еркін аударған. Соңғы төрт
 жолы Абайда жоқ. Сақталмауы да мүмкін.

Соңғы жыйнақтарда басылып жүр.

90 бет. «Сұрғылт тұман дым бүркіп»—тұңғыш рет 1933 жыл-
 ғы жыйнақта басылды.

Бұл шығарма «Не осенний мелкий дождичек» деп бастала-
 тын орыс халық өлеңінен (сөзі А. А. Дельвигтікі, музыкасы
 М И Гринканикі) жалпы мағнасы ғана сақталып өте еркін
 аударылған.

Не осенний мелкий дождичек
 Брызжет, брызжет сквозь туман.
 Слезы горькие льет молодец
 На свой бархатный кафтан,—

деген жолдарын Абай:

Сұрғылт тұман дым бүркіп,
 Барқыт бешпент сулайды.
 Жеңімен көз сүртіп,
 Сұрланып жігіт жылайды,—

деп аударған.

Екінші шумақта Абай өз жанынан сөз қосып оригиналдан
 алшақ кеткен. Ал осы екі шумақтың да соңғы төрт жолы маз-
 мұны жағынан оригиналға жақын келеді.

Бүтіндей алғанда өлең аударма көлемінде қалмай, тың,
 жаңа шығармаға айналған.

Абай шығармаларының соңғы жыйнақтарында басылып
 жүр.

91 бет. «Ал, сенейін, сенейін»—шығарманың тексті 1909
 жылғы жыйнақ пен Мүрсеит қолжазбалары (1905, 1907, 1910)
 бойынша алынды.

Соңғы кезде бұл өлеңнің М. Ю. Лермонтовтан аударма еке-
 ні анықталды. Абай оригиналдың мағнасын сақтап, жалпы ал-
 ғанда, Лермонтов шығармасының мәзгілуынан алшақ кетпей
 аударған.

Абайда 28 жол, Лермонтовта—24.

Абай текстінің бір-екі сөзі Мүрсеит қолжазбасы мен 1909
 жылғы жыйнақтың екеуінде екі түрлі болып берілген. Мыса-
 лы, шығарманың ең соңғы жолы қолжазбада:

Нанғыш болсаң маған нан,—

делінген, ал 1909 жылғы жыйнақта:

Нанғыш болсаң енді нан!—

деп алынған. Бұл баспада соңғысы қабылдаңды.

Абай шығармалары жыйнақтарының негізгілерінде басылып келеді.

92 бет. «Көңілім менің қараңғы. Бол, бол, акын»— шығарманың тексті 1909 жылғы жыйнақ пен Мүрсеит қолжазбалары (1905, 1907, 1910) бойынша алынды.

М. Ю. Лермонтовтың «Еврейская мелодия» атты шығармасының аудармасы.

Абай осы өлеңнің алғашқы 8 жолын аударған.

Кейбір баспаларда:

Керек қой көңілді үміт тербентпесе,—

деп басылып келген 6-жол 1909 жылғы жыйнақ негізінде.

Керек қой көңілді үміт тебіrentсе,—

деп алынды.

Бұл өлең Абай шығармаларының толық жыйнақтарында үнемі басылып жүр.

93 бет. «Қараңғы түнде тау қалғып»— шығарманың тексті 1909 жылғы жыйнақ пен Мүрсеит қолжазбалары (1905, 1907, 1910) бойынша берілді.

М. Ю. Лермонтовтың «Из Гете» атты өлеңінің аудармасы. Шығарма Лермонтовта да, Абайда да 8 жол.

1909 жылғы жыйнақта екінші шумақтың алдынгы екі жолы былай болып келеді:

Шандай алмас жол дағы,

Сыбдырламаз жапырақ

Бұл жыйнақта Мүрсеит қолжазбасы бойынша:

Шаң шығармас жол дағы.

Сілкіне алмас жапырақ,—

делінген текст сақталды.

Абай шығармалары негізгі жыйнақтарына кіргізіліп келеді.

94 бет. «Өзіңе сенбе, жас ойшыл»— шығарманың тексті 1909 жылғы жыйнақ пен Мүрсеит қолжазбалары (1905, 1907,) бойынша алынды.

М. Ю. Лермонтовтың «Не верь себе» атты шығармасының аудармасы.

Абай Лермонтов шығармасының мазмұнын көп өзгертпей аударған. Шығарма Лермонтовта да, Абайда да 40 жолдан.

Абай шығармалары жыйнақтарының негізгілерінде басылып келеді.

96 бет. «Қорқытпа мені дауылдан»— шығарманың тексті 1909 жылғы жыйнақ пен Мүрсеит қолжазбалары (1905, 1907, 1910) бойынша алынды.

И. А. Буниннен аударма. Орыс ақынының «Не пугай меня грозою» деп басталатын шығармасын Абай жалпы мағынасын сақтап аударған.

Аударманың соңғы

Сондықтан кәйгі қат-қабат,

Қарап тұрмын сендерге,

Атасы басқа, өзі жат,
Жалғыз жанша жат жерде,—

деген төрт жолы оригиналдан алшақ кеткен Абайдың өз ой-пікірінің бір елесін көрсетеді.

Абай жыйнақтарының негізгілерінде басылып жүр.

97 бет. «Қайтсе жеңіл болады жұрт билемек»— шығарманың тексті 1909 жылғы жыйнақ және Мүрсеит қолжазбалары (1905, 1907, 1910) бойынша берілді.

М. Ю. Лермонтовтың «Измаил-Бей» атты поэмасының екінші бөлімінен аударма.

Лермонтовта 22 жол:

Легко народом править, если он
Одною общей страстью увлечен;
Не должно только слишком завлекаться,
Пред ним гордиться или с ним равняться,
Не должно мыслей открывать своих,
Иль спрашивать у подданных совета,
И забывать, что лучше гор златых
Иному ласка и слова привета!—
Старайся первым быть везде, всегда;
Не забывайся, будь в пирах умерен,
Не трогай суеверий никогда
И сам с толпой умеи быть суеверен;
Страшись сначала много успевать,
Страшись народ к победам приучать,
Чтоб в слабости своей он признавался,
Чтоб каждый миг в спасителе нуждался,
Чтоб он тебя не сравнивал ни с кем
И почитал нуждою — принужденья;
Умей отважно пользоваться всем,
И не проси никак вознагражденья!
Народ ребенок:— он не хочет дать,
Не покушайся вырвать,— но украды!—

Абайда небәрі 20 жол, оригиналдың кей жері дәлме-дәл аударылып, кейбір жолдарының жалпы мазмұны ғана сақталған.

Бірінші шумақтың 3-жолы бұрынғы баспаларда:

Ішің берік боп, нәпсіге тыю салып,—

деп басылып келген еді. Бұл жыйнақта 1909 жылғы баспамен 1905, 1907 жылғы Мүрсеит қолжазбалары негізінде:

Ішің берік боп, нәпсіге тыюлысып,—

деп алынды.

Кейбір баспаларда төртінші шумақтың 3-жолы:

Жұрт — жас бала, жылатып тартып алма,—
делініп келген еді. Бұл жолы 1909 жылғы жыйнақ және Мүрсеит қолжазбалары негізінде:

Жұрт — бала, ешнәрссін тартып алма,—
деген қалпы сақталды

Абай шығармалары жыйнақтарының негізгілеріне кіргізіліп келеді.

98 бет. **Тұтқындағы батыр** («Қараңғы үй терезесі — тұтқын орны») шығарманың тексті 1909 жылғы жыйнақ және Мүрсеит қолжазбалары (1905, 1907, 1910) бойынша алынды.

М. Ю. Лермонтовтан аударма. Не бәрі Абайда да. Лермонтовта да 20 жолдан.

Лермонтов шығармасын Абай бұлжытпай дәлме-дәл аударған.

Кейбір баспаларда:

Тәуба, дұға **түк те жоқ** тентек бойда,—

делініп келген екінші шумақтың бірінші жолы бұл жыйнақта 1909 жылғы баспа бойынша:

Тәуба **жоқ**, дұға да жоқ тентек бойда,—
деп берілді.

Абай шығармаларының негізгі жыйнақтарында қалмай басылып келеді.

99 бет. «Күлімсіреп аспан тұр» — шығарманың тексті Мүрсеит қолжазбалары бойынша (1905, 1907, 1910) берілді.

Мүрсеит қолжазбасында Лермонтовтан делінген. бірақ қай шығармадан аударма екендігі белгісіз болып келіп еді. Соңғы кезде бұл өлеңнің оригиналы М. Ю. Лермонтовтың «Выхожу один я на дорогу» деген шығармасы екендігі анықталды. Абай оны екінші шумағынан бастап аударған.

Осы төрт шумақты Абай жалпы мазмұнын сақтап, еркін аударған.

Абай шығармалары жыйнақтарында 1940 жылдан бері басылып жүр.

100 бет. **«Рахат, мені тастап кетпедің тыныш»** — шығарманың тексті 1909 жылғы жыйнақ пен Мүрсеит қолжазбалары (1905, 1907, 1910) бойынша алынды.

Кейбір баспаларда бұл өлең Лермонтовтың «И скучно и грустно» деген шығармасының аудармасы деп қате көрсетілген. Соңғы кезде мұның М. Ю. Лермонтовтың «Хоть давно изменила мне радость» деп бастататын шығармасының аудармасы екендігі анықталды. Абай Лермонтов оригиналының еш жерін өзгертпей мағнасын жолма-жол сақтап, дәлме-дәл етіп аударған.

Абайда 20 жол. Лермонтовта да 20 жол.

1909 жылғы жыйнақта өлеңтің бірінші шумағындағы жол

Жастық қуат, үміттің нұры қайтып,—

деп берілген.

Бұл баспада Мүрсеит қолжазбасы негізінде:

Жастық құмар, үміттің нұры қайтып,—

деген қалпы сақталды.

Үшінші шумақтың 2-жолы кейбір жыйнақтарда:

Ант етемін жалғанда жан табылмас,—

деп қате басылып келген еді. Бұл баспада:

Ант етемін жалғанын жан табалмас.—

болып 1909 жылғы жыйнақ пен Мүрсеит қолжазбасы (1905) негізінде түзетілді.

Үшінші шумақтың соңғы екі жолы 1909 жылғы жыйнақта былайша оқылады:

Өзі алданып, кісіден соққы жеген
Және өзі біреудей алдай алмас.

Бұл баспада Мүрсеит қолжазбасы 1910 жылғы негізінде:

Өзі алданып, өзгеден соққы жеген
Және өзі біреуді алдай алмас,—

деген қалпы сақталды.

Бұл шығарма Абай жыйнақтарының негізгілерінде басылып келеді.

101 бет. «Ғапықтық іздеп тантима»— Оленнің тексті Мүрсеит қолжазбалары (1905, 1907) бойынша берілді.

Соңғы кезде мұның М. Ю. Лермонтовтан аударма екендігі анықталды. Бұл өлең Лермонтовтың «И скучно и грустно» деген шығармасының екінші аудармасы. Лермонтовта:

Любить — но кого же? — на время не стоит труда
А вечно любить невозможно..
В себя ли заглянешь? — там прошлого нет и следа.
И радость, и муки, и все так ничтожно.

Абай шығармаларының соңғы баспаларына кіргізіліп жүр
102 бет. «Махаббат, достық қылуға»— оленнің тексті 1909 жылғы жыйнақ пен Мүрсеит қолжазбалары (1907, 1910) бойынша берілді.

Мүрсеит қолжазбаларында Лермонтовтан делінген. Соған қарағанда бұл өлең «Ғашықтық іздеп тантиманың» екінші варианты сияқты. Бірақ одан гөрі Лермонтов текстінен тым алшақтау. Тегінде мұны аударма қатарына қоспай, Абайдың өз шығармасы деп санаған жөн.

Абай шығармаларының негізгі жыйнақтарында басылып жүр

103 бет. **Ой** (қарасам, қайғыртар жұрт бұл заманғы)—шығарманың тексті 1909 жылғы жыйнақ және Мүрсеит қолжазбалары (1905, 1907, 1910) бойынша алынды.

М. Ю. Лермонтовтың «Дума» атты өлеңінің аудармасы. Лермонтовта да, Абайда да 44 жол. Абай оригиналдың кейбір жолдарын өзгертінкіреп, еркін аударған.

Абай шығармаларының жыйнақтарында қалмай басылып келеді.

105 бет. **Қанжар** («Сүйкімді болат қанжар, тұрсын жайнап»)—шығарманың тексті 1909 жылғы жыйнақ пен Мүрсеит қолжазбалары (1905, 1907, 1910) бойынша берілді.

М. Ю. Лермонтовтың «Кинжол» деген шығармасының аудармасы.

Абайда төртінші шумақтың аудармасы жоқ. Лермонтов оригинальн Абай бұлжытпай дәтме-дәл аударған. Аударма Лермонтов текстіне жол-жол сай келіп отырады.

Екінші шумақтың 3-жолы кейбір баспаларда

Қан сорғалар жүзіне жас сорғалап,—
делініп кесіді. Бұл жыйнақта 1909 жылғы баспа мен Мүрсеит қолжазбалары негізінде

Кен сорғалар жүзіңе жас сорғалап,—

деп түзетілді.

Бұл өлең Абай шығармалары негізгі жыйнақтарында басылып келеді.

106 бет. **Альбомға** («Сал демеймін сөзіме ықыласыңды») — шығарманың тексті 1909 жылғы жыйнақ пен Мүрсеит қолжазбалары (1907, 1910) бойынша алынды.

М. Ю. Лермонтовтың «В альбом» деген өлеңінің аудармасы. Лермонтовта да, Абайда да 16 жол. Абай Лермонтов оригиналын мағнасын өзгертпей өте дәл аударған.

Екінші шумақтың 3-жолы бұрынғы жыйнақтарда

Өзі қыйсық, өзі асау, тентек өмір,—
деп басылып келді. Лермонтов оригиналының бұл жері былайша оқылады:

От жизни краткой, но мятежной...

Шығарманы түгел дәлме-дәл аударған Абай бұл жолды:

Өзі қысқа, өзі асау, тентек өмір,—

деп аударғаны күмәнсіз. Бұл жерде араб әрпімен жазылғанда бір біріне өте жақын болғандықтан, «қысқа» деген сөз «қыйсық» делініп қате оқылған.

Бұл жыйнақта:

Өзі қысқа, өзі асау, тентек өмір,—

деп алынды.

Өлеңнің соңғы жолы бұрынғы баспаларда (1939, 1945, 1954).

Сықылды өлген жанның бір күмбезін,—

делініп алған еді.

Бұл жыйнақта 1909, 1933 жылдардағы баспалар бойынша:

Сықылды өткен жанның бір күмбезін,—

деп қабылданды.

Абай шығармалары жыйнақтарының негізгілерінде басылып келеді.

107 бет. **«Босқа әуре боп келдің бе тағы мұнда»** — өлеңнің тексті 1909 жылғы жыйнақ пен Мүрсеит қолжазбаларынан (1903, 1907, 1910) алынды.

М. Ю. Лермонтовтың «Исповедь» атты поэмасынан аударма.

Небәрі Лермонтовта 84 жол. Абайда — 64. Алайда аударма оригиналға мағнасы жағынан жақын, көп жерлері Лермонтов текстіне сайма-сай келіп отырады.

Үшінші шумақтың 2-жолы 1903 жылғы Мүрсеит қолжазбасында:

Әділетсіз бір жастың қапын жұтсын,—

делінген.

Он бірінші шумақтың 3-жолы 1909, 1933 жылдардағы жыйнақтарда:

Менің ісім өзіңе мәлім шығар,—

деп оқылады да, ал Мүрсеит қолжазбаларында:

Менің ішім езіңе мәлім шығар—

болып басылған.

Лермонтов оригиналының бұл жерінде:

...мои дела

И без меня ты должен знать —

делінгендіктен бұл жыйнақта алдыңғы варианты сақталды.

Он үшінші шумақтың ақырғы жолы соңғы баспаларда:

Оны құдай оқынаи кем деместі,—

деп алынып келді. Бұл жыйнақта 1909 жылғы баспа бойынша:

Оны құдай өзгеннен кем деместі,—

деп алынды.

Он төртінші шумақтың екі жолы:

Алла берген қауыпты ол бір сырым

Керге бірге өзіммен барса керек,—

деп басылып келді. Ал, 1909 жылғы жыйнақ пен Мүрсеит қолжазбаларында бұл жер былай болып келеді:

Алла берген қауыпты осы сырым

Керге бірге өзіммен барса керек.

Бұл жыйнақта осы соңғы вариант қабылданды.

Абай шығармалары жыйнақтарының негізгілерінде бар.

110 бет. «Менің сырым, жігіттер смес оңай»—өлеңнің тексті 1909 жылғы жыйнақ және Мүрсеит қолжазбалары (1905, 1907, 1910) бойынша берілді.

М. Ю. Лермонтовтың «Я не хочу, чтоб свет узнал» деген өлеңінің аудармасы Лермонтовта 16 жол. Абайда да 16 жол. Аударма оригиналға мағнасы жағынан өте жақын.

Абай шығармалары жыйнақтарының негізгілеріне кіргізіліп келді.

111 бет. **Дұға** («Өмірде ойға түсіп кем-кетігің») — шығарманың тексті 1909 жылғы жыйнақ және Мүрсеит қолжазбалары (1905, 1907, 1910) бойынша берілді.

М. Ю. Лермонтовтың «Молитва» деген өлеңінің аудармасы.

Абай жалпы мазмұнын дұрыс сақтап аударған.

Өлеңнің ақырғы шумағы соңғы баспаларда былай деп алынып келеді:

Жаныңның ауыр жүгі жеңілгендей

Көңілден көрнеген кек кемігендей

Болады жылауға да, күлуге де

Жүректің басынан у тегілгендей.

Бұл жыйнақта 1909 жылғы баспа және Мүрсеит қолжазбалары (1905, 1907) негізінде түзетіліп, төмендегіше берілді:

Жаныңның ауыр жүгі жеңілгендей

Көңілден көрнеген кек кемігендей

Болады жылауға да, сенуге де
Жүректің басынан у төгілгендей.

Абай шығармалары жыйнақтарының негізгілерінде түгел басылып жүр.

112 бет. Қасиетті дұға («Өмірден тепкі жесен жазығым жоқ») — шығарманың тексті Мүрсеит қолжазбасы (1907) бойынша алынды.

Алғашқы үш шумағы жоғарыда аталған М. Ю Лермонтовтың «Молитва» атты шығармасының аудармасы. Соңғы 12 жолы аударма емес, Абай өзі шығарған. Өзалдына бәлек шығарма болуы да мүмкін.

Абай шығармаларының соңғы жыйнақтарына енгізіліп жүр.

113 бет. «Қалқам-ай, мен үндемей жүремін көп» — өлеңнің тексті 1909 жылғы жыйнақ және Мүрсеит қолжазбалары (1905, 1910) бойынша берілді.

Бұл өлең Лермонтовтан аударылған шығармалардың қатарына қосылып жүрді, бірақ оригиналы көрсетілмей келді. Дұрысында бұл өлең Лермонтовтан аударма емес. Өлеңнің оригиналы мынау:

И ты думаешь будто я хладен и нем?
Малютка, под этом молчанием
Таится ужасная буря, зачем
Вырываться наружу ей тяжким рыданием?

Что я гордо смотрю на презренных людей,
Ты за то ли меня упрекаешь?
Но те люди торгуют рукою твоей,
Твсим сердцем хотят торговать. Ты их знаешь...

Дай мне руку твою! Посмотри мне в глаза!
Я без слез горько плакать умею;
Твои ж слезы блестят, как ночная роса,
На заре, поутру, освежая лилюю.

Тебе легче — ты можешь в слезах выливать
Муки сердца; а я! Я родился
Мужиной, я должен безмолвно страдать:
Своих собственных слез я б невольно стыдился.

Но поверь, если б ты вдруг меня поняла
И взгляделась в бесслезные очи:
Ты б от ужаса плакать забыла, и я
За тебя стал плакать все дни и все ночи.

Бұл текст Лермонтовтың жаңадан табылған шығармасы деп саналып, 1890 жылдары шығармалары жыйнақтарында басылып жүрді, бірақ кейін Лермонтов шығармасы емес екендігі анықталды.

Екінші шумақтың мына жолдары:

Антұрған ел көзіне тек қараймын,
Сонымды сен сөгеді-ау деп ойлаймын,—

деп басылып келген еді. 1909 жылғы баспа және Мүрсеит қолжазбалары негізінде 1954 жылғы жыйнақта:

Антүрған ел көзіне тік қараймын,—
Сонымды сен сөгеді-ау деп ойлаймын,—

деп түзетілген. Осы соңғы вариант қабылданды.

Абай шығармалары жыйнақтарының негізгілерінде басылып келеді.

114 бет. «Мен көрдім ұзын қайың құлағанын»—өлеңнің тексті 1903 жылғы жыйнақ және Мүрсеит қолжазбалары (1905, 1907, 1910) бойынша алынды.

Соңғы кезде бұл өлеңнің «Я видел березу — сломилась она» деген орыс романсының (сөзі В. А. Крыловтікі, музыкасы А. Рубинштейндікі (аудармасы екендігі анықталды:

Разбитое сердце

Я видел березку,— сломилась она,
Верхушкой к земле преклонилась она;
Но листья не блекли на тонких ветвях,
Покамест не спряталось солнце в горах.

Я бабочку видел с разбитым крылом,
Бедняжка под солнечным грелась лучом,
Стараясь и слабость и смерть превозмочь,
Пока не настала холодная ночь.

Стрелка видел я, как он лань подстрелил,
Животное пало в крови и без сил.
Со смертью бороться оно не могло,
И жить перестало, как солнце зашло.

Ах, мне изменила подружка моя,
И солнце померкло давно для меня;
Но смерть и покой я напрасно зову—
И с сердцем разбитым живу да живу.

(Крылов В. А. Стихотворения,
СПБ, 1898, стр. 163—166)

Күн шуаққа жылынар қалт-құлт етіп,—
деп басылған. Бұл жыйнақта осы вариант қабылданды. Мүрсеит қолжазбаларында (1905, 1910):

Күн шуақта жатады қалт-құлт етіп,—

делінген.

Абай шығармалары жыйнақтарының негізгілерінде басылып жүр.

115 бет. **Теректің сыйы** («Асау Терек долданып, буырқанып») — шығарманың тексті 1909 жылғы жыйнақ және Мүрсеит қолжазбалары (1905, 1907, 1910) бойынша берілді.

М. Ю. Лермонтовтың «Дары Терека» атты шығармасының аудармасы.

Абай жалпы мағнасын сақтап, өте еркін аударған.

Соңғы шумақтың ақырғы жолы:

Қатынды алды, қытықсыз араласты,—

болып басылып келді. Бұл жыйнақта 1909 жылғы баспа негізінде:

Қатынды алды, қыйтықсыз араласты,—

дәлініп түзетілді.

Үшінші шумақтың екінші жолы:

Бұлттың сүтін ішіп ержеткенмін,—

деп басылып келді.

Бұл жыйнақта 1933 жылғы баспа мен оригинал текстіне (Вскормлен грудью облаков) сүйеніп:

Бұлттың сүтін еміп ержеткенмін,—

деп алынды.

Жетінші шумақтың 5-жолы Мүрсеиттің 1905 жылғы қолжазбасындағы қалпынша:

Қартаң Каспи қалғыған бойыменен,—

деп берілді.

Оригиналдың бұл жері де (Каспий дремлет и молчит) осы текстіге сай келеді.

Ал 1909 жылғы жыйнақ пен 1907, 1910 жылдардағы Мүрсеит қолжазбаларында:

Қартаң Каспи қалтиған бойымен,—

деп берілген.

Бұл өлең Абай шығармалары жыйнақтарының негізгілерінде басылып жүр.

117 бет. «Жолға шықтым бір жым-жырт түнде жалғыз»—өлеңнің тексті 1909 жылғы жыйнақ және Мүрсеит қолжазбалары (1905, 1907, 1910) бойынша берілді.

М. Ю. Лермонтовтың «Выхожу один я на дорогу» деген шығармасының аудармасы. Лермонтовта да 20 жол.

Аударма Лермонтов текстіне жолма-жол сай келіп отырады, мағнасы жағынан оригиналға өте жақын. Тек соңғы шумақ қана еркін аударылған.

Бірінші шумақтың екінші жолы:

Тасты жол жарқырайды буға амалсыз,—

деп басылып келеді. Бұл жыйнақта 1909 жылғы баспа бойынша:

Тастақ жол жарқырайды буға амалсыз,—

деп алынды.

Екінші шумақтың үшінші жолы кейбір жыйнақта:

Менің де мұнша қапа, қысылғаным,—

деп басалған. Бұл баспада 1909 жылғы жыйнақ пен Мүрсеит қолжазбасы (1910) бойынша:

Менің не мұнша қапа, қысылғаным,—

деген қалпы сақталды.

Осы шумақтың соңғы жолы:

Үміт пе, өкініш пе, ойлағаным?—

деп басылып жүрген еді. Бұл жыйнақта 1909 жылғы баспа негізінде:

Ұмыт пе, екінші пе, ойланғаным?—

деп алынды.

Төртінші шумақтың екінші жолы кейбір жыйнақта:

Ұйқы, тыныштық, ұмыту — бір дегенім,—

деп басылған еді.

Бұл баспада

Ұйқы, тыныштық, ұмыту — бер дегенім,—

деп берілді.

Абай шығармалары жыйнақтарының негізгілерінде басылып жүр.

118 бет. **Шайтан** («Мұнды шайтан — құдайдың қуған жаны») — шағарманың тексті 1909 жылғы жыйнақ және Мүрсеит қолжазбалары (1905, 1907, 1910) бойынша берілді.

М. Ю. Лермонтовтың «Демон» атты поэмасының бастапқы екі бөлімшесін түгел алып, сөз қосып өте еркін аударған.

Екінші шумақтың 3-жолы:

Жылы жүзбен жұлдыздар жылжып жүзіп,—

боп басылып келді.

Бұл жыйнақта 1909 жылғы баспа мен Мүрсеит қолжазбалары (1905, 1907, 1910) негізінде:

Жылы жүзбен жұлдыздар жылжып жүріп,—

деп алынды.

Алтыншы шумақтың 2-жолы 1909 жылғы баспа бойынша:

Өлмес, өшпес өзіне көзі жетті,—

деп алынды. Мүрсеит қолжазбаларында (1907, 1910):

Өлмес, өшпес өзіне заман жетті,—

делінген.

Абай шығармалары жыйнақтарының негізгілерінде басылып жүр.

120 бет. **«Емен мен шілік»** — шығарманың тексті 1909 жылғы жыйнақ және Мүрсеит қолжазбалары (1905, 1907, 1910) бойынша берілді.

И. А. Крыловтың «Дуб и торсть» деген мысалының аудармасы.

Бірінші шумақтың 2-жолы: 1909 жылғы жыйнақ пен Мүрсеит қолжазбалары бойынша:

Аллаға неден жаздың, сорлы, депті,—

боп алынды.

Кейбір баспаларда:

Аллаға неден, сорлы жаздың депті —

боп беріліп жүрген еді.

Соңғы шумақтың ақырғы жолы.

Батыр, мақтана күйлемс сен де о ғұрлы,—
деп алынды. Бұрын:

Батыр, мақтан күйлемс сен де о ғұрлы,—
деп басылып жүрген.

Абай Қрылов мысалының мазмұнын толық сақтап, жақын аударған, көп жерлері оригиналға сөзбе сөз дәл келіп отырады.

Абай шығармалары жыйнақтарының бәрінде басылып келеді.

122 бет. **Қазаға ұрынған кара шекпен** — шығарманың тексті 1909 жылғы жыйнақ және Мүрсеит қолжазбалары (1905, 1907, 1910) бойынша берілді.

И. А. Қрыловтың «Крестьянин в беде» атты мысалының аудармасы.

Оригиналдың жалпы мазмұнын ғана сақтаған еркін аударма.

Тоғызыншы шумақтың соңғы жолы 1909, 1933 жылдардағы жыйнақтар негізінде:

«Өзіңнен болды» — деседі,—

боп алынды.

Мүрсеит қолжазбаларында бұл текст:

«Өзіңнен болды-ау»— деседі —

боп жазылған.

Абай жыйнақтарының негізгілерінде басылып келеді.

124 бет. **Жарлы бай** — шығарманың тексті 1909 жылғы жыйнақ және Мүрсеит қолжазбалары (1905, 1907, 1910) бойынша берілді.

И. А. Қрыловтың «Бедный, богач» атты мысалының аудармасы.

Абай оригиналдың жалпы мазмұнын сақтап еркін аударған. Жетінші шумақтың бірінші жолы соңғы жыйнақтарда:

Бар пайдамды тигізіп,—

делініп басылған. Ал дұрысында шығарушылар осы жолды өзбетімен өзгертіп жіберген. Мүрсеит қолжазбаларында:

Бай пайдамды тигізіп,—

болып келеді. 1909 жылғы баспада:

Байлықпен пайдам тигізіп —

деп оқылады. Осы жыйнақта бұл жол 1909 жылғы баспа бойынша берілді.

Ал, келесі шумақтың 2-жолы:

Кіріп келді есіктен,—

деп қате басылып жүрді. Мүрсеит қолжазбаларында бұл жол:

Кіріп келді тесіктен,—

болып оқылады.

Сонда И. А. Қрыловта:

Как вдруг к нему сквозь щелочку пролез,
Кто говорит — колдун, кто говорит — что бес,
Последнее едва ли не вернее:
Из дела будет то виднее,—

делінген жолдарды Абай:

Аузын жыймай бір адам
Кіріп келді **тесіктен**,—
Жөдігей ме, шайтан ба?
Әйтеуір елгі сөзді есіткен —

деп аударғандығы көрінеді.

Осы жыйнақта аударманың жоғарыда көрсетілген жолы Мүрсеит қолжазбалары негізінде түзетіліп берілді.

Өлеңнің соңындағы:

Өзі әбден жүдепті,—

деп Мүрсеит қолжазбалары бойынша басылып келген жол осы баспада 1909, 1933 жылдардағы жыйнақтар негізінде:

Өзі де әбден жүдепті,—

деп алынды.

Абай шығармалары негізгі жыйнақтарының бәрінде басылып келеді.

127 бет. **Есек пен бұлбұл** — шығарманың тексті 1909 жылғы жыйнақ және Мүрсеит қолжазбалары 1905, 1907, 1910 бойынша алынды.

И. А. Крыловтың «Осел и соловей» атты мысалының аудармасы.

Оригиналдың жалпы мазмұнын бұлжытпай шебер берген, бірақ кей жерінде Абай не тыңнан сөз қосып, не тастап кетіп аударған.

Абай шығармалары негізгі жыйнақтарында басылып жүр.

128 бет. **Қарға мен бүркіт** — шығарманың тексті 1909 жылғы жыйнақ және Мүрсеит қолжазбалары (1905, 1907, 1910) бойынша берілді.

И. А. Крыловтың «Вороненок» атты мысалының аудармасы.

Абай оригиналдың жалпы мағынасын толық сақтай отырып, бірақ кей жерлерін өзгертіп аударған.

Соңғы жыйнақтарда бұл шығарма «Бүркіт пен қарға» деген атпен басылып жүрді. Ал 1909 жылғы баспада да, Мүрсеит қолжазбасында да «Қарға мен бүркіт» делініп аталған, дұрысы осы, Крылов мысалында әңгіме негізінде қарға туралы, Крылов өзі де шығармасына «Вороненок» деген ат берген.

Өлеңнің соңындағы:

Бір жіпті берік байлап —

деп басылып келген жол 1909 жылғы жыйнақ бойынша:

Бір жіпті берік бек байлап,—

деп алынды.

Абай шығармалары негізгі жыйнақтарының бәрінде басылып келеді.

130 бет. **Шегіртке мен құмырсқа** — шығарманың тексті 1909

жылғы жыйнақ және Мүрсеит қолжазбалары (1905, 1907, 1910) бойынша алынды.

И. А. Крыловтың «Стрекоза и муравей» атты мысалының аудармасы.

Абай оригиналдың негізгі мағнасын толық сақтап көркем аударған.

Екінші шумақтың бірінші жолы кейбір баспаларда:

Жаздыкүні жапырақтың,—

деп басылып келіп еді. Бұл баспада 1909 жылғы жыйнақ пен Мүрсеит қолжазбаларындағы қалпы сақталып:

Жаздыкүнгі жапрақтың,—

деп алынды.

Бұл шығарма Абай жыйнақтарының бәрінде басылып келеді.

132 бет. **Әншілер** — шығарманың тексті 1909 жылғы жыйнақ пен Мүрсеит қолжазбалары (1907, 1910) бойынша берілді.

И. А. Крыловтың «Музыкант» атты мысалының аудармасы.

Абай Крылов мысалының мазмұнынан кашықтамай, аударманы оригинал нұсқасы негізіне жақын етіп берген.

Абай шығармалары жыйнақтарының негізгілерінде басылып жүр.

133 бет. **Ала қойлар** — шығарманың тексті 1909 жылғы жыйнақ пен Мүрсеит қолжазбалары (1907, 1910) бойынша алынды.

И. А. Крыловтың «Пестрые овцы» атты мысалының аудармасы.

Мысалдың жетпіс мазмұнын сақтай отырса да Абай кей жерлерде сөз тастап, не қосып шумақ дәлдігін сақтамай аударған.

Шығарманың аттыңшы шумағы соңғы баспаларда Мүрсеит қолжазбалары бойынша:

Өлтірмек боп оңай-ақ қойды сығып,—

деп алынып жүрді. Бұл жыйнақта 1909 жылғы баспа негізінде:

Өлтірмегім оңай-ақ қойды сығып.—

болып түзетілді. Оригиналға қарағанда мағна жағынан соңғы текст дұрыс. Бұл жерде арыстан қасқырдың қойларды қырып салу керек деген ақылын теріс көріп, наразы болады. Сондықтан аударманың төмендегі шумағы:

Қабағын түйді арыстан сөзін ұғып:

«Өлтірмегім оңай-ақ қойды сығып,

Өз жұртын өзі қырған патша бер ма?

Жаманаттан қорқамын кетсе шығып»,—

болуы орынғы.

Абай шығармаларының негізгі жыйнақтарында басылып келеді.

135 бет. **Қарға мен түлкі** («Жұрт біледі, күңеді») — шығарманың тексті 1909 жылғы жыйнақ және Мүрсеит қолжазбалары (1905, 1907, 1910) бойынша берілді.

И. А. Крыловтың «Ворона и лисица» атты мысалының аудармасы.

Абай Крылов мысалының мазмұнын толық сақтап өте көркем аударған.

Соңғы баспаларда бұл аударма «Түлкі мен қарға» деген атпен басылып жүрді. Ал Крыловта мысал «Ворона и лисица» деп аталған. Абайдың аудармасы да 1909 жылғы баспада да, Мүрсеит қолжазбаларында да «Қарға мен түлкі» делінген. Сондықтан бұл жыйнақта аударма «Қарға мен түлкі» деген атпен берілді.

Аударманың:

Тұмсығында ірімшік,
Ойлап қарап тұр еді,—

деп басылып жүрген жолдары Мүрсеит қолжазбалары негізінде және оригиналға сүйенітіп сонда: Да позадумалась а сыр во рту держала) былайша берілді:

Тұмсығында ірімшік,
Ойланып қарап тұр еді.

Аударманың:

Жақындап барып барлады,—

деген тағы бір жоғы. Мүрсеит қолжазбалары бойынша және оригиналға сүйеніліп.

Ештеп барып барлады,—

деп берілді:

Аударманың кейбір баспаларда:

Әншілігін білінді,—

деп алынып келген жолы бұл баспада 1909 жылғы жыйнақ пен Мүрсеит қолжазбаларындағы қалғы сақталып:

Әншілігің белгілі,—

деп берілді.

Аударманың соңғыларындағы:

Қуанғаннан бүртініп,—

деп басылып келген жолы: 1909 жылғы баспа мен Мүрсеит қолжазбаларындағы қалпынша:

Қуанғаннан бөртініп,—

деп алынды.

Абай шығармалары жыйнақтарының бәрінде бар.

137 бет. Қарға мен түлкі («Воқтықта талтанда!»)— шығарманың тексті Мүрсеит қолжазбалары (1907, 1910) бойынша берілді.

Бұл И. А. Крыловтың жоғарыда келтірілген «Ворона и лисица» атты мысалының екінші аудармасы. Бұл вариант «Жұрт біледі, күледі» деп басталатын аудармаға қарағанда еркін, оригиналдың жалпы мазмұнын ғана сақтаған.

Абайдың соңғы жыйнақтарында басылып жүр.

139 бет. Бақа мен өгіз — шығарманың тексті 1909 жылғы жыйнақ және Мүрсеит қолжазбалары (1905, 1907, 1910) бойынша берілді.

И. А. Крыловтың «Лягушка и вол» деген мысалының аудармасы.

Абай жанынан сөз қосып, оригиналды өзімше толықтырып еркін аударған.

Аудармағың:

Күшенді де бүртінді,—

деп басылып келген жолы бұл баспада: 1909 жылғы жыйнақ пен Мүрсеит қолжазбалары негізінде:

Күшенді де бөртінді,—

деп алынды.

Аударманың:

«Үлкейдім»— деп ісініп,—

деген жолы (1910 жылғы Мүрсеит қолжазбасында осылай берілген). Бұл баспада 1909 жылғы жыйнақ пен Мүрсеиттің 1905, 1907 жылдардағы қолжазбалары бойынша:

«Өстім ғой»— деп ісініп —

деп берілді.

Аударманың соңындағы:

Ыңқыл қағып, тыпырлап,—

деп басылып келген жол (1909 жылғы жыйнақта осы вариант берілген). Бұл баспада Мүрсеит қолжазбаларындағы қалпынша:

Тырқыл қағып. тыпырлап,—

деп берілді.

Абай жыйнақтарының негізгілерінде басылып жүр.

141 бет. **Піл мен қандең** — шығарманың тексті 1909 жылғы жыйнақ және Мүрсеит қолжазбалары (1905, 1907, 1910) бойынша берілді.

И. А. Крыловтың «Слон и москья» атты мысалының аудармасы.

Аударма оригиналға мағнасы жағынан жақын, алайда бірі-бірі-жарым айырмашылықтары да бар.

Абай шығармалары жыйнақтарының негізгілерінде кіргізіліп жүр.

142 бет. **Есек** — шығарманың тексті 1909 жылғы жыйнақ және Мүрсеит қолжазбалары (1905, 1910) бойынша берілді.

Өлеңнің аяқ шеніндегі:

«Жаппарқұл мырза» атанған,—

деп басылып жүрген жолы 1909 жылғы жыйнақ пен Мүрсеит қолжазбалары (1905, 1910) негізінде:

«Жаппарқұл мырза» аталған,—

деп алынды.

144 бет. **Жалау** («Жалғыз жалау жалтылдап») — өлеңнің тексті 1909 жылғы жыйнақ және Мүрсеит қолжазбалары (1905, 1907, 1910) бойынша берілді.

М. Ю. Лермонтовтың «Жалау» атты өлеңінің аудармасы.

Бірінші шумақтың 2-жолын 1909 жылғы жыйнақ және Мүрсеит қолжазбалары бойынша оқығанда:

Тұманда, теңіз өрінде,—

деуге де болады. Бұл жыйнақтың соңғы баспалардағы:

Тұманды теңіз өрінде,—

деген кәлпы сақталды.

Екінші шумақтың 1-жолы осы кезге дейін:

Ойнақтап, толқын, жел гулеп,—

деп алынып келді. Ал дұрысы:

Ойнақтап толқын, жел гулеп,—

болу керек. Лермонтовта бұл жері:

Играют волны, ветер свищет,—

деп оқылады. Осыған қарағанда Мүрсеит қолжазбасында «толқын» деген сөз соңғы әрпі дұрыс оқылмағандықтан, «толқын» делініп қате жазылғаны күмәнсіз. Сондықтан осы жыйнақта бұл жол:

Ойнақтап толқын, жел гулеп,—

деп түзетілді.

Абай шығармалары жыйнақтарының чегізгілерінде басылып жүр.

145 бет. «Жартас» («Қонады бір күн жас бұлт») — өлеңнің тексті 1909 жылғы жыйнақ және Мүрсеит қолжазбалары (1905, 1907, 1910) бойынша берілді.

М. Ю Лермонтовтың «Утес» деген өлеңінің аудармасы.

Өлеңнің үшінші, төртінші жолдары соңғы баспаларда қолжазба дұрыс оқылмағандықтан:

Жөнелді ертең, қалды үміт,

Көк жүзіне ойнақтап,—

делініп келді. Бұл жыйнақта:

Жөнелді ертең, қалды ұмыт.

Көк жүзіне ойнақтап,—

болып алынды.

Өлеңнің екі жолы соңғы жыйнақтарда:

Бәрі осы-ау деп қыз деген

Томсарып тұрып жылапты.—

деп басылып жүрді. Бұл жердегі «қыз» деген сөздің оригиналға қарағанда ешбір қысымы жоқ. Бұл сөзді «күз» деп оқуға да болады. Сондықтан бұл жыйнақта жоғарғы екі жол былайша берілді:

Бәрі осы-ау — деп — күз деген —

Томсарып тұрып жылапты.

Абай жыйнақтарында қалдырылмай басылып жүр.

146 бет. «Жүректе көп қазна бар, бәрі жақсы» — өлеңнің тексті 1909 жылғы жыйнақ және Мүрсеит қолжазбаларынан алынды.

Соңғы кезде бұл өлеңнің Я. Полонскийден аударма скендігі анықталды. Оригинал тексті мынау:

СЕРДЦЕ

У сердца сокровищ так много!
Как в море — в открытую грудь
Они так обильно от бога
Живыми струями текут.

И жаждет душа поделиться
В избытке с другой думой,
И сердцу влюбленному биться
Привольно в груди молодой.

Но что? Говорят: неизбежно
Придет, злое время придет,
И все, что люблю я так нежно,
Как призрак вдали пропадет.

И будто в груди благородной
Иссякнут живые струи,
И сердцу рассудок холодный
Предпишет законы свои.

И сердца богатства я взвешу,
На рынок пойду их менять
Кого же я этим утешу?
Что ж будет меня утешать?

Увы! Говорят: неизбежно
Придет, злое время, придет!
И все, что люблю я так нежно,
Как призрак вдали пропадет!

Бесінші шумақтың бірінші жолы кейбір баспаларда:

Жүрегін пайдасы үшін жұрт ұсатпақ —
деп басылып жүрді.

Бұл жыйнақта Мүрсеит қолжазбаларындағы (1903, 1907, 1910) және 1909, 1933 жылдардағы баспалардағы қалпы сақталып:

Жүрегін пайдасы үшін жұрт ұсатпақ,—
деп алынды.

Осы текстің бұл варианты оригиналға да дәлме-дәл, өте жақын.

Соңғы шумақтың бірінші жолы:

Жұрт айтқан сол ант мезгіл келсе керек, —
деп басылып келді. Мүрсеиттің 1907, 1910 жылдардағы қолжазбасында осылай жазылған. Бұл баспада Мүрсеиттің 1905 жылғы қолжазбасы және 1909, 1933 жылдардағы баспалар негізінде:

Жұрт айтқан сол ант мезгіл келсең керек,—
деп берілді.

Абай жыйнақтарында қалдырылмай басылып келді.

147 бет. «Көңіл күйі тағы да»— өлеңнің тексті 1909 жылғы жыйнақ және Мүрсеит қолжазбалары (1905, 1910) бойынша берілді.

М. Ю. Лермонтовтан аударма. Абай «Измаил-Бей» поэма-сының кіріспе 12 жолын аударған.

Абайда небәрі 16 жол, өлеңнің соңғы шумағы оригиналда жоқ, өзі қосқан сыяқты.

Соңғы баспаларда бірінші жол:

Көңілдің күйі тағы да, —

деп алынып жүгді. 1909 жылғы жыйнақта да және Мүрсеит қолжазбаларында да:

Көңіл күйі тағы да, —

болғандықтан бұл жыйнақта осы соңғы вариант қабылданды.

Абай жыйнақтарының негізгі баспаларына кіргізіліп келеді.

148 бет. «Күнді уақыт итеріп» — өлеңнің тексті Мүрсеит қолжазбалары (1903, 1907, 1910) бойынша алынды.

Соңғы кезде бұл өлеңнің М. Ю. Лермонтовтың «Вечер» деген шығармасының аудармасы екендігі анықталды. Лермонтовта да 16 жол.

ВЕЧЕР

Когда садится алый день
За синий край земли,
Когда туман встает, и тень
Скрывает все вдали,
Тогда я мыслю в тишине
Про вечность и любовь,
И чей-то голос шепчет мне:
Не будешь счастлив вновь.
И я гляжу на небеса
С покорною душой,
Они свершали чудеса,
Но не для нас с тобой,
Не для ничтожного глупца,
Которому твой взгляд
Дороже будет до конца
Небесных всех наград.

Абай аудармасы Лермонтов текстіне мағнасы жағынан жолма-жол сай келеді. Лермонтов шығармасын Абай асқан шеберлікпен көркем және дәлме-дәл етіп аударған.

Абайдың соңғы жыйнақтарына кіргізіліп жүр.

149 бет. «Асау той, тентек жыйын, опы-топыр» — өлеңнің тексті 1909 жылғы жыйнақ және Мүрсеит қолжазбалары (1903, 1910) бойынша берілді.

М. Ю. Лермонтовтың «На буйном пиристестве задумчив он сидел» деген шығармасының аудармасы. Лермонтовта 12 жол.

Абай жалпы мазмұнын сақтап, 16 жол етіп аударған.

Абай жыйнақтарының негізгілерінде басылып келеді.

150 бет. **Вадим** — шығарманың тексті Мүрсеит қолжазбалары (1903, 1907, 1910) бойынша берілді.

М. Ю. Лермонтовтан аударма.

Лермонтовтың бітпей қалған романының алғашқы екі тарауын және үшінші тарауының біраз жерін өлеңмен еркін ау-

дарған. «Вадим» орыс ақычының шаруалар қозғалысын суреттеп жазған ірі шығармасы. Ұлы ақын шаруалардың крепостнойлық тәртіпке наразылығын шебер және сүйсіне отырып баяндайды. Лермонтов жазып бітірген 24 тарауды бірінші бөлім деп белгілеген. Кейбір зерттеушілер, оның ішінде профессор Н. К. Пиксанов, романның келесі бөлімдерінде Пугачев образы суреттелген болар еді деген пікір айтады.

Абайдың «Вадим» романын аударуды қолға алуы оның бұл шығарманың тақырыбына ерекше кеңіл бөлгендігін көрсетеді. Бірақ аудармасының тек біраз жері ғана сақталған.

ҚАРАСӨЗДЕРГЕ ТҮСІНІК

Қарасөздің текстері Мүрсеит қолижазбалары (1905, 1907, 1910) бойынша басылды.

Қолжазбаларда жылы көрсетілмеген. Соңғы баспаларда әр сөздің жазылған жытын шығарушылар ешбір дерекке сүйенбей өздерінше қойған. Абай қарасөздері соңғы баспаларда көрсетілгендей он жыл бойы (1890—1899) жазды деп санау қиынсыз.

Бұл баспада әрбір сөздің жазылған жылы жекелеп көрсетілмеді.

Осы сөздерді жазудағы мақсаты туралы Абай өзі былай дейді: «ақыры ойлады: осы ойыма келген нәрселерді қағазға жаза берейін, ақ қағаз бен қара сыяны ермек қылайын, кімде-кім ішінен керекті сөз тапса, жазып алсын, я оқысын, «керегі жоқ» десе, өз сөзім езімдікі дедім де, ақыры осыған байладым, енді мұнан басқа ешбір жұмысым жоқ».

Қарасөздер тақырып жағынан ақынның өлеңдерімен ұштасып жатады. Мұнда еңбек, оқу-білім, өнер мәселелері сөз болып, Абайдың қоғам өміріне, жалпы дүниеге көзқарасы әржақты кең қамтылып отырады. Ақынның дүние тануындағы, саяси, әлеуметтік көзқарасындағы қайшылықтар қарасөздерінде айқынырақ көрінеді. Материалистік ой-пікірлер мен дінге сенушілік, демократтық идеялар мен ескі патриархалдырушылық өмірдің кейбір жақтарын дәріптеушілік қатар келіп отырады. Халық өмірінің ауыр жағдайын, қанаушылықты ашып көрсете отырып, ақын халықты тап күресіне шақыру дәрежесіне көтеріле алмайды.

Абай қарасөздерінде осындай қайшылықтар бола тұрса да олардың негізгі мазмұны ағартушылық, демократтық пікірлерді уағыздауда, қазақ халқын ұлы орыс халқының алдығы қатарлы мәдениетінен жете үйренуге шақыруда. Ағартушы — ақын былай дейді: «Орыстың ғылымы, өнері — дүниенің кілті, оны білгенге дүние арзанырақ түседі... барыңды салсаң да балаңа орыстың ғылымын үйрет!»

Жанрлық ерекшеліктеріне қарағанда Абайдың қарасөздері публицистика философиялық трактатқа жақын келіп отырады. Жыйырма жетінші сөзі (Сократ Хакимнің сөзі) Абай Сократқа тән болған баяндау, пікір айту әдісін қолданып, сұрақ пен жауап түрінде жазған.

Отыз жетінші сөз — нақыл сөз түрінде жазылған.

«Біраз сөз қазақтың тұбы қайдан шыққаны туралы» деген сөз — өзге қарасөздерден оқшау тұрған тарихи еңбек.

Бұл баспада қарасөздің текстеріне, оларды Мүрсейт қолжазбаларына салыстырып зерттеу негізінде бірнеше ірілі-уақты түзетулер енгізілді.

26-сөздегі **ақмақтың** деген сөз **ақмақтықтың**, 32-сөздегі **іздемке** — **іздемеске**, 33-сөздегі **тамыршылтау** — **тамыршылдау**, 38-сөздегі **қызығы** — **қазығы** болып алынды.

Қарасөздер алғаш рет 1933 жылғы жыйнақта басылған

КІСІ АТТАРЫНА ТҮСІНІК

А

Абдрахман (1866—1895) — Абайдың Ділдәден туған екінші баласы. Әкесі оны жасында Семей қаласындағы орыс мектебіне оқуға береді. Кейін Абдрахман Тюменьдегі реальное училищені бітіріп, Петербурттағы технология институтына түспек болады, бірақ сол қаладағы Михайловское артиллерийское училищесіне кіріп оқыйды. Бұл мектепті бітіргеннен кейін әскери артиллерия Академиясына түсемін деп жүрген кезінде сырқаттанып қалады да, 1895 жылы 1 январь күні Алматы қаласында қайтыс болады. Абай Абдрахманға арнап көптеген өлеңдер жазған.

Абралы (1839—1920) — Абайдың замандасы, өзі шешен, қалжың айтқыш адам болған. Жұрт сол үшін оны «Сары жорға» деп атап кеткен. Өзі намаз оқығанда құранның қирағатын дұрыс оқый білмейді екен, осыған байланысты Абай елең шығарған.

Абылғазы Баһадүр хан (1643—1663) — 1642 жылдан бастап, 20 жыл бойы, Хиуға хандық еткен. Ол 1646 жылы Жәңге Үргеніш қаласын салдырады, «Шежірей түрік» деген кітаптың авторы.

Абуғали Сина (980—1037) — бүкіл Орта Азияға белгілі атақты ғалым. Бұхара қаласының төңірегіндегі Афшана дейтін жерде туған. Иранда жүріп дәрігерлік өнерін, фәлсәфа ғылымын үйренген. Дәрігерлік жөнінде тұңғыш кітап жазған да осы Абуғали Сина деседі.

Ақылбай (1863—1904) — Абайдың тұңғыш баласы. Бұл да ақын болған, ұсақ өлеңдерден басқа «Қисса Дағыстан Жүсіп» атты көлемді дастан жазған.

Айтқожа — Тобықтының Бөкең дейтін руынан шыққан епті, жұрымды адамы. Абайдың «Қыздарға» деген өлеңінде аталады.

Аталық — бұда сол рудан. Абайдан бұрынырақ болып өткен адам. Мұның атын да Абай «Қыздарға» деген өлеңінде келтіреді.

Аристотель (біздің заманымыздан бұрынғы 384—322 жылдар) — көне грек халқының асқан философы, ғалымы. Ескендір Зұлқарнайынның (Александр Македонскийдің) тәрбиеші, ұстазы болған адам.

Данышпан ғалымның «Метафизика», «Физика», «Этика», «Политика» деген шығармалары бар.

Аристотель логика ғылымының да тұңғыш рет негізін салған.

Аристодим — Сократтың шәкірті болса керек, аты-жөні белгісіз адам, ол жөнінде ешбір мәлімет сақталмаған.

Ақсақ Темір (1338—1405) — Орта Азияда өмір сүрген ірі мемлекет қайраткері. Ол Қашқа-Дарыя алабындағы барлас деген рудан шыққан. 1370 жылы Самарқан ханы Хүсейінді жеңіп, оның орнына хан болады. 1398—1403 жылдардың ішінде Үндістанды, Сирияны, Түркияны (түрік сұлтаны Баязитті) жаулап алады. 1388 жылы Алтын Орда ханы Тоқтамыс Темірге қарсы шыққан. Ал, Темір 1393 жылы Алтын Орданы шауып, оның астана қаласы Сарай-Беркені ертеп жібереді. 1405-жылы Қытайға қарсы жорыққа шыққан бетінде Түркістан маңындағы Отрар қатасында қаза табады. Кезінде Ақсақ Темір Орта Азияның бірнеше қалаларында көптеген сарай, мешіттер салдырған. Қазақ арасында оны «Әмір Темір көреген» деп атаса, орыстар сған «Темерлан» деп ат қойған.

Ахмет хан — Юнус ханның баласы. Осы Ахмет ханның үлкен ұлы Төшкенді билеп, кішісі — қазақтарды басқарыпты деген сөз бар. Ахмет хан қалмақтармен көп жауласқан. Қалмақтар оны: «мынау бір алаша болды ғой» деседі екен. Осыдан барып Ахмет хан «Алаша хан» атанған екен дейді.

Б

Байрон, Джордж Гордон (1788—1824) — ағылшын халқының ұлы ақыны, ХІХ ғасырда бүкіл Еуропаға даңқы жайылып, шығармалары көптеген тілдерге аударылған. Лирикалы өлеңдерінен басқа Байронның кесек шығармалары да көп («Чайльд Гарольд», «Дон Жуан», «Корсар», «Лара», «Гяур», «Каин», «Манфред» тағы басқалар. Лермонтов аудармасы арқылы Абай Байронның «Еврейская мелодия» атты шығармасын қазақ тіліне аударған.

Баймағашбет Мырзаханұлы — Абайдың досы, шәкірті, ертегіші. Абайдан естіген батыс, шығыс елдерінің әңгімелерін жаттап алып ел арасында айтып жүретін болған. Өзі Семейге барғыштап ауылда көп болмайды екен. Абай оның әйелі атынан қалжың өлең шығарған.

Байұзақ — Абайдың замандасы, «Қыздарға» деген өлеңде аты аталады, сол Қыздардың ағасы.

Бұхар жырау Қалжаманұлы (1693—1787) — Аблай тұсындағы қазақ ақыны. Аблай ханның ақылшысы болған. Ақынның «Керей қайда барасын» (екінші бір нұсқасында: «Садыр қайда барасын» деп те аталады), «Тілек», «Әй, Аблай, Аблай», «Айналасын жер тұтқан», «Бұхардың Аблай ханға айтқаны» деген тәрізді бірнеше толғаулары бар.

Белинский В. Г. (1811—1848) — Орыстың ұлы әдебиет сыншысы, ХІХ ғасырдағы орыс әдебиетінің реалистік бағытта дамуына ерекше еңбек сіңірген адам. Абайдың эстетикалық көзқарастары қалыптасуына Белинский зор әсер еткен.

Бітімбай — Тобықтының Бөкең деген тобынан шыққан Абайдың «Қыздарға» деген өлеңінде аты келтірілген.

Бүнийн И. А. (1870—1953) — орыс жазушысы, әрі ақын. Лирикалық өлеңдерінен басқа көптеген прозалық әңгімелер жазған. Творчествосының алғашқы дәуірінде реалистік бағытта болса да, кейін ескішілдік сарынға көшкен:

Г

Гомер — көне грек елінің ұлы ақыны. Қай жылдарда өмір сүргені белгісіз. «Илиада», «Одиссея» деп аталатын екі эпосты осы Гомер шығарды деседі. Бұл шығармалар біздің заманымыздан бұрынғы VIII—VII ғасырларда мәлім бола бастаған.

Гросс С. С. (1857—1893) — 1880 жылдары Семейге ішкі Россиядан жер ауларытып келген адвокат, Абай мен қатнасып жүрген.

Гете И. В. (1749—1832) — Немістің ұлы ақыны. Көптеген лирикалық елендерінен басқа «Фауст», «Жас Вергердің азаптары», «Прометей», «Вильгельм Мейстер» сыяқты ірі шығармалары да бар. Гете ғылымның бірнеше саласынан да көрнекті еңбектер жазған.

Кер хан — XII ғасырдың бас кезінде Жетісу жерінде болған қара қытай елінің хандарын «Кер хан» деп атаған. 1212-жылы Кер ханды Шыңғысхан әскері жеңіп алған. Кер ханның орталық қаласы Іле бойындағы Баласағұнда болған.

Д

Дауылбай — Тобықтының Бөкең дейтін табынан шыққан атышулы ұры, сол топтан шыққан Қыздармен араз болған. Абай оны Қыздарға деген елеңінде атап, сынайды.

Досақ — бұ да сот рудан. Қыздарға жақын адам болған. Мұның атын Абай «Қыздарға» деген елеңінде атайды.

Долгополов Н. И. (1852—1922) Семейге өткен ғасырдың 80-жылдары жер аударылып келген орыстың халықшылы, дәрігер адам болған. Абаймен кездесіп жүрген.

Дулат жырау Бабатайұлы (1802—1874) — XIX ғасырдағы қазақ ақыны. Оның «Ата қоныс Арқадан», «Ақ жайлау мен Сандықтас», «Замана», «Ей, айтайын арнап ишанға», «Барақ төреге», «Кеңесбайға», «Сүлейменге» деген толғаулары бар.

Дүйсенқұл — Абайдың ауылдасы.

Дұтбай Уандықұлы — Тобықтының Көкше деген руынан, Абайдың құдасы. Мінезі тұрақсыз болғандықтан Абай оны сынап елең жазған.

Е

Есімхан — Сығай ханның екінші баласы. Төуекел ханның інісі, 17 ғасырдың басында хандық құрған. Жоңғарлармен көп соғысқан. Үш жүздің басын құрап, заң шығарған. Ел аузындағы: «Қасым ханның қасқа жолы, Есім ханның ескі жолы» дейтін сөздегі Есімхан осы.

Ескендір Зұлқарнайын (біздің заманымыздан бұрынғы 356—323 жылдар) көне юнан жұртының (Македонияның) патшасы, ұлы қолбасшысы. Көп елдерді жаулаған. Ескендірдің жорықтарын Низами, Навои жыр еткен. Ескендірді Европа жұрты Александр Македонский деп атайды.

Жамапбала — Тобықты ішінде Әнет руынан шыққан адам. Жаз Оспанның биесін сауып, қыс атып жайлаған. 1893 жылы соның 3 жасар баласы өлгенде Абай «белгілі сөз өлді, өлді» деген қысқа өлең жазған.

Жәмшид — парсы жұртының ерте кездегі ертегісінде айтылатын патшасы. «Шаһ-наманың» қаһармандарының бірі, Рүстем батырдың бабасы. Қазақ арасына революциядан бұрын «Жәмшид патша» атты күйісе да тараған.

Жанқожа — Тобықтының Бөкең дейтін тобынан, ертерек болып өткен адам. Абай оның атын «Қыздарға» деген өлеңінде қолданып, Қыздар мен Дауылбайдың ұсақ мінездерін шенейді.

Жақсылық — Тобықты ішіндегі Қоңыр Көкшеден шыққан ел билеген адам. Бірде қатты шығынданып қалса керек. 1880 жылы Абай Қоңыр Көкшеге болыс болып барғанында, Жақсылық оған: «Менің шығынымды жұртқа сал» депті. Абай осы мінезін сынап өлең жазған.

Жошы хан (1223—1227) — Шыңғыс ханның үлкен баласы. Әкесі балаларына ұлыс бөлгенде оған Еділ, Ертіс, Қырым, Сырдың құярлығы, Үргеніштің теріскей беті қараған. Жошының баласы Батый хан Европаны жаулап, Алтын орда хандығын құрған.

Жәнібек хан — Өзбек Шейбәни ханның тұқымы. Монғолстанға барып «Ақ Орда» деп аталатын тұңғыш қазақ хандығын орнатқан осы Жәнібек хан. Халық арасында оны кейде өз Жәнібек деп те атаған. Жәнібек хан 1480 жылы өлген.

Жәнке хан — Алаша ханның ағасы, Тәшкент ханы болған. Шейбани Орта Азияға келгеннен кейін Жәнке мен Алаша хан екеуі де сол Шейбанидың қолынан өлген.

Жүніс хан — Шағатай ханның тұқымы. XV ғасырдың аяғында Самарқанд, Тәшкент маңын билеген хан.

З

Зевксис (Ғайса туғанға дейін V ғасырдың аяғы) ескі юнан жұртының суретшісі.

К

Көкбай Жанатайұлы (1864—1926) — Тобықтының Көкше дейтін тобынан шыққан, акын, молда. Абай біраз өлеңдерін Көкбай атымен жариялаған. Аблай, Кенесарыға арнап жазған дастанында Көкбай Кенесарының зорлық-зомбылығын ашып көрсетпей, орынсыз мадақтай берген.

Кожекбай Жамантайұлы (1847—1916) — Абайдың достас адамы, Тобықтының Мамай деген руынан. Оның кейбір мінездерін ұнатпай Абай оған арнап өлең жазған.

Крылов И. А. (1768—1844) — орыстың атақты мысалшысы. Абай оның бірсыпыра шығармаларын қазақ тіліне аударған.

Кәкітай — Абайдың інісі Ысқақтың баласы. Ол Абай қайтыс болғаннан кейін, Турағұл екеуі 1909 жылы бірінші мәр-

тебе Абай өлеңдерінің жыйнағын Петербурдағы Воиранскийдің баспаханасында да бастырып шығарады.

Күлембай Бозамбайұты — Абайдың күрдасы, 1883 жылы Бақанас өзені бойында болған Чрезвычайный съезде Мұқыр еліне болыс сайлаған. «Болыс болдым мински» деген белгілі өлеңін Абай осы Күлембайға арнап жазған деседі.

Күйісбай Әбенұлы (1842—1910) — Тобықтының Мамай руынан шыққан адам, әкесі бау кеспе ұры екен. Жасында өзі де ұрлық істелі, Абайдың ықпалымен онысын тастап, кейін беделді адамның бірі болған.

Л

Лермонтов М. Ю. (1814—1841) — орыстың ұлы ақыны. Абай оның өлеңдерін көп оқып, сүйсіне аударған.

Лекер — Абайдың «Қыздарға» деген өлеңінде аталады. Лекер Тобықты ішіндегі Бөкен руынан шыққан адам.

М

Мағауия (Мағаш) (1870—1901) — Абайдың баласы, талантты ақын. Ұсақ өлеңдерінен басқа бірнеше поэмалар жазған («Медғат, Қасым», «Еңлік-Кебек»).

Масақбай — Тобықтының Әнет руынан шыққан. Өзінің ұзақ өмірін (70 жыл жасаған) Құнағбай балаларымен бірге өткізген. Ысқақтың болыс кезінде Масақбай оған атшабар болған. Даңғой, есерсоқтау адам болса керек, ал қатыны момын, салақ екен, үйге келгенінде араларында ұрыс-қағыс көп болған.

Майқы би — Шыңғыс хан қазақ жеріне келгенде, оны қарсы алуға 12 рудан 12 би шығып. Шыңғысты хан көтеріп алып-ты-мыс, соның бірі — осы Майқы би деген аңыз бар.

Михаэлис Е. П. (1839—1913) — өткен ғасырдың 80-жылдарында Семейге Россиядан жер аударылып келген адам. Халықшылдар қатарында болған, оқымысты кісі екен. Абай онымен Семейге барып жүрген кезінде кітапханада танысады, кейін ол да Абай аулына барып, ұзақ уақыт жатқан. Абайдың бірінші биографы Кәкітай Ысқақұлы 1909 жылы Петербургте шыққан Абай жыйнағына жазған мақаласында: «Абай өле өлгенше менің әкемнен артық жаны ашырлық қылып, дүниеге көзімді ашқан кісі Михаэлис деп айтып отырушы еді» деп жазды.

Мүрсейт Бікеұлы (1860—1917) — Әнет руынан шыққан, молда. Абай өлеңдерін қағазға түсіруге көп еңбек сіңірген адам. Мүрсейт қолжазбалары арқылы Абай шығармаларының көпшілігі бізге келіп жетіп отыр. Қазір біздің қолымызда Мүрсейт жазған үш қолжазба бар (1905, 1907, 1910). Оның екеуі Қазақ ССР Ғылым Академиясының ғылыми кітапханасында (1905, 1910), үшіншісі (1907) Мұхтар Әуезовтің қолында сақтаулы.

1909 жылы Абай басып шығарған өлеңдерін осы Мүрсейт дайындаған (көшірген).

Н

Навои Алишер (1444—1486) — Өзбек халқының ақыны. Көбіне Герат шаһарында тұрып, тұңғыш рет түрік тілінде (шағатайша) өлең жазған. Оның «Хамса» (бес қыйсса) деп аталатын эпостық жыры бар. Бұған кіретіндер: «Хайратүл барар», «Фархад пен Шырын», «Ләйлі мен Мәжнүн», «Сабаи Шаяра» (Жеті жұлдыз), «Садди Скендри» (Скендір соққан қорғаны) және төрт «Диуан», өлеңдер жыйнағы). Навои өзбек әдебиетінің классигі.

Нәсредин шах (1848—1896) — XIX ғасырдағы Иранның Хаджар руынан шыққан патшасы. Бірнеше жылдар бойы Еуропа елдерін аралап саяхат етеді. Содан қайтқаннан кейін мемлекет аппараты бойынша реформа жасап, рухани дін қазналарын жояды. Шейіттер бұған қарсы бас көтеріп, бұл қозғалысты Жамалиддин деген Сөйіт бастайды. Нәсрединді осы Жамалиддиннің шәкірті Мырза Риза дейтін жас жігіт өлтіреді.

Назар — Тобықтының Қанай деген руынан шыққан адам, Абайдың замандасы.

О

Оспан (1851—1891) — Абайдың кіші інісі. 1889—1891 жылдарда Мұқыр еліне болыс болған. Оразбайдың Абаймен өште-суіне осы Оспанның қаттылығы себеп болған. Абай Оспан өліміне арнап бірнеше өлеңдер жазған.

П

Пушкин А. С. (1799—1837) — орыс халқының кемеңгер ақыны. Оның көптеген өлеңдері мен дастандарының ішінен Абай әсіресе «Евгений Онегин» атты өлеңмен жазылған романын қызыға оқып, сол романдағы Онегин мен Татьяна арасында болған хаттарды аударады. Абай аудармалары тиісті әндері бойынша ел арасына тарап кеткен.

Платон — Көне юнан (грек) елінің идеалист философы. Біздің жыл санауымыздан бұрынғы 427—347 жылдар арасында Афинада өмір сүрген.

Р

Разақ — Абай ауылындағы жас жігіт. Абайдың өзі және балаларымен құдандалы, досжар адам болған.

Рахымшал — Абайдың аулындағы Көжекбай дегеннің баласы. Тентек, бұзақы боп өскеннен соң, Абай оған өлең шығарған.

С

Сағди (1184—1291) — Тәжік, Парсы елінің ұлы ақыны. Ол Бағдаттағы «Низамия Академиясында» оқыған. Туған жері Ширазға келіп, «Гүлстан», «Бостан» деген дастандар жазған.

Салтыков-Щедрин М. Е. (1826—1889) — орыстың ұлы сатирикi. Бұқарашыл жазушы. Абай оны өзiнiң ұстазы деп таныған.

Сократ — бiздiң жыл санауымыздан бұрынғы (469—399 жылдар) көне юнан (грек) жұртының идеалист философы. 399 жылы Грецияда демократия үкiмет басына келгенде, Сократты «дiншiлдiгi» үшiн айыптап дарға аспақ болады, ол у iшiп өледi.

Сайхали — XV ғасырда өмiр сүрген шығыс ақыны. Шағатай тiлiнде «Диуан Сайхали» дейтiн тарихи жыр жазған. Онда дүниенiң жаралуынан бастап, Хұсайын Имамның 680 жылы Кербаланың шөлiнде өлген кезiне дейiнгi дәуiрдiң тарихын қамтып жырлаған. Абайдың шәкiрт кезiнде оқыған ақында-рының бiрi осы Сайхали.

Софокл (бiздiң жыл санауымаздан бұрынғы 495—406 жылдар) — ескi грек жұртының ұлы жазушысы, трагедия жазған. Оның «Эдип патша» деген трагедиясы күнi бүгiнге дейiн сахнадан түспей келе жатыр.

Т

Толстой Л. Н. (1828—1910) — орыс халқының данышпан жазушысы. Оның жазған шығармаларының ең бастылары: «Соғыс пен бейбiтшiлiк», «Анна Каренина», «Воскресение», «Крейсерова соната», «Қазақтар», «Хаджи Мұрат» т. б. Абай өзiн ұлы жазушының шәкiртi есебiнде санаған.

Тургенев И. С. (1818—1883) — орыстың ұлы жазушысы. Көптеген әңгiмелерден басқа бiрнеше романдар жазған: «Рудин», «Қарсанда», «Әкелер мен балалар». «Түтiн» т. б. Абай «Масғұт» атты поэмасының сюжетiн И. С. Тургеневтiң «Восточная легенда» атты қысқа әңгiмесiнiң желiсi бойынша құрған.

Турағұл — Абайдың баласы. Оқыған адам. 1909 жылы Кәкiтай екеуi Абайдың өлеңдерiн тұңғыш рет Петербурда бастырып шығарған. Турағұлдың аудармаларыда бар. Ол Горькийдiң «Челкаш» атты әңгiмесiн қазақ тiлiне аударған.

Түңлiкбай — Абайдың ауылдасы, оның Шәрiп дейтiн әйелiнiң суық жүрiсi болған соң Абай өлең шығарған.

Тәуке хан (1680—1718) — Қазақтың ханы. Ол 1681—1684 жылдары қалмақтарды, 1710—1713 жылдары ойраттарды жеңiп, үш жүздiң бiрлiгiн орнатқан деседi. Қазақ елiнiң тарихында тұңғыш рет мемлекеттiк заң шығарған адам. Тәуке ханның өдет заңы «Жетi жарғы» деп аталады.

Х

Хожа Хафиз — Тәжiк. парсы елiнiң ұлы ақыны. Оның шын аты Шамсиддин Мұхаммед. Туған жылы белгiсiз, 1325 жыл шамасы. Үнемі Ғазал (лирика) жазған. Өлеңдерiнде махаббат, шарап, жаздың қуанышы, өмiрдiң рахатын, сүйiспеншiлiк сезiмдi жырлаған. Абайдың шәкiрт кезiнде көп оқыған ақының бiрi осы Хафиз.

Ф

Фзули — Сүлейман ұлы Ахмет, яки Махмуд (910—975) — азербайжан ақыны. Парсы, түрік тілінде шығармалар жазған. Олары: «Ләйлі, Мәжнүн», «Кәузәте. Шаһида».

Фердауси — Абылқасым Туси (934—1027) — тәжік-парсы елінің ұлы ақыны. Ол парсы жұртының исламнан бұрынғы тарихынан алып «Шаһ-нама» жырын жазған. Абайдың көп оқыған ақыны осы Фердауси.

Ш

Шағатай (XIII ғасыр) — Шыңғыс ханның екінші баласы. Шыңғыс балаларына ұлыс бөлгенде оған Орта Азия мен Иран жері қараған. Шағатайдың тұқымдары Орта Азия мен Иранды Әмір Темір заманына дейін билеп келген.

Шамси — Шамсуддин Габризи, 1247 жылы өлген тәжік, — парсы елінің ақыны.

Шайбақ (Шибан) — өзбектің белгілі ханы Шейбани (1451—1510) — ол Әмір Темір тұқымдарын тақтан құлатып, Орта Азияны жаулап алған, өзбек хандығын нығайтқан.

Шортанбай Қанайұлы (1818—1881) — қазақ ақыны, оның «Байды құдай атқаны», «Тар заман», «Шортанбайдың бала зары», деген толғаулары бар.

Шотқара — Тобықтының Бөкең дейтін тобынан шыққан би. Өзі жебір болған соң Абай оны «Қыздарға» деген өлеңінде ажуа еткен.

Шәріп — Абайдың ауылдасы Түнлікбай дегеннің әйелі.

Шиллер. Ф. (1759—1805) — немістің ұлы ақыны, драматургі. Оның «Қарақшылар», «Жауыздық пен махаббат», «Дон Карлос», «Вильгельм Тель» деген сыяқты шығармалары бар, көптеген өлеңдер де жазған. Абайдың «Кең жайлау — жалғыз бесік жас балаға» деген өлеңінің түп нұсқасы осы Шиллердікі.

Шыңғыс хан (1206—1227) шын аты Тимушин Исугеиұлы. Манғол жұртының ханы. 1203—1206 жылдардың арасында Керей, Найман хандықтарын жеңіп, бүкіл монғол елін тұтас бір хандыққа ұйымдастырады. Сөйтіп, 1206 жылғы бүкіл монғол елінің құрылтайында оған Шыңғыс хан (ұлы хан) деген атақ беріледі 1215—1221 жылдардың ішінде Бейпінді (Қытай), Иран, Хорезмді жаулап алады. Бұдан соң Кавказ елдерін бағындырып, кейін шегінеді. Оның немересі, Жошы ханның баласы Батый Шығыс Еуропаны жаулап, 1249 жылы Еділ бойынан Сарай деген қала салдырады.

Қ

Қара катын — Абайдың Баймағамбет дейтін ауылдас шәкіртінің әйелі.

Қасым хан (1495—1523) — қазақ ханы, Жәнібек ханның баласы. Қазақ хандығын нығайтуға көп күш салған адам. Ол жөнінде «Қасым ханның қасқа жолы» деген мәтел де бар.

Құнанбай (1804—1886) — Абайдың әкесі. Тобықтының Кішік деген руынан, оның ішінде Ырғызбай. Өскембай бидің баласы. Қарқаралы округінің аға сұлтаны болған. Бертін келген соң хажыға барған. Құнанбайдың 4 әйелі болған: 1) Күңке, одан: Құдайберді туған (ертерек кезде өлген); 2) Ұлжан, одан: а) Тәнірберді, б) Ибраһим (Абай), в) Ысқақ, г) Оспан туған; 3) Айғыз, одан: а) Халиолла, б) Ысмағұл туған; 4) Нұрғаным — бұдан бала болмаған.

Қондыбай, Қанай — Шыңғыс тауында байларға шөбін, жерін жылқыға жалдаған адамдар.

Қыздар — Тобықтының Бөкең руынан шыққан. Абай оған арнап өлең шығарып, оған мінездерін шенеген.

Ғабидолла (1867—1932) Абай аулындағы Ғабитхан дейтіннің баласы. Ғабидолла бірер жыл сауда істеп, байып алған соң әркіммен сөз таластырып, кісімсігенін көргенде Абай оған арнап «Жазғытұры қылтыйған бір жауқазын» деп басталатын өлеңін шығарған.

Әзірет Әлі — діни ұғым бойынша, Мұхамедтен кейінгі төрт шаһриардың бірі, Мұхамедтің күйеуі.

Әсет — Найманбайұлы (1867—1923) — Абайдың замандасы, белгілі ақын, әнші болған. Оның терісі тар, ызақор мінездерін сынап Абай «Біреуден біреу артылса» деп басталатын өлеңін жазған деседі.

АЛФАВИТТІК КӨРСЕТКІШ

А

«Ал, сенейін, сенейін»	91
Ала қойлар	133
Альбомға («Сал демеймін сөзіме ықыласыңды»)	106
«Асау той, тентек жыйын. опыр-топыр»	149

Б

Бақа мен өгіз	139
Бородино	70
«Босқа әуре боп келдің бе тағы мұнда»	107

В

Вадим	150
-----------------	-----

Д

Дұға («Өмірде ойға түсіп кем-кетігің»)	111
--	-----

Е

Емен мен шілік	120
Есек	142
Есек пен бұлбұл	127

Ж

Жалау («Жалғыз жалау жалтылдап»)	144
Жарлы бай	124
Жартас («Қонады бір күн жас бұлыт»)	145
«Жолға шықтым бір жым-жырт түнде жалғыз»	117
«Жүректе көп қазна бар, бәрі жақсы»	146

К

«Кең жайлау — жалғыз бесік жас балаға»	69
«Күлімсіреп аспан тұр»	99
«Күнді уақыт итеріп»	148
«Көңімі менің қараңғы. Бол, бол, ақын»	92
«Көңілдің күйі тағы да»	147

Л

Ленский сөзінен («Барасын қайда, қайда болмай маған»)	87
---	----

М

«Махаббат, достық, қылуға»	102
«Мен көрдім ұзын қайың құлағанын»	114
«Менің сырым, жігіттер, емес оңай»	110

О

Ой («Қарасам, қайғыртар жұрт бұл заманғы»)	103
Онегин сөзі («Хатыңнан жақсы ұғындым сөздің бәрін»)	80
Онегиннің сыйпаты («Жасынан түсін билеп сыр бермеген»)	72
Онегиннің Татьянаға жауабы («Таңғажайып бұл қалай хат»)	77
Онегиннің Татьянаға жазған хаты («Хұп білемін, сізге жақпас»)	82
Онегиннің өлердегі сөзі («Жарым жақсы киім киіп»)	88

П

Піл мен қанден	141
--------------------------	-----

Р

«Рахат, мені тастап қоймадың тыныш»	100
---	-----

С

«Сұрғылт тұман дым бүркіп»	90
--------------------------------------	----

Т

Татьяна сөзі («Төңрі косқан жар едің сен»)	85
Татьянаның Онегиге жазған хаты («Амал жоқ — қайт-тым білдірмей»)	74

Теректің сыйы («Асау Терек долданып, буырқанып») . . .	15
Тұтқындағы батыр («Қараңғы үй терезесі — тұтқын ор- ны»)	98
Тұтқындағы поляк жандаралының сөзі («Дүрілдеген на- жағай»)	89

Ш

Шайтан («Мұңлы шайтән — құдайдың қуған жаны») . . .	118
Шегіртке мен құмырсқа	130

Қ

Қазаға ұрынған қарашекпен	122
«Қайтсе жеңіл болады жұрт билемек»)	97
«Қалқам-ай, мен үндемей жүремін көп»	113
Қанжар («Сүйкімді болат қанжар тұрсын жайнап») . . .	105
«Қараңғы түнде тау қалғып»	93
Қарға мен бүркіт	128
Қарға мен түлкі («Боқтықта талтандап»)	137
Қарға мен түлкі («Жұрт біледі, күледі»)	133
Қасиетті дұға («Өмірден тепкі жесем жазығым жоқ») . .	112
«Қорқытпа мені дауылдан»	96

Ғ

Ғашықтық іздеп тантима»	101
-----------------------------------	-----

Ө

Өзіне сенбе, жас ойшыл»	94
-----------------------------------	----

Ә

«Әм жабықтым, әм жалықтым»	71
Әншілер	132

МАЗМҰНЫ

М. О. Әуезов Абайдың өмірбаяны	5
--	---

АУДАРМАЛАР

1882—1885

«Кең жайлау — жалғыз бесік жас балаға»	69
Бородино	70
«Әм жабықтым, әм жалықтым»	71

1889

Онегиннің сыйпаты («Жасынан түсін билеп сыр бермеген»)	72
Татьянаның Онегинге жазған хаты («Амал жоқ—қайттым білдірмей»	74
Онегиннің Татьянаға жауабы («Таңғажайып бұл қалай хат»)	77
Онегин сөзі («Хатыңнан жақсы ұғындым сөздің бәрін»)	80
Онегиннің Татьянаға жазған хаты («Хұп білемін, сізге жақпас»)	82
Татьяна сөзі («Тәңрі қосқан жар едің сен»)	85
Ленский сөзінен Барасын қайда, қайда болмай	87
Онегиннің елердегі сөзі («Жарым жақсы киім киіп»)	88

1892—1893

Тұтқындағы поляк жандаралының сөзі («Дүрілдеген нажағай»)	89
«Сұрғылт тұман дым бүркіп»	90
«Ал, сенейін, сенейін»	91
«Көңлім менің қараңғы. Бол, бол, ақын»	92
«Қараңғы түнде тау қалғып»	93
«Өзіңе сенбе, жас ойшыл»	94
«Қорқытпа мені дауылдан»	96

1894

«Қайтсе жеңіл болады жұрт билемек»	97
Тұтқындағы батыр («Қараңғы үй терезесі—тұтқын орны»)	98
«Күлімсіреп аспан тұр»	99

1895—1896

«Рахат, мені тастап қоймадың тыныш»	100
«Ғашықтық іздеп тантыма»	101
«Махаббат, достық қылуға»	102
Ой («қарасам, қайғыртар жұрт бұл заманғы»)	103
Қанжар («Сүйкімді болат қанжар тұрсын жайнап»)	105
Альбомға («Сал демеймін сөзіме ықласыңды»)	106

1897

«Босқа әуре боп келдің бе тағы мұнда»	107
«Менің сырым, жігіттер, емес оңай»	110
Дұға («Өмірде ойға түсіп кем-кетігің»)	111
Қасиетті дұға («Өмірден тепкі жесем жазығым жоқ»)	112

1898

«Қалқам-ай, мен үндемей жүремін көп»	113
«Мен көрдім ұзын қайың құлағанын»	114
Теректің сыйы («Асау Терек долданып, буырқанып»)	115
«Жолға шықтым бір жым-жырт түнде жалғыз»	117
Шайтан («Мұңлы шайтан — құдайдың қуған жаны»)	118
Емен мен шілік	120
Қазаға ұрынған қара шекпен	122
Жарлы бай	124
Есек пен бұлбұл	127
Қарға мен бүркіт	128
Шегіртке мен құмырсқа	130
Әншілер	132
Ала қойлар	133
Қарға мен түлкі («Жұрт біледі, күледі»)	135
Қарға мен түлкі («Боктықта талтаңдап»)	137
Бақа мен өгіз	139
Піл мен қанден	141
Есек	142

1899

Жалау («Жалғыз жалау жалтылдап»)	144
Жартас («Қонады бір күн жас бұлыт»)	145
Жүректе көп қазна бар, бәрі жақсы	146

1900—1901

«Көңілдің күйі тағы да»	147
«Күнді уақыт итеріп»	148
«Асау той, тентек жыйын, опыр-топыр»	149
Вадим	150

ҚАРАСӨЗДЕР

Бірінші сөз	157
Екінші сөз	158
Үшінші сөз	159

Төртінші сөз	161
Бесінші сөз	162
Алтыншы сөз	163
Жетінші сөз	164
Сегізінші сөз	165
Тоғызыншы сөз	166
Оныншы сөз	167
Он бірінші сөз	168
Он екінші сөз	169
Он үшінші сөз	170
Он төртінші сөз	170
Он бесінші сөз	171
Он алтыншы сөз	172
Он жетінші сөз	172
Он сегізінші сөз	174
Он тоғызыншы сөз	175
Жыйырма бірінші сөз	175
Жыйырма екінші сөз	176
Жыйырма үшінші сөз	176
Жыйырма төртінші сөз	177
Жыйырма бесінші сөз	178
Жыйырма алтыншы сөз	179
Жыйырма жетінші сөз	180
Жыйырма сегізінші сөз	181
Жыйырма тоғызыншы сөз	184
Отызыншы сөз	185
Отыз бірінші сөз	186
Отыз екінші сөз	186
Отыз үшінші сөз	187
Отыз төртінші сөз	188
Отыз бесінші сөз	189
Отыз алтыншы сөз	191
Отыз жетінші сөз	191
Отыз сегізінші сөз	193
Отыз тоғызыншы сөз	194
Қырқыншы сөз	211
Қырық бірінші сөз	212
Қырық екінші сөз	213
Қырық үшінші сөз	214
Қырық төртінші сөз	215
Қырық бесінші сөз	218
Біраз сөз қазақтың түбі қайдан шыққаны туралы	219
	220

ТҮСІНІКТЕР

Аудармаларға түсінік	227
Қарасөздерге түсінік	251
Кісі аттарына түсінік	252
Алфавиттік көрсеткіш	261

Абай Кунанбаев
ПОЛНОЕ СОБРАНИЕ СОЧИНЕНИЙ
в двух томах
ТОМ ВТОРОЙ

(На казахском языке)
Издание Казгослитиздата—1957

Редактор *К. Копишев*
Техредактор *С. Ищанов*.
Корректор *К. Байменова*
Художник *А. Шипов*.

Подписано к печати 7/IX-1957 г. УГ01443.
Изд. № 183. Бумага 84×108^{1/2}, = 8,375 п. л.
13,73 усл. п. л. (уч.-изд. 12,36 + 4 вклейки).
Тираж 15000 экз. Цена 8 руб. 40 коп.

Алма-Ата, типография № 1 Главиздата
Министерства культуры КазССР.
Заказ № 936